ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МЕДЕУБАЕВА Ж. М.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫ

Оқу құралы

Астана - 2006

ББК 67. 412 я 7
М 39

Пікір жазғандар:

Кожирова С.Б.–тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің доценті

Есмағамбетов К.Л. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім және Ғылым Министрлігі жанындағы Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институтуының бас ғылыми қызметкері

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған.

Медеубаева Жанар Мұратбекқызы
М 39
Халықаралық қатынастар теориясы. Оқу құралы. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. – 2006, 98 бет.
ISBN 9965-766-42-8

Оқу құралы «халықаралық қатынастар», «аймақтану», «саясаттану» мамандықтарының студенттері мен оқытушыларына, ізденушілерге арналған. Ұсынылып отырған басылым халықаралық қатынастар теориясы бойынша Қазақстан Республикасы жоғары мектеп жүйесінде және отандық тарихнамада қазақ тілінде жазылған тұңғыш оқу құралы болып табылады. Онда халықаралық қатынастар теориясының бірқатар басты мәселелеріне түсініктеме беріліп, талдау жасалған.

ББК 67. 412 я 7

М 1207000000
00(05) - 06
ISBN 9965-766-42-8

@ Медеубаева Ж.М., 2006

Алғысөз

Халықаралық қатынастар теориясы Қазақстанның егеменді ел құзіретін алғаннан кейін енгізілген жаңа ғылымдардың бірі. XX-ғасырдың ортаңғы кезеңінен бастап бұл ғылым саласы дүние жүзінің бірқатар елдерінде, әсіресе, АҚШ пен батыс елдерінде сыртқы саясат мәселелерін шешуде зор ғылыми- тәжіребиелік қызмет атқарып келеді. Сол сияқты, Қазақстан Республикасының тәуелсіз сыртқы саясат жүргізіп, бүкіләлемдік қауымдастықтың өзгелермен тең мүшесі болу мақсатына жетуде халықаралық қатынастар теориясы ғылымының ережелері мен нұсқаулары басшылыққа алыну керек. Сондықтан ол еліміздің қоғамдық ғылымдар жүйесінде баса назар аударылатын салалардың біріне айналуда.

Халықаралық қатынастар теориясы болашақ халықаралық қатынастар мамандары үшін аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. Бұл пән студенттердің жоғарғы оқу орнының қабырғасында оған дейін алған білімдерін жүйелеп, теориялық жағынан байытады. Халықаралық қатынастардың негізгі мәселелерін оқып-білу оларға халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатқа деген жеке көзқарастарының қалыптасуына мүмкіндік береді. Халықаралық қатынастар саласының мамандарына қойылатын басты талап әлемдік саясат сахнасында болып жатқан оқиғаларға сараптама жасай алу біліктілігі осы пәннің егжей-тегжейіне қанық болу арқылы келеді. Халықаралық қатынастар пәнінің мақсаттары мынандай міндеттерді орындаумен жүзеге асырылады:

1. Халықаралық қатынастар теориясы пәнін, зерттеу обьектілерін, зерттеу тәсілдері мен саяси ғылымдар жүйесіндегі орнын пайымдау.
2. Халықаралық қатынастар жүйесінің құрылысы мен құрылымы, қызметі мен бөлшектерінің өзара қарым-қатынасын, өзін-өзі реттеу, өзгеру заңдылықтарын түсіну.
3. Мемлекеттердің сыртқы саясатының мәнін, мазмұны мен мақсатын оқып-білу. Сыртқы саясаттың жасалу, іске асырылу құралдарын, үрдісін, оған әсер етуші факторларды саралау.
4. Халықаралық саясаттың барысын, даму зандылықтарын пайымдау.
5. Халықаралық қатынастарды мәселелерді жүйелеу, зерттеу тәсілдерін меңгеру.

Халықаралық қатынастар ұғымы. Халықаралық қатынастардағы заңдылықтар

1. *Халықаралық қатынастардың мәні мен табиғаты жөніндегі ғылыми көзқарастар.*
2. *Халықаралық катынастарды түсіну мен сараптауға мүмкіндік беретін заңдылықтардың сипаты, мәні.*

Жолашар терминдер мен ұғымдар: *мемлекетаралық қатынастар, саяси қатынастар, халықаралық әлеуметтік қатынастар, халықаралық қатынастарға қатысушылар, заңдылықтар, обьективтілік, детерминизм, синергетика, кездейсоқтықтар, қайталанушылықтар.*

Халықаралық қатынастар - мемлекеттер мен мемлекеттік жүйелер, халықаралық көлемде әрекет ететін ұйымдар мен қозғалыстар, әлеуметтік, экономикалық, саяси күштердің арасындағы дипломатиялық, саяси, құқықтық, идеологиялық, мәдени, шаруашылық т. б. байланыстардың жиынтығы. Бұл анықтама халықаралық қатынастар туралы ғылыми ойлар жүйесінде қалыптасып қалған, бірақ одан ауқымы өте кең және даулы мәселелер туындайды. Халықаралық құқық тұрғысынан "халықаралық қатынастар – мемлекеттер, мемлекеттік емес ұйымдар, партиялар, компаниялар, жеке адамдар арасындағы қатынастар"- деп анықтау мәселені нақтылағанмен, оның мәнін тек халықаралық қатынастарға қатысушылардың арасындағы қатынаспен ғана шектеп тастайды.

"Халықаралық қатынастар - адамзат қауымдастығын қалыптастыратын дәнекерлеуші байланыстардың жиынтығы"-деген анықтамада, керісінше, тек әрекет қана сипатталып, оны жүзеге асырушылар атаусыз қалған.

1. Әр түрлі мемлекеттердің азаматтары арасындағы неке;
2. Шет елдерге саяхат жасау;
3. Дүкенде шетелдік тауарларды сатып алу;
4. Шетелдік авторлардың шығармаларын оқу немесе интернет арқылы шетелдік сайттардан мағлұмат алу;
5. Шетелдік азаматтармен хат жазысу, достасу халықаралық қатынастарға жата ма?

Ойлануға берілген осы сұрақтардың мәнін ескерсек және жоғарыда баяндалған анықтамаларды пайымдар болсақ, халықаралық қатынастарды ауқымы анықтау әлі толығымен анықталмаған, әлі де шешімін күтер ғылыми мәселе екенін көреміз.

Халықаралық қатынастар теориясында бұл мәселе әр түрлі теориялық мектептер мен бағыттар аясында әр түрлі қарастырылады. Әрине, бұл олардың танымдық, пайымдамалық негіздерінің ерекшеліктерінен туындайды. Теориялық мектептердің ішіндегі ең беделдісі саяси реализм халықаралық қатынастарды анықтауда "халықаралық қатынастар реттелмеген және реттеуге көнбейтін табиғи құбылыс"- деген көзқарасқа сүйенеді. Саяси реализмнің атасы, көрнекті американдық саяси ойшыл Ганс Моргентау халықаралық қатынастардағы негізгі мәселелерді оның күшке ғана бағынатын анархиялық, тіпті жабайы қалпынан таратады. Осы мәселеге қатысты айшықты ойлар айтқан екінші бір ойшыл - белгілі француз саясаттанушы Раймон Аронның: "Халықаралық қатынастар - саяси бірліктер арасындағы қатынастар. Бұл жерде саяси бірлік дегенде грек полистерін, рим және египет империяларын, европалық монархиялар мен буржуазиялық республикалар немесе халық демократияларды бір қатарда атап отырмыз. Халықаралық қатынастардың мазмұны, ең алдымен, мемлекет аралық қатынастардан тұрады, өйткені халықаралық қатынастардың ешкім дау айта алмайтын мысалы ретінде мемлекет аралық келісімдерді келтіре аламыз"- деген анықтамасы саяси реализмнің идеялық табиғатына жауап береді. Осылайша саяси реалистер:

1. Халықаралық қатынастар негізінен саяси қатынастар деген тұжырымға келеді. Дегенмен, Р. Арон халықаралық қатынастарға жан бітіріп, әлеуметтендіруге ұмтыла отырып, онда әрекет етуші екі тұлғаны, солдат пен дипломатты бөліп көрсетеді. Бірақ олар өздерінің мемлекеттерінің, яғни саяси бірліктердің атынан әрекет ететіндіктен, олардың мақсат мүддесі, іс- қимылы саяси қатынастардың аясынан шықпайды. Солдат пен дипломат халықаралық қатынастардың мәнін соғыс пен бейбітшілік жүйелерінің алмасып отыруына әкеп тірейді.

> Р. Арон: "Халықаралық қатынастарда екі тұлға: дипломат пен солдат әрекет етеді."
>
> Дж. Розенау: "Қазіргі заманда халықаралық құбылыстарда турист пен террорист тұлғалары ерекшеленіп отыр."

Жалпы алғанда, халықаралық қатынастарды анықтау екі мәселенің төңірігінде топталып отыр:

1. қатысушылар мен олардың ерекшеліктері;
2. халықаралық қатынастардың ерекше табиғаты;

Қазіргі заманда халықаралық қатынастардың дамуындағы беталыстар, жалпы даму үрдісі бұл мәселенің қойылысын және шешілуін одан әрі күрделендіріп жіберді. Халықаралық қатынастардың ең жаңа анықтамаларының өздері де дәстүрлі болып қалған көзқарастарға әзірге көп өзгеріс енгізе алған жоқ. Солардың ішіндегі халықаралық өмірдегі соңғы

кездегі жаңа құбылыстарды барынша ескергені Джеймс Розенаудың аталып өткен ойы.

Халықаралық қатынастардың жіктемесі

Салалық принцип бойынша:

1. Экономикалық
2. Саяси
3. Әскери, стратегиялық
4. Мәдени, идеологиялық

Қатысушыларға қарай:

1. мемлекетаралық
2. партиялар арасындағы
3. топ аралық
4. халықаралық ұйымдар арасындағы
5. трансұлттық корпорациялар арсындағы
6. жеке адамдар арасындағы

Геосаяси критерийлер бойынша:

1. жаһандық (бүкіл планета көлемінде)
2 аймақтық (мысалы, европалық, азиялық)
3. субаймақтық (мысалы, Каспий бассейніндегі елдер)

Сонымен қатар, халықаралық қатынастардың күйіне байланысты:

- тұрақтылық немесе тұрақсыздық күйі
- өзара сенім немесе жаушылдық
- ынтымақтастық немесе шиеленіс
- бейбітшілік және соғыс жағдайындағы халықаралық қатынастар деп жіктеуге болады.

Халықаралық қатынастардың осы аталған жіктемелері оның қоғамдық қатынастардың ерекше бір түрі екендігіне нұсқайды. *Яғни, халықаралық қатынастар қоғам ішіндегі қатынастар және территориялық бірлестіктер шеңберінен шығатын ерекше қатынастар.*

Халықаралық қатынастар туралы ғылым тегі мен сипаты жағынан әлеуметтанушылық, салааралық болғандықтан, онда заңдар жоқ, тек заңдылықтар бар. Бұл заңдылықтар "мүмкіндіктер мен қайталануларға" сүйенеді, яғни халықаралық қатынастарда кез келген құбылыстың болуы мен қайталануын жорамалдағанда тірек болар заңдар жоқ болғандықтан, жалпы және үстіртін жасалатын заңдылықтарды басшылыққа алуға тура келеді.

Халықаралық қатынастар туралы дәстүрлі ой- пікірде заңдылықтарды анықтау детерминистік негізге сүйенеді. Детерминизм даму үрдісін қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға қарай жүретін, басталуының белгілі бір себептері бар, басқа баламасы болуы мүмкін емес объективті құбылыс деп біледі. Детерминизм әлемінде себеп пен салдардың берік байланысы үстемдік етеді: себепсіз ештеңе болмайды және ештеңе де

салдарсыз өтпейді, яғни, кездейсоқтыққа мүлде жол берілмейді. Жеке адамдар қанша талпынғанмен, дамудың объективті барысына әсер ете алмайды. Тарихтағы барлық оқиғаларға себеп- салдар тұрғысынан түсінік бере отырып, болашақты болжауға болады, өйткені бүгінгі өткенмен, болашақ өткенмен және бүгінмен анықталып қойған. Детерминизм принципі 20- ғасырдың 70 - 80 жж. дейін тарихи дамуды түсіндіруде табысты қызмет атқарып келді. Саяси идеалистар, саяси реалистер, түптеп келгенде, детерминизмге арқа сүйенеді, өйткені олар халықаралық қатынастар танып-білуге көнетін, болжауға болатын сала деп біледі. Қазіргі кезеңде де біраз нәрсені детерминизм негізінде сараптауға болады, мысалы, жаһандану қазіргі заманның басты даму беталысы мен үрдісі деп мойындау халықаралық қатынастардағы құбылыстардың себебін, мәнін, түсінуге мүмкін болатын салдарын болжауға жол ашады, яғни бүкіл әлем үшін ортақ даму жолы, үрдісі бар деу детерминизмнің әлі де танымдық пайымдамалық күші бар екендігін көрсетеді.

Дегенмен, соңғы ғылыми жетістіктер, олардың пайымдалуы, халықаралық өмірдегі әлі бойланбаған құбылыстар мен оқиғалар детерминизм сияқты пайдалануға өте ыңғайлы ғылыми методологияға орынбасар іздеуге мәжбүр етті. Синергетика (жоқтан бардың пайда болуы туралы ғылым), өзін- өзі ұйымдастыру туралы идеялар, кибернетикалық идеялар жолы әлемнің, соның ішінде, халықаралық қатынастар саласының мәнін түсіндіруде төңкеріс жасады. Соның нәтижесінде соңғы кезде мынандай ойлар өріс алып келеді:

1) Халықаралық қатынастардағы құбылыстар жобалауға, болжам жасауға көнбейтін, стохастикалық құбылыстар.
2) Халықаралық қатынастарда кездейсоқтықтар көптеп кездеседі.
3) Халықаралық қатынастардың дамуы дамудың объективті логикасына бағынбайды.
4) Ондағы даму үрдісі тақтайдай түзу бір ғана жолмен жүрмейді, оның бірнеше баламасы болуы әбден мүмкін.
5) Халықаралық қатынастарда жеке адамның, оның еркінің, іс- әрекетінің орны үлкен.
6) Халықаралық қатынастарда құбылыстар мен оқиғалардың қайталануы кездеседі. Осы “қайталанулар” халықаралық қатынастардағы заңдылықтар деген ұғымға келіп саяды.

Әдебиеттер:

1.Международные отношения как обьект изучения.- Под ред. Цыганкова П.А. – М., 1993.
2. Цыганков П.А. Теория международных отношений. – Учебное пособие. – М., 2003.

3. Введение в теорию международных отношений и анализ внешней политики. Ломагин Н. А., Кузнецов В.Е., Лисовский А.Ю. – Учебное пособие. – Санкт-Петербург, 2001.
4. Поздняков Э.А. Философия политики. – М., 1994.
5. Чешков М. Осмысление мироцельности: новая оппозиция идей или их сближение? // МЭ и МО. 1995. № 2.
6. Кукулка Е. Проблемы теории международных отношений. – Пер. с пол. М., 1980.

Халықаралық қатынастарды сараптаудың теориялық негіздері

Дәстүрлі теориялар:

Саяси идеализм (либерализм)

Идеялық қайнар көздері: Ағартушылық кезеңнің идеялары, 19- ғасыр соңындағы либерализм, утопиялық социализм және пацифизм.

Негізін салушылар және өкілдері: И. Кант, Дж. Бентам, К. Иглтон, Р. Кларк, Л. Сон. Іс жүзіне асырушылар: В. Вильсон, Дж. Картер, Дж. Буш, Ф. Шуман, Ж. Моне, Иоанн Павел-2.

Негізгі категориялары: Мораль және құқық.

Идеялары мен тұжырымдары:

1. Халықаралық қатынастарды:
   1) құқық арқылы;
   2) адамгершілік әділеттілік нормаларын кең тарату арқылы;
   3) ХҚ жүйесін демократияландыру арқылы;
   4) халықаралық ұйымдардың саны мен беделін өсіру арқылы;
   5) мемлекеттер арасындағы қатынастарды жан-жақты дамытып, дипломатияның рөлін арттыра түсу арқылы реттеуге болады.

2. Соғыс адам табиғатына тән құбылыс емес, ол субъективті факторлардың әрекетінің нәтижесі. Сондықтан халықаралық аренадағы кез келген қақтығысты жоғарыда аталған тәсілдермен соғысқа ұласып кетпей тұрғанда бетін қайтаруға болады.

Ағымдары: *Либералдық идеализм*. Бұл ағым халықаралық қатынастарда тұрақтылық пен бейбітшілік орнатудың негізгі тәсілдері ұғымдық қауіпсіздік жүйесін жасау және демократияны бүкіл әлемге тарату деп санайды.

Осы тұста саяси идеализм мен саяси реализмнің арасында дау орын алды. Бұл-халықаралық қатынастар теориясындағы 1-үлкен дау.

Саяси реализм

Идеялық қайнар көздері: Классикалық ағымның идеялары (Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Э. де Ваттель, К. фон Клаузевиц, Б. Спиноза, Д. Юм идеялары.

Негізін салушылары және өкілдері: Э. Карр, Г. Моргентау, Р. Нибур, Дж. Шварценбергер, Р. Арон, А. Уолферс, К. Томпсон, Г. Киссинджер.

Негізгі категориялары: Ұлттық мүдде, күш, күш тепе-теңдігі, басымдылық, билік.

Идеялары мен тұжырымдары:

1) Саяси идеализм идеялары түбірімен қате, өйткені олар нақты өмірден алшақ жатқан идеалдарға жүгінеді. Идеализмге табынушылық әлемге 2 - дүниежүзілік соғыс қасіретін тарттырды.

2) Халықаралық қатынастар- мемлекеттердің қарсы тұру, күш сынасу сахнасы.

3) Мемлекеттердің халықаралық қатынастар сахнасындағы әрекеттерінің негізінде құдіреттілікке ұмтылу жатыр. Құдіреттіліктің мағынасы өте кең, ол мемлекеттің экономикалық әскери күші, оның қауіпсіздігі мен гүлденуінің кепілі, өзінің идеологиялық, рухани, мәдени құндылықтарын өзгелерге тарату мүмкіндігі.

4) Мемлекеттер өзінің құдіреттілігін арттыру үшін екі түрлі тәсіл қолданады: дипломатия және әскери стратегия. Өз билігін орнатуда бейбіт тәсіл дипломатияның күші жетпесе, мемлекеттер әскери тәсілге, яғни әскери стратегияға көшеді.

5) Мемлекеттің құдіреттілікке деген қажеттілігі мен ұмтылысы ұлттық мүдде ұғымынан көрініс табады.

6) Мемлекеттердің өзінің ұлттық мүддесін барынша қанағаттандыру жолында әрекет етуінің нәтижесінде, халықаралық сахнада белгілі бір күш тепе-теңдігінің орнайды. Бұндай тепе-теңдік халықаралық тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етіп сақтаудың бірден-бір мүмкін жолы.

Осы тұста халықаралық қатынастар теориясында саяси реалистер мен модернистер арасында 2-үлкен дау болды. /XX-ғ.50-60 жж./. Негізгі пәні - халықаралық қатынастарды зерттеу тәсілдері.

Қазіргі заманғы теориялар

Модернизм

Идеялық қайнар көздері: 19-ғасыр соңындағы позитивистік теориялар. Г. Спенсер, О. Конт, А. Сен-Симон идеялары.

Негізін салушылар және өкілдері: К. Райт, М. Каплан, К. Дойч, К. Сингер, Э. Хаас

Идеялары мен тұжырымдары:

1) Халықаралық қатынастарды бұрынғыдай интуиция мен еркін талқылау, өткенмен салыстыру сияқты дәстүрлі тәсілдермен зерттеу еш нәтиже бермейді.

2) Халықаралық қатынастарды зерттеуге шынайы ғылыми мәртебе бере отырып, нақты ғылымдардың зерттеу тәсілдерін кеңінен қолдану керек.

3) Математикалық тәсілдер, жобалау, мағлұматтарды жинау мен өңдеу, нәтижелерді іс жүзінде тексеру сияқты алдыңғы қатарлы ғылыми тәсілдерді қолдану халықаралық қатынастарды зерттеуде кең мүмкіндіктер береді.

Транснационализм

Идеялық қайнар көздері: Либералдық идеялар.

Негізін салушылар және өкілдері: Р. О. Кохейн, Дж. Най.

Идеялары мен тұжырымдары:

1) Халықаралық қатынастар тек мемлекетаралық қатынастар өрісі болудан қалып бара жатыр. Мемлекет халықаралық қатынастардағы бірден-бір акторы ретіндегі рөлінен айырылды.

2) Халықаралық қатынастарда жаңа қатысушылар мен акторлардың рөлі күшейіп, мемлекетаралық қатынастардан өзге халықаралық байланыстардың әр түрлі деңгейдегі небір түрлері өрістеуде.

3) Халықаралық қатынастар тек ұлтаралық, яғни мемлекетаралық болудан қалып, трансұлттық сипатқа ие болуда.

4) Халықаралық қатынастарда экономикалық фактордың әсері күшейіп, ол өз кезегінде әлемді тұтас нарыққа айналдыруда.

5) Әлем - біріңғай халықаралық қоғам.

XX-ғ 70-80жж. халықаралық қатынастар теориясында саяси реалистер мен мен транснационалистер арасында 3-үлкен дау орын алды. Негізгі пәні – халықаралық қатынастар сипаты мен акторларына қатысты концептуальды мәселелер.

Неомарксизм

Идеялық қайнар көздері: Классикалық марксизм.

Негізін салушылар және өкілдері: П. Баран, П. Суизи, С. Амин, А. Иммануэль, И. Валлерстайн, А. Франк.

Идеялары мен тұжырымдары:

1. Классикалық марксизмнің қоғам ішіндегі таптық антагонизм туралы негізгі ережесін қатынастар сахнасына бейімдей отырып, бай және кедей мемлекеттердің арасындағы тең емес қатынастарға ауыстырады.
2. Бай дамыған елдер экономикалық даму деңгейі төмен елдерді тонап, қанаумен өздерінің байлығын, қуатын үстемелей береді. Бүгінгі күнгі бүкіл әлемдік экономикалық байланыстар жүйесі байлардың байып, кедейлердің кедейлене түсүін қамтамасыз етіп отырады. Батыс елдерінің

“үшінші әлемге” беретін қаржы, техникалық, гуманитарлық көмегі шын мәнінде кедей мемлекеттерге көмек бермек тұр ғой, оларды одан әрі тонап, өздеріне тәуелді етудің амалы болып табылады, осы тұрғыдан алғанда халықаралық экономикалық, қаржы ұйымдарының кедей мемлекеттерге берер көмегінің мәні де жағымды емес. Неомарксистердің бұл тұжырымдамасының өміршең екендігін Аргентинадағы 2002 жылдан басталып, өте қатты экономикалық дағдарыс мысалынан көруге болады. Осы дағдарысқа байланысты Оңтүстік Америка елдері Батыстың қуатты мемлекеттері мен халықаралық экономикалық, қаржы ұйымдарын Аргентинадағы жағдайға кінәлі екендіктерін мойындауға шақырды.

3. Осының бәрін ескере келгенде қазіргі заманғы халықаралық жүйе «бай» орталық «кедей» шет аймақты (периферия) қанауға негізделген ғаламдық империя болып табылады.Бұл тұста біз неомарксистерге макроәлеуметтік парадигма тән екенін көреміз, яғни онда бүкіләлемдік қатынастар біртұтас әлеуметтік қатынастар ретінде қарастырады.

Неомарксизм шеңберіндегі теориялық ағымдардың бірі-*гегемониялық тұрақтылық теориясы*. Оның негізін салушы итальяндық марксист А. Грамши. Бұл ағым дүние жүзінде тұрақтылықты қамтамасыз етіп, барлық мемлекеттердің дамуы, экономикалық алмасулары үшін қолайлы жағдай туғызудың мүмкін жолы күшті бір немесе бірнеше мемлекеттің айналысына топтастырылған халықаралық орта құру болып табылады. Яғни, күшті мемлекет халықаралық қатынастарды реттеуші, билік жүргізуші құзіретке ие болады. Қазіргі заманғы Америка Құрама Штаттары немесе ат төбеліндей- ақ бай елдер өз дегенін жүргізіп отырған жағдайды алар болсақ, тұрақтылықтың бұл жобасының шындықтан алыс емес екендігін көреміз.

Неореализм (құрылымдық реализм)

Негізін салушы: **Кеннет Уолтц. Жалғастырушылар: С.Уолт, Б.Гилпин, Дж. Мэршмайер, С. Ван Эвера** және т.б

Идеялық қайнар көздері: саяси реализм, либерализм, саяси жүйе, халықаралық жүйе теориялары.

Негізгі ұғымдары мен категориялары: жүйелілік, жүйе құрылымы, қауіп тепе-теңдігі, жүйенің шектеуші ролі, күш, күштеу саясаты.

1.Саяси реализмнің халықаралық қатынастардың табиғаты, мәні, сипаты, қатысушылары туралы ең негізгі постулаттарымен келіседі.

2.Неореализм саяси реализмді қайта қарап, оны 1970 жылдың соңындағы халықаралық жағдайға (бәсеңдеу кезеңі) бейімдейді. Ол саяси реализмнің бірқатар ережелерін жүйелік көзқарас тұрғысынан өңдейді. Неореализмнің пайымдаушыларының ойы бойынша халықаралық аренадағы шиеленістер мен күштеу саясатының негізгі себебі мемлекеттердің «мінез-құлқында», олардың өзін-өзі сақтап қалу мен басым болуға ұмтылуында емес, халықаралық жүйенің оларға тигізетін әсерінде жатыр. Яғни, кез-келген

мемлекеттің сыртқы саясаты, іс-қимылы, жалпы әлеуметтік- саяси, экономикалық болмысы мен тағдыры, оны қоршаған жүйенің «қояр талаптарымен», «шектеуімен» анықталады.

Ағымдары: неореализм шеңберінде қалыптасып, дамыған ағымдардың бірі- «стратегиялық зерттеулер». Оның негізгі мақсаты мемлекеттердің ұлттық мүддесі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, бола қалар соғысты жеңіп шығуы үшін жағдай жасайтындай нақты тәжірибелік мәні бар мәселелерді шешу. XX-ғасырдың 80-жылдары стратегиялық зерттеулерде бүкіләлемдік қарсы тұрушылықты пайымдауда басты назар әскери мәселелерден саяси мәні бар факторларға ауыстырылды (мысалы, ядролық қару тікелей қолданылар қару ретінде, яғни, күш факторы ретінде емес, үрей туғызар, қысым көрсетер саяси фактор ретінде қабылдана бастады).

Геосаяси зерттеулер

Өкілдері: К. Боулдинг, У. Макнейл, Дж. Модельски, У. Томпсон, П. Кеннеди, М. Ван Кревелд.

Идеялық қайнар көздер: А. Мэхэн, Дж. Маккиндер, Н. Спайкмен, К. Хаусхофер негізін салған классикалық геосаясат ілімі.

Екінші жүние жүзілік соғыстан кейінгі кезеңде геосаяси зерттеулердің негізгі пәні мемлекеттер арасындағы қарсы тұрушылықтың географиялық, материалдық-ресурстарық жағдайларын пайымдау болды. Геосаясатшыларды, сонымен бірге, соғыс бола қалар жағдайлар мен соғыстардың халықаралық көлемдегі салдары, шикізат көздері бар стратегиялық маңызды аймақтардың жергілікті және жаппай қарсы тұру жағдайындағы жай-күйі толғандырды. Яғни, олар классикалық геосаясатың негізгі ұғымдары мен ережелерінен алыстап кеткен жоқ. Дегенмен, XX-ғасырдың 70-80-жылдарында геосаяси идеялар мен тұжырымдамалардың авторлары мемлекеттердің күшеюі немесе құлдырауын анықтайтын жағдайлардың ішінен ешқайсысын бөліп-жармай, көпжақтылық принципіне бет бұрды. Сонымен бірге, ұлы мемлекеттерге ғана көңіл бөлінетін классикалық дәстүрден бас тартылып, олардың шағын мемлекеттермен өзара әрекетіне, аймақтық факторларға қызығушылық пайда болды.

Әлеуметтанушылық бағыт

Негізін салушы: Раймон Арон. **Жалғастырушылар:** Ж.П. Деррьеник, Р. Боск, Ж. Уинцингер.

Идеялық қайнар көздері: М. Вебер идеялары, саяси реализм мектебінің кейбір ойлары.

Негізгі тұжырымдары:

1. Халықаралық орта, ең алдымен, әлеуметтік орта. Сондықтан онда саяси билік орталығы болуы мүмкін емес.

2. Халықаралық қатынастар аренасында көптеген мүдделер мен күштер қиылысатындықтан, онда үнемі соғыстар болып тұрады.
3. Халықаралық қатынастар үрдісі соғыс пен бейбітшіліктің алмасуынан тұрады.
4. Бейбіт қатынастар емес, керісінше, қақтығыстар мен шиеленістер халықаралық қатынардың қалыпты жағдайы болып табылады.

Раймон Арон: «Халықаралық қатынастардағы барлық оқиғалар соғыс көлеңкесінде өрбиді»

Р. Арон мен оның жақтастарын саяси режимдер мен идеологияның мемелекеттің халықаралық аренада өзін-өзі ұстауына, іс-әрекетіне қалай әсер ететіндігін сараптау, азаматтық және әскери қоғамдық құрылымдардың ара қатынасын, соғыстардың тарихтағы көзге көрінбейтін ролін пайымдауға тырысты.

Соғыс мәселелерін жан-жақты зерттеу француз әлеуметтанушылық мектебінің шеңберінде жаңа бір теорияға – полемологияға жол ашты.

Полемология соғысты зерттесе, иренология бейбітшілік жағдайларын пайымдайды.

Полемологияның негізін салушы Г. Бутуль. Өкілдері: Ж.Л. Аннекен, Р. Каррер, Л. Пуарье. Олар зерттеу тәсілдер ретінде математика, биология, демография ғылымдарының тәсілдерін қолдана отырып, адамзат тарихындағы соғыстарды сараптау нәтижесінде олар әлеуметтік өзгерістердің негізгі қозғаушы күші болып табылады деген байлам жасады. Соғыстың арқасында өркениеттердің, мәдениеттердің өзара танысып, бір-бірін байытуы, техникалық прогресстің ілгерілеуі мүмкін болды.

Өзара байланыстылық теориясы. Бұл теория Р. Кохейн мен Дж. Найдың одан арғы ғылыми ізденістерінің нәтижесі болып табылады. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар кеңістігі ресми байланыстар мен өзара әркеттерінің жиынтығынан ғана емес, сонымен бірге, бейресми қатынастардан құралады. Бейресми қатынастарға сыртқы саяси элиталардың, үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдардың арасындағы көлбеу байланыстар жатады. Бұндай байланыстардың елдердің арасын біте қайнастырып жіберетіні соншалық, оның бір ғана буынының үзілуі «домино әдісі» бойынша қатысушылардың барлығына бірдей залалын тигізетіндей күшке ие болады. Аталып отырған теорияның шеңберінде жүргізілетін сараптау, зерттеулер мемлекеттер өзінің сыртқы саясатын анықтап, жүзеге асыруда елдер арасындағы осындай байланыстарды қаншалықты есепке алу керек деген сұраққа жауап іздейді.

Халықаралық режимдер теориясы. Өкілдері: Дж. Рагги, С.Д. Краснер, Р. Кохейн. Жалпы алғанда бұл теория тек неолибералистік ағымға жатпайды, өйткені халықаралық режимдерді зерттеушілер әртүрлі

мектептердің өкілдері болып табылады. Дегенмен, онда неолиберализмнің салмағы басым болғандықтан, соның шеңберінде қарастырамыз. Бұл теорияның мәні – халықарлық режимдерді өзінше бір жеке құбылыс ретінде негіздеп, анықтау. Халықаралық режимдер дегеніміз халықаралық қатынастардың белгілі бір саласында єрекет етуші акторлардың үмітін ақтайтын шешім қабылдаудың принциптері мен нормалары, ережелері мен процедураларының жүйесі.

Демократиялық бейбітшілік теориясы. Өкілдері: М. У. Дойль, Б. Рассет. Олар қазіргі заманғы либералдық-демократиялық мемлекеттердің жалпыға ортақ принциптерге мойын ұсынудың арқасында бір-бірімен соғысуға ынталы болмайтындығына, өз дегеніне жету үшін бейбіт құралдарды қолданатындығына көңіл аударады. Жоғарыда аталған теория сияқты «демократиялық бейбітшілік теориясының» идеялық тұрғылары бірдей емес. Олардың көбі мемлекеторталық парадигмаға сүйенетіндіктен, неолибералдардан гөрі неореалистерге жақындап кетеді.

Постмодернизм. Өкілдері: Дж. Дер-Дериан, К.Т. Сколандер. Бұл ағым XX-ғ. 70-80-жылдары қалыптасып қалған ағымдар мен көзқарастардың аясына сыймайтын құбылыстардың бой көтере бастауына жауап болды. Жаһанданудың көріністері, «бай» Солтүстік пен «кедей» Оңтүстіктің арасындағы алшақтау, Батыс пен Шығыс арасындағы өркениеттік қарсы тұру жаңа мәнге ие болды. Постмодернизм өзіне дейінгі теориялық мектептердің рационалдық көзқарасқа сүйенген, әлемдегі барлық бет алыстар мен үрдістерді түсіндіріп беруге тырысып баққан ұмтылыстарына күмән келтіріп, оларды сынға алады. Нақ осы сынау бағыты постмодернизм шеңберіндегі сын теориясына айналды.

Постмодернистердің ойы бойыша мемлекеттердің халықаралық актор ретіндегі болмысы, ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет етуі сияқты құбылыстар әмбебап болуы мүмкін емес. Тіпті мемлекет дегеннің өзі жалған ұғым. Ол адамдардың белгілі бір тобының шартты аталуы ғана. Постмодернистер халықаралық қатынастар туралы ойлар мен теориялардың дағдарысын шегіне жеткізді. Халықаралық қатынастар теориясын жеке сала ретінде саналудан мүлде қалдырып, саясаттанумен шекіспей, керісінше, ол екеуі ортақ философиялық категорияларға (әділеттілік, құндылықтар) жүгінуі керек деп тапты. Постмодернизм шеңберіндегі ағымдар ішінен *конструктивизм* туралы айтар болсақ, оны негіздеушілер (А.Вендт) әлемді белгілі бір әлеуметтік құрылыс деп санайды. Оның қабырғасын қалайтын адамдардың өздері және өзгертетіндер де, жөндейтіндер де солар. Бір қарағанда обьективті, адамдардан тыс тұратын құбылыстар шын мәнінде адамдардың ұғымы, ойлауы, қатынасы, үміті мен ұмтылыстары жасаған құрылым болып табылады. Мысалы, тәуелсіздік дегеніміз нақты құбылыс емес, ол адамдардың тілегі мен үмітіне жауап беретін ережелердің жай ғана жиынтығы.

Феминизм теориясын да постмодернистік деп санауға болады. Оның өкілдері (Дж. Тикнер) халықаралық қатынастарды пайымдаудың дәстүрлі

тұғырларына қарсы шыға отырып, олардың барлығы ер адамдардың көзқарастарына негізделіп, солардың мүддесі мен тілегін іске асыратын саясаттың негізі болып отыр дейді. Ал әйелдердің қоғамға қосар үлесі, құзіреті мен көзқарастары, арман-мүдделері мүлде ескерілмейді. Яғни, бүгінгі күні халықаралық қатынастарға түсініктеме беру ұмтылыстары сәтсіз болып жатса, ол ең алдымен сол дәстүрлі көзқарастарды әйелдердің мүддесі тұрғысынан қайта қараудың кешеуілдеп жатқандығынан болып отыр.

Ойлануға берілген сұрақтар:

1.Бүгінгі күні халықаралық қатынастар мен халықаралық саясатты сараптауда *а) саяси идеализм, б) саяси реализмнің* ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктері қандай деп ойлайсыз?
2. Әлеуметтанушылық бағыт халықаралық қатынастарды түсіну мен сараптауға қандай жаңалық енгізді? Неге Р. Арон соғысты бейбітшіліктен жоғары қояды?
3.Транснационализм идеяларының дұрыстығын, не бұрыстығын дәлелдейтін мысал келтіріңіздер.
4.Бүгінгі күнгі жаһандық беталыстарды неомарксизм қалай түсіндіреді?
5.Постмодернистік теориялар шындыққа қаншалықты жақын ?

Әдебиеттер:

1. Арон Р. Война и мир между нациями. – перевод с фр..- М.2000.
2. Богатуров А.Д., Косолапов Н.А., Хрусталев М.А. Очерки теории и политического анализа междунаодных отношений. М., 2002.
3. Валлерстайн И. Анализ мировых систем: современное системное видение мирового сообщества // Социология на пороге XXI века: новые направления исследований М., 1998.
4. Вендт А. Четыре социологии международной политики // Международные отношения: социологические подходы / Отв. ред. П.А. Цыганков. М., 1998.
5. Гоулдман К. Международные отношения: общие проблемы // Политическая наука: новые направления / Под ред. Р. Гудина и Х.Д. Клингеманна. М., 1999.
6. Кант И. К вечному миру. / Иммануил Кант. Сочинения в 6-томах. Т. М. 1966.
7. Карр Э. Двадцать лет кризиса: 1919-1939. Введение в изучение международных отношений. – Теория международных отношений: Хрестоматия. Составитель Цыганков П.А. – М.,2002.

8. Косолапов Н.А. Теоретические исследования международных отношений. / МЭ и МО. 1998, №1-2.
9. Кохейн Р.О. Международные отношения: вчера и сегодня // Политическая наука: новые направления / Под ред. Р Гудина и Х.Д. Клингеманна. М., 1999.
10.Международные отношения: социологические подходы / Отв. ред. П.А. Цыганков. М., 1998.
11. Моргентау Г. Политические отношения между нациями. Борьба за власть и мир // Социально-политический журнал. 1997. № 2.
12.Най Дж. С. (мл.) Взаимозависимость и изменяющаяся международная политика. // МЭи МО. 1969. №12.
13. Сандерс Д. Международные отношения: неореализм и неолиберализм //Политическая наука: новые направления / Под ред. R Гудина и Х.Д. Клингеманна. М,, 1999.
14. Тикнер Дж.Э. Международные отношения под углом зрения постпозитивизма и феминизма // Политическая наука: новые направления / Под ред. Р.Гудина и Х.Д. Клингеманна. М,, 1999.
15. Торкунов А.В. Современные международные отношения. М,, 2000.
16.Финнемор М. Нормы, культура и мировая политика с позиций социологического институционализма // Международные отношения: социологические подходы. / Отв. ред. П.А. Цыганков. М., 1998.
17.Хрусталев М.А. Системное моделирование международных отношений: Автореф. дис. ... д-ра полит. наук. М., 1992.
18.Цыганков П.А. Международные отношения: Учебное пособие. М., 2000.

Халықаралық жүйелер

1) *Жүйе ұғымы, жүйелілік теориясының негіздері.*
2) *Халықаралық қатынастарды сараптаудағы жүйелілік көзқарастың ерекшелігі*
3) *Халықаралық жүйелерді топтау*

4) Халықаралық жүйелердің қызмет ету және өзгеруінің заңдылықтары

Жолашар ұғымдар мен терминдер: *жүйелілік көзқарас, халықаралық жүйелер, жүйе бөлшектері, жүйе құрылымы, жүйе ортасы, энвайромент, контекст, жаһандық жүйе, аймақтық жүйелер, аймақтық жүйе тармақшалары, екі полюсті жүйе, көп полюсті жүйе, күш тепе-теңдігі (балансы), тұрақтылық, оның деңгейлері.*

1. Халықаралық қатынастар саласында жүйе ұғымы жиі қолданылады. Бірақ халықаралық қатынастар туралы ғылымда ол жөнінде әлі күнге дейін ауызбіршілік жоқ. Халықаралық қатынастар туралы ғылымның классиктері (атап айтқанда Раймон Арон) бұл салаға қатысты жүйелілік көзқарасты қолданудың мүмкіндігіне күмән кетірген: "Мен халықаралық жүйелер деп үнемі қатынаста болатын, кең көлемді соғыс қимылдарына тартыла алатын саяси бірліктердің жиынтығын санаймын. "Жүйе" терминін бөлшектері бір-бірімен тайталасумен, қарсы тұрудан көз ашпайтын құбылысқа қатысты қолдануды оғаш көріп отырмын. Саяси жүйе өзін құрайтын бөлшектердің ұйымдасуымен, өзара байланысымен, өзара әрекетімен, басқарылу механизмімен сипатталады. Ал халықаралық жүйе жөнінде бұны айтуға болар ма екен".

Әзірге халықаралық қатынастар ғылымында жүйелілік көзқарас ішкі және сыртқының қарапайым дилеммасынан аспайтын эмпиризмнің (тәжіребиеге сүйенушілік) әлсіз ғана талпынысы болып отыр. Негізінен халықаралық жүйелердің классикалық түсінігі халықаралық субъектілердің (ең алдымен мемлекет) белгілі бір жиынтығы дегенді білдіреді. Соңғы кездегі ғылыми ой бұған көп жаңалық қоса алған жоқ. Дегенмен жүйелілік көзқарас халықаралық қатынстарды сараптаудың оңтайлы тәсілдерінің бірі ретінде саналады.

Жүйелілік идеясы халықаралық қатынастар туралы ғылымдарғы саясаттанудан енді. Америка ғалымдары Д. Истон мен Т. Парсонс негіздеген "саяси жүйе" схемасын (1-сурет) модернистер (ең алдымен Д. Сингер) (2-сурет) халықаралық қатынастар саласына бейімдеді. Жалпы жүйелілік жөніндегі көзқарас кибернетиканың "кіріс-шығыс" идеясына сүйенеді. "Кіріс қақпасы" арқылы жүйеге қоршаған ортадан қауіп-қатер, қысым, шектеу, бір сөзбен айтқанда одан жауапты, қимыл-әрекетті талап ететін ағымдар келіп кіреді. Оның бәрін жүйе өз ішінде қорыта отырып, "шығыс" қақпасынан сыртқы ортаның әсеріне "жауап" дайындап шығарады. Осылайша кез-келген жүйе мен оны қоршаған орта өзара әрекеттесіп отырады. Бұл үнемі қайталанып тұратын циклді, үздіксіз үрдіс болып табылады және де жүйенің өміршеңдігін көрсетеді.

1-сурет. *Саяси жүйе схемасы (Парсонс, Истон бойынша)*

Жүйе ортасы



2-сурет. *Халықаралық жүйе схемасы (Сингер бойынша*)



Жүйелілік идеясының басты ұғымдары:

1) Бөлшектер. Қандай да болмасын жүйе ары қарай бөлінбейтін (шартты түрде) бөлшектерден құралады. Халықаралық жүйе жағдайында дәстүрлі бөлшектер- мемлекеттер. Ал мемлекеттердің өзін жеке жүйе (Д. Истон мен Т. Парсонс қарастырған "саяси жүйелер"), онда жүйе мен бөлшектердің бір-біріне қатысы шартты, гипотетикалық болып көрінуі мүмкін. Осы тұста жүйе мен оның бөлшектерін байланыстыратын құбылыс бас көтереді. Ол- жүйенің құрылымы (структура). Жүйе құрылымы жүйелілік идеясының өзегі, орталық концепті болып табылады.
2) Жүйенің құрылымының мәні жүйенің күрделілігіне қарай бірнеше аспектілерден тұрады:
   А) жүйе бөлшектерінің өзара қатынасы;
   Ә) элементтердің жүйе шеңберінде ұйымдасуының жолдары;
   Б) жүйенің өзінің бөлшектеріне қоятын талаптары, шектеулері мен мәжбүрлеуінің жиынтығы. Бұлар жүйенің өмір сүруі мен өз қызметін атқаруының заңды салдары болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, жүйе құрылымының бөлшектердің өзара қатынасқа түсуінің нәтижесінде пайда болып, кейіннен сол қатынастарды реттейтін күшке айналып кетеді.
3) Кез-келген жүйе белгілі бір ортада пайда болады, өмір сүреді. "Орта" ұғымы да жүйелілік көзқарастағы маңызды ұғымдардың бірі. Оның ең қарапайым анықтамасы: орта - жүйені қоршап тұрған нәрсе. Жүйе

қоршаған ортамен өзара қатынасқа түседі, оның әсеріне ұшырап, ықпалына көнеді. Орта жүйеге қойылатын оның өз шеңберінен тыс талаптар мен шектеулердің көзі. Халықаралық жүйелердің ортасы екі түрлі болады: *сыртқы орта немесе энвайромент және ішкі орта немесе контекст*. Сыртқы орта (әлеуметтік емес орта) адамның өмір сүруімен, қызметімен, мүдделерімен байланысты емес, оның санасына тәуелсіз әсерлердің жиынтығы болып табылады. Табиғат жағдайлары, жер бедері, қазба байлықтар, шекара конфигурациясы, орналасу жайы жүйедегі акторлардың бір-біріне қатысты саясатына, сол арқылы жүйе құрылымына сөзсіз ықпал етеді. Халықаралық жүйеге сыртқы ортаның немесе энвайроменттің тигізер әсерін геосаясат ұғымы жеткізеді. Ішкі орта (әлеуметтік орта) немесе контекст дегеніміз жүйеге тиетін адам санасы, өмірі және қоғамдық қатынастарымен тікелей байланысты әсерлердің жиынтығы. Бұл әсерлердің мәні жүйе қамтитын аумақтың өркениеттік ерекшеліктерімен анықталады. Мәдени, діни, менталитеттік өзгешеліктердің, тарихи жады жүйе қасиеттерін, ондағы құрылымдық үрдістер мен беталыстарды анықтайды.

4) Жүйенің шекара сызығы оның бөлшектерінің өзге жүйенің бөлшкетерімен көршілес болған жерінен өтеді.
5) Жүйенің қызметі (функциясы) оның қоршаған ортаның әсеріне жауап беріп, өз бөлшектерінің арасындағы белгілі бір қатынастар типін сақтай алу қабілеті деп түсінуге болады. Қоршаған ортаға бейімделіп, өз шеңберінде тұрақтылықтық белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуі жүйенің өз қызметін табысты атқаруының көрінісі болып табылады.
6) Жүйедегі үрдіс (процесс) ұғымы жүйе қызметімен тікелей байланысты.. Жүйе қызметінің үздіксіз іске асырылып тұруы, оның бөлшектерінің арасындағы өзара қарым-қатынастардың белгілі бір жобасының өміршең болып, қайталанылып тұруы осы үрдіс дегенді білдіреді.
7) Жүйе тармақшалары (подсистема) ретінде оның кез-келген бөлшегі көріне алады, өйткені, оның өзі өз кезегінде өзара байланысқан бөлшектердің жиынтығы болып табылады. Мысалы, аймақтық халықаралық жүйелер біріге келіп, жаһандық халықаралық жүйені құрайды. Бұл жағдайда біріншілері соңғысы үшін бөлшек болады. Ал аймақтық халықаралық жүйелер өз алдына бүтіндей жүйе болғандықтан, жаһандық жүйенің құрамындағы жай бөлшек емес, жүйе тармақшасы ретінде өмір сүреді. Осы тұста жүйе тармақшаларының жүйемен өзара қатынасқа түсу мәселесі бой көтереді. Бірқатар ғалымдар (Я. Оранг, Брайар, Джалили, Мозаффари) аймақтық халықаралық жүйелердің жаһандық халықаралық жүйенің құрылымдық талаптарына бағынбай, көп жағдайда өзін еркін, тәуелсіз ұстайтындығын аңғарған. Яғни, іс жүзінде осы екі нысанның арасында ғы байланысты, өзара тәуелділікті байқай қою қиын және аймақтық халықаралық жүйелер өздерінің сипаты мен қызмет етуі жағынан алғанда бір-біріне ұқсамайды. О. Янг осыған байланысты “ұқсастық

пен күрт өзгерушілік” теориясын ұсынған. Бұл теория халықаралық қатынастарды сараптауда дәстүрлі екі және көп полюсті жобалармен шектеліп қалмауды ұсынады.

Ресейлік ғалым А. Богатуров аймақтық халықаралық жүйелердің бірегейлігі жөнінде қорытынды жасай отырып, Оңтүстік-Шығыс Азия жүйелік тармақшасының ерекшелігіне көңіл аударады. Ішкі ортасының әртектілігіне, мазасыздығына, тұрақсыздығына қарамастан, бұл аймақта соңғы ширек ғасырдан астам уақыт бойы (Вьетнам соғысынан бері) көзге түсердей ірі шиеленіс болмаған. Бұндай жағдайды ғалым аталған жүйенің шеңберінде тұрақтылықтың ерекше жобасы қалыптасқандығынан деп біледі. Бұл жоба болашақ шиеленістердің пайда болып келе жатқан наразылық пен келіспеушілік сияқты алғашқы белгілерін тез арада танып, оларды жойып отырған. Сөйтіп, бұл аймақта ешбір басқа жүйеге ұқсамайтын, бірігей жүйе қалыптасқан.

2. Халықаралық қатынастарды сараптаудағы жүйелілік көзқарастың ерекшелігі таным объектісінің (халықаралық қатынастар) табиғаты мен қасиеттерінен туындайды:

а) Халықаралық қатынастар өз табиғатында әлеуметтік қатынастар. Сондықтан халықаралық қатынастар жүйесі де әлеуметтік жүйе болып табылады. Механикалық немесе биологиялық жүйелер сияқты әлеуметтік жүйелер қатаң байланысқа негізделген, нақты шекарасы бар жүйелер емес. Әлеуметтік жүйелерге ашықтық, ішкі байланыстардың әлсіз болуы, бөлшектердің бір-біріне қатысты тәуелсіздік деңгейінің жоғары болуы тән. Көп жағдайда олардың шекарасын, яғни, сыртқы ортамен жанасу сызығын байқау мүмкін емес. Дегенмен, бұл халықаралық жүйелерді жоққа шығармайды, оларды теориялық сараптау арқылы пайымдауға болады.

ә) Халықаралық қатынастар жүйесі адамдардан жоғары тұратын, оларға тәуелсіз құбылыс сияқты көрінгенмен, шын мәнінде олар жеке адамның ерік-жігері, санасы, таңдауы мен құндылықтарымен анықталады.

б) Халықаралық қатынастар негізінде мемлекеттер арасындағы қатынастар құрайтын саяси қатынастар екендігі белгілі. Сондықтан халықаралық қатынастар жүйесінің ішкі мәнін мемлекетаралық қатынастар анықтап, оған бақталастық, мүдде қақтығысы, күрес сияқты ұғымдардан тұратын саяси сипат береді.

в) Саяси реалистерден бері келе жатқан “халықаралық қатынастар анархиялық орта, онда билік орталығы жоқ” деген түсінік халықаралық жүйелер туралы да осыны айтуға итермелейді. Сонымен бірге, халықаралық қатынастар “егемендіктердің плюрализмімен” және орталықтанудың, ауызбіршіліктің төмен деңгейімен анықталатынын ескерсек, халықаралық жүйелер дегеніміз бөлшектердің айтарлықтай автономиясымен, әлсіз байланысуымен сипатталатын ерекше әлеуметтік жүйелер болып табылады.

3. Халықаралық қатынастар теориясында халықаралық жүйелерді топтау екі дәстүрлі жолмен жүзеге асырылады: 1. кеңістіктік-географиялық; 2. салалық-функциялық. Бірінші жағдайда халықаралық жүйелер:

- жаһандық

- аймақтық
- аймақтық тармақшалар (субаймақтық жүйелер) болып бөлінеді.

Қазіргі заманда жаһандық халықаралық жүйе дүниежүзілік үрдістерде анықтаушы фактор болып отыр. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО мен АҚШ арасындағы өткір бақталастыққа негізделген екі полюсті жүйенің қалыптасуы және отаршылдық жүйенің ыдырауының арқасында көптеген Азия, Африка елдерінің еркін акторларға айналуы жаһандық жүйені өміршең құбылысқа айналдырды. Бүгінде бұл жүйе үлкенді-кішілі мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатына ықпалын тигізетін, шектеу қойып, қысым жасайтын күш екені белгілі. Бірақ ғалымдардың айтуы бойынша (Ф. Брайар, М. Джалили) жаһандық халықаралық жүйенің бүтіндігіне, біртектілігіне қарамастан, онда кейбір үзілістің болуы мүмкін. Оның себебі аймақтық жүйелердің бірегей құбылыс ретінде орын алуында. Жоғарыда аталған авторлар өздерінің "Халықаралық қатынастардың жүйесі, құрылымы және даму үрдісі" деген еңбектерінде аймақтық жүйелерді жаһандық жүйенің құрылымдық деңгейлері дей отырып, негізінде географиялық ортақтылық жатқан арнайы қатынастардың жиынтығы деп анықтайды. Олар әрбір аймақтық жүйенің (европалық, азиялық, африкалық, американдық) өзгеге ұқсамайтын, қайталанбас ерекшеліктері бар деп санайды. Дегенмен, Брайар мен Джалили аймақтық жүйелерді зерттеу объектісі ретінде сараптау үшін қажетті тұғырларды анықтап бермеген.

Салалаық-функциялық тұғырдың негізінде халықаралық жүйелер экономикалық, саяси, әскери-стратегиялық болып бөлінеді.

Халықаралық жүйелерді дәстүрлі-тарихи негізде топтаудың негізінда саяси реализм ережелері жатыр. Вестфаль, европалық концерт, Версаль-Вашингтон, екі полюсті (биполюсті), көп полюсті, тең тұғырлық, гегемониялық деп жүйелеу ең алдымен мемлекетаралық қатынастардың белгілі бір тәртібі мен қалпына сүйенеді. Алғашқы аталған үш жүйелік қалып жүйе шеңберінде мемлекеттердің нақты бір саны, шекаралары, қатынастардың нормалары, басым мемлекеттер мен олардың арасындағы күш тепе-теңдігі арқылы анықталады. Екі полюсті жүйеде екі ең күшті мемлекет әлемге өз билігін жүргізеді. Егер ең құдіретті мемлекеттердің саны екіден асып, бірнешеу болса көп полюсті әлемге жол ашылады. Тең тұғырлы жүйеде күшті мемлекеттер бір-бірінің бас бұзар әрекеттерін тыйып, халықаралық үрдістерге бірдей дәрежеде ықпал ететін жағдайда болады. (бұның көп полюсті жүйеден айырмашылығы әмбебап нормаларға (универсалды) бас имей, күшті ған тануында). Ал гегемониялық жүйеде экономикалық-ресурстық мүмкіндіктер, әскери күш, саяси ықпал жағынан алдына жан салмайтын бір ғана құдіретті мемлекеттер билік құрады. Батыста халықаралық қатынастар теориясы бойынша оқулықтарда жүйелер үш топқа біріктірілген:

1) егеменділік негіздегі жүйелер;
2) гегемониялық негіздегі жүйелер;
3) империялық негіздегі жүйелер.

Бірінші топқа ішкі және сыртқы саясатын өзі анықтайтын, ешкімнің нұсқауына мойын ұсынбайтын егеменді саяси бірліктерден, яғни, мемлекеттерден тұратын жүйелер жатады. Оларда супердержава деген болмайды және бұл баршаның танығаннормасы болып табылады. Бұл жүйедегі реттеуші механизм күш тепе-теңдігі. Қандай да болмасын мемлекеттің тарапынан қауіп төнген жағдайда қоғаныстың басты құралы оған қарсы одақ, альянс құру болады. Тарихи мысал келтірер болсақ, антика дәуіріндегі грек қала мемелекеттерін еске түсіруіміз керек. Әсіресе, олардың біздің дәуірімізге дейінгі Ү-ғасырда құдіретті парсы мемлекетіне қарсы одақ құрып, соғысуы қарастырылып отырылған жүйелер тобының қалай әрекет еткендігін көрсетеді.

Екінші топқа бір немесе бірнеше мемлекеттер басшылық ететін, өзге бөлшектер (оларға қарағанда әлсіз мемлекеттер) солардың айтқанына көнетін қатынастар тәртібіне негізделген жүйелер кіреді. Гегемониялық жүйе типінің өзі келесідей баламаларға жол береді:

1) бір полюсті жүйе – бүгінгі халықаралық қатынастар жүйесінің мәні деуге болады. Өйткені, КСРО ыдырағаннан кейін АҚШ өз дегеніне жетіп, әлемді бір өзі билеп-төстеуге мүмкіндік алды. (Дегенмен, АҚШ-тың гегемониялық ролін әсірелеуге болмайды. Дәл қазір бұл елдің ешкіммен санаспай, бір жақты шешеім қабылдап, әрекет етуге құдіреті жетпейді).
2) екі полюсті немесе екі жақты гегемонияның айқын мысалы қырғи-қабақ соғыс жылдарында АҚШ мен КСРО-ның өзге әлемге билік жүргіуі. Ерте заманда, нақты айтқанда біздің эрамызға дейінгі Ү-ғасырдың екінші жартысында Афины мен Спарта мемлекеттері де осындай күйде болған.
3) көп полярлы жүйе немесе ұжымды гегемония- бұнда үш немесе одан көп мемлекет үстемдік етеді. Вена конгресінен кейін пайда болған Ұлыбритания, Франция, Ресей, Австрия мен Пруссия өзара келісіп, билік жүргізген европалық концерт осы топқа жатады.

Халықаралық жүйелердің үшінші тобы империялық деп аталады. Империялық жүйелер бір орталыққа сөзсіз бағынатын және өзара үнемі қатынаста болатын әлеуметтік бірліктерден тұратын жүйелер. Мысалы, ертедегі Ассирия, Парсы, Македония және Рим империялары. Біздің заманымызға жақын кезеңдерден отарлық жүйелерді еске түсіруге болады. Әсіресе, британдық отарлық жүйе құрылымдық байланыстары мен өзара тәуелділігі айқын жүйе болып табылады. Империялық жүйенің гегемониялықтан айырмашылығы онда бөлшектер орталықтың ықпалына көбірек ұшырайды (бөлшектердің сыртқы саясат жүргізу мүмкіндігінен айырылуы, орталықтың жергілікті саяси әкімшілікті тағайындауы, салық жинауы, әскер қатарына шақыруы, бөлшектер арасында өзара байланысты күшейту үшін инфрақұрылымды қалыпта ұстап отыруы). Символикалық түрде алатын болсақ, қазіргі ұлттардың британдық Ынтымақтастығы осыған жақындап келеді. Британдық монарх Ынтымақтастықтың құрамындағы 50 елдің ішкі, сыртқы саясатына араласпаса да, олардың сыртқы саясат және

қорғаныс мәселелерін өз қарамағына алуы империялық жүйенің бейнесін еске түсіреді.

4. Жүйелілік көзқарасты негіздеушілердің (К. Уолц, М. Каплан т.б.) басты идеясы – жүйе құрылымының жүйені танып-білудегі бірегей және шешуші ролі. Неге қуаты жағынан әртүрлі мемлекеттердің сыртқы саясаты заңды түрде әртүрлі, яғни, өз күшіне сайма-сай болмай, кей жағдайда бірдей болып жатады? Бұның себебін жүйе құрылымының мәнінен іздеу керек. Жүйе құрылымы оның бөлшектеріне тікелей ықпал етеді: оларға талап қояды, шектейді, қысым көрсетеді және кей жағдайда дем беріп, қолдау көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда құрылым бөлшектердің тағдырын анықтайды. Жүйе құрылымын пайымдап, сараптау дәрежесі мен күші әртүрлі мемлекеттердің халықаралық аренадағы мінез-құлқы мен іс-әрекетін түсініп, алдын-ала болжауға мүмкііндік береді.

Жүйе құрылымының жағдайы мен күйі жүйенің өзінің міндеттерін атқару қабілетінің, тұрақтылығының тікелей көрсеткіштері болып табылады. Сондықтан халықаралық жүйелерді зерттеуде жүйе құрылымының сараптамасына басты көңіл бөлінеді. Жүйе құрылымының негізгі өлшемдері мен көрсеткіштері қандай? Раймон Арон жүйе құрылымының үш өлшемін атап көрсеткен: 1) күш қатынастарының конфигурациясы; 2) акторлар (бөлшектер) иерархиясы (сатылық орналасуы); 3) жүйе құрамының біртектілігі немесе біртекті еместігі. Күш қатынасы конфигурациясы жүйедегі басты акторлар санына және олардың арасындағы қатынастар сипаттамасына байланысты болады. Бұл жүйеде күш орталығын, бөлшектер арасындағы қатынас тәртібі қандай болатындығын анықтайды.

Акторлар иерархиясы бөлшектердің әскери-саяси, экономикалық, ресурстық, рухани жағынан теңсіздігін көрсетіп, олардың жүйеге ықпалы қаншалықты болатындығын анықтап береді. Өзара қатынастың барысы нәтижесінде қуатты, ықпалды акторлар ортаға топтасып, билік орталығын құрса, әлсіздері жүйенің шетіне (перифериясына) шығып қалады.

Жүйенің біртектілігі немесе біртекті еместігі бөлшектердің өзара қатынастың ортақ принциптері мен ережелеріне, саяси, экономикалық, өркениеттік құндылықтарға қаншалықты келісетіндігін көрсетеді. Келісім деңгейі неғұрлым жоғары болса, жүйе соғұрлым біртекті болады. Өз кезегінде біртектілік жүйеде тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Біртекті жүйеде мемлекеттер бақталас, қарсылас болуы мүмкін, бірақ олар бір-біріне жау болмайды. Мысалы, Еуропалық Одақ жүйес біртектілік деңгейі жоғары, өйткені оның бөлшектірінің экономикалық-әлеуметтік даму деңгейі, бөлісетін ортақ құндылықтары жағынан бір-біріне жақын. Бұндай жағдай ЕО жүйесіне тұрақты болудың алғышарттарын жасайды.

Ж.П. Дерриеник халықаралық жүйелердің алты құрылымдық сипаттамасын атап көрсетеді:

1) акторлар саны;
2) олардың арасындағы күш қатынасы;

3) шиеленіс пен ынтымақтастық арасындағы үлес қатынасы; Жүйе о бастан шиеленіске бейім болып қалыптасады немесе ынтымақтастыққа негізделеді.
4) жүйе шеңберінде күш көрсету, қысым жасау, көз жеткізу т.б. сияқты тәслдердің қолдану мүмкіндігі;
5) жүйенің сипатының бөлшектердің мінез-құлқына қаншалықты әсер ететіндігі;
6) акторлардың бір-бірінің статусын мойындауы.

Аталған құрылымдық сипаттамалар кез-келген жүйені сараптауға мүмкіндік береді және жүйенің қызмет ету, өзгеру заңдылықтарын қорытып береді. Сонымен халықаралық жүйелерге қатысты ең жалпы заңдылық- жүйе бөлшектерінің (акторларының) мінез-құлқы мен іс-әрекеті жүйенің құрылымдық сипаттамаларына тәуелді болады.

Екінші бір жалпы заңдылық - халықаралық жүйелердің күш тепе-теңдігіне негізделетіндігі.

Қандай халықаралық жүйелер өзгеруге бейім? Бұл сұраққа жауап беру үшін ғалымдар жүйенің полястілігі мен тұрақтылығы арасындағы байланысқа көңіл аударады (Жүйенің полюстілігі мен тұрақтылығының корреляциялану заңдылығы). Полюс саны тұрақтылыққа әсер ете ме? Бұған әркім әртүрлі жауап береді. Э. Хаас екі полюсті жүйе көп полюсті жүйеге қарағанда тұрақтылыққа бейімдеу деп санайды. Екі полюсті жүйеде соғыстар ұзағырақ, ауқымды болғанмен, көп полюсті жүйедегідей көп емес. К. Уолц та екі полюсті жүйеніңтұрақты екендігін атап көрсетеді. Д. Сингер мен К. Дойчтің ойы бойынша екі жүйе де өзгеруге, өзін-өзі жоюға бейім. Бірақ екі полюсті жүйе көп полюстіге қарағанда тұрақсыз. Оның себебін Р. Аронның ойымен түсіндіруге болады: екі полюсті жүйеде мүдде қарсылығы, бақталастық, бір-біріне деген сенімсіздік пен қорқыныш күштірек болады.

М. Каплан да осындай көзқараспен келіседі. Көп полюсті жүйеде акторлар арасындағы жиі қақтығыс, ядролық қарудың тарау мүмкіндігі, елдер арасындағы одақтар құбылмалығы болжап болмайтын салдарларға әкеп тіреу мүмкіндіктері жоғары болғанмен, оны екі полюсті жүйемен салыстырып болмайды. Өйткені жүйеде екі супердержаваның арасындағы толастамайтын бақталастық пен қарсы тұруы өзге үнемі қауіп төндіріп тұрады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1) Жүйелілік көзқарастың өзегі қандай идея?
2) Халықаралық жүйелердің басты міндеті неде деп ойлайсыңдар?
3) Халықаралық жүйелер қандай жағдайда өзгеріске ұшырауы мүмкін?
4) Бір жүйеде орналасқан екі мемлекеттің сыртқы саясаты ұқсас болуы мүмкін бе?
5) Жүйе құрылымының өз бөлшектеріне тигізетін әсеріне (шектеу, қысым көрсету, мәжбүрлеу немесе қолдау) мысал келтіріңдер.
6) Қазақстан Республикасы қандай халықаралық жүйелерге кіреді?

7) А. Богатуровтың “Тынық мұхиттағы ұлы державалар” атты еңбегінің негізінде Оңтүстік Шығыс Азия (АТА) аймақтық жүйесіне мынадай көрсеткіштер бойынша сипаттама беріңіз:

- жүйе бөлшектері: ұлы, орта державалар, кіші және шағын мемлекеттер
- жүйе шекарасы
- жүйенің біртекті немесе біртекті еместігі,
- жүйе ортасы
- тұрақтылық деңгейі

8) Әдебиет тізімінде көрсетілген еңбектерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына жүйелік сараптама жасаңдар.

Әдебиет:

1. Актуальные проблемы внешней политики Казахстана. - Сборник статей. Москва: Русский раритет.- 1998, с.12.
2.Аубакирова А.А. Геополитические и географические факторы формирования внешнеполитической стратегии Республики Казахстан.- Алматы: Экономика, 2003.
3. Богатуров А.Д. Великие державы на Тихом океане. – М., 1997.
4. Богатуров А.Д., Косолапов Н.А., Хрусталев М.А. Очерки теории и политического анализа междунаодных отношений. М., 2002.
5. Валлерстайн И. Анализ мировых систем: современное системное видение Мирового сообщества // Социология на пороге XXI века: новые направления исследований М., 1998.
6. Введение в теорию международных отношений и анализ внешней политики. Ломагин Н. А., Кузнецов В.Е., Лисовский А.Ю. – Учебное пособие. – Санкт-Петербург, 2001.
7. Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. - Астана: Елорда, 2001.
8.Теория международных отношений. Хрестоматия. Под ред. П.А. Цыганкова - М., 2002.
9.Токаев К.Т. Дипломатия Казахстана. – Астана, 2002.
10.Торкунов А.В. Современные международные отношения. М,, 2000.
11.Хрусталев М.А. Системное моделирование международных отношений: Автореф.дис. ... д-ра полит, наук. М., 1992.
12. Цыганков П.А. Международные отношения: Учебное пособие. М., 2003.

Халықаралық қатынастарға қатысушылар

1. *«Актор» терминінің мәні және оның пайда болуы.*
2. *Халықаралық акторларға теориялық көзқарастар.*
3. *Мемлекеттің халықаралық қатынастарға қатысушы ретіндегі маңызы және рөлі.*
4. *Халықаралық қатынастың басты акторы ретіндегі мемлекетке теориялық көзқарастар.*
5. *Халықаралық қатынастардың мемлекеттік емес қатысушылары.*
6. *Халықаралық қатынастардағы жаңа акторлардың пайда болуы.*
7. *Жаңа акторлардың қазіргі замандағы халықаралық қатынастардағы рөлі.*

Жолашар ұғымдар мен терминдер: *халықаралық қатынастардың субъектісі, акторы, мемлекет, мемлекеттік егемендік, сыртқы саясат, дипломатия, мемлекеттік акторлар, супердержавалар, ұлы державалар, орта дәрежедегі мемлекеттер, шағын мемлекеттер, микромемлекеттер, мемлекеттік емес акторлар, жаңа акторлар, жеке тұлға, трансұлттық корпорациялар.*

Халықаралық қатынастарға қатысушылардың өзара әрекетін бейнелейтін «актор» термині халықаралық қатынастар ғылымындағы жиі қолданатын термин. Орыс тілі аудармасында бұл термин бізге «актер» ретінде естіледі. Ф. Брайар және М.-Р. Джалилидің айтуы бойынша, - «актор» - бұл белсенді қатысатын және маңызды рөл атқаратын кез-келген тұлға. Яғни, халықаралық қатынастар сферасындағы «актор» деп белгілі бір рөл ойнай алатын және өзгеге ықпал ете алатын кез-келген беделді топты, ұйымды бірлестікті түсіну керектігін көрсетеді.

Кез-келген субъект әлеуметтік қауымдастық, халықаралық қатынастарға белгілі бір ықпал еткен жағдайда, мемлекет және оның үкіметі тарапынан құрметке ие болған кезде халықаралық қатынастар акторы ретінде санала алады. Осы себептен, әр актор халықаралық қатынастар қатысушысы болып саналғанымен, әр қатысушысы халықаралық актор бола алмайтындығын көре аламыз. Шетелдік ұйымдармен, кәсіпорындармен немесе шетел азаматтарымен қатынасы бар ұйым, кәсіпорын немесе топ әрдайым халықаралық актор ретінде көріне алмайды. Керісінше бұл рөлді жеке адам орындай алады.

Көптеген теориялық бағыттың және мектептің өкілдері дәстүрлі акторға мемлекеттерді, сонымен қатар халықаралық ұйымдарды және халықаралық жүйелерді жатқызады. Мортон Каплан халықаралық акторларды үш түрге бөледі:

1) ұлттық (тәуелсіз мемлекеттер)
2) трансұлттық (аймақтық халықаралық ұйымдар: мысалы, НАТО)
3) әмбебап (әлемдік ұйымдар: мысалы, БҰҰ)

Ал М.Мерль болса, халықаралық актор ретінде мемлекеттерді, халықаралық ұйымдарды және трансұлттық күштерді (мысалы, мульти ұлттық фирмалар, сонымен қатар бүкіләлемдік қоғамдық пікір) қарастырады. Брайар және М. Р.Джалили мынандай акторларды атайды, олар - ұлт-азаттық қозғалыстар, аймақтық және жергілікті қауымдастықтар: мысалы, жергілікті билік органдарының Еуропалық Конференциясы, Коммуналардың Еуропалық Кеңесі т.б. Дж. Розенау басты халықаралық акторлар ретінде мемлекеттерді, ішкі жүйелерді (мысалы, жергілікті әкімшіліктердің органдары), трансұлттық ұйымдарды (мысалы, микросхема шығаратын «Европейские кремниевые структуры» компаниясы), когорталар (мысалы, этникалық топтар, шіркеулер және т.с.с.), қозғалыстарды санайды.

Көрсетілген мысалдардан халықаралық акторларға жататын ең басты типтер мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар екендігін көреміз. Осыдан көретініміз саяси реализм өкілдері үшін жалғыз болмаса да ең басты актор – мемлекет. Реалистердің бәрі өз негіздеулерінде мемлекеттің мүмкіндіктеріне арқа сүйегеніне (Г.Моргентау), екінші біреулері оның әлеуметтік саласына екпін жасайтындығына (Р.Арон), үшінші біреулері экономикалық әлеуетіне жүгінгеніне (Ж.Бертэн) қарамастан, олардың барлығының тоғысатын жері мемлекеттің халықаралық қатынастардағы айнымас тұлға екендігін әйгілеу.

Бұған қарағанда модернистік бағыт өкілдерінің көзқарастары едәуір икемдірек. Салмақты халықаралық қатынастардың функционалдық жағына ауыстырып, мәселеге жүйелі келуге, модельдеуге, оларды зерттеуде сандық әдістерге т.с.с. иек арта отытып, модернизимнің өкілдері мемлекеттердің болмысын зерттеумен шектелмейді. Ғылыми айналымға халықаралық ұйымдардың қызметімен, трансұлттық корпорациялардың экономикалық экспансиясының халықаралық-саяси зардаптарымен байланысты мәселелерді, т.с.с. енгізеді. Сонымен қатар, біріншіден, әлдебір халықаралық актордың басымдылығы туралы мәселе олар үшін екінші кезектегі мәселе болып табылады.

Транснационализм және өзара тәуелділіктің (Р. Коохейн, Д.Най, Э.Скотт, С.Креснер және т.б.) теоретиктерінің ойына сәйкес халықаралық қатынастардың қазіргі кезеңіне тән ерекшеліктердің бірі халықаралық мемлекеттік емес ұйымдардың, мультиұлттық фирмалар мен корпорациялардың, экологиялық қозғалыстардың және т.б. пайда болуы мемлекеттің позициясына тасталған шақыру болып табылады. Халықаралық акторлар санының өсуі әлемдік саясатта мемлекеттің позициясын әлсіретіп жатыр, ал халықаралық жеке субъектілердің ролі мен маңызы керісінше күшейіп келеді. Ал «глобалистер» (Д.Бартон, С.Митчел және т.б.) әлемді мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторларды біріктірген өрмекшінің өрмегі ретінде қарастырады, және одан ешкім қайтып шыға алмайтындығын айтады. Жалпы экономистер, саясаткерлер, заңгерлер, мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар, философтар «жаһандану» терминін әр түрлі түсіндіруде.

Мәселен, оны жақтаушылардың пікірінше жаһандану – «әлеуметтік, мәдени, саяси, адамзатқа ортақ құндылықтар мен осы құндылықтар негізінде пайда болған табыстар және нәтижелердің ұлттық шекаралардан асып, күллі жиһанға таралуы; алуан мәдениеттер мен сенімдердің танылуы, өзара сіңісуі (синкретизм); тауарлар мен қызметтердің еркін айналуы; халықаралық қатынастар мен ықпалдастықтың нығаюы және идеологиялық жікшілдікке негізделген айырмашылықтардың жойылуы» болып табылады. Ал, жаһандануға қарсылар оны былай айқындайды: «Жаһандану дегеніміз Батыс әлемінің үстемдігінің дүние жүзіне таралуы; осы мақсатқа жету үшін саяси, ғылыми және технологиялық әдістердің пайдаланылуы; Батыстың өзінің мәдениеті мен өркениетін дүние жүзіне үлгі етіп, күшпен мойындатуы; ұлттық мемлекеттердің ішіндегі алуан этностық және көпмәдениеттілік мәселелерін өз мүддесіне пайдаланып, ішкі қырқыстар мен ұлтаралық араздықтарды өршітуі; сөйтіп, ұлттық мемлекеттерді күйрету арқылы өз мақсаттарына жетуі; Батыс экспансионизмінің жаңа әлемдік сатысы, халықаралық капитал иелерінің дүние жүзін бір нарыққа және адамзатты тұтынушыларға айналдыруы, экономикалық іс-әрекеттерді өз монополиясында ұстауы; қысқаша айтқанда, Батыс империализмінің заманауи ұстанымдармен бекітілуі».

Мемлекет халықаралық құқықтың басты субъкті екені мәлім**.** Мемлекеттің сыртқы саясаты халықаралық қатынастар дәуірінің сипатын анықтайды, ол индивидтің тәуелсіздік деңгейі мен тұрмыс жағдайына тікелей ықпал етеді. Халықаралық ұйымдардың, басқа да халықаралық қатынастар қатысушыларының жұмыс істеуі және қызметі мемлекеттің оларға қалай қарайтынына тәуелді. Қазіргі заманда жаңа мемлекеттердің құрылу процесі әлі күнге дейін жалғасып келеді. Мысалы, ХҮ ғасырда әлемде 5-6 мемлекет болса, 1900 жылы оның саны 30-ға өседі. 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына 60 мемлекет кірсе, 1965 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына 100 мемлекет мүше болады, 1990 жылы 160 мемлекет, 1992 жылы 175 мемлекет, 1996 жылы 185 мемлекет кіреді. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болу үшін, мемлекет халықаралық субъект ретінде танылуы тиіс, яғни, мемлекеттің өзінің территориясы, халқы және тәуелсіз үкіметі болу керек.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы, қоғамның құл иеленушілер мен құлдарға бөлінуі құл иеленуші мемлекет құрылуына жеткізді. Кең мағынасында мемлекет дегеніміз – жария өкіметтің пайда болуы мен оның іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірінің ұйымдастырудың түрі және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі. Мемлекетті ұйымдастырудың формалары – монархия (абсолюттік және конституциялық), республика (парламенттік және президенттік), унитарлық мемлекет және одақтық мемлекет (федерация). Американдық маман Д.Фрэнкел мемлекеттің пайда болуын адамдардың өз сұранысын жеке-жеке қанағаттандыра алмауынан көреді. Сондықтан олар топтарға бірігеді. Белгілі бір жағдайларға байланысты бұл топтар өзінің көлемі мен сипаты бойынша ерекшеленіп отырады. Бірақ олар да ұйымдастыру ерешелігіне, бөліну сатысына,

құрылымына және басқа топтармен қарым-қатынасқа түсуіне байланысты жоғарыдағыдай мәселелерге тап болады. Сондықтан да олар бір мемлекеттің аясына бірігеді.

Мемлекеттің басты функциясы өзінің жеке территориялық шекарасының шеңберінде тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдастықтың әлеуметтік және экономикалық дамуына жағдай жасау, халықты еңбекпен қамтып, негізгі сұранысын қанағаттандыру болып табылады.

Әлемдік бірлестіктегі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды жүзеге асырудың басты әдісі – сыртқы саясат. Сыртқы саясатты біз мемлекеттердің халықаралық істердегі жалпы бағыты ретінде түсінеміз. Сыртқы саясат әр түрлі әдістер және тәсілдермен жүзеге асырылады, ол мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынастарды реттейді. Сыртқы саясат мемлекеттердің ішкі саясатымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда оның басты міндеті мемлекеттердің мақсаты мен мұратына жету үшін қолайлы халықаралық жағдай жасаудан болып табылады. Ал бұл өз кезегінде сыртқы саясатқа мемлекеттер арасында шиеленістер мен соғыстарды болдырмау, бейбітшілікті сақтау функциясын жүктейді.

Сыртқы саяси бағытты қалыптастыру үшін сыртқы саяси теорияның үлкен маңызы бар. Оның негізінде сыртқы саяси мақсаттарды жүзеге асырудың ең тиімді тәсілдері, әдістері жасалады. Бұл сыртқы саяси іс-шараларды жоспарлауды және үйлестірудің мүмкіндіктерін, сондай-ақ шешім қабылдаудың әдістерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Сыртқы саясат арнайы құрылған мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады. Көптеген елдерде, сондай-ақ Қазақстанда мұндай орган Сыртқы Істер Министрлігі, АҚШ-тамемлекеттік хатшы басқаратын Мемлекеттік Департамент, ал Франция мен Аргентинада сыртқы саясат органы Сыртқы байланыстар министрлігі болып табылады. Сыртқы саясатты жүзеге асырудың басты құралы – дипломатия. Дипломатия – белгілі бір мемлекеттің сыртқы саясат саласындағы мақсаттары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын қорғауға бағытталған сол мемлекет пен үкімет басшыларының және арнаулы сыртқы ұйымдарының халықаралық қатынастағы саяси әрекеті. Ганс Моргентау өзінің «Ұлттар арасындағы саяси қатынастар. Билік үшін күрес» атты еңбегінде «Дипломатия – егеменді ұлттар қауымдастығы ұсынатын бейбітшілікті сақтаудың ең тиімді құралы екендігін мойындай отырып», оны «қазіргі әлемдік саясат пен қарсы тұрушылық жағдайында жеткіліксіз құрал»- деп санады. Мемлекетаралық қатынастардың негізгі принципі өзара мүдделілік болып табылады. Осыған сәйкес мемлекеттер бір-бірімен қарым-қатынасты тең құқықтық, өзара тиімділік негіздерінде құру керек.

«Халықаралық қауымдастықтың» алғашқы теоретиктерінің бірі И.Кант және Г.Гроций мемлекетті «мемлекеттік қоғам» контекстінде қарастыруға тырысты. Олар мемлекеттің өзара бірлесіп және ынтымақтасып өмір сүруінің шарттарын анықтауды мақсат етіп қойды, бұл орайда құқықпен реттелетін

қарым-қатынастарға ерекше көңіл бөлді. Сол арқылы олар халықаралық құқық пен халықаралық қатынастар теориясын жасауға серпін берді.

Әлемдік қауымдастық дегеніміз мемлекеттердің арасындағы тұрақты байланыстар, өзара тәуелділік пен қарым-қатынастар элементтерінің жиынтығы болып табылады. Бұл өзінің айрықша жүйе құрайтын сипаттамалары, құрылымдары мен қызметтері бар бірыңғай жүйе. Оның орталық, өзекті элементтері жекелеген мемлекеттер болып табылады. Яғни, басқаша айтқанда, әлемдік қауымдастық дегеніміз – ортақтандырылған мемлекеттік жүйе болып табылады. Оның өзгеріске ұшырағанына қарамастан, қазіргі күндері мемлекеттер онда шешуші рөль атқарады. Оған себеп – халықаралық жүйенің негізгі бөлігі болып отырған халықаралық ұйымдардың көпшілігінің мемлекеттің күші және оның мүддесіне сәйкес құрылуы.

Мемлекеттің пайда болуы мен мәнін түсінудегі шешуші мәселе «ұлттық-мемлекеттік егемендік» болып табылады. Оның ішкі және сыртқы астары бар. Мәселенің бір қыры мемлекеттің өзін-өзі анықтау бостандығына қатысты болса, екіншісі олардың бір-бірінің ішкі істеріне араласпауына қатысты болып отыр. Алайда, ұлттық мемлекеттердің егемендік принципі халықаралық қатынастардағы әр түрлі нәтижелерге әкеледі.

Біріншіден, әр мемлекет сыртқы саясатта қарама-қайшы үрдістерді үйлестіруге мәжбүр. Қазіргі американ саяси ғылымдарының негізін қалаушыларының бірі А.Уолферстің айтуына қарағанда, әр мемлекет осы терминнің кең мағынасын алғандағы ұлттық экспансияға (self-extension) ұмтыла алады. Бұған территорияны кеңейту, ықпалды арттыру, ресурстарды ұлғайту, одақтастарды көбейту жатады. Ол өзінің кеңістігін, өзінің ұлттық мүддесін (self-preservation) қорғауға (сақтауға) мүдделі. Ең ақырында ол бейбітшілікті және мемлекетаралық қатынастарыд нығайтудың (self-abnegation) пайдасы жолында өз пайдасынан бас тарта алады.

Екіншіден, әр мемлекет өзінің қауіпсіздігін нығайтуға ұмтылады. Бірақ ‘‘егемендіктердің плюрализм жағдайында’’бұл ұмтылыс барлық егеменді мемлекет - ұлттарға тән болғандықтан, ‘‘қауіпсіздік дилеммасы’’ деп аталатын халықаралық қатынастардың ең күрделі, әрі көкейкесті мәселесін тудырады. Оның мәні мынада: мемлекеттердің біреуінің қауіпсіздігін арттыру екінші бір мемлекеттің қауіпсіздігінің әлсіреуі ретінде қаралып, оның тарапынан қару-жарақты көбейтуден бастап, ‘‘үздіксіз соғысқа’’ дейінгі әрекетті тудыруы мүмкін.

Ең ақырында, үшіншіден, егер барлық мемлекет-ұлттар тең деп есептелінсе, Б.Рассет пен Х.Старр қулана атап көрсететіндей, ‘‘олардың қайсы біреулері өзгелерге қарағанда теңірек’’. Шынында да, халықаралық құқық тұрғысынан алып қарағанда мемлекеттердің формальдық-заңдық тепе-теңдігі олардың өздерінің аумағы, халқының саны, табиғи ресурстары, экономикалық элеуеті, саяси беделі, қару-жарағының мөлшері жөнінен әр түрлі екендігін өзгерте алмайды. Бұл әркелкілік олардың ұлттық күш-қуаты тұрғысынан алып қарағанда байқалып қалады. Мұндай теңсіздіктің нәтижесі

мемлекетердің халықаралық аренадағы іс-жүзіндегі алатын орындарын аңғартатын халықаралық жіктеме (стратификация) болып табылады.

Халықаралық (мемлекетаралық) жіктеменің ең кең тараған түрлерінің бірі мемлекеттердің өз егемендігін сақтап қалу үшін пайдаланатын күш мүмкіндігінің әр түрлі болуынан шығады. Осыдан мемлекеттер бес топқа бөлінеді:

- Супердержавалар
- Ұлы державалар
- Орта державалар
- Шағын мемлекеттер
- Микромемлекеттер

Супердержаваларды келесі белгілермен ерекшелеуге болады:

а) ядролық каруға ие болуымен, экономикасының дамуымен, әскери күшімен планетарлық ықпал жасай алатын;

б) бүкіл адамзаттың өмір сүруіне ықпал жасай алатын;

в) кез-келген мемлекеттен немесе коалициядан өзін-өзі қорғай алатын мемлекет, бұл мемлекет жеңілуі мүмкін емес. Қазіргі кезде супердержаваға бір ғана мемлекет жатады, ол – АҚШ.

Ал супердержаваларға қарағанда ұлы державалар халықаралық қатынастарда үстем болмаса да, әлемнің дамуына ықпал ете алады. Көп ретте ұлы державалар әлемдік өріске шыққысы келеді, ал шындығында олардың үстемдігі өзінің аймағымен ғана шектеледі. Мұндай елдерге Германияны, Жапонияны, Қытайды, Ресейді, Францияны жатқызуға болады.

Орта державаларға өзі-өзі қорғай алатын, өзінің қоршаған ортада ықпал жасай алатын мемлекеттер жатады. Оған Канада, Италия, Үндістан, Түркия, Иран, Бразилия жатады. Қазақстан Республикасын осы топқа жатқызуға болады.

Шағын мемлекеттерге өзінің тәуелсіздігі мен территориясын сақтап қалу үшін қаржысы бар және экономикасы тұрақты, бірақ әлемге, аймаққа ешқандай ықпал жасай алмайтын мемлекет жатады. Микромемлекеттер өзін-өзі қорғай алмайды.

Халықаралық қатынастардың мемлекеттік емес қатысушыларына негізінен үкіметаралық ұйымдар (МПО), мемлекеттік емес ұйымдарды (НПО), трансұлттық корпорацияларды (ТНК) және т.б. әлем аренасында көзге түсетін қоғамдық күштер мен қозғалыстарды жатқызады. Олардың халықаралық қатынастағы рөлі мен ықпалы XX ғасырда, әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін үздіксіз артып келді. Француз ғалымы Ш.Зоргбиб халықаралық ұйымдарды айқындайтын үш басты қасиетті атап көрсетеді: бұл біріншіден, құрылтайлық құжаттарда көрініс тапқан ынтымақтастыққа деген саяси ерік; екіншіден, ұйымды дамытуға жалғастықты қамтамасыз ететін тұрақты аппараттың бар екендігі; үшіншіден, мәртебе мен шешім қабылдаудағы дербестілік.

Халықаралық үкіметаралық ұйымдар осы қасиеттердің барлығына ие. Олар халықаралық шарттарға сәйкес құрылып, мемлекеттердің тұрақты бірлестігі болып табылады.

1815 жылғы Вена Конгресі Наполеон соғысының аяқталуы және халықаралық қатынастардағы жаңа дәуірдің басталуы жағдацында өтті. Конгресстің соңғы актінде жаңа үкіметаралық ұйымның құрылуы туралы жарияланды (Рейн бойымен кеме жүрудің тұрақты комиссиясы). XIX ғасырдың аяғында дүниеде ондаған осындай ұйымдар пайда болды. Мұндай ұйымдар мемлекеттер арасында өндіріс, техника және коммуникация т.б. салаларында ынтымақтасуына себепкер болды: Халықаралық Санитарлық Конвенция (1853), Халықарлық Телеграф Одағы (1865), Халықаралық өлшем және салмақ бюросы (1875), Халықаралық Пошта Одағы (1878), Өндіріс жеке меншігін қорғау одағы (1883), Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол, 1923), Халықаралық ауылшаруашылық институты т.б..

Саяси үкіметаралық ұйымдар (ҮАҰ) негізінен бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін (Ұлттар Лигасы, Халықаралық еңбек ұйымы т.б.) пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1945 жылы ең ірі, ең беделді саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда мүше елдердің қауіпсіздігі мен тыныштығының, өркендеуінің кепілі бола алатын Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылады. БҰҰ-ның басты мақсаты дүниежүзілік бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, қазіргі заманның басты мәселелерін шешуге ат салысу, барлық мүше мемлекеттердің еркін дамуы мен гүлденуіне қолайлы жағдай тудыру болып табылады. БҰҰ жұмысында кемшіліктер жоқ емес. Оған себеп қазіргі дәуіріміздің көптеген көкейтесті проблемалары, оның ішінде қарусыздандыру мәселесі шешілмейуі. БҰҰ-ның ширек ғасырлық өмірі іс жүзінде кейбір кемістіктеріне қарамастан, кейде оның Жарғыда белгіленген принциптердің бұрмалануына қарамастан, оның мемлекеттер арасында достық қарым-қатынастарты, ынтымақтастықты қалыптастырып, дамытудағы ролінің даусыз екендігі белгілі.

Жаңа ғасырдың басында БҰҰ-ның қайта құру мәселесі адамзат үшін аса маңызды мәселеге айналып отыр. Оның шешілу тұрпаты жер бетіндегі саяси ахуал мен халықаралық қатынастар сипатына ғана емес, сонымен қатар, жалпы әлемдік дамудың беталысын көпке дейін анықтар түрі бар.

Мемлекеттер арасында әр түрлі салаларда ынтымақтастықты кеңейту үшін көптеген үкіметаралық ұйымдар (ҮАҰ) құрылған: олардың ішінде әлемнің ең дамыған 24 мемлекеттін біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (1960), Еуропа Кеңесі (1949), Көмір және Болат Еуропалық Бірлестігі (1951), Еуропалық Экономикалық Бірлестік (Ортақ нарық, 1957), Атом Энергетикасы бойынша Еуропа Бірлестігі (Еуратом, 1957), Ашық сауданың Еуропалық ассоциациясы (ЕАСТ, 1960), Араб Мемлекеттері Лигасы (1945), Америка Мемлекеттері Ұйымы (1948), Африка Бірлігі Ұйымы (1963), және т.б.. 70-шы жылдардың басында үкіметаралық ұйымдардың саны 220-ға жетсе, қазіргі күні олардың саны 400-ге жетеді.

Үкіметаралық ұйымдардың (ҮАҰ) және олардың қызметкерлерінің санының өсуі мемлекеттердің өзара тәуелді екенін және олардың көпжақты ынтымақтастығының өркендеп келетіндігін көрсетеді. Мұндай ұйымдардың кейбіреулері мемлекеттерге бағынбайды. Сол себептен олар мемлекеттің әр

түрлі саладағы саясатына ықпал жасай алады, яғни ұлттан тыс институт рөлін ойнай алады.

Бірақ бұл жерде маңызды бір анықтама беруіміз керек. Сөздің шын мағынасында алғанда ұлттан тыс институттар дегеніміз – шешімдері онымен келіспейтін мүше-мемлекеттер үшін де міндетті саналатын құрылым. Бұл халықаралық қатынастарда сирек кездеседі. Бүгінгі күні осыған ұқсас институттар Еуропалық одақ шеңберінде жұмыс істейді

ҮАҰ-ң жіктемесі әртүрлі. Көптеген ғалымдардың айтуы бойынша, олардың ешқайсысы да мінсіз болып есептелгенімен, олар салыстырмалы түрде жаңа ықпалды халықаралық актор жөніндегі білімді бір жүйеге келтіруге көмектеседі. Жіктеудің көп тараған үлгісі бойынша оларды қызметінің саласы мен ‘‘геосаяси’’ өлшемі бойынша топтауға болады. Геосаяси өлшем бойынша үкіметаралық ұйымдарды (ҮАҰ) мынадай типтерге бөледі: *әмбебап* (мысалы, БҰҰ немесе Ұлттар Лигасы); *аймақаралық* (мысалы, Ислам Конференция Ұйымы); *аймақтық* (мысалы, Латын Америка Экономикалық Жүйесі); *субаймақтық* (мысалы, Бенилюкс). Екінші критерийге сәйкес мыналарға бөледі: *ортақ мақсаттағы* (БҰҰ); *экономикалық* (ЕАСТ); *әскери-саяси* (НАТО); *қаржылық* (ХВФ, Әлемдік Банк); *ғылыми* (‘‘Эврика’’); *техникалық* (Халықаралық Коммуникация Одағы).

Сонымен бірге бұл жіктеме едәуір шартты болып есептеледі. Біріншіден, көптеген ұйымдар екі түрлі критерийге жауап беретіндіктен, оларды қарама-қарсы қойып қарастыруға болмайды. Тар арнада мамандырылған (узкоспециализированный) және және субаймақтық болып табылатын Шығыс Африка елдерінің шөл шегірткесін бақылау ұйымы сияқты ұйымдар осыған дәлел. Екіншіден, салалық принцип бойынша жіктеме салыстырмалы түрде ғана: өйткені кейбір үкіметаралық ұйымдар экономикалық және саяси функцияларды қатар алып жүре алады. Бұл, мысалы, либералдық нарықтық қатынастарға мүше мемлекеттерде қызмет етуіне алғышарттар жасауды өздеріне міндет санайтын Әлемдік Банк немесе БСҰ (ВТО) сияқты ұйымдарға қатысты. Мұның өзі саяси мақсат болып табылады. Үшіншіден, ҮАҰ-ның қызметтік қана емес, саяси автономиясының да маңызын асыра бағалауға болмайды. Мысалы, БҰҰ-ның 100-ші бабында былай делінген:

«I. Өз міндеттерін атқару барысында Бас Хатшы немесе Секретариатың құрамы Ұйымнан тыс тұрған қандай да болмасын бір үкіметтің, биліктің пікірін сұрамауға, олардан нұсқау алмауғ міндетті. Олар халықаралық дәрежеде қызмет атқаратын, тек Ұйымның алдында ғана жауап беретін тұлға ретіндегі жағдайына ықпал ететін барлық әрекеттен бойын аулақ ұстауы шарт.

II. Ұйымның әрбір мүшесі Бас Хатшы мен Секретариат құрамының міндеттерінің қатаң халықаралық сипатын сыйлап, оларға өз міндеттерін атқару кезінде ықпал етуге тырыспауы керек».

Бірақ іс жүзінде БҰҰ-ның және оның институттарының қызметіне АҚШ пен оның одақтастары шешуші ықпал етеді. Бұған жоғарыда аталған

институттарда қолданылатын шешім қабылдарда дауыс беруді теңестіретін принцип ықпал етеді. Сол принцип бойынша осы институттарға ең көп қаржылай қолдау көрсетуге мемлекеттердің ғана мүмкіндігі бар. Сондықтан, АҚШ Халықаралық Валюта Қорында және Әлемдік Банкте дауыстардың 20 пайызын иемденеді. Мұның бәрі ҮАҰ-ның, соның ішінде өзінің мақсат-міндеттері бойынша ең ірісі саналатын БҰҰ-ның тиімділігі мәселесін алға тартады.

Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және мемлекеттер арасындағы қатынастар мен ынтымақтастықты нығайту мақсатында құрылған БҰҰ қырғи-қабақ соғыс жағдайында қиян-кескі насихаттық айқастардың алаңында айналып, бірыңғай саясиландырылған мекеме ретінде көрінді және оған қойылған мақсатты орындай алмады.

Сондықтан, қазіргі кездегі БҰҰ қайта құру туралы көп айтылып жүр. БҰҰ-ның қазіргі Бас хатшысы Кофи Аннан 1998 жылдың 16 шілдесінде БҰҰ Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісінде «Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңарту: қайта құру бағдарламасы» деп аталатын баяндама жасады. Аталмыш баяндамада мүше мемлекеттер назарына БҰҰ жетекшілік пен басқарудың жаңа құрылымын жасау жөніндегі шаралары, оның қаржыландыру жүйесін жетілдіру, БҰҰ саясатын толығымен іске асыруға бағытталған жаңа қадамдарды қамтыған қайта құрулардың кешенді пакеті ұсынылды.

Қазіргі үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) халықаралық қатынастағы рөлі артып келеді. Үкіметтік емес ұйымдардың Үкіметаралық ұйымдардан айырмашылығы, ҮЕҰ - аумақтық емес құрылымдар болып есептеледі, яғни олардың мүшелері тәуелсіз мемлекеттер емес. Олар үш критериге жауап береді: құрамы мен мақсатының халықаралық сипаты; құрылтайшысының жекелік сипаты; қызметінің еріктілік сипаты. Сондықтан оларды «жаңа акторларға» (М.-К. Смуц), «тәуелсіздіктен тыс акторларға» (Д. Розенау), «трансұлттық күштерге» (М.Мерль), «трансұлттық ұйымдарға» (Ш.Зоргбиб) т.с.с. жатқызады.

Үкіметтік емес ұйымдардың тар және кең өрісті түсініктері бар. Біріншіге сәйкес оларға қоғамдық-саяси қозғалыстар, трансұлттық корпорациялар (ТНК), тіпті мемлекеттің қамқорлығымен құрылған және қызмет істеп жүрген ұйымдар да жатпайды. Мәселен, Ф.Брайар және М.-Р. Джалили Үкіметтік емес ұйымдар (НПО) деп бірнеше елдің мемлекеттік емес институттары мен жеке адамдарды біріктіретін арнайы саладағы ынтымақгастық құрылымын түсінеді: діни ұйымдар (мысалы, Экумендік шіркеулер Кеңесі); ғалымдар ұйымдары (мысалы, Пагоуш Қозғалысы); спорт (ФИФА); кәсіподақтық (МФП); құқықгық (Халықаралық Амнистия) және т.с.с. ұйымдар, бірлестіктер, мекемелер және ассоциациялар.

Керісінше, Ш.Зоргбибтің ойынша «НПО» термині ұйымдар мен институттарды үшке бөледі. Біріншіден, «қоғамдық пікірдің күші». Олар халықаралық актор ретінде әлем экономикасына ықпал жасауға мемлекеттерге қарсы бәсекелес бола алмайды, бірақ қоғамдық пікірге елеулі әсер ете алады. Бұған түрлі «интернационалдар»: саяси (мысалы, Социнтерн);

діни (мысалы, Экумендік шіркеулер Кеңесі); гуманитарлық (Халықаралық Қызыл Крест) жатады. Екіншіден, “жеке трансұлттық билік”, яғни әлем аренасында жаңа «экономикалық, оккультық және бақыланбайтын күштер», яғни, ұйымдар мен институттардың пайда болуын көрсетеді. Олар халықаралық қатынастағы саяси және экономикалық билік арасындағы қайшылықгы көрсетеді және «әлемнің қоғамдастық» ұйымын қатты сілкіндіреді. Бұған трансұлттық кәсіпорындар (ТҰК) жатады. Үшіншіден, бұл «өндіруші-мемлекет ассоциациясы». Сөз өзінің құрылымы және құрамы бойынша үкіметаралық, ал қызмет сипаты бойынша трансұлттық болып табылатын ұйымдар жайында болып отыр, олар халықаралық кауымдастықга өзінің экономикалық үстемдігін орнатқысы келеді. Бұған мыналар жатады: Мыс экспорттаушы елдердің үкіметаралық кеңесі, Темір экспорттаушы елдер ұйымы, Халықаралық Боксит Ассоциациясы және міндетті түрде Мұнай Экспорттаушы Елдердің Ұйымы (ОПЕК).

Сонымен, сөз негізінен халықаралық қатынастардың барлық мемлекеттік емес қатынасушылары туралы болып отыр. Д.Розенау оларды мемлекеттік халықаралық акторлардың дәстүрлі әлеміне қарама-қарсы «екінші әлем» немесе үлкен, тіпті шексіз қатысушылардан тұратын «полиорталықты әлем» деп атайды. Олар белгілі бір жағдайда мемлекеттерге тәуелді емес.

Алайда, осы терминнің «тар мағынасында» (сірә, дәлірегі де осы шығар) үкіметтік емес үйымдар (НПО) алғашқы үкіметтік емес үйымдар пайда болған XIX ғасырдан бері бүгінгі күнге дейін кезеңде үлкен даму сатысынан өтті. Алғашқы халықаралық үкіметтік емес ұйым Құлдыққа қарсы Британ және Халықаралық қоғамы 1923 жылы құрылды. XX-ғасырдың басында көптеген ерікті қоғамдар құрыла бастайды. 1905 жылы дүниеде 134 ҮЕҰ қызмет етсе, 1958 жылы олардың саны мыңға жетеді, 1972 жылы 2190-нан 2470-ке жуық ҮЕҰ, ал 80-ші жылдардың аяғына олардың саны 4000-ға жетеді. Халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың пайда болудың қарқынды үрдісі БҰҰ құрылғаннан кейін басталды. Көптеген ХҮЕҰ консультативті статусты БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі арқылы алады, ол БҰҰ Жарғысының 71 және 58 бабында белгіленген.

Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар (ХҮЕҰ) өзінің мөлшері, құрылымы, қызмет бағыты және мақсаты бойынша өзгешеленеді. Бірақ оларды мемлекеттер мен сондай-ақ үкіметаралық ұйымдардан айыратын жалпы ерекшеліктері бар. Біріншіге қарағанда, олар актор ретінде санала алмайды. Екінші айырмашылығы, оларды ұйымдастырушы мемлекеттер емес, кәсіби, діни немесе жеке үйымдар, мекемелер, институттар болып табылады, сонымен қатар олардың қабылдаған шешімдері мемлекет үшін заңдылық күші жоқ. Бірақта олар өздеріне қойған мақсаттарына тек қана кәсіби салада ғана емес, сонымен қатар саяси салада да жетеді. Бұл мемлекеттің тарапынан кей жағдайларда ұлттық егемендіктің «қасиетті принципін» құрбан етуге мәжбүр болатын міндеттерге де қатысты. Соңғы кездері кейбір үкіметтік емес ұйымдар, әсіресе, адам құқығын

қорғаумен, экология проблемаларымен және гуманитарлық көмек көрсетумен айналысатын ҮЕҰ-дың «егеменді мемлекеттердің ішкі ісіне араласу құқығына» қолдары жетті.

ҮЕҰ-дың халықаралық саясат сферасындағы басты «қаруы» халықаралық қауымдастық пікірін жұмылдыру, ал мақсатына жету әдісі - Үкіметаралық ұйымдарға (ең бастысы БҰҰ-на) және тікелей мемлекеттерге ықпал жасау болып табылады. Дәл осылай, мысалы, Гринпис, Халықаралық Амнистия, Адам құқығы бойынша Халықаралық Федерация немесе Қинауға қарсы күресуің Халықаралық Ұйымы (соңғы ұйымның ерекшелігі қинауы қолдануға қарсы күресу үшін 150 үлттық ұйым бірігіп, күш салады). Сондықган бұндай ҮЕҰ-ды көбінесе «халықаралық қысым жасау топтары» деп атайды. Біз білетініміздей саяси әлеуметтануда «қысым топтары» термині қоғамдық ұйымдардың саяси партиялардан айырмашылығын белгілейді: егер партиялар қоғамдағы биліктік функцияларды орындауға ұмтылса, қысым көрсету топтары биліктік құрылымдар мен институттардан тыс өзінің мүдделерін қорғаумен, билікке ықпал жасаумен шектеледі (мысалға, кәсіподақтар, кәсіпорындық бірлестіктер, әйелдер ұйымдары және т.с.с).

Мүмкін, ҮЕҰ-дың барлығы халықаралық қысымдық топтар рөлін ойнамайтын шығар (оған себеп БҰҰ-ның ЭКОСОС және оның институттары арқылы олардың консультативтік статусқа ие болуы). Алайда, олардың ықпалы қосыла келіп, халықаралық қатынастардың сипатын өзгертіп жібереді. Олар дәуірі өтіп бара жатқан дәстүрлі мемлекетаралық қатынастарға жаңа бет алыс пен мән берді.

Халыкаралық байланыстардың мәні мен бағыттарына трансұлттық корпорациялар (ТҰК) сияқгы өзіндік ерекшелігі бар үкіметтік емес ұйымдар ықпал етеді. Олар қоғамдық қатынастардың экономика сияқты маңызы саласында мемлекеттердің үлттық егемендігін әлсіретеді. Мәселе кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар жайында болып отыр және олардың мақсаты пайда табу; олар өздерінің бірнеше мемлекеттегі филиалдары арқылы жұмыс істейді, ал ТҰК-ң басқару және шешім қабылдау орталығы осы мемлекеттің біреуінде орналысқан.

Шындығында да әлемнің ірі трансұлттық корпорациялары (ТҰК) орасан зор экономикалық ресурстарға ие болғандықган, олардың басымдылығын тек қана ұсақ мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар, кей кездері орта және ұлы державалар да сезеді. Мысалы, «Эксон» компаниясының саудасы 70- жылдардың ортасына 30 миллиард долларға жетті, бұл Швейцария сияқты экономикасы дамыған елдің жалпы ұлттық өнімінің (ВНП) көлемінен артық. Бұл ТҰК-ға өз мүдделеріне орай саяси салаға да - өздері орналысқан елдерге ғана емес, тұтас алғанда бүкіл әлемге үлкен ықпал жасауға мүмкіндік береді. Бұған мысал ретінде американдық ИТТ компаниясының 70-ші жылдардың басында Чилидегі Сальвадор Альенденің үкіметін құлатқанын айта кетуге болады.

ТҰК - қарама-қайшылығы көп құбылыс. Олар сөз жоқ өздері орналысқан елдердің халық шаруашылығын дамытуға,

экономикалық еркіндік пен саяси либерализмнің құндылықгары мен дәстүрлерін таратуға жағдай жасайды. Сонымен бірге олар құрылымдық өзгерістер мен еңбекті және өндірісті интенсивтендіруге байланысты әлеуметтік сілкіністерді, билік пен тәуелділіктің - экономикалық, технологиялық, кейде тіпті саяси өзгерістердің жаңа нысандарын ала келеді. Олардың қызметі кейде бұрыннан бар экономикалық проблемаларды асқындырып, жаңаларының пайда болуына душар етеді. Ұлттық дәстүрлер мен мәдениеттердің жойылуына себепкер болады. Сонымен бірге ТҰК-р шаруашылық саласында экономикалық өзара тәуелділік пен әлемнің бірлігін күшейтіп, планеталық, ортақ өркениетті құбылыс ретінде біріңгай ғаламдық мәдениеттің қалыптасуына алғышарттар жасайды. Мұнын бәрі әртүрлі нәтижелер беріп жатады. Сондықтан да ТҰК-ды марксистік және неомарксистік, сондай-ақ либералдық-демократиялық сипаттағы идеялық-теориялық ағымдар жан-жақган сынға алып жатады. Осындай әрекеттердің нәтижесінде халықаралық қауымдастық ТҰК-дың қызметін белгілі бір ережелерге бағындырып, оларға шектеулер орнатуға тырысты. Алайда, ОЭСР мен БҰҰ-ның осы орайда жасаған іс-әрекеттері күткендегідей нәтиже бермеді. Өйткені, саяси ықпалы күшті және экономикасы дамыған елдер нарықтық экономиканың кедергісіз дамуына мүдделі болып отыр.

Қазіргі кезде әлемде жеті мыңға жуық трансұлттық корпорациялар қызмет етеді және олардың көптеген елдерде 26 мыңға жуық филиалдары бар. Алайда, олардың тікелей экспорттық-импорттық және инветициялық қызметі негізінен алғанда АҚШ, Еуропа Экономикалық Қауымдастығы және Жапония сияқты үш экономикалық аймаққа ғана қатысы бар, көптеген дамушы елдер бұл аймақтардан сырт қалған. Нарықтардың салыстырмалы түрде қорғалуы, білім, қажетті кәсіптік біліктілігі жоғары жұмыс күшіне кепілдікті қамтамасыз ететін зерттеу және ақпараттық салалар инфрақұрылымының дамығандығы жоғары технологиялардың таралуына, барлық үш аймақгы да тұрмыстық және тұтыну деңгейінің өзара жақындауына алып келеді. Трансұлттық корпорациялармен бақыланатын экономикалық үрдістер, яғни, халықаралық сауданың, қаржы айырбастау және озық технологиялардың таратылуының үлкен бөлігін қамтиды. Сөйтіп, АҚШ пен қалған әлемнің арасындағы сауда байланысының 80 пайызы ТҰК-дың қолында. 1988 жылы американдық ТҰК-ң филиалдарынан тауар мен қызмет көрсету экспорты 87 миллиард долларды құрады, бұл бүкіл АҚШ импортының 19 пайызы.

Көрсетілген үрдістер Еуропада, Америкада және Азияда экономикалық интеграцияға, бәсекелестіктің күшеюіне, сонымен қатар қазіргі замандағы басты экономикалық аймақтардағы өзара тәуелділікке мүмкіндік туғызды. Осының арқасынада олардың саяси сипаттағы зардабы болғаны заңды.

Мүмкін, бұл зардаптардың қазіргі заманғы әлемнің және халықаралық қатынастар сипатының “кездейсоқ” өзгерістеріне әкеліп соқтырған ең маңызды оқиғалары, ол КСРО-дағы дағдарыс, «дүниежүзілік

социалистік жүйенің», кейіннен Кеңес Одағының құлауында шығар. Әрине, көрсетілген оқиғалардың терең ішкі себептері де болды — ол 1917 жылғы революция нәтижесінде болған әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйенің тиімсіз болуы, қылмысты режимдер, біліксіз және коорупцияланған басшылар т.с.с. болуына байланыты. Әсіресе, бұл ішкі себептер 60- жылдардың аяғы мен 70- жылдардың басында орын алған постиндустриялды революцияның нәтижесінде, яғни, Батысқа оңай соқпаған кездері және шын мөнінде біздің елімізге тимей кеткен оқиғадан кейін болды. «Мұнай долларларынан» өздеріне пайда табуға қызыққан қабілетсіз басшыларынын кесірінен КСРО сол кездегі прогрессивті дамып келе жатқан микроэлектрондық технология дамуынан қалып қойды. Ал экономиканы «тездету» және «қайта құру» жолдары арқылы әлемдік дамыған мемлекет деңгейіне жеткізу әрекеті ештеңеге әкелмеді және бұл саяси жүйенің қайта құрылуға қабілетсіз екенін көрсетті.

Бүгінгі замандағы ТҰК-дың басты ерекшелігі бұрынғысынша олардың қызметінің халықаралық сипаты болып табылады. Бұл, әрине, капиталдың қай елде пайда болуына байланысты емес, олардың қызметінің қай елде жүріп жатуына байланысты. Мәселені капиталдың қай елден келуі емес, қаншасы қайда ұмтылатындығына, қанша пайда алынатындығына байланысты. Қазіргі халықаралық корпорациялардың басым бөлігі көп ұлттық капиталды емес, белгілі бір ұлттық капиталды білдіреді.

Халықаралық корпорациялардың мынадай негізгі сипаттары бар:

біріншіден, ол әлемдік шаруашылықтың дамуының, халықаралық еңбек бөлінісі процестерінің белсенді қатысушысы;

екіншіден, ұлттық шекараларда жүріп жататын процестерден капитал қозғалысының белгілі бір дәрежеде дербестігі;

үшіншіден, өз операцияларын жоғары пайда алу мақсатында ұйымдастыра отырып, ол әлемдік шаруашылық қатынастарын объективті түрде реттейді.

ТҰК-дың кейбір белгілі зерттеушілері олардың мемлекеттердің экономикасы мен саясатына жан-жақты ықпалын мойындап қана қоймай, ТҰҚ-лар адамзатқа пайдалы деп есептейді. Оның қызметі бүкіл адамзаттың игілігіне бағытталған, бұл әлемде бейбітшіліктің сақталуына ықпал етеді. ТҰК-лар әлемдегі бейбітшіліктің сақталуына, даулы мәселелердің бәрі келісөздер арқылы шешілуіне мүдделі.

Қазіргі көп ұлтты корпорациялардың екі сипаты бар: бір жағынан өндірістік бірліктердің көп елдерге шашыратып орнатылуына негізделген халықаралық өндіріс жүйесінің орнауы және екінші жағынан — оның өндірістің озық салаларына енуі. Оның жылдам дамуы кәсіптілігі жоғары мамандарды жұмылдыратын көп капиталдың жұмсалуына ықпал етеді. Мұның бәрі сенімді қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, ұлттандыру қатерінен сақтайды. Олар өндірістік және сауда кәсіпорындарын өздеріне ыңғайлы жерлерге орналыстырады. «Қабылдаушы жақтардың» мүдделерін әрдайым ескеріле бермейді.

Ойлануға берілген сұрақтар:

1. “Халықаралық қатынастардың субьектісі” және “акторы” терминдерінің айырмашылығын түсіндіріп беріңіз.

2. Мемлекеттің халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі орны мен ролін сипаттап беріңіз.

3. Мемлекеттің халықаралық қатынастардың акторы ретінде мәнін жоғалтпай, жаңа акторларға бой алдырмай отыруын қалай түсіндіресіз?

4. ХҮЕҰ мен ТҰК-ң халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі болашағы қалай деп ойлайсыз?

5. Жеке адамдардың халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі мүмкіндіктеріне мысал келтіріңіз.

Әдебиеттер:

1. Арыстанбекова А. БҰҰ қайта құру туралы мәселе. // Дипломатия жаршысы, 1998, № 3.
2. Международные отношения как обьект изучения.- Под ред. Цыганкова П.А. – М., 1993.
3. Цыганков П.А. Теория международных отношений. – Учебное пособие. – М., 2002.
4. Введение в теорию международных отношений и анализа внешней политики. Ломагин Н. А., Кузнецов В.Е., Лисовский А.Ю. – Учебное пособие. – Санкт-Петербург, 2001.
5.Най Дж. С. (мл.) Взаимозависимость и изменяющаяся международная политика. // МЭи МО., 1989, №12.
6. Қазақ Совет Энциклопедиясы.- Алматы 1975, 3-том.

Ұлттық мүдде – халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатты сараптаудың қазығы

1. *Ұлттық мүдде ұғымы, оның құрылымы.*
2. *Ұлттық мүдде категориясының ғылыми-қолданыстық маңызы.*
3. *Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жағдайындағы ұлттық мүдделер.*

Жолашар ұғымдар мен терминдер: *ұлттық мүдде, саяси тепе-теңдік, күшке негізделген ұлттық мүдде, өзгермейтін мүдделер, ауыспалы мүдделер.*

XX ғасырдың аяғы, XXI ғасырдың басында халықаралық қатынастар жүйесі өтпелі кезеңді бастан кешіруде. Екі дүние тәртібі бұзылып, капитализм мен социализм арасындағы идеологиялық тартыс тарих еншісінде қалды. Енді мемлекеттер саяси, әскери және экономикалық ынтымақтастығын идеологиялық ұстаным емес, ұлттық мүдделеріне сай дамыту мүмкіндігіне ие болды.

Қазіргі халықаралық қатынастар Вестфаль жүйесінің алғашқы анархиялық қалпына қайта оралды деген пікірлердің жаны бар. XYII ғасырда егемен ұлттық мемлекеттердің өзара қарым – қатынастарын реттеуге бағытталған халықаралық құқықтың алғашқы нышандарымен бірге мемлекеттік – ұлттық мүдделер категориясы да пайда болды. Егемен мемлекеттердің өзара бәсекесіне негізделген Вестфаль жүйесі үш жүз жыл бойы өмір сүруде. Бұл жүйе кезінде бір мемлекет өзінің ықпалын арттыруға тырысса, екіншісі оған жол бермеу үшін күш жинайды. Ал олардың ұлттық мүдделерінің өзара сәйкес келмеуі түрлі деңгейдегі қақтығыстарды тудырып отырды. Бұл қақтығыстардың нәтижесі осы мемлекеттердің қандай коалициялар құруына тікелей байланысты.

Мемлекет басшылығының қажетті одаққа ену немесе оны құра алу өнері бұл мемлекеттің әлемдік саясаттағы орны мен рөлін анықтайтын маңызды факторлардың бірі болды. Мұндай одақтар көп ретте белгілі бір қақтығыстар кезінде құрылып, олар аяқталған соң тарап кететін. Ал жарты ғасырға созылған идеологиялық текетірестің жемісі және күрес құралы болған Варшава Шарты одағы мен НАТО блогы секілді адамзат тарыхында болған ең тұрақты одақтардың да бүгінде алғашқысы тарқап, екіншісі өз басымдықтарын өзгертуде.

Халықаралық құқық нормаларына сәйкес, егемен мемлекеттер өзара тең құқылы және бірдей дәрежедегі жауапкершілікке ие болғанымен, олардың арасында саяси - әскери және экономикалық иерархия орнаған. Мемлекеттердің саяси, әскери, экономикалық күш – қуаты, демографиялық әлеуеті, табиғи байлығы мен географиялық орналасуына байланысты

олардың әлемдік және аймақтық деңгейдегі ықпалы мен беделі де, орны мен рөлі де бірдей емес.

Ал мемлекеттің сыртқы ортаға қатысты саяси мүдделерінің жиынтығы ретінда көрініс табатын ұлттық мүдделері болса, елдің саяси көрсеткіштері, ресурстық мүмкіндіктері, әлеуметтік – экономикалық және қоғамдық – саяси деңгейі, салт – дәстүрлері, халықаралық ққуымдастықтағы орны мен салмағы сияқты маңызды факторлардан құралады. Ұлттық мүдделерді жүзеге асыруда мемлекет өзінің барлық мүмкіндіктерін: саяси, идеологиялық, экономикалық, дипломатиялық және әскери әлеуетін пайдаланады.

Мемлекеттің сыртқы саясатының табыстылығы көп ретте оның ұлттық мүдделерінің, сондай – ақ оларды жүзеге асыру жолдары мен құралдарының қаншалықты дәл анықталуына байланысты. Нақты анықталған және дұрыс түсінілген ұлттық мүдделер мемлекеттің өз сыртқы саясатын табысты жүзеге асыруының бірден – бір кепілі болып табылады. Саяси реализм бағытының негізін қалаушы Г. Моргентау ұлттық мүдделердің нақты, объективті құрамына салмақ салады. ″Күшке негізделген ұлттық мүдделер″, Г. Моргентаудың теориясына сай, біріншіден, мемлекеттің әскери және экономикалық қуаты, екіншіден, оның барынша қауіпсіз болуы мен гүлденуінің кепілі, үшіншіден, өзінің идеологилық ұстанымдары мен рухани құндылықтарын тарату мүмкіндіктерінен құралады. Американдық ғалым бұл тұрғыда: ″Саяси мақсаттар ұлттық мүдде шеңберінде айқындалуы тиіс және оны жүзеге асыру үшін нақты күштің қолдауы қажет″,- деп жазды өзінің ″Ұлттар арасындағы саясат. Билік пен бейбітшілік үшін күрес″ атты кітабында.

Басқа американдық ғалым Дж. Розенау ұлттық мүдделердің абстрактілі, субъективтік қырына баса назар аударады. ″Ұлттық мүддені анықтау саясаттың талдау және құндылық негіздерінен келіп шығатын ой қорытындылары жүйесінен өзге нәрсе болуы мүмкін емес ″, - деп жазды ол. Демек, ұлттық мүдде – ұлттық сана және қоғамдағы құндылықтармен тығыз байланысты.

Құрамы жағынан ұлттық мүдделерді тұрақты (өзгермейтін) және өтпелі (өзгермелі) деп екіге бөліп қарауға болады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен экономикалық гүлденуге қол жеткізу ұлттық мүдделердің тұрақты бөлігі болса, мемлекетті қоршаған орта мен өз қоғамындағы үрдістерге, ұлттық дәстүрлер мен басшылардың жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес өзгерістерге ұшырап отыратын бөлігі өзгермеліге жатады. Қоғамдағы материалдық сұраныстар мемлекеттің мүдделері, мақсаттары мен сыртқы саяси бағытын түгелдей өзгертуі ықтимал, ал бұл өз кезегінде қоғамда рухани құндылықтардың ауысуына әкелуі мүмкін. Демек ұлттық мүдделердің тұрақты және өзгермелі бөліктері арасындағы шекара көзге ілінер-ілінбес.

Ұлттың дамуы барысында пайда болатын сұраныстарының қаншалықты ұтымды қанағаттандырылатындығы мемлекеттің дүниежүзілік қауымдастыққа орайлы ықпалдасуы орны мен рөліне, аймақтық және әлемдік экономикалық, саяси және мәдени құрылымдарға қатысуы мен олардың даму

үрдістерін еспке алуына да тығыз байланысты. Әрбір мемлекет халықаралық істерге, ең алдымен, өзінің ұлттық мүдделерін барынша толық қанағаттандыру мақсатымен, оларды қорғай отырып қатынасады. Дей тұрғанмен, бүгінгі жағдайдың ерекшелігі де мемлекеттердің өзара тәуелділігіне байланысты ұлттық өзімшілдік пен өзгенің дәл өзінікіндей заңды қажеттіліктерін көзге ілмеудің зияны көп екендігін түсіну болып отыр.

Швейцарлық заңгер Э. Ваттель Еуропадағы егемен мемлекеттердің арасындағы қатынастарды зерттей келіп, тұрақты елшіліктердің болуы, тұрақты келіссөздердің өткізілуі еуропалықтардың ұлттық мүдделерімен қатар, ортақ мүдделерінің де, мысалға, ортақ қауіпсіздік пен еркіндікті қорғау, пайда болуына әкелді деп санайды. "Дәл осы жәйт белгілі саяси тепе-теңдік, билік тепе-теңдігі идеясы дүниеге келді. Мұны ешбір мемлекеттің басқа мемлекеттен абсолютті түрде үстем тұрып, оған өз заңын жүргізуге қауқарсыз болатын тәртіп деп түсіну қажет", -деп жазды Э. Ваттель.

Қазір "қырғи қабақ соғыстан" кейінгі халықаралық қатынастарда қалыптасқан "эйфория" жойылып, мемлекеттер өзінің ұлттық мүдделерін қамтамасыз етудің дәстүрлі тәсілдеріне көшуде. Америка ғалымы Фрэнсис Фукуяманың бүкіл дүние жүзінде либерализм жеңіске жетті деген тезисі сол кездегі саяси ойдың ауанын көрсетті. Ал XXI ғасырдың алғашқы жылдары, өкінішке орай, идеализмнің емес, саяси реализм мектебінің тұжырымдамаларының өміршеңдігін көрсетіп берді. Соңғы жылдарда халықаралық қатынастарда әскери күш факторының қайта күшеюі үрдісі анық.. Ирак мәселесі халықаралық құқықтың күш алдында әлі де қауқарсыз екендігін дәлелдеді.

Ортақ келісімге қол жеткізу үшін ортақ мүдделердің болуы шарт. Жаңа қатерлерге қарсы бірлесе күресуге барлық мемлекеттер бірдей мүдделі бола тұра, нақты операциялар жүргізу кезінде мемлекет өз ұлттық мүдделеріне қатысты сыртқы саясат ұстанады. Ортақ кеклісім тұрақты категория бола алмайды. АҚШ 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғадан кейін бүкіл әлемді өзінің әрәптестеріне айналдырып, терроризмге қарсы күрестің әлемдік коалициясын құра алғанымен, Иракқа қатысты саясаты бүкіл әлемде антиамерикандық көңіл-күйді шарықтау шегіне жеткізді.

Халықаралық қауымдастық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, ішкі істерге араласпау сияқты халықаралық құқықтың негізгі принциптері бұзылып, күш факторының артуына қатысты алаңдаушылық білдіріп отыр. Тарихтың спираль түрінде дамитындығы туралы теорияға сәйкес, бүгінгі жағдайдың өзгешелігі де сол – мемлекеттер арасындағы анархиялық қатынастар қайта оралғанымен, олардың сапалық деңгейі мүлдем басқа. XXI ғасыр басында бүкіл жер шары "үлкен деревняға" айналып, әлемнің бір түкпірінде орын алған оқиға дем сәтте барлық дүниеге белгілі болады. Адамзат және қатерлерге, атап айтқанда, экономикалық дамудағы теңсіздік, аштық, су жетіспеушілігі, есірткі және қару-жарақ тасымалы, халықаралық терроризм, ұйымдасқан қылмыс, саяси және діни экстремизмге қарсы бірлесе күресуді қолға алды. Жаһандану заманында қауіпсіздіктің бөлінгісіздігі туралы теория аксиомаға айналды. Сондықтан да

қазіргі заман егемен мемлекеттің өз ұлттық мүдделерін тек білектің күшімен ғана емес, санаға да сүйене отырып жүргізуін талап етеді.

Жаңа жағдайларда мемлекетаралық қатынастардың жаңа жүйесін қалыптастыруда халықаралық құқықтың негізгі принциптері мен нормаларынан айнымау бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтың мүдделеріне сәйкес келеді. Қазіргідей мемлекеттердің өзара тәуелділігі, аймақтық ынтымақтастықтың дамуы, халықаралық қатынастар жүйесінің демократиялануы заманында басқаша жол жоқ.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаев: "Қазақстан дүние тәртібінің негізіне өзара тәуелділік және халықаралық қауымдастық мушелерінің егеменді теңдігі принципі алуы қажет",- деп мәлімдеді. Еліміздің ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету үшін, оның дербес күш орталығы және мықты аймақтық державаға айналуы қажет. Жетекші державалар Қазақстанның Орталық Азиядағы тұрақтандырушы рөлін, әлеуетін, сондай-ақ саяси, экономикалық реформалар жүргізудегі айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгенін жоғары бағалайды. Орталық Азия елдері үшін мықты, экономикалық өміршең және саяси егемен мемлекет құру міндеті күн тәртібінде тұрған мәселе. Еліміздің Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаев Қытайдың қоғамдық ғылымдар академиясының қызметкерлері алдында сөйлеген сөзінде: "Біздің еліміздің тәжірибесі шын мәніндегі егемендікке қол жеткізу қатпары көп, сан қилы қиындықтардан өту арқылы мүмкін болатынын дәлелдеді. Тәуелсіздік пен егемендік үшін күн сайын, тіптен сағат сайын күресу керек.Бұл жерде күрес сан салалы және жан-жақты мағынада айтылып отыр.Яғни бұл сыртқы саясаттағы маневріміз, экономикалық реформа, ішкі тұрақтылықты сақтау ",-деп атап көрсетті.

Қазақстан Орталық Азиядағы экономикалық интеграцияны нығайту жолындағы бастамашылығынан бас тартпай, дәйекті дамыта отырып, ең алдымен, аймақтық қауіпсіздікті қолдау, су проблемасын шешу, аймақтың транзиттік әлеуетін арттыру, терроризм мен экстремизмге қарсы бірлесіп күресу механизмін нығайту қажет. Қазақстан Каспийдегі мүдделер тепе-теңдігінің бұзылмауын қамтамасыз етуге; оның саяси тартыс тақырыбына айналуын болдырмауға, теңіздің құқықтық мәртебесін анықтаудың тезірек шешілуіне мүдделі.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін, ең алдымен, аймақтық ынтымақтастық пен әріптестік жан-жақты қолдаудың және, екіншіден, аймақта ұзақ мерзімді қауіпсіздікті қамтамасыз етуге Батыс және Шығыс елдерімен ынтымақтастықты дамытудың маңызы зор. Интеграция аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдаудың негізгі құралы болуы шарт. Өміршең аймақтық интеграциялық бірлестіктердің тірегі өзара теңдік пен өзара тиімділікке негізделген экономикалық ынтымақтастық екендігі бүгінде аксиомаға айналды. Қазақстанның Орталық Азиядағы саяси-экономикалық қана емес, мәдени тартылыс орталығы болуы үшін шаралар қабылдаудың маңызы зор.

Ойлануға берілген сұрақтар:

1. Ұлттық мүдде ұғымын халықтық мүдде, мемлекеттік мүдде ұғымдарымен салыстыра отырып, мәнін ашып беріңіздер.
2. XXI-ғасырда ұлттық мүдде құрылымындағы қандай бөліктер басымдылыққа ие болып отыр?

3. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін анықтап беріңіз.

Әдебиет:

1.Morgenthau H. Politics among Nations. The struggle for power and Peace. New York, 1949. P. 440.
2.Rosenau J. Turbulence in the World Politics. L., 1990.
3.Ваттель де Э. Право народов или принципы естественного права, применяемые к поведению и делам наций и суверенов. М., 1960, С. 451.
4.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жаңа ғасырда әлемдік даму үрдістерінен кенже қалмауы тиіс//Дипломатия жаршысы. 2000., № 3. 11-б.
5.Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ. Тоқаевтың Қытайдың қоғамдық ғылымдар академиясы қызметкерлері алдында сөйлеген сөзі. // Дипломатия жаршысы. 1996 ж. № 2. 8-б.
6.Серикбаев Н.А. Национальные интересы Казахстана.- Алматы, 2001.

Халықаралық қауіпсіздік

1) *Қауіпсіздік ұғымының мазмұны*
2) *Ұлттық қауіпсіздік халықаралық қауісіздіктің басты құрамдас бөлімі*
3) *Халықаралық қауіпсіздіктің сарапталу негіздері мен мәселелері.*

Жолашар терминдер мен ұғымдар: *қауіпсіздік, жеке адам қауіпсіздігі, ұлттық қауіпсіздік, халықаралық қауіпсіздік, қауіпсіздік дилеммасы, қауіпсіздік объектілері мен субъектілері, қатерлер, қатерлер иерархиясы, ұжымдық қауіпсіздік, баршаға ортақ қауіпсіздік.*

Қауіпсіздік ұғымының мазмұнына келетін болсақ, оның демократия және адам құқықтары секілді либералды сана-сезімнің қасиетті қағидасына айналғалы бірталай заман өтті. Батыс елдерде қауіпсіздікті жоғары бағалаудың дәстүрі өз бастамасын осында өткен төңкерістер кезеңінен-ақ орын алады. 1689 жылғы ағылшындық Құқықтар туралы биллінде қауіпсіздік

халықтың бірлесуі, оның тыныштығы мен бейбіт өмір сүруі, мемлекет игілігі секілді ұғымдардың қатарына кіріп бірігіп кеткен; 1776 жылғы американдық "Тәуелсіздік декларациясында" қауіпсіздігіне кепіл болу халықтың құқығы мен міндеті ретінде жарияланып, ал оны қамтамасыз ету мемлекеттің мойнына жүктеледі; 1789 жылғы француздық Адам және азамат құқықтарының декларациясында қауіпсіздік еркіндік, меншік әрі қанауға қарсы тұрушылықпен қатар адамның табиғи құқықтарының бірі болып табылады делінген. Дегенмен, кез келген өзін-өзі қадірлейтін саясаттанушы либералдық идеологияны жақтау-жақтамайтындығына қарамай қауіпсіздік мәселесіне аса құрметпен қарайды. Бәлкім, тек барып тұрған оңшылдар мен солшылдар ғана билік басындағы приоритеттерді қабылдамай, қауіпсіздікті өзінің саяси сөз қорында жиі қолданбайтын шығар. Ал қалғандары оның маңыздылығын дауламайды, дау тек оны қарастыру жолында көзқарастардың келіспеуінен келіп туады.

Қауіпсіздікті қарастыру жолында алауыздықтың екі түрі кездеседі. Біріншісі, белгілі-бір ел немесе адамға қауіпсіздіктің қай түрі, қандай мөлшерде және қай параметрлерінде қажеттілігі туралы түрлі түсініктер пайда болып, өзара қақтығысқа ұшырайды. Екіншісі, «қауіпсіздік» түсінігінің мәні өз алдында көптеген келіспеушіліктерді тудырады. Э. Ротшильд қауіпсіздіктің мәні ғасырлар бойы бірқатар өзгерістерге ұшырағанын көрсеткен болатын. Қауіпсіздіктің маңызы қысқаша түрде былайша жеткізіледі: адамның ішкі өзіндік сезінуі – индивидуалды еркіндіктің керекті шарты – мемлекеттің және немесе мемлекет қауымдастығының хал-жағдайы. Аталғандардың бірде-біреуі әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ, және тарихта өткен қауіпсіздіктің маңызы уақыт өте қайтадан оралып, өзекті болып кетуі әбден мүмкін. Қауіпсіздік мағынасының осындай уақыттық қозғалмалылығы мен үнемі қатар өмір сүруі қауіпсіздік ұғымына нақты анықтама беру ісін қиындатады. Бұған қалыпты және саяси сана-сезім қолданысында түрлі этно-мәдени орталарда оның түрліше түсінілуі тағы қосылады.

Қалыпты сана-сезім деңгейіндегі қауіпсіздік ұғымы жер шарының түкпір-түкпіріне тегіс таралған. Ал саяси сана-сезімнің өнімі ретінде ол алғаш рет Батыс Еуропада пайда болған. Өзге мәдени әлемдер оны адам құқықтары мен демократия ұғымдары секілді дайын түрінде алып, қауіпсіздіктің саяси тілін тез үйреніп алды. Дегенмен қауіпсіздік ұғымын ана тіліне аударғанда нақты лексикалық эквиваленттер табу ісі қиынға түсті. Мысалға қазақ тілін алатын болсақ, бұл жерде «қауіпсіздік» сөзі «қауіп» сөзіне «-сіз» болымсыз және «-дік» зат есім тудырушы жұрнақтарының қосылуымен антиномия негізінде құрылып, қауіптің жоқ жағдайын білдіреді. Дәл осындай жағдай орыс тілінде де байқалады: «опасность» – «без + опасность». Мұндай қарсыласумен шектеулі лексикалық конструкция, мүмкін, посткеңестік кеңістіктің бұрынғы өміріне жеткілікті болған шығар. Бірақ жаңа тәуелсіз мемлекеттердің әлемдік, дәлірек айтқанда еуропалық сахынаға келген сәттен туған тіліміздегі бірқатар ұғымдар өзге тілдегі мәндерді шектейтін болды. «Қауіпсіздік» ұғымының өзі посткеңестік

кеңістікте саяси сөз қорға тек XX-ғасырдың аяғында кірді. Алайда оның сөздік формасы, әлі де болса, ұғымдардың толық, дұрыс мәнін ашуда кедергі келтіреді, себебі қарапайым мәндік қарама-қарсы тұрушылық сөздің астарын толық ашуға жеткіліксіз. Сондықтан, қауіпсіздік құрылымын сипаттағанда ағылшын лексикалық контекстісіне сүйенуге тура келеді.

Ағылшын тілінде «danger» («қауіп») мен «security» («қауіпсіздік») сөздердің түбірі бір емес, сол себепті оның бірі екіншісінің тікелей терістеуі болып табылмайды. «Security» ұғымының қалыпты сана-сезім аумағындағы кең таралған, қолданбалы мағыналары мыналар: қауіпсіздіктің жағдайы мен оның сезілінуі; қорғайтын не кепілдік беретін нәрсе; мемлекеттің, компанияның және т.б. тыңшылықтан, ұрлықтан және өзге де қастандықтардан қорғанылуы; қарызды қайтару, не міндеттерін орындау шарт ретінде берілетін кепіл. «Security» ұғымы, сонымен қатар, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін институционалдық жүйеге қатысты сөз тіркестерінде пайдаланылады (қауіпсіздік қызметі, қауіпсіздік кеңесі, ұжымдық қауіпсіздік жүйесі т.с.с.). Саяси сана-сезім аумағында қауіпсіздік маңызының шеңбері кеңірек, себебі бұл жерде либералды дәстүр қайраткерлері нақты тарихи кезеңдерде нақты шығармашылық, саяси мәселелерді шешіп, түрлі мән-мағыналар қолданысын жүзеге асырды. А. Смит бір кездері стоиктерге сүйеніп, «security» сөзін адамның қайғы-қасіретінен жоғары тұратын ішкі хал-ахуал мағынасында қолданса, екінші бір жағдайда оның жеке өзіне, не меншігіне келтірілетін қастандық мүмкіндігінен құтқарылған индивидтің объективті жағдайы ретінде сипаттады. Ш.Л.Монтескье қауіпсіздік туралы түсінігін саяси бостандық анықтамасына кіргізетін, ол «азамат үшін саяси бостандық дегеніміз өз қауіпсіздігіне сенімді болғандығына негізділген жан тыныштығы болып табылады» деген.

Сана-сезімнің қай аумағында қарастырылғанына қарамастан «қауіпсіздік» түсінігінің бастапқы үш бағыты болады. Біріншісі – қауіпсіздікті көп аспектілі күй ретінде түсіну, екіншісі – осы күйге қатысты көп қырлы түсініктердің бар болуын түсіну, үшіншісі – оны мақсат ретінде түсіну. Қауіпсіздіктің күйі үлкен, не кіші пішінді немесе тіпті болмауы мүмкін. Мақсат нақты көзделген немесе нақты емес, жете түсінілмеген болуы мүмкін. Қауіпсіздік туралы түсінік дұрыс болуы да мүмкін (қауіпсіздіктің кескіні дұрыс салынған кезде), бұрмалаған болуы да мүмкін (қауіпсіздіктің не қауіптің шын деңгейі көтерілген, не төмендетілген жағдайында). Дегенмен, қай бағыт болмасын, түсінік күй мен мақсатқа қатысты белгілі-бір орын алады. Себебі күйді түсінікке (түйсікке) қатысты бағалайды да, мақсатты осы алынған бағаның ықпалымен анықтайды.

Қалыпты сана-сезімінде қауіпсіздік туралы түсінік көмескі, тиянақсыз болып келеді. Адамдар қауіпсіздіктің бүкіл қырларын өзара ажыратпай, оны түсінуден бұрын сезінеді. Саяси сана-сезіміндегі жағдай өзгеше. Бұл жерде қауіпсіздік қалпына толық сараптама жасау үшін келесі элементтерді атап өтуіміз жөн:

Қауіпсіздік *объектілері* мен *субъектілері* – қауіпсіздікті құрайтындар мен оның жемісін көретіндер. Субъект және немесе объект ретінде жеке

тұлға, қоғам, мемлекет не мемлекеттер қауымдастығы болатындығына қарай қауіпсіздіктің *деңгейі* анықталады. Ол сәйкесінше жеке тұлғалық, не индивидуалды (individual) қауіпсіздік, социеталды (societal) қауіпсіздік, не қоғам қауіпсіздігі, ұлттық (national) қауіпсіздік, не мемлекет қауіпсіздігі, халықаралық (international) не ұжымдық (collective) қауіпсіздік түрлеріне бөлінеді. Оның ең шеткі жоғарғы деңгейі – дүние жүзілік немесе ауқымды (global) қауіпсіздік болып табылады да, индивид пен қоғам/мемлекет арасындағы аралық қауіпсіздік – топтық (entity), ұлттық пен ауқымды қауіпсіздігінің арасында – аймақтық (regional) қауіпсіздік орналасады.

Келесі элемент қауіпсіздікке төнетін қауіптерді түсіну болып табылады. Олар шынайы, орын алған немесе мүмкін, потенциалды болып бөлінеді. Және қауіпсіздіктің кез келген деңгейінде (тіпті жеке-индивидуалдық деңгейінің өзінде де) ол субъектінің немесе объекттің ішінен де, сыртынан да төніп тұруы мүмкін. Нәтижесінде қауіпсіздік бөлінісінің тағы бір түрі – сыртқы және ішкі қауіпсіздік бөлінісі пайда болады. Қауіпсіздік туралы түсінік оның мақсаттарын берілген деңгейде қауіптің көзін жою секілді бұрыс түрде анықтауы және қауіпсіздіктің шектерін кеңейту, мәнін толықтыру секілді дұрыс түрде анықтауы мүмкін. Мақсаттардың дұрыс та, бұрыс та түрлері субъект қоғамдық өмірдің белгілі-бір салаларында орнығып, қауіпсіздіктің белгігі-бір *аспектілерін* мен *түрлерін* шығарады. Субъектілер қатысатын тұрмыс салалары алуан-түрлі болғандықтан, және субъектілердің өздері көп болғандықтан аталған үшінші маңызды түсінік элементінің де сәйкесінше тармақтары көп болады. Жақында ғана басып шығарылған геосаяси сөздікте саяси санамен байланыстырылған қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісі адам өмірінің, тұрмысының 46 саласын қамтитыны атап өтілген. Бұл жерде таңдалған ракурс пен жіктеме критерийі де зор роль атқарады: оның ықпалымен қауіпсіздік аспектілері (түрлері) бірігіп, бөлініп, конфигурациясын өзгертіп, қиылысуы мүмкін. Мысалы, экономикалық қауіпсіздікті бүтіндей, ал азық-түлік, не энергетикалық қауіпсіздіктерін жеке, әлеуметтік, не демографиялық қауіпсіздікті бүтіндей, ал халықтың денсаулық сақтау қауіпсіздігін жеке, көлік қауіпсіздігін бүтін, ал оның түр-түрлерін жеке және т.с.с. қарастыруға болады.

2. Ұлттық қауіпсіздік концепциясы мемлекетті шүбәсіз актор ретінде мойындайды және саяси реализмнің негізінде өрбітіледі. Мемлекет – өз азаматтарының қамқоршысы, өзге мемлекеттермен қарым-қатынаста заңды жалғыз, тең серіктес. Және осындай қарым-қатынастарда ол субъектілігінен өз еркімен бас тартуға даяр. Бұған күйінішті тарихи тәжірибе себеп болды: әрбір ірі бүкілеуропалық соғыстан кейін жеңісті қымбат бағаға сатып алған мемлекеттер қауіпсіздіктің кейбір жақтарын қамтамасыз ету үшін олардың бірлесіп, ортақ күш салысуы қажет екендігіне көнетін. Сол үшін ұлтты қамтитын аймақтық, әлемдік ұйымдар құрылатын; олардың алғашқысына Ұлттар Лигасын жатқызуға болады, дегенмен оның тарихи үлгісі Қасиетті одақта да байқалады. Ал ұлттық шекара шамасында шешілітін ішкі

қауіпсіздікке келгенде, мемлекет прерогативасы мызғымайтын құқыққа ие болады.

Неліктен ұлттық қауіпсіздік концепциясы тек мемлекет үшін жазылған ережелер жинағына, не сценарий жобасына ұқсас болып көрінеді деген сұрақ туады. Бұл жерде концепция, кез келген саяси негіздеме ретінде өзінің таптық ерекшеліктеріне ие екендіген ұмытпағаны жөн. Елде немесе дүние жүзінде сол үшін қолайлы жағдай туғанда, оның бұл ерекшеліктері барынша көрінеді. Концепция Еуропада болондық заң мектебі мен француз легистер кезінен бастап ұзақ уақыт бойы *билік құқығынан мемлекет құқығына* өту абсолюттік, кейін ұлттық мемлекеттің заңдастырылу үрдісінің өтуіне себеп болған заң этатизм идеологиясының сарқыншағын білдіреді. Концепцияның келесі бастамасы -еуропалық халықаралық қатынастар жүйесіндегі гегемония мен тепе-теңдік үшін күрестің тәжерибесі. 1735ж. өзінде Еуропада күштер тепе-теңдігі негізінде «барлықтарының қауіпсіздігі мен тыныштығы жатыр»-деп дәлелденген. Аталған екі ойдың бастамалары қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өзара байланысты, бүгінгі күні архаикалық болып табылатын қағидаларды тудырды. Бірінші қағидаға сай «қауіпсіздік билікке мемлекет монополиясының тікелей эманациясы болып танылатын заңмен қамтамасыз етіледі (яғни адамдардың әділеттік туралы түсініктеріне сай белгіленбейді)». Екінші қағида қауіпсіздік егемендікпен тығыз байланысты: тек акбсолютті егеменді мемлекет қана халықаралық қауіпсіздіктің тең құқылы субъектісі бола алады деп санайды.

Егемендік халықтікі екендігі белгілі. Бірақ оның қамтамасыз етілуі мен жүзеге асырылуын халықтың кіші-гірім бөлігі – мемлекет саясатын ішінде де, халықаралық сахнада да «жасайтындар» атқарады. Бұл адамдарды түрліше – тап немесе элита, халық қалауын риясыз орындаушылар немесе аморальды мансапқорлар деп атайды, дегенмен бір қасиеті бойынша біркелкі ой айтылады: мемлекет адамдарының өзіндік мүдделері болады, және сол мүдделерін жүзеге асырылуы олардың қоғамдық маңыздылығы сақталған шарты орындалғанда ғана мүмкін. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциясы мемлекет деңгейінде мемлекет күшімен және мемлекеттік билік механизмдерін бақылау арқылы өтетіндігі осыны дәлелдейді. Сондықтан қауіпсіздік аумағында мемлекеттің монополиясы тек тарихи прецедентпен қорғалып қалған жоқ. Тіпті Батыстың өзінде саяси тәжірибеге қарамастан, ол ықпалды әрі саяси тіс қаққан жақтаушыларын табады. Және бұл жақтаушылардың қай мақсатына, яғни өз борышын өтеуге ме, әлде жеке пайдасы үшін тырысатындығы аса маңызды емес. Маңыздысы – олардың бәрі бірігіп, мемлекетке негізделген қауіпсіздік концепциясын жақтайтын интернационалды қызу қолдаушылар корпорациясын құрады. Өйткені, бұл концепцияның басты көздеген мақсаты территориялық бүтіндік пен саяси құрылымның өзгермеушілігін қамтамасыз ететін ішкі және сыртқы шарттардың үйлестірілген көрінісіне қол жеткізу болып табылады. Дегенмен құрылым мен бүтіндік маңыздылығы жағынан бірдей емес. Құрылым өзгерісі ұлттық қауіпсіздіктің басты мәселесі – мемлекеттің саяси ұйымдасуын жаңартуы мүмкін, ал мәселенің өзі – мемлекет белгілі-бір кеңістікте

орналасқан дербес мүше ретінде өзгеріссіз қалады. Осының салдарынан кез келген мемлекет қауіпсіздігіне төнетін басты қауіпті территориялық бүтіндігіне әсер ететін өзге мемлекеттерден, сепаратистік қозғалыстардан көреді. Осындай қауіпке тойтарыс берудің бірден-бір амалы әскери күш қолданысы болғандықтан, әрбір ұлттық қауіпсіздік бағдарламасында әскери доктрина маңызды орынға ие.

Осылайша ұлттық қауіпсіздік концепциясының мемлекеттің моносубъекттік тенденциясымен қатар келесі бір ерекшілігі – қатаң иерархиясы айқындалады. Қауіпсіздіктің бүкіл субъектілері, объектілері, аспектілері мен мақсаттары онда қатаң тәртіппен тізілген. Бұл иерархияға тұрақтылық тән. Мемлекеттің және мемлекет ішіндегі заңды субъектілердің қауіпсіздік мақсаттары қақтығысқан жағдайда ақырғы шешім концепция бойынша мемлекет тарапына беріледі. Мақсаттардың қайсысы бірінші кезекті, қайсысы кейінге қалдырылатыны мемлекет жетекшілерінің құзыретінде. Мемлекеттің, оның кеңістігі мен билік құрылымдардың өзін-өзі сақтауымен байланысты мәселелер, әдетте, кейінге қалдырылмайды. Әрине, мемлекет бүтіндігі, оның бүкіл қоғамының және әрбір жеке азаматының қауіпсіздігінің қажетті шарты болып табылады. Қоғам мен мемлекет арасында «ажырасу» жоқ жерде билеушілер мен адамдар арсында келіспеушілік тумайды. Ал мемлекет қоғамға үстемділік жүргізген жерде келіспеушілікке орын табылады.

Сонымен ұлттық қауіпсіздік концепциясы бойынша қауіпсіздік келесі сипатқа ие болады: оның акторлары – субъектілер мен объектілер рольдерін қатар атқаратын, маңыздылығы бойынша өзгермейтін тәртіппен орналасқан мемлекет, қоғам, адам. Оның бірінші кезектегі, онсыз өзге субъектілер мақсаттарына жете алмайтын нысаны - мемлекет: мемлекеттің территориялық бүтіндігі, құрылымдық қағидаларының орындалуы, халықаралық қатынастар жүйесінде саяси субъектілігінің сақталуы. Қауіпсіздіктің көп аспектілерінің ішінде алдыңғы қатарлы деп осы мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы көбірек тиетін салаларын атаймыз, олар: әскери және экономикалық қауіпсіздік (бірлесіп қорғанысты қамтамасыз етеді), әлеуметтік және саяси қауіпсіздік (бірлесіп тұрақтылықты қамтамасыз етеді), халықаралық қауіпсіздік (сыртқы қауіптердің жалпы деңгейін төмендетеді).

3. Халықаралық қауіпсіздікті жеке адам мен ұлт, яғни, мемлекет қауіпсіздігінің аймақтық, одан барып жаһандық деңгейде тоғысуы деп түсінуге болады. Бірақ халықаралық қауіпсіздік жеке мемлекеттер мен бірлестіктер қауіпсіздіктерінің жай жиынтығы емес. Ол бірігей құрылымы, өзіндік қасиеттері мен өз міндетін атқарудың белгілі жолдары, тәсілдері бар жүйелі құбылыс. Оның мәнін түсіну әлдеқашан саяси реализмнің аясынан шығып, бірқатар жаңа көзқарастар, ойлармен байытылған. Саяси реализм бойынша халықаралық қауіпсіздік дегеніміз халықаралық ортаның қауіп төнбеген жай-күйі. Яғни, төніп тұрған қатер жоқтығына екпін жасайды. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы халықаралық аренада күш тепе-теңдігін орнату ғана, басқаша болуы мүмкін емес. Және де

реализм тұрғысынан алғанда халықаралық қауіпсіздік жүйесіне төнетін қатерлердің ішінде шиеленіс, соғыс қатері бірінші орында. Соған байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз етуде күш көрсету, яғни, қысым жасау, үрейлендіру, мәжбүрлеу, соғыс ашу сияқты тәсілдер қолданылуы дұрыс деп саналады. Өзгелерден күштірек, ықпалды мемлекеттер немесе бір мемлекет халықаралық қауіпсіздіктің сақталуына кепіл бола алады, бір жақты қамтамасыз ете алады деген түсінік қалыптасқан. Бұндай көзқарастардың бүгінгі заманның саяси тәжіребиесінде көптеп орын алып отырғандығы баршаға мәлім. Мысалы, АҚШ-тың басқарушы топтары мен халқының санасында қазірде ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етіліу халықаралық қауіпсіздіктің мәселелерінен бөлініп алынғысыз деген ұғым орын тепкен. Соның арқасында бұл ел әлемнің қандай түкпіріндегі болмасын дағдарысты жағдай немесе шиеленісті өзінің қауіпсіздігіне төнген қатердей қабылдап, оның өз мүдделері тұрғысынан реттелуі үшін барынша араласып бағады. XX-ғасырдың соңына қарай халықаралық қауіпсіздікке реалистік көзқарас өзінің тарлығын, жеткіліксіздігін кәрсетті. Сонымен бірге, реализм шеңберінде ертеден өзекті болып келген қауіпсіздік дилеммасын шешу мүмкін емес еді. Бір мемлекеттің қауіпсіздігінің артуы екінші мемлекеттің қауіпсіздігінің кемуі деген түсінік (яғни, қауіпсіздік дилеммасы) дәстүрлі көзқарастар аясында және үйреншікті тәсілдер арқылы қамтамасыз етілетін қауіпсіздік жүйесін кері тартып келгені белгілі.

Халықаралық қауіпсіздік мәселелері идеализм тұрғысынан бұдан өзгеше түсіндіріледі. Идеалистер халықаралық қауісіздікті қамтамасыз ететін бірден-бір жол мемлекеттер арасындағы әмбебап және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген ынтымақтастық деп біледі. Ал бұндай ынтымақтастықтан бас тартатын, баршаға ортақ деп саналатын құқықтық және моральдық нормаларды мойындамайтын субъектілер қауіпсіздікке төнетін тура қатер болып саналады. Олай болатын болса халықаралық ынтымақтастың шеңберін кеңітіп, елдер арасындағы түсіністік пен достықты нығайтудың мәні зор. Жаппай қарусыздану, ұжымдық қауіпсіздік, адам құқығы осы идеалистік-либералдық парадигманың орталық ұғымдары. Қауіпсіздік дилеммасын жеңетін амал - ұжымдық қауіпсіздік. Бұл дегеніміз белгілі бір аумақта мемлекеттердің бір-біріне қатысты күш қолданудан бас тартып, қандай болмасын бір мемлекетке қатер төніп жатса, өзгелер көмекке келер жағдай болып табылады. Оған апарар жол- халықаралық институттардың құрылып, нығаюы (БҰҰ-ның одан ары кемелденуі), халықаралық құқықтың жетілдірілуі, моральдық нормалардың сақталынуы. Бұл мәселе бүгінде Ұлттар лигасы заманының тарихи мұрасы болып қалмай, әлде болса да өзіне зерттеушілердің назарын аударып отыр.

XX-ғасырдың 70-жылдары баршаға ортақ қауіпсіздік ұғымы пайда болып, негізделе бастайды. Бұны жаһандану жағдайына бейімделген ұжымдық қауіпсіздік идеясы деп түсіну керек. Оның пайда болуы қауіпсіздік мәселелерінің әскери - саяси саланың арнасынан асып кетуі, соғыс қатері қатерлер иерархиясынын астыңғы сатысына түсуі себеп болды. Мысалы, қазіргі кезеңде экология, әлеуметтік және терроризм мәселелері соғыс

қаупінен де ересен болып отыр. Қазіргі әлемде қалыптасқан халықаралық жағдай соғыс өртінің тұтанып кетуін жібермеудің әрекетін жасай алады. Ал экологиялық қатердің бетін қайтаруға бүкіләлемдік қауымдастықтың шамасы жетпеуде.

Бүгінде халықаралық қауіпсіздікке төніп отырған жаһандық қатерлер мынадай:

- Жаһандану жағдайында мемлекеттің дәстүрлі ролі мен функциясының өзгеруі, оның бұрынғыдай өз азаматтарын сыртқы және ішкі қатерлерден қорғауға қабілетсіз болып қалуы. Бұлай болуы жаңа акторлардың (мысалы, халықаралық ұйымдар, трансұлттық корпорациялардың) нығайып, мемлекет егемендігін "шайып" жатуына байланысты.
- Жаһандану елдер мен халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы экономикалық алшақтылықты, әлеуметтік жікті барынша ашып, қатердің нағыз көзіне айналып отыр. Жер шарының халқының 20 пайызынан азын құрайтын "алтын миллиард елдері" әлемдік байлықтың 80 пайызын өз қолына жинап алған. Жаһанданудың барлық жақсы салдары мен рахатын көріп отырған солар. Азия, Африка, Латын Америкасының кедей елдеріне жаһандану сор болып тиіп, қайыршылықтық қақпанына түсірді. Бүгінде қауіп-қатердің зорына айналған тероризмді тудырған нақ осы Солтүстік пен Оңтүстік, Батыс пен Шығыс арасындағы қайшылықтар.
- Ғылыми-техникалық төңкерістің салдары адамзат үшін қауіп көзіне айналып отыр. Қазіргі заманғы гентика саласындағы жаңалықтар адам санасын билеуге, бақылау жасауға мүмкіндік тудырып, адамзат баласының өміріне қауіп төндіріп отыр.
- Жер шары халқының санының қарқынмен өсуі ресурс тапшылығы мәселесін тудырып отыр. Жақын болашақта энергетикалық ресурстар үшін күрес өршіп, адамзат өркениеті үшін шешуші сынға айналады деп күтілуде.
- Жаһандық экологиялық қатерлер.
- Терроризм қаупі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Халықаралық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің иерархиясының (дәстүрлі және қазіргі заманғы) пирамидаларынының көрінісін бейнелеп беріңіздер.
2. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары қандай?
3. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз еудің казіргі заманғы механизмдерінің кемшілігі неде деп ойлайсыздар?
4. Қазақстан Республикасына сырттан төнетін қауіптерді атаңыздар.
5. "Қазақстан және аймақтық қауіпсіздік жүйелері" деген тақырыпқа сараптамалық жұмыс орындаңыздар.

Әдебиет:

1.Rothschild E. What is Security? // Daedalus. - 1995. - Summer. - P. 61-65
2.Геополитика и национальная безопасность: Словарь основных понятий и определений / Под ред. Л. Манилова. - М., 1998. – с. 16-22.
3. Алексеев С. С. Право: азбука - теория - философия: Опыт комплексного исследования. - М., 1990. – с. 299-303.
4. Болингброк. Письма об изучении и пользе истории. (Памятники ист. мысли).- М., 1978. - с. 81.
5. Введение в теорию международных отношений и анализа внешней политики. Ломагин Н. А., Кузнецов В.Е., Лисовский А.Ю. – Учебное пособие. – Санкт-Петербург, 2001.
6. Монтескье Ш. Л. О духе законов. - М., 1999.
7. Миграция и безопасность в России. Под ред. Г. Витковской и С. Панарина; Моск. Центр Карнеги. - М.: Интердиалект, 2000.
8. Цыганков П.А. Теория международных отношений. – Учебное пособие. – М., 2002.

Халықаралық ынтымақтастық

1. Халықаралық ынтымақтастықтың түсініктемесі.
2. Халықаралық ынтымақтастықты зерттеудің теориялық негіздері.
3. Халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру жолдары

***Жол ашар терминдер мен ұғымдар**: мемлекетаралық ынтымақтастық, көпжақты ынтымақтастық, интеграция, интеграция теориялары, федерализм, функционализм, неофункционализм, транснационализм, келіссөздер.*

Халықаралық ынтымақтастықтың тамырлары Еуропада діни негізде болған соғыстарда және Вестфаль келісім шартының жасалуында жатыр. Вестфаль шартының тарихи маңызы мемлекетаралық құқықтық қатынастардың негізін қалыптастыруында болып табылады. Халықаралық қатынастардың Еуропалық жүйесі қалыптасып, көп уақытқа оның негізгі даму бағыттары анықталды.

Халықаралық саясат ғылымында ынтымақтастықтың ең негізгі мәселесі тәуелсіз мемлекеттердің арасындағы қарсы тұрушылықтың бетін қайтару болып саналады. «Халықаралық ынтымақтастық» ұғымы екі немесе бірнеше акторлардың қарым - қатынасын бейнелейді және онда зорлық – зомбылық болмайды, олар бір мақсатты көздейді. Қалыптасқан осындай түсінікке қарамастан, ынтымақтастық дегеніміз қақтығыстың жоқтығы емес, оның дағдарысты көріністерінен құтылу, оны туғызатын жағдайлардың алдын-алу болып отыр.

Ынтымақтастық аясындағы дәстүрлі қатынастар екі жақты және көпжақты дипломатияны қамтиды. Мемлекеттің және басқа да халықаралық қатынастардың акторларының арасындағы ынтымақтастықтың дамуы мемлекетаралық және мемлекеттік емес ұйымдардың ғаламдық және аймақтық қызметі түсінігін енгізді. Елдердің өзара тәуелділігінің өсуі, оның ғаламдық мәселелердің пайда болуымен асқынуы көпжақты ынтымақтастықтың кеңеюіне объективті қажеттіліктерді ұлғайтты және өмірдің басқа салаларына таралуына көмектесті.

Қазіргі уақытта ынтымақтастықтың тек қана сауда мәселелерін, кедендік ережелерді, шекаралық реттеулерді немесе әскери – саяси одақтарды қамтымайды, сонымен бірге экология мәселесін, космос, байланыс жолдарын және қарулану мәселесін қарастырады.

Соңғы он жылдың ішінде халықаралық ынтымақтастықтың теориялық зерттеудегі қол жеткен табыстары негізінде мамандар екі маңызды теорияны ілгерілетті.

Біріншіден, пікірталастың жалғасуына қарамастан ғылыми қауымдастық «мемлекетаралық ынтымақтастық» ұғымына қатысты ортақ көзқарасқа қол жеткізді. Р. Кохэйнның артынша көптеген мамандар ынтымақтастықты басқаша түсіне бастады. Олардың айтуынша, ынтымақтастық дегеніміз «акторлардың өздерінің іс-қимылдарын іс жүзінде немесе өзара саясаттың координациялауы арқылы сәйкестендіруге тырысуы».

Басқаша айтқанда, мемлекетаралық ынтымақтастық үш элементтен тұрады: мемлекет - әріптестердің ортақ мәселелері, одан шығатын шешім және ортақ шешімге келу. «Бір актор басқа акторға көмектесуге тиісті емес, бірақ көмектессе ол өз жағдайын дұрыстауға мүмкіндік жасайды, яғни көмек алушы мемлекеттің саясатына ықпал етеді».

Мұндай ұғымның маңыздылығы ынтымақтастық пен бәсекелестік арасындағы шектерді, басқалар үшін тиімділікті азайту мақсатындағы қызмет немесе олардың мүддесін жүзеге асыруға жол бермеуге бағытталған қызмет шеңберіндегі шектерді табуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа осындай «мемлекетаралық ынтымақтастық» деген ұғым ынтымақтастықтан онда акторлар басқалар үшін өз іс- әрекетінің салдарларын ескермейтін біржақты қатынасты, сондай – ақ әрекетсіздікті, яғни басқа тараптардың саясаты үшін теріс салдарларды болатын акторлар қатынасын айыруға мүмкіндік береді.

«Мемлекетаралық ынтымақтастық» деген ұғымның мазмұнына қатысты консенсустың болуы ынтымақтастық жағдайлардың алғашқы жіктемесін жасауға мүмкіндік береді. Бұл көзқарастардың негізінде мемлекетаралық ынтымақтастықтың мынадай түрлері жіктелуі мүмкін:

1) Келіссөздер – бұл ынтымақтастыққа жол және одан әрі дамуы.
2) Саясаткерлердің келісімді талқылау нәтижесінде саналы түрде қол жеткізген ресми шарттар және ынтымақтастық туралы келісімдер.
3) Тікелей байланыссыз немесе ресми келісімсіз жүзеге асырылатын, шарт жасауды талап етпейтін нақты емес ынтымақтастық. Мұндай ынтымақтастық акторлардың барлығын қанағаттандыратын жағдайлардан туындайды.

4) Мәжбүрлі ынтымақтастық. Анағұрлым қуатты тарап басқалардың саясатына әсер етіп, оны түзетуге мәжбүр етеді, сонымен қатар, өзінікін де түзетеді. Бұнда реттеуді, сараптауды, қолдауды жүзеге асыратын мамандандырылған институттарды құру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Екіншіден, мемлекетаралық ынтымақтастық саласындағы теориялық ізденістердің маңызды жетістіктердің тағы бірі мемлекеттер арасындағы достық пен ынтымақтастықтың гипотезаларын әзірлеу болды. Бұл гипотезалар мемлекетаралық ынтымақтастықтың кешенді теориясын құрамады. Олар нақты мәселелерге қатысты болып, ынтымақтастықты анағұрлым айқындай түсті. Осы гипотезаларды талдау және эмпирикалық тексеру кешенді теория жасау ісін алдыға жылжытуға, яғни жалпы халықаралық ынтымақтастық теориясын дамытуға жағдай жасады. Х. Милнер осындай гипотезалардың алтауын атап көрсетеді және талдайды. Біріншіден, бұл негізгі мазмұны мемлекеттердің ынтымақтастықтан пайда күту, шығыннан сақтану және тіпті одан бас тартқан жағдайда жаза тарту мүмкіндігі болып табылатын «өзаралық гипотеза». Екіншіден, өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттердің санының азаюымен ынтымақтастықтық қомақтала түсетіндігін негіздейтін «акторлар саны гипотезасы». Үшіншіден, бұл - «интеграция гипотезасы», ол мемлекеттердің ынтымақтастық жолына түсу мүмкіндігі олардың өзара іс- қимылының ұзақтығына байланысты деп санайды. Төртіншісі «халықаралық режимдер туралы гипотеза», ол шешім қабылдаудың нормалары, қағидалары мен рәсімдері туралы. Олардың жай-күйі, үйлесімділігі мемлекетаралық ынтымақтастық ортасын анықтайды. Бесіншіден, бұл мәселелерді жалпы түсінетін және оны шешудің жалпы жолдарын қарайтын, кәсіби сарапшылардың мемлекетаралық ынтымақтастықты дамытудағы рөлін сипаттайтын «эпистемикалық қоғамдастықтың гипотезасы». Алтыншыдан, бұл тұрақтылықтың гегемониялық теориясына негізделген «күш ассиметриясының гипотезасы».

Х.Милнер аталған гипотезалардың негізгі кемшілігі олар мемлекетаралық ынтымақтастықтың ішкі көздеріне назар аудармайтыны деп санайды. Осы мағынада Х. Милнердің позициясы әлеуметтанушылық көзқарас өкілдерінің позицияларына жақын. Алайда, әлеуметтанушылық көзқарастың үлесін талдаудан бұрын теориялық бағыттар мен парадигмалардың қолданылып жүрген халықаралық – саяси ғылым шеңберінде мемлекетаралық ынтымақтастығының ерекшеліктеріне тоқтала кету қажет.

Либералды көзқарастарды ұстанушылардың ойына қарағанда реалистердің халықаралық ынтымақтастықтың мәселелеріне көзқарастары онша танымал емес, сондықтан арнайы қарастыруды қажет етеді.

Біз атап өткендей, саяси реализм теориясының маңызды ережелерінің бірі- бұл шиеленістерді халықаралық үрдістердің ең негізгі және анағұрлым тараған түрі ретінде қарастыру. Бірақ бұдан реалистердің халықаралық ынтымақтастықты зерттеуге қызықпайды деген ой тумауы керек. Керісінше, олардың кейбіреулері ғылымға маңызды үлес қосып, халықаралық

ынтымақтастықты талдауға бірнеше жұмыстарын арнады. Қаралып отырған мәселеге реалистік көзқарастың ерекшелігі мыналардан тұрады:

Біріншіден, реалистік көзқарас халықаралық ынтымақтастық әдеттегідей егемендіктерін өзара танудың, қабылдаудың және ынтымақтастықтағы тараптар бір – бірінің ісіне араласпау негізіндегі мемлекетаралық әрекет деп санайды.

Екіншіден, реалистер үшін мемлекетаралық ынтымақтастықты тудыратын ең маңызды ынталандыру халықаралық ортаның анархиялығы болып табылады. ЫІнтымақтастық жанжал немесе оның қаупі туған кезде пайда болады.

Сондықтан, үшіншіден, мемлекетаралық ынтымақтастықтың басты мақсаты және анағұрлым тараған нысаны әскери одақ болып табылады.

Осгуд айтқандай, әскери одақ латенттік әскери қауымдастық сияқты. Ол үшінші күштерге қарсы ортақ ынтымақтастық негізінде жасалған. Егер одақтан анағұрлым күшті мемлекеттер шығатын болса, одақ өз жұмысын тоқтатады. Басқаша айтқанда, ынтымақтастықтың бұл түрі уақытша және шектелген сипат алады. Халықаралық ынтымақтастықтың мәселесіне реалистік көзқарастың тағы да бір маңызды ерекшелігі- ынтымақтастық үшін мемлекеттің ұлттық мүддесінің бір элементі халықаралық қолайлы ортаның болуы шарт. Осы ережелерді қорғау саяси реализм теориясын жақтаушылары үшін күтпеген және пародоксальді нәтижелерге жетелеуі мүмкін. Мәселен, Г. Моргентау осы негізде бір қарағанда оның қарсыластары – идеалистер ойын мойындау болып көрінетін ұлттық қауіпсіздіктің жүйесін құру туралы қорытындыға келгені белгілі.

Халықаралық ынтымақтастық мәселесіне қатысты дәстүрлі саяси реализм позициясын толық ашып көрсеткен Арнольд Уолферстің «Алауыздық пен ынтымақтастық. Халықаралық саясат жөнінде эссе» /1962 ж./ деп аталатын еңбегі. Автордың айтуынша, саясаткерлердің негізгі міндеті өз мемлекетінің басқа мемлекеттермен қарым – қатынасын анықтау, зерттеу.

А.Уолферс мотивтің немесе ынталандыру тұрғысынан мемлекетаралық ынтымақтастықтың екі түрін бөліп көрсетеді: ішке бағытталған және сыртқа бағытталған ынтымақтастық. Ішке бағытталған ынтымақтастық мемлекеттің ішкі бірлескен топтарының қарым-қатынасын жақсарту ниетімен сипатталады және бұл жағдайда мақсат сол топтардың сыртқы қауіптен толық тәуелсіз болуы болып табылады. Сыртқа бағытталған ынтымақтастық өз кезегінде мемлекеттердің жалпы сыртқы қауіпке қарсы күресте күш біріктіруге ынталануымен сипатталады. Бұл жағдайда ынтымақтастық бірігуге итермелейтін қауіптің ұзақтығына байланысты болады. А.Уолферстың көзқарасы бойынша сыртқа бағытталған ынтымақтастық түріне ұжымдық қорғаныс мақсатында жасалған барлық альянстар мен шарттар жатады. Ол мемлекеттерді өзара көмек үшін біріктіреді. Сондықтан ішке бағытталған ынтымақтастыққа қарағанда мәселелері аз болады.

Осы ынтымақтастықтың екі негізгі түрінен басқа А.Уолферс бір қарағанда мемлекеттер арасында « достық – дұшпандық» шеңберіне

кірмейтін тағы бір түрін атап көрсетеді. Ол осы түрді «ең аз мөлшердегі өзара қарым – қатынас» жағдайы ретінде сипаттайды. Оған оқшаулану, басқа мемлекеттермен ең аз мөлшерде саяси қатынастар саясатын ұстанатын мемлекеттер кіреді. Осындай позиция, мәселен, бірінші дүниежүзілік соғыстың алдындағы АҚШ-қа, сондай-ақ бейтараптылық саясатын ұстанатын Швейцарияға тән екендігін білеміз. «Бірақ олар егер бір немесе бірнеше ел қосылмаған немесе бейтарап көзқарасты ұстанбайтын жағдайда ойлаған нәтижеге жетпеуі де мүмкін» – деп атап көрсетеді А.Уолферс.

Халықаралық ынтымақтастықтың бағыттары мен салалары көпжақты болса да, оның ортақ және ең қажет кезеңі саяси ынтымақтастық болып табылады. Яғни, «саяси интеграция» ұғымы «экономикалық интеграция» ұғымымен өте тығыз байланысты. Көптеген әдебиеттерде интеграциялық процестерді пайымдау Батыс Еуропалық ынтымақтастықтың институализациясымен және экономикалық өзара көмек кеңесіне (СЭВ) қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығын сараптау негізінде жасалған.

Саяси қатынастарда халықаралық интеграция ынтымақтастықтың жоғарғы формасын көрсетеді. Бұл екі немесе одан да көп саяси бірліктердің негізінде құрылған саяси қауымдастық. П.Ф.Гонидек және Р.Шарвен интеграцияға өзіндік анықтамаларын береді. Олардың ойларынша: «Интеграция тәуелсіз бірліктерден тұратын, бөлшектенген халықаралық қатынастардың жаңа және ауқымы әртүрлі бірлестіктермен алмастырудың үрдісі де, жағдайы да болып табылады. Бұл бірлестіктер бір немесе бірнеше салаларда және де негіздік бірліктердің құзыретіндегі барлық салаларда шешім қабылдау құқығының ең аз мөлшеріне ие болады. Уақыт өтісімен бұл мөлшер арта береді. Жеке адам санасы тұрғысынан алғанда интеграция жаңа бірлестікке деген сенім мен берілгендік тудыруы керек. Құрылымдық деңгейде ол барлық қатысушылардың қолдауына сүйенеді».

Бірігу үрдістерінің географиялық ауқымы бойынша алғанда интеграцияның жаһандық, аймақтық, субаймақтық деңгейлері бар. Сонымен қатар интеграцияның әртүрлі кезеңдері және сатылары бар: олар плюралистік халықаралық жүйенің шеңберіндегі байланыстардың өзара тәуелділігі немесе «мемлекеттердің ортақ өркениет жүйесіне кіруге» ұмтылысынан бастап, ортақ саяси қауымның қалыптасуына дейінгі аралықты қамтиды. Алайда, ортақ саяси қауым идеалды тип болып келгенімен, ол халықаралық қатынастардың нақты тәжіребиесінде тосын құбылыс емес. Интеграциялық саяси үрдістердің мәні, оның негізгі бет алысы сыртқы саясаттың жай координациялауының шеңберінен шығуда және жаңа коммунитарлық құрылымдар егемендіктерді біртіндеп өз қарамағына ала беруіне бағытталған. Сондықтан бастапқы сатылар интеграциялық процестерге тек шартты түрде ғана жатқызылуы мүмкін. Интеграция мәселесінің ғылыми зерттелуі нақты интеграциялық үрдістерді ұғынумен байланысты және олардың ортақ бет алыстарын айқындауға бағытталған. Бұл құбылыстың алға жүруі қазіргі заманда Еуропалық Одақтың тағдырынан бөлініп алғысыз болып табылады.

Интеграция мәселерімен үш теориялық бағыт немесе үш ғылыми мектеп айналысады. Олар: функционализм және неофункционализм мектебі, федерализм және транснационализм мектептері.

Халықаралық интеграция құбылысын «функционализм» тұрғысынан зерттеу мәселесімен тұңғыш айналысқан ағылшын зерттеушісі Д.Митрани. Ол өзінің «Әлем және халықаралық ұйымдардың функционалдық дамуы» деп аталатын еңбегінде саяси интеграцияның дәрменсіздігі туралы жазады. Сонымен қатар халықаралық ғаламдық ұйымдар күрделі мәселелерді шешеуге қабілетті емес және мемлекеттер арасындағы бейбіт қатынастарға толық кепілдік бере алмайды деген тұрымдама жасайды. Сондықтан «функционализм» әртүрлі салалардағы мемлекетаралық ынтымақтастықты кеңейтуді ұсынады. Мемлекетаралық қатынастарда сала аралық байланыстардың мәнін саяси қатынастардан жоғары қоя отырып, функционализм ұлттық мемлекетті және оларға негізделген саяси бірлесу үрдістерін тар құбылыс ретінде қарастырады. Митрани мемлекеттердің әртүрлі салаларда ынтымақтастығын дамыту керек деп санайды. Соның негізінде интеграциялық бірлестік пайда болды. Митрани халықаралық қауымдастықтың дамуына жауап беруі үшін халықаралық ұйымдар қандай функцияларды орындауы керек деген мәселелерге кеңірек тоқталады. Халықаралық ұйымдардың алдына қойған мақсаттарына жету үшін өздерінің ішкі менеджментіне көп көңіл бөлуі қажет. Митранидің ойынша халықаралық ұйымдардың басты міндеті қауымдастықтың барлық мүшелерінің заң алдындағы теңдігін жүзеге асырып, әлеуметтік әділеттілікті қорғау және сақтау. Функционалистер мемлекетаралық қатынастарға сүйенетін дәстүрлі көзқарасты сынай отырып, мынадай тұжырымға келеді: *Біртіндеп қарапайым адамдардың арасындағы ынтымақтастық кеңейе береді, олар болашақта өздерінің кәсіби мүмкіндіктеріне байланысты халықаралық ынтымақтастыққа тартылады.*

Ал неофункционализмге келетін болсақ, оның негізін салушы Э.Хаас және Линдберг. Олардың ойынша, саяси интеграция дегеніміз бірнеше мемлекеттегі саяси күштер өздерінің үміті мен тілегін және саяси қызметін бір орталыққа бағыттауға келіскен жағдайда басталатын үрдіс. Хаастың ойынша, интеграция орталығы функционалдық ынтымақтастықтың саяси мәселелерімен айналысуы керек. Саяси күштер дегеніміз - саяси партиялар, топтар мен жетекшілері, кәсіподақтардың, беделді қоғамдық ұйымдардың өкілдері, жоғары дәрежедегі шенеуніктер мен саясаткерлер. Саяси интеграция қалай жүреді? Саяси бірлестікке кіретін мемлекеттер біртіндеп өздерінің саяси тәуелсіздіктерін, ішкі және сыртқы саясаттың мәселелері бойынша шешім қабылдау еріктерін басқарушы орталыққа беріп отырады. Соның нәтижесінде саяси орталық күшейіп, бірлестік мүшелеріне барлығына міндетті ортақ саясат жүргізуге мүмкіндік туады .

А.Этциони, А.Спинелли, К.Фридрих, Дж. Элэзэр және тағы басқалар федерализмге былай анықтама береді: «Федерализм орталықтанудан келісе

отырып, бас тарту, құзіреттің әртүрлі орталықтардың арасында бөлінуі болып табылады. Бұл орталықтардың құзіреті конституциямен бекітіледі». Осы жобаның негізінде бірнеше қағидалар жатыр. Біріншіден, бұл орталық және аймақтық үкіметтің болуы. Екіншіден, аймақтың үкімет ролінің көпжақтылығы. Үшіншіден, аймақтық үкіметтер ролі және күшінің циклді өзгеруі. Төртіншіден, федерализмнің пайда болуы. Оның екі қайнар көзі бар: тұтас саясатты жүргізуде федерализмді соңынан ерітетін ортақ қарқынды күштер мен мәселелердің әсері және қоғамның ыдырауын болдырмау мақсатындағы орталыққа бағытталған күштердің әсері.

Батыс Еуропаның интеграциялық процесінде федерализм концепциясы жолдағы барлық қарсылықтарды жеңіп, бірегей құбылысқа айналды. 1985 жылдың ақпан айында Еуропалық Одақ елдері Ортақ Еуропалық актыны қабылданды. Бұл акт екі бөлімнен тұрады, оның біреуі қауымдастыққа, екіншісі саяси ынтымақтастыққа арналған. Бірінші бөлімде 1992 жылдың аяғында ортақ нарықты құру мақсаты бекітілген. Екінші бөлім заңды міндеттемелердегі он бес жылдық тәжіребиенің институализациясымен шектеледі. Саяси ынтымақтастықтың мақсаты ретінде ортақ сыртқы саясаттың жүргізілуі және қалыптасуы болып табылады. Сонымен, 1993 жылдың 1 қарашасында Маастрихт келісім шарты күшіне енді. Бұл келісім шарт 12 Еуропалық мемлекеттердің қатысуымен 2000 жылы қаржы – экономикалық және әскери- саяси одақтың құрылуын көздеді. Еуропалық қауымдастық өзінің атауын өзгертіп, Еуропалық Одаққа айналды. Он жаңа Еуропалық ұйымдардың құрылуы туралы шешім қабылдады. Олар: қаржы институты, Еуропол, сыртқы ортаны қорғау мәселесі бойынша Еуропалық агенттік және т.б. 1995-жылдың 1-қаңтарында Еуропалық Одақ қатарына Австрияның, Швецияның, Норвегияның және Финляндияның қосылуы туралы шешім қабылданды. Бұдан басқа 1994-жылдың 1-ақпанында он екі мемлекеттің ішінен сегіз мемлекет қол қойған Шенген келісімі күшіне енеді.

Алайда, ең басынан бастап федерализм Еуропалық интеграцияның концептуалды негізі болып табылмайды. Осы процестің о баста үш нұсқасы болды:

1. Анағұрлым дәстүрлі жол. Ол бойынша тәуелсіз және егеменді болып қалатын одақтар немесе ассоцияциялар мен мемлекеттер шеңберіндегі ынтымақтастық.
2. Анағұрлым негізгі нұсқа. Ол бойынша функционалдық интеграция маманданған институттардың шеңберіндегі ортақ жұмысқа сүйенеді. (Іс жүзінде бірінші жол пайдалы және қажет, ал екіншісі мүмкін).
3. Анағұрлым күшті. Ол бойынша интеграция ортақ ұлттық саяси билікті бірқатар салаларда күшейтуді талап етеді.

Іс жүзінде бірінші жол пайдалы және қажет, ал үшіншісі мүмкін емес болды, сондықтан интеграция үрдісі функционалды жоба жолымен кетті.

Осылайша, халықаралық интеграцияның федералистік жобасының кемшілігі ол функционалдық жобамен сайысқа түсе алмады.

Ойлануға берілген сұрақтар:

1.Халықтар арасындағы ынтымақтастықтың қандай тарихи түрлерін білесіздер?

2. Саяси идеализм мен саяси реализмнің халықаралық ынтымақтастыққа көзқарасының түп-тамырлары неде?

3. Халықаралық қатынастар теориясындағы ең соңғы ағымдар мен теориялар ынтымақтастыққа деген дәстүрлі көзқарастарды қаншалықты өзгертті?

Әдебиеттер:

1. Современные международные отношения.- Под. ред. А.В. Торкунова. Учебное пособие. - Москва, 1998
2. Цыганков П.А. Международные отношения. - Учебное пособие- М., 2002.
3. Теория международных отношений.- Хрестоматия. Под. ред. П.А. Цыганкова, - Москва, 2002
4. Сотрудничество и конфликт в международных отношениях.- Сборник учебных материалов. Под ред. Сутырина С.Ф. и Ломагина Н.А.- С-П., 2001.
5. Уголовная юстиция: проблемы международного сотрудничества. - Москва, 1995.
6. Косолапов А.Н. Теория международных отношений: затишье перед.. - Мировая экономика и международные отношения 1995. №4
4. Мұса С. Ынтымақтастық пен ықпалдастық. //Егемен Қазақстан, 2003, 16 қазан.
5. Кренгауз И.И., Аяпова Ж.М. Дамушы елдер интеграцияларының ерекше жақтары. // Саясат, 2001, №1, 67 –68 бб.

9. Ынтымақтастықтың жаңа белесі. // Егемен Қазақстан, 2003, 25- мамыр.

Халықаралық шиеленістер

1. Шиеленіс және халықаралық шиеленіс түсініктері, қайнар көздері.

2. Халықаралық шиеленістердің даму кезеңдері, түрлері.
3. Халықаралық шиеленістерді зерттеу бағыттары: стратегиялық зерттеу, шиеленісті зерттеу, бейбітшілікті зерттеу.
4. Шиеленістерді реттеу тәсілдері.
5. Қазіргі заманғы халықаралық шиеленістерді реттеу механизмдері.

Жолашар терминдер мен ұғымдар: *шиеленіс, дағдарыс, ішкі саяси шиеленістер, халықаралық шиеленістер, дәстүрлі шиеленістер, қазіргі заманғы шиеленістер ,бихевиористік көзқарас, келіссөздер,қатысушы жақтар (тараптар), үшінші жақ, жаңа буын шиеленістері.*

Әлемдік саяси ойда билік пен күш, шиеленіс пен қауіпсіздік халықаралық қатынастар жүйесінің ажырамас, құрамдас бөліктері деген көзқарас дәстүрлі болып келді. Шиеленіс, дағдарыс және соғыс мәселелері Фукидид, Никколо Макиавелли, Томмас Гоббс, Эдвард Карр, Ганс Моргентау, Кеннет Боулдинг, Джон Бертон, Эрнст Хаас, Оле Холсти, Анатоль Рапопорт, Томмас Шеллинг, Куинси Райт, Дэвид Сингер, Кеннет Уолц, Стивен Уолт, Роберт Кохейн, Джозеф Най еңбектерінде көтеріледі.

Шиеленіс адамзат қатынастарының әмбебап құбылысы болғандықтан, көп жағдайда алдын-ала болжанбайтын, әр кезең сайын күтпеген оқиға тудыратын және жаңарып отыратын болғандықтан, оны зерттеу, талдау, реттеу біршама қиындықтар туғызады. Қақтығыс өрбуі барысында, мәні, мақсаты-мүддесі, қатысушылар санының азаюы немесе көбеюімен байланысты түрлі кезеңдерден өтеді. Төменде олар негізгі 6 кезеңге бөлініп көрсетіледі. Шиеленіс типологиясы да бірнеше түрге бөлінеді. Қатысушыларға қатысты тұлғааралық, топаралық, мемлекетаралық қақтығыстармен қатар саяси, ішкі, халықаралық-саяси, әскери, әскери емес, “ойын” қақтығыстары деп топталады.

Мемлекеттің ішкі заңымен реттелетін ішкі саяси шиеленістерден айырмашылығы халықаралық шиеленістер көп жағдайларда халықаралық құқық нормаларымен реттеліне қоймайды. Сондықтан да халықаралық қатынастарда жиі қолданылатын және тиімдірек тәсіл - саяси тәсілдер болып табылады. Қақтығыстарды реттеудің саяси тәсілдері шеңберінде дәстүрлі және институционалдық жолдары қалыптасқан. Халықаралдық шиеленістерді зерттеудің 3 негізгі бағыты бар: стратегиялық зерттеу, қақтығысты зерттеу, бейбітшілікті зерттеу. Соңғы кезде қақтығыстардың себептері мен қайнар көздері этникалық және діни мәселелер болып отыр. Көбінесе қарама-қайшылықтар экономикалық, қаржы, мемлекеттік биліктің ықпалының төмендеуіне байланысты наразылық, тұрақсыздық, әлсіз даму, кедейшілік, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық өзгерістер, яғни, елдер арасындағы кіріс алшақтығының күшеюі, урбанизацияның ұлғаюы сияқты жаһандану үрдісінің салдарынан туындайды. Шиеленіске

қатысушылар да уақыт өте келе өзгеріп отыр. Мемлекетпен қатар мемлекеттік емес акторлар шиеленістердің белсенді қатысушысы болуда.

Ғылыми әдебиеттерде "халықаралық шиеленіс" ұғымына түрлі түсініктемелер беріледі. Атақты американдық ғалым Л. Козердің көзқарасы бойынша, шиеленісс- ұжымдық акторлар арасында өз бақталастарын әлсірету, жою немесе бейтараптандыру мақсатымен билік, статус, құндылықтар, сирек ресурстар үшін тартыс. Доронина Н.И., Ахтюхина-Московченко В.И.: "Шиеленіс қарама-қайшылықтың күшеюінің ең соңғы қалпы,"- деп түсінік берді. Пайда болған қарама-қайшылықты реттеуде бір немесе екі тарап қарсы тұру стратегиясына жүгінген жағдайда қақтығыс туындайды.

Зигмунд Фрейдтің көрсеткеніндей қақтығыс - әлеуметтік қатынастардың ажырамас бөлігі. Дж. Зимель, Л. Козер және басқа да зерттеушілер шиеленістің көптеген жағымды, жасампаз қызметтері бар екенін көрсетеді. Шиеленіс қоғамдағы барлық өзгерістердің негізі болып табылады. Мемелекеттер арасындағы қатынастар қақтығыс және ынтымақтастық элементтерінен тұрады. Тарихтан тек ынтымақтастыққа негізделген қатынас мысалын табу мүмкін емес. Қазіргі халықаралық қатынастар теориясында шиеленіс құбылысына қызығушылық үлкен орын алып келді. Көптеген зерттеушілер шиеленістердің қайнар көзі неде, мемелекет қақтығыс жағдайында не істеуі керек деген сұрақтарға жауап беруге тырысып келеді. Дәстүрлі бағыттың ізбасарлары негізінен бірінші сұраққа жауап беруге ұмтылады. Классикалық реализм көзқарасы бойынша қақтығыс-мемлекеттің үстемдікке және өз ықпалын орнатуға бағытталған күресі жағдайындағы халықаралық қатынастардың табиғи элементі. Неореалистер қақтығыстың қайнар көзін зерттегенде классикалық реализмнің негізгі идеяларын құптай отырып, әлемдік халықаралық жүйе анархиялылығының салдары мен қауіпсіздік дилеммасы әрекетіне назар аударады. Неолиберилизм де шиеленісті халықаралық қатынастардың заңды элементі ретінде қарастырады. Неолибералдар халықаралық жүйенің анархиялық жағдайы және эгоистік мүдде туралы ойлармен келіседі. Олар шиеленістердің алдын алу жолы ретінде халықаралық институттардың дамуын, өзара тәуелділік және либералды демократияның таралуын көрсетеді. Бұл халықаралық істерде шиеленіс үлесінің азаюына әкеледі дейді.

Шиеленістерді зерттеудегі салыстырмалы түрде алғанда тәуелсіз бағыт 1950-жылдары қалыптасады. Ядролық қаруды иеленген ұлы державалардың ауқымды қақтығыстары шиеленістерді зерттеуде кешенді ғылыми көзқарастар жүйесінің қажеттігін көрсетеді. "Бихевиористік төңкеріс" осы мақсатты жүзеге асырды. Шиеленістің дербес теориясының жасалуы шиеленістерді қоғамдық-саяси, әлеуметтік үрдістердің салдары, шылауы емес, тәуелсіз құбылыс ретінде танылғаннан кейін басталды. Осыдан кейін жоғарыда қойылған үш сұраққа бірдей жауап берілді. Бірінші екі сұраққа қақтығыстың құрылымы мен динамикасын зерттей отырып жауап беруге мүмкін болса, үшінші сұраққа әртүрлі жауап беруге болады. Біріншіден –

қақтығысты тек қауіп деп емес, сонымен қатар белгілі мақсатқа жету мүмкіндігі деп қарастыруға болады. Мұндай жағдайда мемлекет өз мақсатына жету үшін ең оңтайлы жолды таңдап алу және бұның өзгелерге тиер кері әсерінің барынша аз болу мәселесі қойылады. Осыдан барып шиеленіс стратегиясын терең ойластыру қажеттігі туындайды. Бұндай "ыңғайлы шиеленістің" өзі реттеу концепциясы ретінде сипатталынылады.

Шиеленістердің қайнар көздері әртүрлі:

1. Этникалық себептер. Бұл этностардың өткен тарихымен, шекарасының айқын еместігі немесе белгілі шекарасының жоқтығымен, этностың тарихи отанына оралуы, этнос территориясының көрші мемлекетке күшпен қосылуы, этностың түрлі мемлкеттер арасында бөлініп кетуімен байланысты.
2. Саяси себептер:
- Мемлекеттік билік ықпалының төмендеуі;
- Жергілікті, аймақтық, мемлекеттік деңгейлердегі түрлі топтар арасындағы билік үшін күрес;
- Біртұтас мемлекет шеңберінде этностың өз саяси статусын алу үшін күрес;
- Толық (мемлекеттік) тәуелсіздік алу үшін күрес; саяси тұрақсыздық;
3. Экономикалық себептер:
- Ресурс тапшылығы (мұнай, газ ғана емес, су, азық-түлік өнімдері). Жергілікті, аймақтық, жаһандық деңгейлерде ресурстарға қол жеткізу үшін күрес;
- Басқа аймақтар мен елдерге қарағанда экономикалық артта қалушылық, кірістің төмендігі;
- Урбанизацияның қарқынмен жүруі;
- Дамымаған, артта қалған мемлекеттерде халық саны өсуінің жалғасуы;
4. Әлеуметтік-мәдени фактор:

Діни, тіл, дәстүр және басқа құндылықтардың қысым көруіне байланысты туындайтын қайшылықтар;

5. Демографиялық фактор:
- Көпұлтты мемлекетте халықтың әркелкі орналасуы;
- Белгілі этностық топтардағы халық санының жоғары өсімі;
- Өмір сүру кеңістігінің жетіспеушілігі;
6. Жаһандану.

Бірқатар ғалымдардың пікірі бойынша, соңғы кезде шиеленістердің сан және сапа жағынан бірдей өзгеріске ұшырай отырып, күшейіп кетуі – өзге әлемнің батыстың баламасыз либералді демократиясының астамшыл саясатына, еш шектеусіз нарық экспанциясына, батыс құндылықтарының таралуына берген жауабы болып табылады. Жаһандану мәдени әртүрлілікті жоя отырып этницизмнің өсуі, "ұқсас" шиеленістер легінің пайда болуына әкелді.

Шиеленістердің типологиясы оларды бірнеше түрлерге топтайды: тұлға, топтар, мемлекеттер арасындағы қақтығыстар мәніне сәйкес тұлғааралық, топаралық, халықаралық (мемлекеттер аралық) болып қарастырылады. Жалпы мемлекет шеңберінде болуына немесе одан тысқары

шығып кетуіне байланысты шиеленістер сыртқы және ішкі болып, үлкен екі топқа бөлінелі. Сыртқы шиеленістер ішінде кеңінен таралғандары – территориялық, дипломатиялық даулар, экономикалық қайшылықтар. Бұлар қарулы қақтығыс, соғыс немесе дипломатиялық демарш, экономикалық санкция сипатын алуы мүмкін. Халықаралық қатынастар ғылымында саяси, ішкі, халықаралық – саяси, әскери, әскери емес, «ойын» қақтығысы сияқты типтерді зерттеу аса маңызды.

Шиеленіс саяси, халықаралық жүйелердің өміршеңдігін, олардың заман талабына сай дер кезінде өзгере алу мүкіндігін қадағалайтын бақылаушы қызметін атқарады. Ол жүйеде ақау барын көрсететін белгі іспеттес; егер жүйе бұндай белгі түскен кезде оның байыбына бармай, тұншықтырып, басып-жаншыса, кейін іргесін шайқалтып, жалмап алардай екпіні бар құбылыспен бетпе-бет келуі ғажап емес.

«Шиеленіс» ұғымы көп жағдайда «дағдарыс» ұғымына синоним ретінде қарастырылады. Алайда, халықаралық шиеленіс пен дағдарыстың арақатынасы – бүтін мен бөлшектертің арақатынасы сияқты. Халықаралық дағдарыс қақтығыстың мүмкін боларлық тек бір кезеңі ғана. Дағдарыс ішкі және сыртқы саяи қауіпсіздік саласындағы мәселелердің ұшығуын ғана білдірмейді. Сонымен қатар ол адам әрекетінен туындайтын табиғи апатты, гуманитарлық мәселелерді, экономикалық қиыншылықтардды қамтиды. Мұндай дағдарыс түрлері халықаралық қатынастар сферасына кіргенмен, міндетті түрде қақтығысқа әкеліп соқтырмайды. Басқаша қарастырсақ «дағдарыс» және «шиеленіс» ұғымдары бір-бірінен алшақ. Мысалы, планетаның азон қабатының азаюы немесе жердегі климаттың жыли түсуі дағдарысқа әкеледі. Алайда, бұл шиеленіс тудырмайды, керісінше, осы құбылыстардың кері салдарының алдын алу шараларын қарастыру мақсатында халықаралық ынтымақтастыққа ықпал етеді. М.Лебедева дағдарысты шиеленісті қатынастардың күрт жоғарылауы, шиеленістің ұшығу сатысы деп түсіндіреді. Яғни, жағдай кері бағытта да дамуы мүмкін, шиеленістің ұшығуынан дағдарыс туындайды. «Агрессияшылдық адамға тән қасиеттердің бірі. Тек белгілі экономикалық, мәдени, білім деңгейіне қол жеткізгеннен кейін ғана адамдар тынышталады. Жердегі халық санының өсуінің 95%-і әлемнің кедей елдерінің үлесіне келеді. Мұнда соғыс бола ма деген сұрақ емес (соғыстар көп болады), ол қалай болады, кім кіммен соғысады деген сұрақтар туындайды, -» деп жазады М. Каплан.

Халықаралық-саяси ғылымда дағдарыс актордың мақсат-мүддесіне, бірінші кезектен құндылықтарына қауіп төндіретін ұлттық немесе халықаралық жағдай деп түсіндіріледі.

Дағдарыстың басты мәселесі – шешім қабылдау. Сондықтан дағдарыс-қатардағы оқиғалардан ажыратылатын жағдай ғана емес, сонымен қатар, қауіпсіздік мақсатында шешім қабылдаушы тұлғалардың оқиғаны ұлттық және халықаралық институттар арқылы алдын-алу шараларын жүргізуді қажет етеді.

Осылайша “шиеленіс, дағдарыс” элементтерінің байланысын келесі айырмашылықтар арқылы сипаттауға болады:

Біріншіден, дағдарыс уақыт факторына байланысты. Дағдарыс кезіндегі оқиға тез дамиды, ал институттар мен саясаткерлер бұл жағдайға дайын емес;

Екіншіден, дағдарыстың маңызды сипаты қарқындылық, тығыздық, нәтижесінде оның мәнін тез арада түсіну қиындық туғызады;

Үшіншіден, дағдарысты қабылдау да маңызды, яғни, шешім қабылдаушы тұлғалардың, саяси топтардың, халықтың оны қабылдауы шешуші факторға айналады. Дағдарыстың барлық уақытта субъективті жағы бар.

Дағдарыс кезеңін былай қойғанда, халықаралық шиеленістің дамуын бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Шиеленіс процесінде оның субъектілері, негіз болып отырған қарама-қайшылық сипаты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Шиеленіс дамуының кезеңдері – абстрактілі схема емес, шынайы анықталған нақты қалып. Белгілі бір қақтығыстың мәні, мазмұны, түрі, қатысушылардың мақсат-мүдделері, қолданған құралдары, қатысушылар санының азаюы немесе көбеюімен байланысты халықаралық қақтығыс түрлі кезеңдерден өтуі мүмкін.

Бірінші кезең – белгілі объективті және субъективті қарама-қайшылық негізінде қалыптасқан саяси қатынастар және осыған сәйкес экономикалық, идеологиялық, халықаралық-құқықтық, дипломатиялық, әскери-стратегиялық қарама-қайшылықтар;

Екінші кезең – қақтығыс тараптарының өз мүдделерін, мақсаттарын, стратегияларын, өз мүмкіндіктерін ескере отырып, қарама-қайшылықты шешу жолын таңдап алуы, бейбіт немесе әскери құралдарды қолдану жөнінде шешімге келуі, жалпы ішкі және халықаралық жағдайды бағалауы;

Үшінші кезең – тараптардың кең ауқымды экономикалық, саяси, идеологиялық, психологиялық, моральдық, дипломатиялық, құқықтық, тіпті әскери құралдарды қолдануы, басқа мемлекеттерді күреске қатыстыруы;

Төртінші кезең – шиеленісстің халықаралық саяси дағдарыс деңгейіне көтерілуі. Тікелей қатысушылармен қатар осы аймақтағы мемлекеттер, аймақтар тартылып, бір немесе бірнеше тараптардың әскери күш қолдануына әкелетін әлемдік дағдарысқа айналуы мүмкін.

Бесінші кезең – шектеулі қақтығыстан қазіргі заманғы қару-жарақты пайдаланатын және бір немесе екі тараппен бірге одақтастардың тартылуын қамтамасыз ететін жоғарғы дейгейдегі қарулы қақтығысқа дейінгі кезең.

Алтыншы кезең – реттеу кезеңі, қарқындылық деңгейінің төмендеуі, дипломатиялық құралдардың белсенді тартылуы, екіжақты ымыраға келтіруді іздеу. Қақтығысты реттеу бір немесе барлық қатысушылардың күш салуы, “үшінші” жақ тарапынан қысым көрсету нәтижесі болуы мүмкін. “Үшінші” жақ ретінде ірі держава, халықаралық ұйымдар немесе Біріккен Ұлттар Ұйымы сияқты жаһандық ұйым болуы мүмкін.

Кей ғалымдар қақтығысты географияық орналасуына қарай алты аймақтық түрге бөледі:

1. Батыс Еуропалық шиеленістер (Солтүстік Ирландия, Баск елі, Каталония; Корсика, Фландрия, Валлония, Фарер аралдары; Солтүстік Кипр) этноконфессионалдық және әлеуметтік-экономикалық

факторлармен сипатталады. Батыс Еуропадағы қақтығыстарды бастаушылардың мақсаты – тәуелсіз мемлекет құру емес, сол мемлекет шекарасы шеңберінде барынша ұлттық-мәдени, экономикалық және саяси автономияға қол жеткізу болып табылады. Өзінің кіші отанын біртұтас Еуропаның бөлігі ретінде түсінеді.

2. Шығыс Еуропалық (Чечня, Дағыстан, Қырым, Косово, Македония, Сербия және Босния, Трансильвания) Шығыс және Орталық Еуропаның бұрынғы социалистік елдерін қамтиды. Қақтығыстың батыс-еуропалық түрінен айырмашылығы – автономия емес, толық тәуелсіздік алуға ұмтылыс. Қақтығыстың түп-тамыры бұрынғы тарихи кезеңдерде жатыр. Мысалы, Босния мен Герцеговиниядағы православиялық сербтер мен славян-мұсылмандар арасындағы қақтығыс сонау XV-XIX ғасырларда пайда болса, татарлардың өз мемлекеттілігін құруға ұмтылуы XVI ғасырдың ортасында Қазан хандығының өмір сүруі тоқтатылған кезден басталады. Шығыс Еуропада мемлекеттік атрибуттарының барлығына ие, алайда мемлекет ретінде танылмаған бірнеше мемлекеттер бар болғандықтан, онда шиеленістердің пайда болу мүмкіндігі жоғары. Шығыс Еуропадағы қақтығыс ошақтары жоғары белсенділікпен ерекшеленеді. Бұл көбінесе бейбіт халық пен әскерилердің көптеп құрбан болуына әкеледі. Бұған мысал ретінде Кавказ бен бұрынғы Югославиядағы қақтығыстарды келтіруге болады. Шығыс Еуропадағы қақтығыстар Біріккен Ұлттар Ұйымы, НАТО, Евроодақ, Ресей тараптарының араласуы арқылы тоқтатылды.
3. Таяу Шығыстағы (исламдық) шиеленістер - Күрдістан, Таулы Бадахшан, Пәкістан провинциясы Белуджистан, Оңтүстік Йемен, Бангладештегі Читагонг облысы, Ауғаныстан, Оңтүстік Алжирде көрініс табады. Бұл территорияларда өз араларында діни келіспеушілік болғанымен (мысалы, шиизм мен суннизмнің жолын ұстаушылар арасында), жалпы діннің ролі өте күшті. Бұл қақтығыс түріне тән қасиет – шиеленіске қатысушы жақтардың барлығы біртұтас исламдық өркениетке жатады.
4. Азиялық шиеленістер - Мысалы, Үндістан штаттары – Джамма мен Кашмир, Пенджаб, Наголенд, Ассамдағы, Солтүстік Шри-Ланка, Оңтүстік Филиппин, Шығыс Тимор және Ирман-Джая (Индонезия), Қытайдағы Тибет пен Синьцзянь (Ұйғырстан) шиеленістер. Бұл аймақ мемлекеттерінің көбінде экономикалық-әлеуметтік мәселелер ушығып кеткен. Үндістан, Шри-Ланка сияқты жан басына шаққандағы табысы аз мемлекеттерде қақтығыс болу мүмкіндігі өте жоғары. Қақтығыстың бұл түрі құрбандардың, соның ішінде бейбіт халықтың көптеп қырылуымен ерекшеленеді. Халықаралық ұйымдардың мәліметтері бойынша Джамма мен Кашмирде қақтығыс кезінде 37 мыңнан адам, Щри-Ланкада 32 мыңнан астам, Оңтүстік Филиппинде 21-25 мыңға дейін, Индонзияда 15 мың адам қаза болған.
5. Африкалық шиеленістер. Мысалы: Оңтүстік Судан, Анголадағы Кабинда провинциясы, Солтүстік Сомали, Комор аралдары, Оңтүстік

Африка Республикасындағы Квазу-Наталь провинциясы, Руанда және Бурундидағы шиеленістер. Шиеленістердің азиялық түріне ұқсас болғанмен, ұйымдастырылу белсенділігі төмен. Бұл факт көптеген африкалық этностардың әлі де дамудың тайпалық кезеңінде екендігімен түсіндіріледі.

6. Американдық шиеленістер. Мысалы: Канада провинциясы Квебек, Мексика штаты Чьяпас, Гренландия (Дания), Невис аралына қатысты. Бұрын бұл құрылықта шиеленістер көптеп таралған болатын. Осы себептен 1830 жылы Ұлы Колумбия және 1830-1839 жылдары Орталық Американың Біріккен провинциалары ыдырады, 1828 жылы Аргентина құрамынан Уругвайдың және 1803 жылы Колумбиядан Панаманың бөлінуі орын алды. Қазіргі таңда Америка аймағы қақтығыс аз орын алатын аймақ болып отыр.

Осылайша шиеленіс мемлекетаралық құбылыс деңгейінен мемлекет ішіндегі құбылысқа айналуда. Олар халық тығыз орналасқан, жоғары урбандалған және артта қалған аймақтарда болып отыр. Сонымен қатар шиеленістер созылмалы сипат алып, олардың басталу нүктесі мен толық аяқталуын анықтау қиындап барады. Мұндай айқын еместік қақтығыс нәтижесінде де орын алып отыр. Әдеттегі мемлекетаралық соғыстармен салыстырғанда қазіргі заманғы шиеленістерде кімнің ұтып, кімнің ұтылғанын анықтау күрделеніп кетті. Сонымен бірге, қақтығысқа қатысушылар да өзгеріске ұшырап отыр. Бұрын шиеленісуші жақтар мемлекеттер болса, қазіргі кезеңде қақтығыстың бір жағында мемлекет тұрса екінші жағында экстремистік діни ағымдар, қылмыстық топтар, террористік ұйымдар болады. Сөйтіп, шиеленістер мемлекетаралық құбылыстан мемлекет ішіндегі құбылысқа айлануда. Бүгінде сол мемлекет ішіндегі шиеленістер тез арада халықаралық деңгейге көтеріліп кететін болып отыр, өйткені жаһандану заманындағы тығыз өзара байланылыстылық олардың әсерін өзгелерге еш кедергісіз, жылдам жеткізеді.

Халықаралық шиеленістерді зерттеудің 3 негізгі бағыты бар: “стратегиялық зерттеу”, “қақтығысты зерттеу”, “бейбітшілікті зерттеу”.

Стратегиялық зерттеу халықаралық шиеленістерді сараптауда ұлттық мүдде мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және соғыс болған жағдайда жеңіске жету үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Мұндай зерттеу саяси реализмге, яғни мемлекеторталық және күш парадигмаларына негізделеді. Канада зерттеушісі А. Лего: “Стратегияның басты мәні саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін күш қолдануында”,- деп атап көрсетеді. Көптеген стратегиялық зерттеушілер халықаралық шиеленістерді мемлекеттердің қарулы қақтығысы деп қарайды. Бұл көзқарас бойынша, шиеленіс тараптардың біреуі қарама-қайшылықтарды әскери тұрғыда қарастырғаннан кейін басталады. Алайда “үлкен стратегия” әскери стратегиядан ажыратылады. Себебі, оның мақсаты тек әскери амал іздеу емес, пайдалы стратегиялық жағдайға қол жеткізу. Америка ғалымы Дж. М. Коллинз “үлкен стратегияға” “ұлттық қауіпсіздік мақсат-мүдделерін қамтамасыз ету үшін қарсылас жаққа дипломатия арқылы қулық, жанама

қысым көрсету, қауіп төндіру, күш қолдану жолымен ықпал ету, ұлттық қуат элементтерін қолдану өнері, ғылымы”- деген анықтама береді.

Стратегиялық зерттеудің мақсаты – шиеленіс кезінде мемлекет не істеуі керек, қарсыласына ықпал ету үшін, оны басқару үшін және оны өз еркіне бағындыру үшін не істеуі керек екенін анықтау. Батыста стратегиялық зерттеу халықаралық қатынастар теориясында жетекші орын алады. АҚШ-та осындай зерттеу жүргізу үшін мыңнан аса институттар құрылған. Стратегиялық зерттеудің басты мәселелерінің бірі – соғыс мәселесі, оның себептері, мемлекетке, аймаққа, халықаралық жүйеге тигізер салдары. Бұрын соғыс саяси мақсатқа жету үшін қолданылатын “қалыпты” құрал ретінде қарастырылса, ядролық қару қуаты бұл көзқарасты өзгертті. Сондықтан басты екпін ядролық қарудың әскери емес, саяси аспектілеріне, қарулы қақтығыс стратегиясына емес, қарсыласты қорқыту стратегиясына жасалады.

Шиеленісті зерттеу. Бұл бағыттағы орталық мәселелер – халықаралық қақтығыс түрлерінің бөлінуі және олардың шығу тегін анықтау. Халықаралық қақтығыстың шығу тегіне қатысты екі түрлі көзқарас бар: 1. халықаралық жүйе құрылымына қатысты себептер; 2. мемлекетаралық қатынастар жүйесінің ішкі ортасынан шығатын себептер. И. Галтунг “Агрессияның құрылымдық теориясын” ұсына отырып, халықаралық қақтығыстың себебі – мемлекеттің халықаралық жүйеде қандай орын алатынын анықтауға мүмкіндік беретін критерийлердің теңсіздігі”,-деп түсіндіреді. Мысалы, бір критерийге сәйкес мемлекет халықаралық жүйеде жоғарғы орында тұруы мүмкін. Басқа критерий бойынша, мемлекет төменгі жағдайда болуы мүмкін. Мысалы, экономикасы жоғары дамыған ГФР-ның дипломатиялық мүмкіндіктері шектеулі. Қарастырылған мәселеге ұқсас көзқарасты американдық зерттеушісі Органски да ұстанады. Қақтығыс себебін талдағанда ол саяси тепе-теңдік (күш балансы) теориясына сүйене отырып, халықаралық жүйеде құрылымдық тепе-теңдіктің бұзылуы басбұзар мемлекеттердің пайда болуымен байланысты дейді. Оладың өсіп келе жатқан қуаты әлемде жетекші орын алатын күшті державаның қуатына жақындайды, бірақ олардың саяси деңгейінен едәуір артта қалады.

Халықаралық шиеленістердің шығу тегін зерттеуде “құрылымдық” бағыттың тағы бір түрі К. Уолц ұсынған сараптаудың үш деңгейін (индивид деңгейі, мемлекет деңгейі, халықаралық жүйе деңгейі) біріктіруге тырысу болып табылады. Сараптаудың бірінші деңгейінде адам табиғатын, оның психологиясын, ең алдымен, мемлекеттік қайраткерлердің психологиялық кейпін зерттеу қолға алынады. Екінші деңгейде мемлекеттің геосаяси жағдайына байланысты детерминанттар мен факторлар қарастырылады. Сонымен қатар, осы мемлекеттегі саяси режим мен әлеуметтік-экономикалық құрылымдарға талдау жасалынады. Үшінші деңгейде халықаралық жүйенің “полярлық”, “күш арақатынасы конфигурациясы” және басқа да құрылымдық белгілері қарастырылады.

Ф. Брайар мен М. Р. Джалили табиғаты, қатысушылардың мотивтері мен көлеміне қарай халықаралық шиеленістерді үш топқа бөледі. Бірінші топқа классикалық мемлекетаралық шиеленістер, түбінде бірлесуге бағытталған

мемлекетаралық қақтығыстар, ұлт-азаттық соғыстар кіреді. Екінші топқа территориялық және территориялық емес шиеленістер жатады. Территориялық емес шиеленістер әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық себептерден, тіпті билікке ұмтылудан да туындауы мүмкін. Үшінші топқа қақтығыстың аумағына байланысты әлемдік, аймақтық, субаймақтық және шектеулі қақтығыстар деп аталатын шиеленістер жатады.

Бейбітшілікті зерттеу халықаралық шиеленістерді реттеу жолын іздеумен тікелей байланысты. Бұл мәселені зерттеуде 3 негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады. Олардың біріншісі англосаксон мектебімен- "Conflict Resolution"- байланысты, екіншісі "Peace Researche" ("Бейбітшілікті зерттеу") деп аталатын еуропалық ағымға негізделсе, үшіншісі халықаралық келіссөздер үрдісіне екпін жасайды.

Бірінші бағытты ұстанушылар шиеленістерді реттеу механизмі мен бақылау, қарсы тұрудан ынтымақтастыққа өту жолын іздеу мәселелерін талдауға ерекше назар аударады. Бұнда кеңінен тараған идеялардың бірі - шиеленіс қоғамдық өмірдің барлық салаларына тән әмбебап құбылыс болып табылады. Сондықтан оларды мүлде жойып жіберу мүмкін емес. Олай болса шиеленістерді бақылаудан шығармауға, қатысушы жақтардың барлығының пайдасын көздейтін басқару механизмін жасауға мүмкіндік беретін ғылыми сараптама туралы айту керек. Осы көзқарас бойынша әлеуметтік қақтығысты шешудің төрт тәсілі бар: 1) барлық тараптардың пікірі сәйкес келу нәтижесінде жасалған келісім; 2) сыртқы күштің заңды және моральдық еркіне сай жасалған келісім; 3) қақтығыс тараптарының біреуіне ғана таңылған келісім; 4) қақтығыстың өзектілігінің жойылып, өзі-өзінен шешілуі.

Халықаралық шиеленістерді шешудің бейбіт жолдарын қарастыруда Ослода шығатын "Journal of Peace Researche" басылымының орны бөлек. Онда бейбітшілік тек соғыстың жоқтығы емес, мемлекеттер арасындағы қатынастардың әділеттілігі және заңдылығы деп көрсетеді. Й. Галтунг: "Бейбітшілік – тек тікелей күш көрсетудің жоқтығы емес, сонымен қатар кез келген күш көрсетудің жоқтығы", -деп есептейді.

1972-1973 жылдары Бейбітшілікті зерттеу қоғамының президенті болып шиеленістерді зерттеудегі бихевиористік ағымның көрнекті өкілі Дэвид Сингер сайланады. 1974 жылдан бастап ол қақтығыс пен бейбітшілікті зерттеу жөніндегі комитетті басқарады. Шиеленістерді реттеуге байланысты европалық және американдық көзқарастардың тоғысатын жері шиеленістерді реттеудің маңызды құралы келіссөздер деп санау. Халықаралық келіссөздер жұмысына бір-біріне қарама-қайшы екі беталыс ықпал етеді: 1. Бейбітшілік мәселесінің қаралуы (Peace Researche). 2. "Күш ыңғайы" идеясы. Біріншісінің мәні келіссөздер халықаралық қақтығысты реттеп, бейбітшілікке жеткізетін құрал деп санау болса, екіншісі келіссөздерден жеңіске жетудің тиімді жолдарын іздестіруге ұмтылады. Алайда қырғиқабақ соғыстың аяқталу кезеңінде келіссөздер саласында жаңа беталыстар пайда болды:

1. Халықаралық келіссөздер мемлекеттердің өзара әрекеттесуінің негізгі түрі және олар әлемдік саясатта әскери фактордың ролінің азаюына белсенді ықпал етеді.
2. Келіссөздердің көлемі мен саны өсуде. Олардың объектісі халықаралық өзара әрекеттесудің барлық жаңа салаларын (экология, әлеуметтік-саяси үрдістер, ғылыми-техника ынтымақтастық т. б.) қамтуда.
3. Халықаралық ұйымдардың келіссөздердегі ролі артып келеді.
4. Келіссөз саласына дипломатиялық тәжірибесі жоқ болғанмен, тар және күрделі салаларда біліктілігі жоғары мамандар көптеп тартылуда (мысалы, аймақ бойынша мамандар).
5. Келіссөзді басқару процесін түбірімен қайта қарау қажеттілігі туындауда: мемлекет басшылары үшін аса маңызды мәселелерді іріктеп алу, жұмысшы топтар деңгейлерінің құзіретін анықтау, дипломатиялық қызмет органдарының координация жасаудағы ролін арттыру.
6. Қазіргі таңда келіссөз халықаралық қатынастарды реттеудің әмбебап, тұрақты құралына айналып отыр. Сондықтан, "келіссөз стратегиясын" қайта қарастыру қажеттілігі туындайды.

Халықаралық шиеленістердің ішкі саяси қақтығыстардан айырмашылығы ішкі саяси қақтығыс сол мемлекеттің заңы негізінде шешілсе, қалықаралық қақтығыс көп жағдайда халықаралық құқық нормаларымен шешіле алмайды. Сондықтан халықаралық қатынастарда шиеленістерді реттеу үшін көбінесе саяси әдіс-тәсілдер қолданылады. Саяси әдіс шеңберінде қақтығыс реттеуде дәстүрлі және институттық тәсілдер бөлініп, көрсетіледі.

Дәстүрлі тәсіл. Бұл шиеленісті реттеудің кеңінен тараған және халықаралық қатынастарда ежелден белгілі тәсілі - тараптарды бітістіру мақсатында үшінші жақтың бітімгершілік қызметі немесе араласуы арқылы келіссөз жүргізуі болып табылады. Дәстүрлі тәсіл бойынша барлық реттеу процедураларына тән нәрсе – реттеудің қандай кезеңінде болмасын шиеленіске қатысушы жақтардың бітімге келуге деген тілегінің болу міндеті. Мұндағы ең басты нәрсе – мемлекеттік егемендік және еріктілік принциптері. Яғни, мемлекет арасындағы қақтығыс мәжбүрлеу, күштеу жолымен шешілмеуі керек. Бүгінде дәстүрлі әдістің мүмкіндіктері шектеулі болып отыр.

Институционалдық тәсіл. Әмбебап үкіметаралық ұйымдардың (Ұлттар Лигасы, Біріккен Ұлттар Ұйымы) пайда болуы және дамуы мемлекеттер арасындағы қақтығыс реттеуде екі бағытты көрсетіп берді. Біріншіден, Ұлттық Лигасы, кейін БҰҰ мүшелеріне реттеудің тек бейбіт құралдарын қолдану міндеті жүктелді. БҰҰ-н Жарғысына сәйкес қақтығысушы тараптар алдымен дәстүрлі әдістердің біреуіне немесе реттеу механизміне жүгінуі қажет. Ал өз кезегінде Қауіпсіздік Кеңесі реттеудің кез-келген тәсілін ұсына және қолдана алады. Екіншіден, институционалдық механизмдерді қолдану оларға соған сәйкес сипат береді. Мұнда

қарсыластарды татуластыруға “үшінші жақ” емес, үкіметаралық ұйым ат салысады. Олар сараптау және бақылау комиссияларын жіберуі, өз қызметін ұсынуы, делдал тағайындауы немесе татуластыру қызметін өз мойнына алуы мүмкін. Мысалы, 1948-1949 жылдардағы Палестина мәселесі Бас Ассамблея тағайындаған ресми делдал арқылы шешілді.

Жаңа буын шиеленістерін реттеу механизмдері. Шиеленіс себебі, қатысушылары, сипаты өзгеруімен қатар, реттеу механизмі де өзгеріске ұшырап отырады. Олардың құрылымы күрделеніп, иеарархиясы орын алмастырады. Мысалы, халықаралық қатынастарда мемлекет ролінің төмендеуіне сәйкес қақтығысты реттеудің дипломатиялық тәсілінің тиімділігі азайды. Қазіргі шиеленістердің сипатының өзгеруіне байланысты оларды реттеудегі экономикалық механизмдердің ролі артты. Шиеленісті реттеу механизмдерінің ішінде гуманитарлық операциялардың маңызы артып отыр. Халықаралық қатынастар және саясат теориясында бұл ұғым әлі толық анықталмаған. Олар адам құқығы мен бостандықтарын, мерейін қорғау мақсатында жүргізілгенмен, көп жағдайда шиеленістерді реттеу мотиві ретінде қызмет етіп, саяси қысым жасаудың құралы ретінде жүзеге асырылады. Шиеленістерді реттеуде ақпараттық элементтің ролі өсуде. Жер шарының қандай түкпірінде болмасын шиеленіс, соғыс кезіндегі оқиғаларды мемлекет басшылары мен қоғам видеоклиптер арқылы қабылдайды. Жаңа буын шиеленістерін реттеудегі құқықтық элемент соңғы кезде күрделі мәселемен бетпе-бет келіп отыр: БҰҰ мен оның Қауіпсіздік Кеңесінің ролінің төмендеуі, НАТО-ның жаңа доктринасы мен іс-қимылында халықаралық нормалардың аяққа тапталуы, халықаралық заң нормаларының жасалуы дүние жүзіндегі оқиғаларға ілесе алмай, кейіндеп қалуы. Әскери элементтің реттеушілік ролі әлі күнге дейін тағынан таяр емес. Мамандар осы бағыттағы әскери іс-қимылдардың төрт түрін бөліп көрсетеді: 1.Әскери операцияларға қатысу. Бұл қару-жарақты бақылау туралы келісімді қолдау, әлемдік мұхитта кеме жүзу еркіндігін қамтамасыз ету мәселелерімен, бейбітшілік орнату опереция ларын жүргізумен байланысты. 2. Жергілікті азаматтық әкімшілікке көмек көрсету сол жердегі тәртіп пен тыныштықты, шекара қауіпсіздігін, инфрастуктураның материалдық-техникалдық бүтіндігін қамтамасыз етуден, наркобизнес пен терроризммен күресті қолдаудан көрінеді. 3. Гуманитарлық көмек – босқындарға көмек, үкіметтік емес ұйымдарға (мысалы: “Врачей без границ”) қолдау көрсету, табиғи апат кезінде жергілікті халыққа гуманитарлық көмек көрсету. 4. Біржақты әскери операциялар жүргізу – бейбіт халықты эвакуациялауға, күшпен ұсталынып отырған адамдарды құтқару бойынша қимылдарды қамтиды.

Соңғы жылдары саяси тәжірибеде “бейбітшілік орнату” операцияларының маңызы артып отыр. Олар:

1. Бейбіт келісімге қол жеткізу мақсатында қақтығыс тараптары арасында келіссөз жүргізу, делдалдық жасаудан көрініс табатын дипломатиялық іс-қимылдар.

2. Бейбітшілікті қолдау – қол жеткізген келісімді орындау мақсатында тараптардың келісіммен жүзеге асырылатын әскери емес сипаттағы операциялар.
3. Бейбітшіліке күшпен көндіру – соғысушы тараптарды тікелей күш қолдану немесе соның қаупі арқылы ымыраға келтіру.
4. Бейбітшілік орнату - әскери қимылдар аяқталғаннан кейін қақтығыс аймағында саяси тұрақтылық пен экономиканы қайта қалпына келтіруге бағытталған әрекеттер.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ішкі саяси шиеленістер мен халықаралық шиеленістердің мәні неде?
2. Дәстүрлі шиеленістер мен жаңа буын шиеленістері арасындағы айырмашылықтарды көрсетіп беріңіз.
3. Неге бүгінде шиеленістерді реттеу қиындап отыр?
4. Қазіргі заманда орын алып отырған шиеленістердің бірін мысалға ала отырып, оның қатысушыларын, шығу себебін, мәнін, кезеңдерін, реттелу жағдайларын сараптап беріңіз.

Әдебиеттер:

1. Цыганков П.А. Теория международных отношений.- М., 2002
2. Поликовская А. В. Межрегиональные конфликты и проблемы уголовного права. // Вестник Московского университета. Серия II. 1995 №6, с76-82
3. Введение в теорию международных отношений и анализ внешней политики. Ломагин Н. А., Кузнецов В.Е., Лисовский А.Ю. – Учебное пособие. – Санкт-Петербург, 2001.
4.Фельдман Д.М. Конфликты в мировой политике.- Москва, 1997.
5.Лебедева М.М. Политические урегулирование конфликтов: Подходы, решение, технологии. - М., АспектПресс, 1999.
6. Аснер. П. Насилие и мир от атомной бомбы до этнической чистки.- Книгоиздательство “Всемирное слово”- Санкт-Петербург, 1999.
7. Сотрудничество и конфликты в международных отношениях. Сборник учебных материалов. Под ред. С.Ф. Сутырина. И Н.А. Ломагина. – Санкт-Петербург, 2001.

Жеке тұлғалардың халықаралық қатынастардағы ролі мен орны

Сыртқы саяси шешім қабылдау үрдісі мен жеке тұлғаның шешім қабылдау үрдісінің ерекшеліктері.
Тұлғаны сараптауға қатысты ғылыми көзқарастар.

Қазіргі таңда тарих тек «ұлы адамдар мен патшалардың» іс-әрекеттерімен анықталады деген ұғым біршама ескірген болса да ұлы

тұлғалардың, әсіресе, ел басқарып отырған президенттің мемлекетінің сыртқы саясатына тигізіп отырған ықпалын ескермеу мүмкін емес. Бұған тарих тәжіребиесі куә. Әрбір тарихи кезеңді оны басқарып отырған тұлғамен етенелестіру беталысы қалыптасқан. Мәселен, сталиндік кезең «сталинизм» деп аталса, «тэтчеризм», «рэйганомиканың» және т.с.с. түбірі жеке тұлғалардың өмірі мен қызметінде жатыр.

Қазіргі заманда халықаралық қатынастар теориясында түйінді болып отырған мәселелердің бірі – саяси шешімдердің қабылдануы, яғни, белгілі бір мәселе бойынша қандай саясат жүргізілетіндігінің анықталуы. Халықаралық оқиғалардың шығуының, өрбуінің адамнан, оның санасынан тыс обьективті себептері бар екендігі мәлім. Мысалы, соғыс қарсаңында оған алып келуі мүмкін жағдай қалыптасады. Бірақ оған қарамастан соғыстың басталмауы да мүмкін. Қауіпті жағдай уақыт өтісімен өзінен- өзі сейіліп те кетеді. Дегенмен бұл жерде соңғы сөз жеке адамдардың, әсіресе, ел басшыларының, аса беделді тұлғалардың еншісінде екендігін мойындау керек.

Сыртқы саясатты жасаушылар - жетекші тұлғалар. Олар – президенттер, үкімет басшылары, монархтар, маңызды министрліктер мен ұжымдардың басшылары, беделді шенеуніктер, саяси партиялардың, ұйымдардың жетекшілері және т. б.. Ағылшын тілінде олардың бәрін ұтымды түрде біріктіретін -policemakes –деген сөз бар /саясатты жасаушылар деген бұл сөз ішкі және сыртқы саясатты жасаушылардың барлығына қатысты. Аталған тұлғалар сыртқы саясатты қалай жасайды? Сыртқы саяси шешім қабылдау үрдісіне тікелей және жанама түрде қатысу арқылы. Өйткені жеке мемлекеттің саяси шешім қабылдау үрдісі мен оның нәтижесі сол жеке тұлғалардың шешім қабылдау үрдістерінің араласып, біте-қайнасын барып, қорытылуы болып табылады. Яғни:

ССШҚҮ (мемлекет)=ССШҚҮ (1)+ССШҚҮ (2)+ССШҚҮ (3)+ т.с.с.

Әрбір тұлға шешім қабылдау үрдісіне өзінің жеке шешім қабылдау үрдісінің ерекшеліктерімен келеді. Жеке тұлғаның шешім қабылдау ерекшелігі оның дүниетанымының, психологиялық, мінез-құлықтық қасиеттерінен құралады. Сондықтан қазіргі кезде ғылымда шешім қабылдаушылардың жеке басының қасиеттеріне сараптама жасауға көп мән беріліп отыр. Сараптамалық тәсілдердің ішінде дәстүрлі болып қалғаны-психотарих. Ол З.Фрейдтің “психоанализіне” негізделген. Бұл тәсіл бойынша жеке тұлғаның өмірлік тәжіребиесіне үлкен мән беріледі. Өскен ортасы, балалық шағы, білім алған орындары, дос-жарандары адамның бірегей тұлға ретінде қалыптасуына шешуші әсер етеді. Балалық шағында көргені оның санасы мен психологиясында, мінез-құлқында тайға таңба басқандай із қалдырады. Бала кезінде қолы жетпеген, сусыны қанбаған дүниелер адамның ересек кезіндегі ұмтылыстарының, іс-әрекетінің қайнар көздері болады. Қарапайым мысал, егер адам бала кезінде жоқшылық көрсе, есейгенде соның орнын толтыру үшін ашкөздік, дүниеқұмарлық танытады деп күтуге болады.

Өкінішке орай, жеке тұлғаны жіктеуде саяси психологтар көбіне «өлшем» үрдісіне келгенде қиындыққа тап болады. Өйткені, президенттер

секілді субъектілерді клиникалық зерттеуге мүмкіндік жоқ. Ал бұл тұлғаға берілген бағаның кең ауқымда түсінілуіне жол ашады. Президенттердің жеке басын зерттеудегі жаңа тәсіл екі мәліметтік негізге сүйенеді, олар: тарихти мәліметтерді сараптау- case study және президенттердің сөйлеген сөздері, афоризмдері т.б. сақталған архивтік материалдар талдау. Біріншісі зерттеліп отырған субъектінің мінезін-құлқын біршама ашады, алайда бұл зерттеу толығымен объективті бола алмайды. Өйткені ол зерттеушінің субъективті таңдауымен ұласады. Екінішісі егер архивтік құжаттарды кім жазғандығы күмәнді болса, оларды тым қатал сараптауға жол беріледі.

Жетекші жеке тұлғаға берілетін баға оның атқарып отырған қызметімен байланысты болғанда ғана пайдалы. А.Гринстайнның ойы бойынша, саяси тұлғаны зерттегенде қоршаған ортаға, айналасында қалыптасқан жағдайға көп көңіл бөлу керек. Саяси тұлғаларды сараптаудың ұтымды тәсілін американдық ғалым Р. Саймонт ұсынды. Ол “Gough Adjective Check List”-ті пайдаланып, 39 американдық президенттерді 14 мінездік түрге бөлген

М.Ерманн тұлғаның бірегейлігін сипаттайтын екі ауыспалыны (переменные) тапты, олар: «қоршаған ортаға сезімталдығы» мен «сыртқы саясатқа құмарлық» - бұл саяси жетекшілердің сыртқы саяси әрекеттерімен тікелей байланысты. Осының негізінде «сезімтал» жєне «құмар» тұлғалардың өзінің сыртқы саясатын жүргізуде көбінесе одақтастарды іздеп, қолпаштауды керек ететін икемді саясатты ұстануы түсіндіріледі. Керісінше, сезімталдық пен құмарлыққа тым әуес еместері әдетте «жаугер, өркөкірек және икемсіз» сыртқы саяси мінез-құлыққа ие. Сонымен қатар, тұлғадағы билік мотивациясының жоғарғы көрсеткішінің бар болуы оның мемлекетаралық шиеленістерге, қақтығыстарға қатысуына түрткі болады. Жоғарыда сөз болған зерттеушінің жіктемесіне сүйене отырып, кіші Дж. Бушты сезімталдық пен құмарлыққа тым әуес емес тұлғалар қатарына жатқызып, оның жүргізіліп отырған сыртқы саясатын өркөкірек және икемсіз деп бағалауға болады.

М.Ерманн мен Т.Престонға ортақ «жетекшілердің» жіктеуіне келсек, олар АҚШ президенттерін төрт топқа бөлген:

«Жоғарғы басшы» (Chief Executive Officer) тобына Г.Трумэн мен Р.Никсонды жатқызады. Бұл тұлғалар нақты билік иерархиясын құрып, онда басшылық етуге ұмтылады.

«Директор/идеолог» (Director/Ideology) - Оған Р.Рейганды жатқызады. Ол да жоғары топ өкілдері сияқты басшылық етуге ұмтылады. Алайда оны ұйымдастырушылықтан көрі шешімді тез талап ететін мәселелер толғандырады.

«Ұжымдық жетекшілерге» (Team builders and players) Дж.Форд пен Дж. Картер жатқызылады. Мұндайлар жұмыстың ұйымдасушылық түрін ұнатады және олардың саяси шешімдері көбіне ұжымдағы пікір-таластан консенсусқа, яғни бір ортақ шешімге келгенде қабылданады.

«Сараптаушы-новаторлар» (Analyst/Innovators) ұжымдық жетекшілер сияқты ұжымдық ақылдасуға көңіл бөлгенмен , көбінесе өзіне лайықты жаңа

да тосын жолды табуға дайын тұрады. Осы топқа Ф.Рузвельтті жатқызуға болады.

Бұндай сараптау тәсілі бойынша кіші Дж.Бушты екінші топқа жатқызуға болады. Себебі, Буш Рейган сияқты халықтың көңілінен әрдайым шығуға ұмтылады. Олардың сөздерінің риторикасы да ұқсас және билік етуге ұмтылысы күшті, алайда құрылымдық басқару мәселелеріне әуес еместігінен мемлекеттің әлеуметтік т.б. салалары зардап шегуі мүмкін.

Жалпы сыртқы саясат деген ұғымға келер болсақ, ол мемлекеттің халықаралық аренада басқа сыртқы саяси іс-әрекет субъектілеріне қатысты жүргізіп отырған іс-амалдарын айтады. Америка ғалымы Д.Розенау сыртқы саясатты мемлекеттің тірі биологиялық ағза секілді қоршаған ортаға бейімделу үрдісіне ұқсатады. Ал Д.Сингер бойынша, халықаралық қатынастарды әрбір мемлекет позициясынан зерттегенде ең қолайлысы шешім қабылдау сараптамасын қолдану. Шешім қабылдау үрдісін сараптауға келгенде, ең бастысы мынаны естен шығармау керек: сыртқы саясат қабылданып отырған шешімдерден тұрады, ал ол өз кезегінде жеке тұлғалар, яғни саясаткерлердің шешімдері болып табылады. Мәселен, Дж.Розенаудың сыртқы саясат деңгейлерін сараптауда алты деңгейін көрсеткен еді. Бұл сараптаудың бірінші деңгейі шешім қабылдаушы тұлғаның ерекшеліктеріне берілген. Сол деңгейде шешім қабылдауға қатысушы тұлғаның жеке ерекшеліктеріне көңіл бөлініп, зерттеледі.

Саяси қайраткерлердің сыртқы саясатқа әсерін анықтауда Ч.Кегли мен Ю.Витткопф ойлап тапқан тағы бір әдіс қолданылады. Ол жеке тұлғаның дүниеге көзқарасын , өмірлік ұстанымдарының негізінде жасалғ̕ан сыртқы саяси шешімдерді анықтауға мүмкіндік береді. Олар:

Ұлтшылдар. Олар үшін өз ұлты идентификацияның басты объектісі болып табылады және оларға этноцентризм тән.

Милитаристер. Мұндай жетекшілер күш көрсетуді адамзатына туа біткен қасиет деп таниды, сондықтан агрессияны таңдап алуға жақын тұрады.

Консерваторлар. Оларға сенімсіздік, секемдік, жаушылдық қасиеттер тән. Өз көзқарастарын өзгертуге көнбейді және басқалардың кемшіліктерін кешіріп, сыйлағанды білмейді.

Прагматиктер. Бұлар көбінесе істің нәтижесіне көп көңіл бөледі. Мұндай адамдар көп жағдайда өте ақылды, тәуекелге бел бууға дайын тұрады. Дәмелері зор, жақсы нәтижеге жету үшін барлық жолдарды пайдаланады.

Параноиктер. Бұл сөз психологиядан алынған. Бұл топ адамдары өте секемшіл, әрдайым адамдардан жамандық күтіп тұрады. Басқаларға сенбейді, өздерін барлығынан жоғары қойып, кінәсіз деп санайды. Осы топқа ғалымдар Сталин мен Гитлерді жатқызды.

Макиавеллистер. Итальян саяси қайраткерінің есімінен бастау алады. Олар өзгелерге қарағанда басымдылық танытып, өзін-өзі жоғары қоюы күшті болады. Олар үшін ең басты нәрсе – пайда және ‘‘қайтсең де мақсатыңа жет’’ деген принцип.

Шовинистер. Оларды фанатик, идеолог, фундаменталистер және террористер деп анықтауға болады. Егер бір идеяға сенсе, соның жолымен ғана жүреді

және сол идея үшін өмірін қиюға дайын. Басты қасиеті - күшті бір сезімдер жетегінде жүруге, сезінуге құмар.
Авторитарлық тұлғалар. Авторитарлық тұлға концепциясын ғылыми қолданысқа енгізген Адорно болатын. Бұл адамдарға дәстүрлік құндылықтарға деген мойынсынушылық, тұрақтылық тән және олар өздерінен жоғары тұрған авторитеттерге қызмет етуге дайын. Өмірді тек ақ – қара, жақсы- жаман деп қабылдау бұларға тән нәрсе. Өзгерістерді, қарама-қайшылықтарды қабылдауға жаны ќас.
Антиавторитарлық тұлғалар. Олардың жан-дүниесі бай, өздерінің осы жан-дүниелеріне бойлап кетеді. Жаңалық пен қарама-қайшылықтардан қорықпайды. Идеалистер. Өздерін импульсивті сезініп, сол сезім жетегінде болады. Солшыл қозғалыстардың мүшелері болуға, қосылуға әрдайым дайын тұрады.
Догматиктер. Олар интеллектуалды болса да, өздерінің көзқарастары мен идеалдарын қайта қарап, өзгертуден аулақ.

Жоғарыда аталып өткен топтау саяси элита өкілдерінде таза күйінде кездеспейді Мәселен, милитаристік, яғни күш қолдануға құмар тұлғада догматиктің қасиеттері де қоса кездеседі. Сол Витткопф пен Кегли белгілі саясаткер Г.Киссинджерді суреттей келе, оны бірнеше мінездік топтамаға жатқызды. Бір жағынан Киссинджер догматик болса, екінші жағынан оның келіспеушілікке шыдамсыздығы мен сыртқы саясаттағы демократиялық ұстанымдарға сенімсіздікпен қарауы оны авторитарлық – догматитердің қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Бұндай ғылыми зерттеулердің теориялық маңызымен қатар практикалық мәні де даусыз.

Ойлануға берілген сұрақтар және тапсырмалар:

1. Ел басшылары мен саяси қайраткерлерге шыққан тегі мен қоршаған ортасының әсері қаншалықты деп ойлайсыздар?
2. Шешім қабылдау үрдісіне адамның жеке басының қасиеттері мен мінез-құлқы қаншалықты ықпал жасайды?
3. Өздеріңіз білетін ел басшылары мен саяси қайраткерлерге дәрісте берілген жіктемелер негізінде тұлғалық сараптама жасап көріңіз.

Әдебиет:

1.Введение в теорию международных отношений и анализ внешней политики. Ломагин Н.А., Кузнецов В.Е., Лисовский А.Ю. Учебное пособие.- Санкт-Петербург, 2001.
2.Вендт А. Четыре социологии международной политики.- Международные отношения: социологические подходы. Под ред. Цыганкова П.А. – М.,1998.
3. Уолц К. Человек, государство и война. / Теория международных отношений: Хрестоматия. Сост. Цыганков П.А. – М.,2002.
4. Богатуров А.Д., Косолапов Н.А., Хрусталев М.А. Очерки теории и методологии политического анализа международных отношений.- М.,2002.

5. Николсон М. Влияние индивида на международную систему. Размышления о структурах. // М. Жирар. Индивиды в международной политике. / Пер. с фр. – М., 1996.

Халықтар арасындағы қатынастар персонофикациясы

Халықаралық қатынастар персонофикациясы туралы сөз қозғаудан бұрын әлемдік экономиканың жаһандануына тоқталған жөн. Себебі халықаралық сахнада адам рөлінің артуы мен оның халықаралық қатынастар субъектісіне айналуы дегеніміз- адам қажеттіліктер аумағының дүние жүзілік деңгейге дейін өсіп, олардың халықаралық әдістер арқылы жүзеге асырылуы деген сөз. Ал адам қажеттіліктері, ең алдымен экономикалық сипатқа ие болады да, оларды қанағаттандыру үшін халықтар бірігіп, интеграцияланып, негізінен экономикалық интеграция үрдістерінің себептерін тудырады.

Әлемдік экономиканың жаһандануы дегеніміз- аймақтық және дүние жүзі деңгейіндегі объективті қажеттіліктерден пайда болуы; ұлттық деңгейден аймақтық, не әлемдік деңгейге өтетін қажеттіліктер санының өсуі; жоғарыдан келетін экономикалық бастамалардың аймақтық немесе әлемдік қайнар көздерінің қалыптасуы мен іске қосылуы; төменнен келетін экономикалық бастамалардың ұлттық қайнар көздерінің қызмет аумағының аймақтық және әлемдік нарыққа ене алуы; төменнен келетін экономикалық бастамалардың трансұлттық қайнар көздерінің қалыптасуы; осыларға ұқсас қажеттіліктердің ұлттық, объективті өмір сүретін деңгейлерін тегістеу; экономикалық бастамалардың ұлттық қайнар көздерінің жұмыс шарттарын (кең таралған халықаралық стандарттар, яғни салыстырмалы дамыған стандарттар бойынша) тегістеу.

Әлемдік экономикалық жаһандану келесі үрдістерден байқалады:

- Интеграциялық үрдістердің ілгерілуі. Бұнда Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка аймақтары сөзсіз жетекшілік етеді. Осы дүние жүзінің ең интеграцияланған аймақтарындағы жаңа қадам – ЕО мен НАФТА-ға мүше – мемлекеттерінің Жаңа Трансұлттық Нарығын құру болып табылады.
- Сауда жасау жағдайларының либералдануы, капитал мен жұмыс күшінің бір жерден екіншіге ағылуы, аса дамымаған елдерде шаруашылықтың ұлттық жүйелерінің батыс еуропалық және солтүстік американдық экономикалық «эталондарына» сәйкестірлендіруінде.
- Батыс еуропалық және солтүстік американдық интеграция деңгейлеріне жетпеген мемлекеттердің экономикалық және қаржылық саясатын координациялау. Аймақтық деңгейде мұндай

жұмыс АСЕАН, АТЭС, латын американдық, африкалық, араб және т.б. интеграциялық бірліктер шеңберінде жүргізілуде, не жүргізіле бастауда. Ал әлемдік деңгейде ол Дүниежүзілік Валюта Қоры (МВФ) немесе G-7 мен 15 дамушы елдердің қаржы министрлері мен Орталық Банк өкілдерінің кеңесі түрінде орын алып отыр.

- Елдердің халықаралық қаржыны реттеу қажет екендігін түсінуінде, бұл болашақта аймақтық ұжымдық, ал кейіннен бірыңғай әлемдік валюта жасалуына әкеп соғуы мүмкін.
- Инвесторлар мүдделерінің капитал салынатын салаларға өтуі. Бұған қажеттіліктердің ұлттық шеңберден тыс шығып, экономикалық бастамалардың трансұлттық көздерімен қанағаттандырылуы зор ықпал етеді.

Экономика мен қаржы интеграциясы халықаралық институттарды өмірге келтіріп, әлемдік және аймақтық бюрократияның, яғни жаңа халықаралық бюрократиялық жағдайдың туындауына себепкер болды.

Болашақта бірыңғай нарық пен бірыңғай үкімет құрылар болса, ұлттық және халықаралық бюрократия функциялары өзара сіңіп, араласып кетуі мүмкін.

Екінші жағынан, халықаралық (аймақтық пен әлемдік) бюрократияның қалыптасуы мемлекеттердің экономикалық және саяси интеграциясы арасындағы қосатын буын болып табылады. Интеграциялық үрдістердің ұлттық субъектілерінің экономикалық интеграцияға қызмет ететін халықаралық институттарды басқаруға бірдей қатынаса алуының демократиялық принципі халықаралық бюрократия қалыптасқан жағдайда әлемдік саяси жетекшілікті әділ сайлаудың мәселесін көтереді. Осылайша әлемдік экономиканың жаһандануы әлемдік саясаттың жаһандануына әкеледі.

Экономикадағы әлемдік интеграцияның институализациясы арқылы әлемдік саясат жаһандануына жол ашылып, елдер аймақтық және жалпы әскери, саяси қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы күштерін біріктіру үрдісін нығайтты. Оған БҰҰ, ОБСЕ, Қосылмау қозғалысы, НАТО қызметтері дәлел бола алады.

Әлемдік экономика жаһандануы адам қажеттіліктерін тудыру мен қанағаттандырудың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады:

- Жаһандану қажеттілік көрінісінің объективті деңгейі мен оны қамтамасыз ететін экономикалық бастама көздерінің объективті мүмкіншіліктері арасындағы қарама-қайшылықтары жеңуге жол ашады. Қажеттілік трансұлттық спектрде қарастылып, өндіруші мен тұтынушы үшін екі жақты пайданы қамтамасыз ету жолдар түрлерін көбейтеді. Осының нәтижесінде бүгін елдерге емес, ұлттық мекеніне байланысты емес салаларға инвестиция салу тәжіребиесі кеңінен тараған.

- Адамның экономикалық қажеттіліктер шеңбері өсе береді, түрлі елдер, халықтар қажеттіліктерін теңестіру мүмкіндігі пайда болуда.
- Тұлғааралық қатынастар саласында жеке байланыстар мен сапар-саяхаттар диапазоны өсуде.
- Жеке қауіпсіздікті қаматамасыз ету контекстінде адамды әлем азаматы, не табиғи бөлігі ретінде қарастырудың маңызы өсуде, яғни ұлттық пен халықаралық қауіпсіздіктің, оларға қызмет ететін сыртқы саясаттың экологиялық және гуманитарлық аспектілерінің рөлі артуда.

Халықаралық қатынастар персонофикациясы әлемдік экономикалық жаһанданудан туындайды дедік. Жаһандану адам қажеттіліктерін ұлттық шекаралардан асырып шығарады. Осылайша адам мүдделері де ұлттық шекаралардан шығып, интернационалады. Адам халықаралық қатынастарда енді тек өз елінің азаматы ретінде ғана емес, дербес субъект, әлем азаматы ретінде танылады. Шығыста да, Батыста да ашық нарық «азаматтық» қана емес, тіпті М.Тэтчер айтқандай, «ешқандай қоғамға» әкелді: «не существует такого понятия, как общество. Существуют отдельные мужчины и женщины и семьи».

Бүгінгі күні халықаралық қатынастардың персонофикациясының үрдісі енді басталуда. Адам әзірше Әлем Азаматы болудан гөрі өз мемлекетінің азаматы болуға жақынырақ. Осы халықаралық қатынастар персонофикациясының алғашқы сатысында адамның жеке мүдделері басым бола қоймайды, бірақ мемлекеттің сыртқы саясатында барынша ескеріледі. Ұлттық дипломатия мен көпжақты дипломатия мемлекеттік және жаһандық мүдделерді қарастырумен қатар, халықаралық катынастарда адамның экономикалық, гуманитарлық және т.б. қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін жағдай туғызуы керек.

Әлемдік экономиканың жаһандауы мен халықаралық қатынастар персонофикациясының аяғы бірыңғай әлемнің құрылуына әкеліп, онда өз мемлекетінің азаматы адамы мен әлем азаматы адамы арасындағы ерекшеліктер жойылады.

Интернационалды адам дегеніміз:

- Интернационалды адам – бұл әлем адамы, яғни өзінің экономикалық қажеттіліктерін мен оларды қанағаттандыру әдістерін ұлттық, мемлекеттік емес, жалпы әлемдік тұрғыда қарастыратын адам. Бұл үшін, әрине, белгілі бір кедергілерді жою керек: жабық кедендік зоналар, ұлттық идеологиялар т.б.
- Интернационалды адам бұл өзінің жеке қауіпсіздігін жалпы әлемдік қауіпсіздік контекстінде қарастыратын, адам мен табиғат коэволюциясы нәтижесінде пайда болатын адам.
- Интернационалды адам – бұл гуманитарлық және тұлғааралық қатынасу қажеттіліктерін ғаламдық шеңберде танитын адам.

- Интернационалды адам – бұл қорыта келгенде компромистік ойлау типін уағыздайтын, заңға бағыну дағдысымен өмір сүретін және жақсылық жасауға дайын болатын Адам.

Интернационалды Адамның бір кері жағы – бұл оның «өз» еліне қауіп төндіруі, себебі ол өз қажеттіліктерін жүзеге асырғаннан пайда көретін адам қай ұлтқа тиісті екендігіне көңіл бөлмейді. Экономика мен саясаттағы интеграциялық үрдістер бұл қарама-қайшылықты шешеді.

Интернационалды Адам феноменінің халықаралық қауіпсіздікпен байланыстырылуы келесі көріністен байқалады:

Ұлттық қауіпсіздік құрылымы мен халықаралық тежеу әдіс-тәсілдері әскери, экономикалық, экологиялық, гуманитарлық құрамдардан тұратыны белгілі. Әскери қуат паритеті «қырғи-қабақ» соғыс кезіндегі бейбітшіліктің негізінде жатты. Халықаралық экономикалық интеграция мен елдердің өзара экономикалық тәуелсіздігінің күшеюі халықаралық қауіпсіздік жүйесіне өз өз әсерін тигізуде. Ұлттық қауіпсіздіктің экологиялық қауіпсіздік сияқты аса маңызды аспектісін дұрыс түсіну елдерді бірыңғай қауіп алдында біріктіреді.

Алайда аталған факторлардың барлығы да шектеулі, кейде іске асырылуы да мүмкін емес: агрессор ел өз қарсыласының әскери мүмкіндіктерімен санаспауы, ұлттық экономикаға төнетін қауіптерге мән бермеуі де мүмкін. Сондықтан түбінде гуманитарлық тежеу факторы ғана тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз ете алады. Өйткені ол адамның, ол оның ішіндегі билеуші адамның рухани, адамгершілік құндылықтарының құрылымымен тікелей байланысты. Егер саяси шешім қабылдайтын топтар өкілдеріне агрессиянық ойлау типі оғаш болса және олар бірінші орынға адамзат баласының, жеке адамның мүдделерін қояр болса, онда олар интернационалды адам сипаттамаларына ие деген сөз. Ал бұның өзі бейбітшіліктің ең берік кепілі болып табылады. Ұлы Абай айтқандай “атаның баласы болмай, адамның баласы болудың” халықаралық деңгейдегі көрінісі осындай.

Интернационалды адам идеясының космополитизм идеяларымен жақындығын жоққа шығару бола қоймас, дегенмен олардың принципті айырмашылықтары бар. Космополитизм философиялық, рухани салалармен ұштасып, адамдардың мемлекеттік аппараттардың қысымына, шектеушілігіне наразылығының саяси-идеологиялық сипат алуы болса, интернационалды адамның мәні бұдан өзгеше. Космополит ұлттық саясаттан іргесін аулақ салады, сонымен бірге оны халықаралық үрдістер де қызықтырмайды, өйткені ол саясат және билік мәселелеріне саналы түрде көз жұмады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қандай жағдайлар адамның өз елінің азаматы ғана емес, интернационалды адамға айналуына әкеледі?
2. Адамның интернационалды адам болуының салдары қандай деп ойлайсыңдар?

3. Космополитизм және патриотизм арасындағы қарама-қайшылық бітіспес дилемма деп ойлайсыздар ма?

Әдебиет:

1. Аллан П. Сложность, случайность и индивид в теории междцнародной политики // М. Жирар. Индивиды в международной политике. / Пер. с фр. – М., 1996.
2.Введение в теорию международных отношений и анализ внешней политики. Ломагин Н.А., Кузнецов В.Е., Лисовский А.Ю. Учебное пособие.- Санкт-Петербург, 2001.
3.Вендт А. Четыре социологии международной политики.- Международные отношения: социологические подходы. Под ред. Цыганкова П.А. – М.,1998.
4. Косолапов Н.А. Внешнеполитическое сознание: категория и реальность. / Богатуров А.Д., Косолапов Н.А., Хрусталев М.А. Очерки теории и методологии политического анализа международных отношений.- М.,2002.
5. Николсон М. Влияние индивида на международную систему. Размышления о структурах. // М. Жирар. Индивиды в международной политике. / Пер. с фр. – М., 1996.

Жаһандану-халықаралық қатынастардағы үстем фактор

Бүгінде әлемдік қоғамдастық өмірінің барлық жақтарын қамтуға бет алған жаһандану дүниежүзілік саясат пен халықаралық қатынастардың үстем факторына айналып отыр. Жаһандану қай кезде басталды, оның табиғаты қандай екендігі жайында ғалымдар мен саясатшылардың әрқилы пікірлеріне қарамастан, қазіргі заманғы тарихта бүл процесті ғылыми-техникалық революцияның күрт дамуына орай 1960 жылдардың басымен байланыстырады.

«Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтың жаһандануы» деген мақаласында Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын. Осы ұғым арқылы ол «жаһандық фирмалар» деп аталған кәсіпорындардың жаңа нышандағы іс-әрекеті арқылы дүниежүзіндегі нарықтардың бірігуін атады. Оның пікірінше, жаһандану және технологиялар халықаралық қатынастарды анықтайтын басты екі факторға айналды. Сол жылы жарияланған «The Marketing Imagination» атты монографиясында Т.Левитт технологияларды «әлемді біркелікке қарай жылжуға итермелейтін қуатты күш» деп бағалады. Мұның арқасында жаңа коммерциялық шындық

дүниеге келіп, барынша бірқалыпқа түскен өнімдер үшін жаһандық нарықтар пайда болады. Олардың көлемі мен ауқымын бұған дейін көзге елестету де мүмкін болмаған.

«Жаһандану» ұғымының одан кейінгі дамуы белгілі жапон зерттеушісі және басқару стратегиясы саласындағы маман, осы сөздің барынша кең таралуына себепкер болған Кеничи Омаэнің еңбектерінен көрініс тапты. Өзінің «Триада билігі» («Tried Power») деген 1985 жылы жарық көрген кітабында, ол «Триада» деп ойша жасалған үшбұрышты, яғни АҚШ, Жапония және Батыс Еуропаның өздеріне жататын жағрафиялық аймақ бойынша құрылып, 600 млн. тұтынушысы бар, әлемдік технология өнімінің 3/4 астамын тұтынатын нарықты атады. Аталған еңбегінде ол Триада елдерінде қалыптасқан жаңа нышанды қатаң бәсекелестік жағдайында өмір сүру үшін көпұлтты корпорациялар жаһандық көрегендікке ие болып, жаһандық өлшемде әрекет етуі тиіс деп көрсетті. «Жаһандану» термині 1980 жылдардың ортасынан бастап ақпарат пен коммуникация саласындағы жаңа технологиялардың күрт дамуы салдарынан капиталдың жарылыс бейнелі қозғалысы процесін, әрі қаржы, сондай-ақ биржалық нарықтардың интеграциясын бейнелеу үшін қолданыла бастады. Сонымен, 1980 жылдардың соңында «жаһандану» ұғымы экономикалық және қаржы саласына қатысты ғана айтылып келді.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында қырғи қабақ соғыстың аяқталуына байланысты саяси процестер, орасан зор көлемдегі экологиялық қауіп-қатерлер, біртұтас ғаламшарды ортақ сезінуге әкелген экономикалық өзара тәуелділіктің артуы «жаһандану» құбылысына экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси, тарихи, жағрафиялық және мәдени сипат бере келе, оның барынша кеңеюіне алып келді.

Француз ғылыми мектебінде «жаһандану» ұғымы екі мағынаға бөлінеді: мондиализация («ia mondialisation» француздың «le monde»— бейбітшілік деген сөзінен) және жаһандану («la globalisation»). Бұл арада «жаһандану» терминімен одан да кең жаһандық процесс - мондиализацияның экономикалық және қаржылық жақтарын ғана айтады.

Паскаль Лороттың редакциясымен шыққан француздың «Мондиализация сөздігі» төмендегідей анықтама береді: «Мондиализация кедергісіз ғаламшарлық дамудың сатысын білдіреді, онда бәрі де жақын, қол жетерліктей, барлығы да бір-бірімен байланыста, осының жағымды нәтижесіндей өзара тәуелділік пен ынтымақтастық арта түседі. Бұл 1970 жылдардан бастап, әсіресе, 1980 жылдары қалыптасқан біздің әлеміміздің жай-күйі. Мондиализация, көрініп түрғанындай, интернационалданудың (елдердің және қызмет саласының бір бөлігін ғана қамтитын) соңы болып табылады, және жаһанданудан (кедергілер мен ара қашықтықтарды жоюдың үстіне ақпараттық технологиялардың көмегімен уақыт үғымын да жоюға алып келетін) ерекшеленеді».

Әртүрлі дерек көздерін зерттеу мынаны көрсетеді: зерттеушілердің бір тобы жаһандану XX ғасырда емес, одан да ерте, Үлы жағрафиялық ашулар дәуірімен, ал енді біреулері оны тікелей ғылыми-техникалық революцияның

жетістіктерімен байланыстырады.

Филип Моро Дефарж өзінің «Жаһандану» («La mondialisation») деген кітабында еуропалықтар (Христофор Колумб, Васко да Гама) жасаған Ұлы жағрафиялық ашулар жаһанданудың басталуына негіз қалады — деп жазды, — яғни бүкіл жер шарын қамтыған әртүрлі байланыстардың пайда болуына әкелді. XIX ғасырдың жетістіктері — индустриялдық революция, көліктегі революция, сондай-ақ демографиялық өзгерістер жаһандану процесін жеделтумен қатар оның кеңеюіне әсер етті. XX ғасырдағы дүнижүзілік екі соғыс әлемдік геосаяси аренаның қалыптасуын бекіте түсті. Екінші дүние-жүзілік соғыстың аяқталуынан бастап, автордың пікірі бойынша, жаһандық үш сілкініс біртұтас жаһандық кеңістікті қалыптастыруға ықпал етті, бұлар: отарлаудың жойылу процесі; сауда, қаржы және технологиялар саласында жаһандық халықаралық алмасу жүйесінің пайда болуы; бұрынғы коммунистік мемлекеттер мен «үшінші әлем» елдерінің өзін-өзі қамтамасыз ету моделінің күйреп, халықаралық экономикалық қатынастарға қосылуы. Жаһанданудың түпқазықты сипаты ретінде - қаржының, адамдардың, технологиялардың, қызмет көрсету, ақпарат және идеялар ағымының орасан зор қозғалысын атауға болады -деп тұжырымдайды автор.

Бұл құбылыстың әртүрлі аспектілерін зерттей келе, Кембриджде 2000 жылы шыққан өзінің «Жаһандану дегеніміз не?» деген кітабында Ульрих Бек, «Жаһандану - соңғы жылдары барынша кең тараған, көп ретте шындықтан алшақ болса да, пікір-таластарда негізгі сөз ретінде қолданылатын сөзге айналды, және алдағы жылдары да солай бола бермек. Алайда, дәл осы сөздің мағынасы барынша аз анықталған, сондықтан көп жағдайда орынсыз қолданылатыны да рас, соған қарамастан саяси тиімді ұғым болып табылады.

У.Бектің ойынша, жаһанданудың бірқатар өлшемдерін ажырата білу қажет. Бұл орайда, олардың кез келген тізбесіне коммуникациялық технологияларды, экологияны, экономиканы, іс-қимылды ұйымдастыруды, мәдениет пен азаматтық қоғамды енгізу лазым. Автор «жаһандану» дегеніміз экономиканың, ақпарттың, экологияның, технологиялардың, мәдениетаралық жанжалдардың және азаматтық қоғамның әртүрлі өлшемдегі күнделікті іс-әрекеті үшін шекаралардың маңызы барған сайын азайып бара жатқанын білдіреді деп санайды. Ақша, технологиялар, тауарлар, ақпарат және уландырғыш заттар шекаралар жоқтай еркін «өте береді» .

Экономистердің көзқарасы тұрғысынан, жаһандану «жаһанданған» экономиканың пайда болуы, онда ұлттық экономикалар алдымен бір-бірінен ажырайды, сосын тікелей халықаралық деңгейде келісімдер мен процестер жүйесінде қайтадан бірігеді.

Бұндай жаһанданған экономикада ұлттық экономикалардың шекаралары айтарлықтай маңызға ие болмайды, және «бұл экономика өз логикасына бағынып, тәуелсіз ұлттық объектілер арасындағы экономикалық қатынастар логикасынан ерекшеленеді. Көпұлтты кәсіпорындар

жергілікті тізгіннен босап, қаржының қозғалысы ұлттық санаттың шегінен шығады, және мемлекеттер өз валютасына билігінен айырылады».

Саятсатшылардың пікірі бойынша, жаһандануды жаңа «көпорталықты» әлемнің өзінің бар қуатымен қазіргі уақытта мемлекеттер билік құрып отырған әлеммен бетпе-бет келуі деп қарастыруға болады. Бұл жаңа әлем мемлекеттік емес, трансұлтты қатынастарға негізделген.

Ақырында, жағрафиялық түрғыдан қарағанда, жаһандануды адамзаттың әртүрлі бөліктері арасындағы өзара таралу, алмасу, коммуникацияның жемісі болып табылатын кеңістіктің халықаралық деңгейде қалыптасу процесі деп түсінуге болады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ОЕСВ) жаһандану процесінде үш кезеңді атайды:

Интернационалану (XIX ғасырдың ортасынан бастап), экспорттық ағындардың дамуына сәйкес келеді;

Транснационалану (әсіресе, 1945 жылдың басынан бері), тіке инвестициялар ағынының күрт өсуі және олардың шет елдерде орналасуымен байланысты;

Жаһандану (1980 жылдардан бастап) өндірістің, қаржыландырудың және ақпараттың жаһандық торабының қалыптасуынан көрінеді.

Әлемдік экономиканың жаһануы, оған тауарлар мен қызмет көрсетудің, қаржының, ақпарат пен технологиялар алмасудың трансшекаралық қозғалысының ырықтануы және елеулі өсуі тән болғандықтан, «ұлттық шекаралардың өшірілуіне» алып келді. Оның компоненттері - трансшекаралық өндіріс, жаһандық қаржы жүйесі, келісілген ережелер бойынша құрылған халықаралық сауда жүйесі, қалыптасып келе жатқан ақпараттық кеңістік болып табылады.

К.Омаэ өзінің көптеген қызу пікірталастар тудырған «Ұлттық мемлекеттің ақыры. Өңірлік экономиканың өркендеуі» атты кітабында, мемлекеттер тек қана айырбас бағамын бақылай алмай, әрі өз валютасын қорғай алмай отырған жоқ, сонымен бірге қазіргі жағдайда нақты экономикалық іс-қимылдарды да жүргізе алмауда, сөйтіп әлемдік экономикада басты кейіпкер болудан қалып барады деген қорытындыға келді. Өз пікірін бекіту үшін ол өзі «Төрт И» деп атаған төрт факторге қатысты түжырымына сүйенеді.

Бірінші «И» — бүл инвестициялар — жағрафиялық шектелмеген, әрі шекаралардан өте отырып, ең тартымды деген инвестициялық мүмкіндігі бар жерге келеді. Егер бұдан он жыл бүрын, деп жазады автор, трансшекаралық қорлар ағыны үкіметтен үкіметке немесе көп жақты қаржы үйымынан құйылса, қазіргі уақытта инвестицияларды» басым бөлігі жеке меншік болып табылғандықтан, үкіметтердің араласуына жол берілмейді.

Екінші «И» - индустрия - өз бағдарында ол да жаһандық сипатқа ие болуда. Қазіргі заманғы көп ұлтты корпорациялар мемлекеттің мүддесін басшылыққа алмайды, керісінше нарықтың тартымдылығын бірінші орынға қойып, технологиялар мен басқару ноу-хауды тасымалдауға ықпал

етеді.

Инвестициялар мен индустрияның қозғалысы үшінші «И» компанияларға өздері танымал болған әр елде бизнес жүйесін құрмай-ақ, жер шарының әртүрлі бөлігінде әрекет жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялардың («information technology») көмегімен жеңілдейді.

Ең соңында, жекелеген тұтынушылар — төртінші «И» — жаһандық сұранысты қалыптастырып, шығарылған жеріне мән берместен, барынша арзан, әрі жақсы тауарларды алғысы келеді.

Осы төрт «И»-дің жедел қозғалысы, автордың пікірінше, бейімді экономикалық құрылымдарға жер шарының кез келген бөлігінде олардың дамуы үшін қажетті нәрсені» барлығын мемлекеттің араласуынсыз-ақ алуына мүмкіндік жасайды. Барлық жаһандық нарықта төрт «И» өз бетінше әрекет ететіндіктен, мемлекеттер бұдан былай «нарықты қалыптастырушы» рөлін ойнамайды. Бұл түпкілікті өзгерістер экономикалық теңгермелікті өзгертеді.

Егер осы төрт «И»-дің тежеусіз қозғалысы мемлекеттің делдалдық рөлін жоққа шығаратын болса, жаһандық шешімдерді қабылдауға қажетті шектеулер, автордың пікірінше, «жасанды саяси» шекараларға емес, қайта көбінесе жағрафиялық сипаты басым құрылымдарға - мәселен, Гонконгке және оған жақын жатқан Оңтүстік Қытайдың бөліктеріне немесе Токио маңындағы Кансай өңіріне сәйкес келетін болады, демек «жұмыс жүретін және нақты нарықтар гүлдене алатын өңірлер» бойынша анықталады.

Қ.Омаэ бұл аймақтарды «өңірлік мемлекеттер» деп атайды. Олар бүтіндей ұлттық мемлекеттердің ішінде немесе олардың шекараларынан тыс бола алады да, автордың сөзімен айтар болсақ, «шекарасыз әлемдегі» табиғи экономикалық аймақтар болып табылады. Мұндай «өңірлік мемлекеттерге» зерттеуші Солтүстік Италияны, Баден-Вюртембергті (немесе Жоғарғы Рейн), Силикон үстірті және Калифорниядағы Шығанақ аймағын, үшбұрышты Сингапур - Джохор (Малайзияның оңтүстік штаты) және Индонезияның көршілес аралдарын, Пусан қаласын (Корей түбегінің оңтүстік шеті), Токио мен оның маңайындағы аудандарды қоса алғандағы өңірді жатқызады.

Бұл өңірлер, жағрафиялық өлшемдермен шектелгенімен, экономикалық ықпалы өте зор, олардың басты факторы тұрғындары емес, жаһандық экономикаға сәтті қатысуына қажетті ингредиенттерінің болуы. Автордың пікірінше, олар дамудың қуатты қозғалтқыштары болып табылады, өйткені олардың алғашқы бағдары - жаһандық экономика.

«Өңірлік мемлекеттерді» жаһандық экономиканың қақпасы дей келе, автор, бұл құрылымдардағы тығыз байланыстар өмір сапасының нақты және шынайы жақсаруына әкеледі, сондай-ақ тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін өсіп келе жатқан дәйекті нарықтарды құрайды. Оның ойынша «Өңірлік мемлекеттердің» пайда болуы корпорациялар іс-қимылының жаһандық логикасын терең өзгертеді.

Қырғи қабақ соғыстың аяқталуына байланысты әлемдік дамудың

парадигмаларындағы терең өзгерістер XXI ғасырдың қарсаңында әлемнің болашақ құрылысы және қақтығыстардан кейінгі кезеңдегі халықаралық қатынастардың барысы жайында кең пікірталастарды туғызды. XX ғасырдың соңындағы зияткерлік пікір сайыстарға американдық ғалым Френсис Фукуяма айрықша ықпал етті. Ол коммунизм мен батыстық либерал демократияның жарты ғасырға созылған қақтығысының аяқталуын «тарихтың ақыры» деп жариялады. Осы атаумен 1989 жылы жарияланған өзінің алғашқы мақаласында, және одан кейінгі еңбектерінде Ф.Фукуяма коммунистік жүйенің күйреуіне орай нарықтық қатынастар демократиясының жеңісі адамды Жаратылыстың ең ортасына қойған тарихтың аяқталғанын, адамдардың басқаруындағы соңғы нысанды білдіреді деген тұжырым жасады.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғадан соң Гарвард университетінің профессоры Сэмюэл Хантингтонның «өркениеттер қақтығысы» туралы тұжырымы дау-дамайды ушықтыра түсті. Ол 1993 жылы халықаралық қатынастар жаһандану кезеңінде әдеттегідей бай елдер мен кедей елдердің расында, социалистік және капиталистік, Оңтүстік және Солтүстік мемлекеттер арасында деп бөлінбейтін болады, алайда мәдени парадигмаға бағынады деген ұғымды енгізді. Сондықтан, бұдан былай әлемдік саясаттың негізгі шектерін адамдарды олардың тілі, мәдениеті, діні және дәстүрлері бойынша біріктірген өркениеттердің бірнеше топтары анықтайтын болады. Оның пікірінше, қытай, үнді, ислам, славян-православие, батыс, жапон, латын американдық және африка қоғамдастығы барынша кең тараған мәдени ауқымдарды құрай отырып, діни және тарихи шығу тегі халықаралық қатынастардың орталық факторына айналған осынау әлемдегі жанжал мен шиеленістің пайда болу көздерін анықтауға қызмет етеді. Хантингтонның тезисі Фукуяманың қорытынды түсіндірмелерімен қайшылықты болып келіп, әлемдегі түйісу нүктелерін емес, айырмашылықтарды көрсетуді көздейді.

Гарвардтың тағы бір белгілі ғалымы Стэнли Хоффман әлемде «жаһанданудың қақтығысы» жүріп жатыр деп пайымдайды, өйткені жаһандану, оның пікірінше, әрқайсысының өз проблемасы бар бар үш нысаннан тұрады. Бірінші — бұл экономикалық жаһандану, ол технологиялар, ақпарат, сауда, шетелдік инвестициялар және халықаралық бизнестегі революцияның жемісі болып табылады. Оның басты ойыншылары компаниялар, инвесторлар, банктер, жеке сектор, сондай-ақ мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар болып табылады. Компаниялардың мамандануы мен интеграциялануы ортақ байлықты арттыруға мүмкіндік берді, алайда таза капитализмнің логикасы әлеуметтік әділдік үшін қолайлы емес. Сондықтан экономикалық жаһандану мемлекеттер арасындағы және олардың ішіндегі теңсіздіктің ықтимал себепкері болып, жаһандық бәсекелестікке және мемлекеттер мен бұл процеске басқа да қатысушылардың осы проблеманы шешуіне байланысты алаңдаушылық пен торығуды туғызады.

Келесісі - мәдени жаһандану. Ол технологиялық революция және

экономикалық жаһанданудан туындайды, олармен бірге мәдени тауарлардың қозғалысына ықпал етеді. Мұнда униформалану (немесе, жиі айтылатындай, «американдану») мен әртүрлілік арасында негізгі таңдау тұр, оның нәтижесі жергілікті салттар және тілдердің қайта өркендеуінен көрінетін біркелкілікке қарсы реакция болып табылады.

Бұның астарында аталған екі нысаннан тұратын саяси жаһандану бар. Ол Құрама Штаттардың және олардың саяси институттарының басымдығымен, сондай-ақ халықаралық және өңірлік ұйымдар, үкіметтік емес байланыстар жүйесімен сипатталады. Сонымен бірге, бұл ұйымдардың көпшілігінде, автордың айтуынша, демократиялық жауапкершіліктің, билік пен беделдің аздығы білінеді.

Жаһанданудың артықшылықтары даусыз,- деп санайды С.Хоффман, бұның дәлелі ретінде ол кері шегінудің болмайтындығын және бұлтартпастығын атайды. Сонымен бірге оған қол жеткізу шектеулі болып қалып отыр, өйткені ол көптеген кедей елдерді экономикалық дамудың және әлеуметтік жағдайлардың біркелкі болмағандығынан, мүмкіндіктен айырады. Азаматтық қоғам, автордың пікірінше, эмбрионалды күйде қалуда, ал адамдардың жағдайын кедергілерді жою арқылы жақсарту идеясы күмәнді болып табылады.

Жаһанданудың халықаралық саясатқа ықпалының көптеген факторларынынң арасынан автор барынша маңызды үш факторды бөліп қарайды. Біріншісі, институттарға қатысты. Көптеген мемлекеттер өздерінің егемендігінің әлсізденуіне әкелетін жаһанданудың талаптарын құлықсыз қабылдайды. Сондықтан БҰҰ билігі де шектеулі, әрі көп жағдайда теориялық болып табылады. Мемлекеттер жаһанданудың немесе «гуманитарлық интервенция», сондай-ақ лаңкестікпен күрес оқиғаларының соққысын көбірек сезінген сайын, өздерінде бардан айырылып қалмауға ұмтыла түседі, сондықтан әлемдік мемлекетке қарай қозғалыс шындықтан алыс жатыр.

Екіншідең, жаһандану азаматтықтың ұлттық табиғатын жоққа шығармайды. Экономикалық өмір жаһандық масштабта жүріп жатыр, алайда адамдардың белгілі бір ұлтқа жатуы сақталуда -осыдан мәдени гомогенизацияның күшті қарсылығы туындайды.

Бүгінгі әлем технологиялар саласында біріккенімен, ұжымдық сана немесе ұжымдық ынтымақтастыққа жеткен жоқ.

Үшіншіден, жаһандану, әртүрлі кедергілерді азайта отырып, жанжалдар мен терроризмнің таралуына қолайлылық туғызады.

Француздың белгілі саясаттанушысы Тьерри де Монбриаль жаһандануға «қандай да бір нысандардың белсенді бірігуі өз мақсаттары мен іс-қимылдар театрының стратегиясын (немесе әлеуметтік мағынадағы кеңістікті) жасау үрдісіне ие болып, жағрафиялық түрғыдан уақыт өткен сайын кеңи түсетін құбылыс» деген анықтама берді. Оның пікірінше, жаһандану - бүл екінші мыңжылдықтың келгенін барынша сәтті бейнелейтін сөз. Жаһандану тұжырымының таңдауы — өзара байланыстар тұжырымына қарағанда, бұл құбылыс XX ғасырдың 20 жылы бойында

жеткілікті дәрежеде бұрынғы өзара байланыстардан халықаралық жүйенің прогрессивті өзгеруі үшін көбірек қызмет етті.

Ғылыми-техникалық революцияның күрт дамуына орай өткен жүз жылдықтың 60-жылдарының аяғында басталған әлемдік экономиканың жаһандану процесі жаһандық қаржы жүйесінің жасалуына, еңбектің халықаралық бөлінісіне, халықаралық сауданың өскелең нарықтануына алып келді. Азиядағы 1997 жылғы қаржы дағдарысы дүниежүзілік қоғамдастықты мүндай дағдарысты болдырмау үшін және оны болашақта тиімді басқарып отыру мақсатымен жаһандық қаржы сәулетін құруға итермеледі.

Бүгін әлемдегі дамыған елдерде ақпараттық-технологиялық революцияның жетістіктеріне негізделген «жаңа экономиканы» («new economy») құру тезисі беки түсуде.

«Ғылымға сүйенетін экономика» («knowledge-driven economy») ұғымы К.Омаэнің еңбектерінде кездеседі. «Ғылымға сүйенетін экономика» термині қоғамда байлықты молайтудың маңызды көзі ретінде ғылымның маңыздылығын арттыруға тікелей қатысты. Егер бұрын байлық жерге немесе капиталға ие болуға негізделсе, жаһандық нарықтың пайда болуымен ғылымның бәсекелестік артықшылығы барынша мәнді бола түсті.

Өмірдің өзі куаттап отырғанындай, жаһанданудың жағымды жақтарымен қатар, теріс жақтары да бар екендігі туралы ортақ пікір қалыптасты. Оның пайдалы жақтарына әлемдік дамуға жаңа мүмкіндіктер беретіндей елдердің өзара беки түскен байланысын, экономикалық өсуді ынталандыруды, ғылыми-техникалық және зияткерлік саладағы озық жетістіктермен алмасу көлемінің артуы мен жеделдеуін атауға болады.

Сонымен бірге жаһандану стратегиялық сипаты көптеген проблемаларды туғызады, олардың ең бастысы игіліктердің тең емес бөлінуі және ол туғызатын теңсіздік.

Өзінің «Джордж Сорос жаһандану туралы» дейтін еңбегінде атақты қаржыгер және филантроп жаһанданудың жағымды жақтарымен бірге оның теріс сипаттарын да бөліп көрсетеді. Біріншіден, деп жазады ол, көптеген адамдар, әсіресе аз дамыған елдерде әлеуметтік қолдау жүйесінің қорғауынсыз жаһанданудың екпініне тап болды; басқа біразы жаһандық нарықтың күшімен маргиналдануға ұшырады. Екіншіден, жаһандану жеке және қоғамдық игіліктер арасындағы жөнсіз бөліністің себебі болды, соңғысына ол бейбітшілікті сақтауды, кедейшілікті азайтуды, қоршаған ортаны қорғауды, еңбек етудің жағдайы мен адам құқығын жатқызады. Нарықтар байлықты жасауға қолайлы, алайда олар басқа әлеуметтік қажеттіліктерге қамқорлық жасауды көздемейді. Үшіншіден, жаһандық қаржы нарықтары дағдарыстарға бейім. Барлық осы факторлар өте дұрыс емес құқықтық кеңістік туғызады.

Саяси процестер, деп атап көрсетеді автор, нарықтық тетіктерге қарағанда тиімділігі мардымсыз, алайда біз оларсыз ештеңе істей алмаймыз. Нарықтар табиғатынан аморальды: олар адамдарға өз мүдделеріне сәйкес

әрекеттенуге мүмкіндік жасайды да, бұл мүдделер қалай көрінуі қажеттігі туралы белгілі-бір ережелерді қалыптастырады, бірақ та осы мүдделердің өзіне қатысты ешқандай моральдық сотты атқармайды; бұл олардың осыншалық тиімділігінің бір себебі. Нені істеуге болады, нені болмайтындығына байланысты ұжымдық шешім қабылдау міндеті саясатшыларға қалдырылған. Тіпті нарықтарды құру мен қолдау да саяси іс-қимылдарды талап етеді. Бұл көзқарасты нарық фундаменталистері жақсы түсінеді. Алайда, олар нарықтардың жаһандануы халықаралық саяси және әлеуметтік келісімдерді тиісті нығайтусыз, барынша әлеуметтік теңдіксіз дамуға алып келгендігін мойындамауға құлықты. Жаһандық капиталистік жүйені сынай отырып, Сорос нарықтардың экспансиясына қажетті қосымша ретінде «ашық қоғам» орнатуға шақырады.

Американдық экономист, экономика саласындағы 2001 жылғы Нобель сыйлығының иегері Джозеф Стиглиц өзінің «Globalization and its Discontents» атты еңбегінде жаһандану игілікке бағытталған күш болуы мүмкін: демократия және азаматтық қоғам туралы идеялардың жаһандануы көптеген адамдардың ой-санасын өзгертті, жаһандану миллиондаған адамдарға өмірдің жоғарғы қалыптарына қол жеткізуге көмектесті. Экономиканың жаһандануы өзінің экспортына жаңа нарықтар іздеп жүрген және шетелдік инвестицияларды тартуды көздеген елдерге біршама артықшылықтар берді.

Алайда, миллиондаған адамдарға бұл күш әсер етпейді, керісінше, көпшілігіне бұрынғыдан да нашар бола түсті, өйткені олар өз жұмыстарынан айрылды, әрі өмірлерінің қауіпсіздігі кеми түсті. Сонымен бірге, жақында жарық көрген «Жаһандануды қорғауға жұмылайық» («In Defence of Globalization») атты кітабында белгілі экономист, Колумбия университетінің профессоры Дж. Бхагвати былай деп тұжырымдайды: біріншіден, экономика саласындағы жаһандану айтарлықтай жағымды фактор болып табылады, бұған әлемнің кедей елдері зәру, екіншіден, ол өзінде жоқ болғандықтан «адамдық келбетті» қажетсінбейді.

Аргумент ретінде автор Үндістанды мысалға келтіреді, соңғы екі онжылдықта ашық экономика және шетелдік инвестицияларды тарту жағдайында бұл ел кедейлікті 55 пайыздан 26 пайызға дейін төмендетті. Дж.Бхагвати жаһанданудың сынаушыларын екі санатқа бөледі: біріншісіне ол нарықтық капитализмнің бітіспес жауларын жатқызады, ал екіншісіне — дұрыс ойлайтын, бірақ та нашар хабардар адамдарды атайды, соңғыларына ол өз кітабын арнаған.

Біздің пікірімізше, жаһандану адамзат қоғамы дамуының қазіргі кезеңімен орайласатын және әрбір тарихи процеске тән жағымды да жағымсыз аспектілері мен ерекшеліктері бар объективті процесс болып табылады. Бұл процестен сырт қалу қаншалықты мүмкін болмаса, оған қарсы күресу де соншалық мүмкін емес. Алайда, осы процестің барлық құрамдас бөліктерін терең оқып, зерттеу, оның жағымсыз жақтарын ғылым мен күш-жігерді біріктіру жолымен жеңілдету әрі айқын, әрі барынша қажет.

Жаһандану нәтижесінде халықаралық қатынастарда, экономика және

қауіпсіздік саласында мемлекеттердің өзара тәуелділігі арта түсетіндіктен, халықаралық аренада мемлекеттер басымдығын өзгертуге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге халықаралық тұрлаулылықтың ықпалы күшеюіне әкеледі.

Қазіргі қалыптасқан әлемдік тәртіптің түп тамырлы негіздерін қозғайтын жаһандану өзінің болмысымен халықаралық қатынастардың жаңа сұрақтары — «шектелген егемендік» тұжырымдамасы, гуманитарлы себептермен қол сұғушылық немесе «гуманитарлық интервенция», мемлекеттің қауіпсіздігінен жеке адам қауіпсіздігінің жоғары тұруы тәрізді мәселелерді көтереді. Жаһанданудың объективті сипаты, оның біріктіргіштік логикасы және одан туындайтын жаңа тегеурінді талаптар әлемдік саясаттың және халықаралық ұйымдардың, ең адымен Біріккен Ұлттар Ұйымының күн тәртібіне түбегейлі өзгерістер әкелері кәміл.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жаһанданудың адамзат тарихындағы алғашқы көріністеріне мысал келтіріңіздер.
2. Жаһанданудың салдарларына сараптама жасаңыздар.
3. “Қазақстан Республикасы және жаһандану үрдістері” деген тақырыпта пікір-талас өткізіңіздер.

Әдебиет:

1. Актуальные вопросы глобализации (круглый стол). // Мировая экономика и международные отношения. 1999.. № 4. С. 37-52.
2. Азроянц Э.А. Глобализация: катастроф или путь к развитию? Современные тенденции мирового развития и политические амбиции. М.: 2002
3. Арыстанбекова А. Жаһандану – қазіргі заманның басты үрдісі. // Саясат, 2004, № 5, 4-6 бб.
4. Бек У. Что такое глобализация? (пер. с нем.) – М. 2001. С.304..
5. Вебер А.В. Глобализация и устойчивое развитие: проблемное поле и возможные сценарии. // Материалы постоянно джействующего междисциплинарного семинара Клуба ученых. «Глобальный мир». Вып. 11. М.:2001. С.68.
6. Делягин М. Общая теория глобализации. // Общество и экономика. 1998. № 10-11.
7. Кутырев В.П. О судьбах культуры. //Вестник российского философского общества. 2001, № 4 С.78-83
8. Мартин Г.П., Шуман Х. Западная глобализации. Атака на процветание и демократию. (пер. с нем.) М.: 2001.

9. Многоликая глобализация. Под ред. П. Бергера и С Хантингтона. Пер. с англ. В.В.Сапова. Под ред. М.М.Лебедевой.- М. : 2004

Аралық бақылауға арналған тест сұрақтары

1. ХҚТ-дағы І-үлкен дау қандай мектептердің арасында болды?
А. реалистер мен транснационалистер
Ә. реалистер мен идеалистер
Б. реалистер мен марксистер
В. реалистер мен модернистер
Г. неомарксистер мен неореалистер

2. “Орталық-периферия” кімдердің идеясы?
А. неореалистер
Ә. транснационалистер
Б. модернистер
В. неомарксистер
Г. конструктивистер

3. “Халықаралық қатынастар соғыс көлеңкесінде өрбиді”- деген кім?
А. Моргентау
Ә. Карр
Б. Шварценбергер
В. Уолферс
Г. Арон

4. “Ұлттық мүдде” ұғымын “билік” терминімен байланыстарған кім?
А. Моргентау
Ә. Карр
Б. Шварценбергер
В. Уолферс
Г. Арон

5. Реализмді жаңғыртып, жаңа жағдайға бейімдеуге тырысқан кімдер?
А. неореалистер
Ә. транснационалистер
Б. модернистер
В. феминистер
Г. конструктивистер

6. Қай теория мемлекеторталық парадигмаға негізделмеген?
А. неореализм
Ә. транснационализм
Б. модернизм
В. реализм
Г. гегемониялық тұрақтылық теориясы

7. ХҚТ-дағы II-үлкен дау қандай мектептердің арасында болды?
А. реалистер мен транснационалистер
Ә. реалистер мен идеалистер
Б. реалистер мен марксистер
В. реалистер мен модернистер
Г. неомарксистер мен неореалистер

8. Халықаралық қатынастар анархиялық орта, онда билік орталығы жоқ деген кімдер?
А. неореалистер
Ә. транснационалистер
Б. модернистер
В. реалистер
Г. конструктивистер

9. Қандай идея идеализмнің бастаулары болып табылады?
А. макиавеллизм
Ә. ағартушылық
Б. табиғи шекаралар
В. саяси тепе-теңдік
Г. дәстүрлі

10. Бұлардың қайсысы модернист?
А. Валлерстайн

Ә. Карр
Б. Райт
В. Уолферс
Г. Арон

11. И. Валлерстайн қай ағымның өкілі ретінде танымал?
А. неореализм
Ә. транснационализм
Б. неомарксизм
В. реализм
Г. гегемониялық тұрақтылық теориясы

12. Мемлекеттің сыртқы саяси шешімінің жасалуы формуласы:
А. ССШҚҮ (мемлекет)=ССШҚҮ (1)+ССШҚҮ (2)+ССШҚҮ (3)+ т.с.с.
Ә. ССШҚҮ (мемлекет)=ССШҚҮ (ел басшысы)
Б. ССШҚҮ (мемлекет)=ССШҚҮ (сыртқы істер министрлігі)
В. ССШҚҮ (мемлекет)=ССШҚҮ (саяси элита)+ССШҚҮ (көлеңкедегі топтар)
Г. ССШҚҮ (мемлекет)=ССШҚҮ (парламент)+сыртқы әсерлер

13. ХҚТ-дағы ІІІ-үлкен дау қандай мектептердің арасында болды?
А. реалистер мен транснационалистер
Ә. реалистер мен идеалистер
Б. реалистер мен марксистер
В. реалистер мен модернистер
Г. неомарксистер мен неореалистер

14. Модернистер ХҚТ-да нені сынға алды?
А. негізгі парадигманы
Ә. заңдылықтарды
Б. зерттеу тәсілдерін
В. негізгі категорияларды
Г. жаңашыл көзқарастарды

15. “Ұжымдық қауіпсіздік” қай мектептің идеясы?
А. неореализм
Ә. транснационализм
Б. неомарксизм
В. реализм
Г. идеализм

16. Халықаралық жүйедегі ең басты не?
А. элементтер
Ә. құрылым
Б. сыртқы орта

В. ішкі орта
Г. шекара

17. ХҚ-ды зерттеуде ғылыми әдістерді бірінші болып қолданған кім?
А. Валлерстайн
Ә. Карр
Б. Райт
В. Уолферс
Г. Арон

18. Неореализм бойынша халықаралық жүйелердің қасиеттері кімдерге тәуелді?
А. халықаралық ұйымдарға
Ә. ұлы мемлекеттерге
Б. мемлекет басшыларына
В. БҰҰ-ға
Г. трансұлттық корпорацияларға

19. Транснационалистердің ойы бойынша:
А. мемлекеттің халықаралық аренадағы ролі артуда
Ә. мемлекет халықаралық қатынастардың ең басты және шешуші акторы
Б. мемлекет халықаралық қатынастардың ең басты және шешуші акторы болудан қалып бара жатыр
В. мемлекеттер өзге акторлардың барлығын өзіне бағындыруда
Г. мемлекеттер БҰҰ- да да үстемдік етуде

20. ХҚТ-да актор деген ұғым нені білдіреді?
А. шиеленісті реттеу тәсілі
Ә. терроризмге қарсы күрес тактикасы
Б. халықаралық қатынастардың қатысушысы
В. халықаралық қатынастардың белсенді қатысушысы
Г. парадигма

21. Халықаралық қатынастарды әлеуметтік қатынастар ретінде қарастыру керек деген кім?
А. Моргентау
Ә. Карр
Б. Булл
В. Уолферс
Г. Арон

22. Мына тұжырымдардың қайсысы дұрыс?
А. халықаралық қатынастар саласында ғылыми заңдар бар
Ә. ХҚ туралы ғылымда заңдар мен заңдылықтар бар
Б. ХҚ-ды зерттеуде басшылыққа алынатын ешбір заң да , заңдылық та жоқ

В. ХҚ ғылымында заңдылықтар ғана бар
Г. ХҚ ғылымының өзіндік Ньютон заңдары бар

23. Қай теория соғыс мәселелерімен айналысады?
А. праксеология
Ә. деонтология
Б. полемология
В. иренология
Г. конструктивизм

24. Бүкіләлемдік үкімет құру қандай бағыттың идеясы?
А. неореализм
Ә. модернизм
Б. пацифизм
В. реализм
Г. идеализм

25. "Халықаралық аренада барлық мемлекеттер тең, бірақ олардың кейбіреулері өзгелерден көрі теңірек"- деген кім?
А. Рассет, Старр
Ә. Мозаффари, Джалили
Б. Холсти, Булл
В. Смутс, Бади
Г. Райт, Сингер

25. "Өркениеттер қақтығысы" теориясының авторы кім?
А. Бжезинский
Ә. Киссинджер
Б. Шварценбергер
В. Хантингтон
Г. Аллисон

26. Ф. Фукуяма өзінің атышулы еңбегінде не туралы айтады?
А. ақырзаман
Ә. жаппай соғыс
Б. тарихтың соңы
В. мәдениет дағдарысы
Г. табиғаттың тозуы

27. Халықаралық қатынастардың турбулентті (қитұрқы) сипаты туралы айтқан кім?
А. Валлерстайн
Ә. Янг
Б. Модельски
В. Розенау
Г. Мерль

28. “Динамикалық тұрақтылық” ұғымының авторы?
А. Цыганков
Ә. Лебедева
Б. Торкунов
В. Косолапов
Г. Дугин

29. “Постхалықаралық қатынастар” терминін бірінші болып ұсынған кім?
А. Нотерляйн
Ә. Янг
Б. Модельски
В. Розенау
Г. Мерль

30. Мына ұғымдардың қайсысы саяси реализмге тән емес?
А. үстемдік ету
Ә. ықпал жасау
Б. ұлттық мүддені қорғау
В. бақталастық
Г. ынтымақтастық

Кілттер:

1-Ә, 2-В, 3-Г, 4-А, 5-А, 6-Ә, 7-В, 8-В, 9-Ә, 10-Б, 11-б, 12-А, 13-А, 14-Б, 15-Г, 16-Ә, 17-Б, 18-Ә, 19-Б, 20-В, 21-Г, 22-В, 23-Б, 24-Г, 25-А, 26-В, 27-В, 28-Б, 29-В, 30-Г.

Мазмұны:

Халықаралық қатынастар ұғымы. Халықаралық қатынастардағы заңдылықтар ---------- 4

Халықаралық қатынастарды сараптаудың теориялық негіздері --- 8

Халықаралық жүйелер ---------- 17

Халықаралық қатынастарға қатысушылар ---------- 26

Ұлттық мүдде – халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатты сараптаудың қазығы ---------- 42

Халықаралық қауіпсіздік ---------- 47

Халықаралық ынтымақтастық ---------- 55

Халықаралық шиеленістер ---------- 63

Жеке тұлғалардың халықаралық қатынастардағы ролі мен орны. -- 76

Халықтар арасындағы қатынастар персонофикациясы ---------- 81

Жаһандану-халықаралық қатынастардағы үстем фактор ---------- 85

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МЕДЕУБАЕВА Ж. М.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Астана – 2007

Пікір жазғандар:
Кожирова С.Б.–тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің доценті
Есмағамбетов К.Л. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім және Ғылым Министрлігі жанындағы Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған.

Медеубаева Жанар Мұратбекқызы

Халықаралық қатынастар қазіргі заманғы мәселелері. Оқу құралы. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. – 2007, 109 бет.

Оқу құралы «халықаралық қатынастар», «аймақтану», «саясаттану» мамандықтарының студенттері мен оқытушыларына, ізденушілерге арналған. Онда халықаралық қатынастар қазіргі заманғы бірқатар мәселелеріне сипаттама беріліп, талдау жасалған.

@ Медеубаева Ж.М., 2007

Мазмұны:

1. Кіріспе.

2. Екі полюсті жүйе ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі халықаралық қатынастардың бет алысы мен сипаты.

3. XX-ғасырдың аяғы мен XX1-ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардың күйі.

4. Халықаралық қатынастардың ауған түйіні.

5. **Таяу Шығыс мәселесі мен оны реттеуге тырысушы акторлар.**

6. Халықаралық қатынастардағы көші-қон мәселесі.

7. Ауыз су мәселесі халықаралық қатынастар факторы ретінде.

8. Есірткі мәселесі және онымен халықаралық деңгейдегі күрестің жайы

Кіріспе

XX-ғасырдың аяғы мен XX1-ғасырдың басында халықаралық қатынастардың бүкіләлемдік жүйесінде көптеген түйінді мәселелер орын алып отыр. Олар бір ғана географиялық аумаққа жайылған жергілікті мәселелер болумен бірге, адамзат баласының күн көрісі, тұрмысы мен

әлеуметтік құрылымдарының негіздерін шайқалтып отырған баршаға тән мәселелер болуда. Күннен күнге шабысы үдеп келе жатқан жаһандану үрдісі бұл мәселелерді одан ары ушықтырып, созылмалы сипат беріп отыр. Халықаралық ортаның тығыздалып, өзара байланыстылықтың күшейген заманында қандай болмасын жергілікті немесе ұлттық мәселе көп ұзамай халықаралық дәрежеге ие болатыны белгілі. Мысалы, XX-ғасырдың 70-жылдарында Арал теңізі тартыла бастаған кезде бұл мәселе жағалық елдердің, әсірісе, Қазақстан мен Өзбекстанның ғана мәселесіндей көрінген. Осы ғасырдың аяғында Ливия президенті Муамар Каддафи өз сөзінде Африка құрылығының солтүстігінде орналасқан елінде соққан желдің Аралдың тұзын әкеліп жатқандығын айтқан. Бұл әлемде оқшауланған, бір ғана халықтың түскен ахуал болмайтындығын көрсетеді. Дүниеде барлық құбылыстар мен оқиғалар бір-бірімен сабақтасып, бөліп алғысыз жүйелік байланыстарға тартылған. Осы тұста "Әлемнің бір түкпірінде көбелек қанат қақса екінші ол келесі бір түкпіріне дауыл болып жетеді"- деген көпке танымал салыстырма еске түседі. Белгілі бір мәселені өзгенің басына түскен нәубет деп санап, шеттеп қалудың нәтижесінде халықаралық қауымдастықтың күш жұмылдырып, шара қолданбауы уақытты созып, мәселені ушықтыруға әкеп соғады. Көрші елдегі экологиялық жағдайдың нашарлауы өз халқының болашағын ойлайтын мемлекеттерді ойландырмай қоймауы керек.

Қазақстан Республикасы кеңес дәуірінен бірқатар жаһандық мәні бар мәселелерді еріксіз мұраға алып қалғандығы белгілі. Халықаралық ортаға ену, дүниежүзілік дамудың қарқынына ілесу талпыныстары елімізді сол ортаның жағымсыз, мәселелі тұстарымен таныстырды. Бүгінде Республика экологиялық, кедейшілік, нашақорлық, демографиялық және т.б. мәселелермен халықаралық қауымдастықпен бірлесе отырып, күресуді қолға алуда.

Оқу құралында бүгінгі күні өзекті болып отырған бірқатар мәселелерге талдау жасау мақсаты қойылды. XX-ғасырдың 90-жылдарының басыда екі полюсті жүйе ыдырағаннан кейінгі халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесінде болған өзгерістер, орын алған құбылыстар мен беталыстар сарпталып, баяндалды. Өйткені жааһандық жүйенің трансформациясы мен оның жаңа өлшемдерінің көріне бастауы әлемдегі көптеген мәселелердің қайнар көзі болды.

Ауған мәселесі халықаралық қатынастардың түйінді тұсы болып, бүгінде аймақтың ғана емес, бүкіл жаһанның "бас ауыруы" болып отыр. Таяу Шығыстағы шиеленіс соңғы жарты ғасыр бойы халықаралық қауымдастықтың ұйқысын қашырса, өз аймағының құт-берекесін қашырған дерт екені белгілі

Халықаралық қатынастарда жаңа субъектілердің немесе акторлардың пайда болуы әлемдік геосаяси жағдайды өзгертіп, оған жаңаша кескін беруі жаһандық қауіпсіздік жүйесіне төнер қатерлердің көзіне айналды. Сондай аймақтардың бірі Орта Азия бүгінде әлемнің алпауыттары мен барлық мүдделі күштердің назарын өзіне тартқан,

тұрақсыздықтың ошақтарымен көршілес жатқан көп факторлы аймақ болып отыр. Аймақтағы геосаяси және геоэкономикалық тартыстардың барысы мен нәтижелері халықаралық қатынастардың еуразиялық қана емес, сонымен бірге, жаһандық жүйесінің тағдырын шешетін жәйт екендігі белгілі.

Бүгінде көші-қон (миграция) мәселесі халықаралық қатынастардың тегеуірінді факторларының бірі болып, жаһандану үрдісінің алға жылжуымен күннен-күнге ықпалын өрістеуде. Ресурс тапшылығы орын алған заманда ауыз су мәселесі халықаралық факторға айналып отыр. Сондай-ақ есірткіні пайдалану, оны тасымалдау де күн тәртібінен түспейтін өткір халықаралық мәселе ретінде қарастырылуды талап етеді.

Оқу құралында Қазақстан Республикасы жоғарғы білім берудің мемлекеттік стандарттарында сипатталғандай "Халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы мәселелері" пәні бойынша қарастырылуы тиіс тақырыптардың басым бөлігіне қазақ тіліндегі ақпараттармен, материалдармен қанықтыра отырып, қазіргі кезде халықаралық қатынастар туралы ғылымда бар көзқарастар мен тұжырымдардың негізінде сараптама жасау міндеті қойылған.

Екі полюсті жүйе ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі халықаралық қатынастардың бет алысы мен сипаты.

1. Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі дағдарыс пен реформалар.
2. КСРО ядролық мұрасы және ТМД кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері.
3.Посткеңестік кеңістіктегі шиеленіс ошақтары.
4.Германияның бірігуі және Еуропалық Одақтың құрылуы.

5. Американдық «демократияны кеңейту» концепциясы және гуманитарлық интервенциялар.
6.Корея түбегіндегі «ядролық дабыл» және Тайвань «ракета дағдарысы».
7.ЕО үшінші кеңеюі (1995 жылдың қаңтары) мен НАТО-ның шығысқа қарай кеңеюге дайындалуы.

Кеңес Одағының ыдырауы халықаралық қатынастардың сипатын түбегейлі өзгеріске ұшыратты. Өзара жауласушы қос блок арасындағы тайталастық жойылды. Жаһандық халықаралық қатынастар жүйесінің «социалистік» тармағы өмір сүруін доғарды. Осынау ірі өзгерістердің барлығы бейбіт сипатта өтуі қазіргі заманғы дамудың айрықша ерекшелігі ретінде атап көрсетуге негіз болады. КСРО-ның ыдырау барысы шиеленісті жағдайларды ілестіре жүргенімен, олардың ешқайсысы Еуропа мен Азияның бейбіт өміріне қатер төндірерліктей кең ауқымды соғыстарға ұласқан жоқ. Екі полюсті жүйенің жойылуы көпұлтты мемлекеттердің ыдырауына жол бере отырып, халықаралық қатынастар аренасына көптеген жас, жаңа акторларды шығарды.

Осы тұста халықаралық қатынастарда күш ролінің қайтадан өсуге бет алу құбылысы байқалды. Бұған себепті екі түрлі жағдайды атап көрсетуге болады. Біріншіден, екі полюсті жүйенің ыдырауы бұрынғы көпұлтты мемлекеттер аумағында салыстырмалы түрде ұсақ болғанымен көптеген қарулы қақтығыстардың пайда болуына бастама болды. Екіншіден, АҚШ пен НАТО елдері Кеңес Одағының қарсылығына қарамастан, демократия мен адам құқығын қорғау деген желеумен аймақтық және жергілікті шиеленістерге өз мүдделерімен санаса отырып, күш қолдану аясын кеңейте берді. Тоқсаныншы жылдардың орта шенінде халықаралық қатынастарда *бітімгершілік* операциялары ерекше орынға ие болды. Бұл сөздің астарында жекелеген шиеленістер барысында қантөгісті тоқтату мақсатында халықаралық қауымдастық тарапынан әр түрлі шараларға, атап айтқанда күш қолдануға дейін бару әрекеттері жатыр. Осынау шаралар қатарынан *гуманитарлық интервенция* тәсіліне айрықша көңіл бөлініп келді. Яғни, ізгіліктілікті желеу етіп, көпжақты немесе ниеттес мемлекеттерден құрылған коалицияның қолдауына сүйене отырып шиеленіс алаңына үшінші бір елдің қару асына араласуы.

1. Коммунистік режим құлаған соң Шығыс Еуропа елдерінде 1989 жылдан бастап трансформация үрдісі бастау алды. Демократиялық реформалар жолына түскен мемлекеттер «өтпелі экономикалы елдер» және «өтпелі елдер» (transitional societies) деп атала бастады. Жаңадан қалыптасқан коммунистік емес немесе коалициялық үкіметтер саяси және экономикалық қайта құруларды бастап кетті. Бағаның айқындалуы мен сыртқы сауда-саттықтарды ырықтандыру (либерализация) шараларын жүзеге асыру қолға алынды. Инфляцияны тежеу шаралары қарастырылып, мемлекеттік меншіктер жекешелендіріле бастады. Нарықтық шаруашылық негізін салуға бет алды.

Қайта құрудың сәтті үлгісі Польшада жүргізілген реформа барысында байқалды. Ел экономикасын құлдыраудан сақтай отырып, қысқа мерзім ішінде халқының өмір сүру деңгейін бұрынғы социалистік шығысеуропалық елдермен салыстырғанда көш ілгері алып шықты. Полышадағы реформаның сәтті болуына батыс мемлекеттерінің елдің сыртқы қарызының 2/3 бөлігін кешіруі де айтарлықтай септігін тигізгенін атай кеткен жөн.

1992 жылдың желтоқсанында Чехословакия Федерациясының құрамдас қос мемлекетінің билік органдары арасында қол жеткізілген келісім-шарт негізінде ел екі мемлекет – Чехия мен Словакияға ыдырап кетті. Чехиядағы реформалар жоғары қарқында жүзеге асырылғанымен, Польшамен салыстырғанда күрделірек болды. 70-80 жылдары Янош Кадар жүргізген «айрықша экономикалық саясат» негізінде нарық талаптарына біршама икемделген Венгрия экономикасында қайта құрулар салыстырмалы түрде сәтті өтті. Румыния мен Болгарияда жүргізілген реформалар тиімділігі мен қарқыны жағынан өзгелерге қарағанда кейіндеп қалды. Бұл елдерде өндірістік құлдырауы мен халықтың кедейленуі белең алды.

Албаниядағы қайта құрулар аса қиын жағдайда өтті. 1992 жылы коммунистерді биліктен тайдырған елдің жаңа президенті Сали Бериш бастаған реформалар экономикалық қылмыстануға ұласып, 1997 жылы күрделі ішкі саяси дағдарысқа әкеліп ұрындырды.

Жалпы алғанда, 90-жылдардың алғашқы жартысында Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде демократиялық дамудың нышандары көріне бастады, десе де кейбір елдерде (Польша және Словакия) авторитаризм нышандары да байқалып жатты. Авторитаризмнің аса көрнекі түрі Югославия ыдыраған соң пайда болған жаңа мемлекеттерде ерекше байқалды. Бұл елдерде ұлтшылдық көңіл-күй белең алды.

1991 жылдың күзінен бастап Югославиядағы ішкі дағдарыс біртұтас мемлекеттің ыдырауына бастау болды. Бұрынғы югославиялық республикалар Словения мен Хорватия федерация құрамынан шығатындықтарын мәлім ете отырып, Белградтағы федеративтік билікпен қақтығысқа келді. Артынша бұрынғы СФРЮ-дың өзге де құрамдас республикалары тәуелсіздіктерін жариялай бастады. Ел тұтастығын сақтап қалуды тек Сербия мен Черногория ғана жақтады. Алайда бұл республикалар да СФРЮ-дың ыдырауының дәлеліндей 1992 жылы 12 ақпанда екеуара Югославия Одақтас Республикасын (ЮОР) құру туралы шешім шығарады. Жаңа мемлекет өзін бұрынғы СФРЮ-дың мұрагері ретінде жариялап, тәуелсіздік алған барлық бұрынғы югославиялық республикалардың тәуелсіздіктерін тануға дайын екендігін 1992 жылдың сәуір айында мәлім етеді. Алайда халықаралық қауымдастық ЮОР-ды СФРЮ-дың заңды мұрагері ретінде танудан және БҰҰ-дағы СФРЮ-дың орнын беруден бас тартады.

Хорватияда жергілікті сербтер хорват үкіметінің сепаратистік пиғылына қарулы қарсылық көрсетеді. Сербия басшылығы Хорватия мен Словениядағы сепаратизмге саяси жолмен қарсылық білдірумен қатар, хорваттық сербтерге астыртын көмек көрсетуін жалғастыра берді. Сондай-ақ

ресми Белград Ресей мен АҚШ тарапынан қолдау табуға үміттенді және олардың көмегімен Хорватия территориясындағы сербтер мүддесін қорғауға тырысып бақты.

Алайда Батыс Еуропа елдері Югославия мәселесіне қатысты әртекті пікір ұстанды. Германия 1991 жылдың желтоқсанында Словения мен Хорватияның тәуелсіздігін танып, дәл сондай қадамға баруын Еуроодақтың өзге елдерінен талап етті. Герман корпорациялары жаңа мемлекетердің экономикалық кеңістігін игеру ірі көлемді табыс әкеледі деген пікірде болды. Франция Югославиядағы сепаратистік мәселелерге сақтықпен қарады. Себебі Балқандағы сепаратистер жеңісі Францияның өз ішіндегі сепаратистік пиғылдағы топтардың (атап айтсақ, Корсика) әрекеттеріне серпін беруі ықтимал деген қатерде болды. Бұл бағытта Франция, Ұлыбритания және Бельгия территорияларында сепаратизмен істес болып отырған бірқатар Батыс Еуропа елдерінен түсінушілік тапты. АҚШ әкімшілігі болса Хорватия мен Словения тәуелсіздігін тану Батыс пен Ресей қарым-қатынастарын шиеленістіріп жіберер деген қауіппен Югославия мәселесі бойынша «әліптің артын бағу» саясатын ұстанды.

Халықаралық қауымдастық пікірлерінің әрқалайлығына қарамастан, Югославияның ыдырауы жалғаса берді. 1992 жылдың сәуірінде Еуропалық Одақ Босния мен Герцеговина тәуелсіздігін таниды. Елдегі мұсылмандар санының аздығына қарамастан мұсылмандар қауымының жетекшісі Алия Йзетбегович президент болып сайланады. Бұған наразылық ретінде босниялық 1992 жылы қаңтарда сербтер тығыз орналасқан Босния территориясында Радован Караджич басшылығымен тәуелсіз Серб Республикасының құрылғандығын мәлім етеді. Сербтер әрекетін үлгі еткен босниялық хорваттар да 1992 жылдың шілдесінде жаңа мемлекет - Герцеговина-Боснияның құрылғаны туралы жариялайды. А.Йзетбеговичтің билігі тек ел астанасы Сараево мен тұрғындарының басым көпшілігі мұсылмандар болып келетін бірнеше қалаларда ғана сақталып қалды.

1992 жылдың көктемінде Сараеводан бастау алған мұсылмандар мен сербтер арасындағы шиеленіс біртіндеп ел аумағындағы барлық сербтер, хорваттар және мұсылмандар арасындағы бейберекет қақтығысқа ұласып, елде «барлығының барлығына қарсы соғысы» деп аталған қырғынның басталуына әкеп соқты. Осы жағдайда Сербия-Черногория үкіметінің босниялық сербтерге көмек көрсетуін Босния-Герцеговинаның ішкі істеріне қол сұғушылық деп айыптаған БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі 1992 жылы 30 мамырда Сербия мен Черногорияға қарсы экономикалық санкциялар салу туралы шешім шығарады. Алайда БҰҰ-ның бұл шешімін көптеген елдер басшылыққа алмады. Нәтижесінде қақтығысушы барлық тараптар қару-жарақ сатып алу мүмкіндіктеріне ие болып қала берді.

Босния және Герцеговинадағы хорваттар мен сербтердің қарым-қатынасы хорваттар мен мұсылмандарға қарағанды анағұрлым күрделі еді. Сербия мен Хорватия Босния-Герцеговинаны өзара бөлісуге дайын екеніне қарамастан, босниялық хорваттар Хорватия үкіметінің қолдауына сүйене отырып, босниялық сербтердің жеңіске жетуіне жол бермеу мақсатында

мұсылмандармен одақтасуға барады. Хорваттар мен мұсылмандардың өзара жақындасуына батыс елдері де еңбек сіңіріп бақты.

Босниядағы азаматтық соғыс нацисттер дәуірінен кейінгі уақыт ішінде Еуропада болмаған этникалық топтар арасындағы сұрапыл қырғын, адам айтқысыз жауыздықпен сипатталған зұлмат болды. Бұрынғы Югославия территориясында болған әскери қылмысты зерттеу үшін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шешіміне сай 1993 жылы 25 мамырда Гаага қаласында бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық трибунал құрылды.

2. АҚШ басшылығы 1991 жылдың 19 тамызында КСРО-да орын алған төңкеріске шейін президент М.С.Горбачевты қолдап келді. Тамыз төңкерісі нәтижесінде оның билігі қаншалықты әлсіз екендігі айқын болған соң Құрама Штаттары РСФСР президенті Б.Н.Ельцинмен қатынас орнатуға бет бұрады. АҚШ-тың бұлайша мүдделілік танытуына себеп бұрынғы КСРО-ның ядролық қаруларын таратпау жайлы ресми Мәскеуден кепілдік алу еді. Кезінде кеңестік ядролық қару орналастырылған Қазақстан, Украина және Белорусия әлеуетті ядролық державаға айналу мүмкіндігі бар еді. Халықаралық қатынастарда әлі де болса айқын бет-бейнесі қалыптасып үлгермеген жас мемлекеттердің қуатты ядролық қаруға иелік етуі қай елдің болмасын ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін еді. Ресми Мәскеу де бұрынғы кеңестік республикалардың ядролық мемлекеттерге айналуын қалаған жоқ. Сол себептен де 90-жылдардың басында АҚШ пен Ресейдің өзара жақындасуы байқалды.

1992 жылы ақпанда Ресей президенті Б.Н.Ельцин Вашингтонға ресми сапар жасап, Кэмп-Дэвидте РФ мен АҚШ бір-бірін ықтимал қарсыластар ретінде қарастырмайтындығы жайлы екіжақты Декларацияға қол қояды. Аталмыш құжатта өзге де маңызды баптар көрсетілді. Біріншіден, «ортақ демократиялық құндылықтарды» қалыптастыру төңірегінде ынтымақтасуға екі жақтың да дайын екендігі айтылды. Екіншіден, АҚШ пен Ресейдің «жаңа әріптестер одағын» құруға мүдделі екендігі көрсетілді. Үшіншіден, америка-ресей жақындасуының ұзақ мерзімділігін және өзара сенімділікті күшейте түсу мақсатында «ортақ қауіпсіздікті» қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

1992 жылы маусым айында Б.Н.Ельцин АҚШ-қа екінші мәрте аттанып, «Достық және әріптестік жайлы орыс-америка хартиясына» қол қойды. Осы Вашингтон хартиясында Солтүстік Америка мен Еуропаның қауіпсіздігі «ажырамас» екендігі атап көрсетілді. Нақтырақ айтқанда, құжат мәтінінде: «Ванкуверден (Канада-Америка шекарасында орналасқан тынық мұхиттық айлақ) Владивостокқа дейінгі қауіпсіздік еш ажырамас, бүтін құбылыс», - делінген. Осы құжат арқылы Ресей тұңғыш рет өз ұлттық қауіпсіздігін НАТО мемлекеттері ұлттық қауіпсіздігімен ресми түрде сабақтастырды.

1992 жылы қарашада өткен президент сайлауы нәтижесінде АҚШ-та билік басына демократтар келді. Демократиялық партия атынан жеңіске жеткен Билл Клинтон АҚШ пен Ресей арасында қалыптасқан өзара түсіністік қарым-қатынастарты жалғастыра берді. Жаңа сайланған президент өз қызметіне кіріскенше Үлкен-Дж.Буш 1993 жылы 3 қаңтарда Мәскеуге ресми

сапармен келеді. Сапар барысында Стратегиялық шабуылдау қаруларын одан әрі шектеу мен қысқарту туралы екіжақты келісімге (СНВ-2, START II) қол жеткізіледі. Қол қою барысында тараптар аталмыш құжаттың Украина, Қазақстан және Белоруссияның 1991 жылғы СНВ-1 келісім-шартын ратификацияған және Ядролық қаруларды таратпау жайлы келісім-шартқа (ДНЯО) ядросыз мемлекеттер ретінде қосылған жағдайда ғана күшіне енетіндігіне келісті. Құжатта Ресей мен АҚШ 2003 жылдың қаңтарына шейін ядролық оқтұмсықтар санын 3500 бірлікке дейін қысқартуы тиіс екендігі нақты көрсетілді.

Келісім-шарт АҚШ конгресінде 1996 жылдың қаңтарында ратификацияланса, 1995 жылы маусымда Ресей Федералдық Жиналысына енгізілген құжатты ратификациялау үрдісі 1997 жылға дейін созылды. Ресейлік депутаттар корпусы құжатта көрсетілген міндеттемелерді жүзеге асыруға қаржының жоқтығын сылтау еткенімен, шын мәнісінде, олар Ресей мен Батыс елдері арасында болашақта туындар қайшылықтар барысында Ресей НАТО елдері тарапынан төнер қатер алдында қорғансыз қалады деп сескенді.

Қазақстан мен Белоруссия басшылығы өздерінің ядросыз ел мәртебесіне ие болуға және ядролық қаруларды Ресейге беруге дайын екендігін мәлімдеді. Ал кеңестік ядролық мұра бойынша Украинаның ұстанымы құбылмалы болып келді. 1992 жылдың мамыр айының басында Қазақстан, Украина және Белоруссия парламенттері СНВ-1 келісім-шартын ратификациялады. Алайда Киев ядролық қаруларды өз территориясынан жеті жыл көлемінде және АҚШ пен Ресей тарапынан қаржылай көмек көрсетілген жағдайда шығаратындығы жайлы ескертулерді енгізе отырып, құжатты ратификациялауға барды.

1992 жылы 23 мамырда Лиссабон қаласында АҚШ, Ресей, Қазақстан, Украина және Белоруссия өкілдері СНВ-1 кеңес-американ келісіміне қосымша протоколға қол қойып, соңғы үш мемлекеттер ядросыз ел ретінде ядролық қаруларды таратпау туралы келісім-шартқа қосылуға міндеттеме алды.

1991 жылы 21 желтоқсанда 11 бұрынғы КСРО республикалары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) жариялады. Достастыққа ресми түрде Армения, Әзербайжан, Белоруссия, Молдавия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан, Украина мүше болды. Ал Грузия мен Прибалтика елдері тыс қалды. Достастық астанасы ретінде Минск қаласы таңдалып алынды. Алайда Достастық бұрынғы КСРО орнына құрылғанымен, оны алмастыра алмады. Себебі жаңа құрылым біртұтас мемлекет емес, кезекті бір халықаралық ұйым болып қала берді.

Әзербайжан мен Армения Таулы Қарабах мәселесі бойынша соғыстың сәл-ақ алдында тұрды. Молдавияның Румынияға қосылу пиғылына орай Приднестровье мәртебесіне байланысты елде азамат соғысы тұтанып келе жатты. Тәжікстанда зайырлықты жақтаушылар және исламдық билікті қолдаушылар болып бөлінген жергілікті кландар арасында азаматтық соғыс

басталды. Мұндай шешімі қиын күрделі мәселелер тұрғанда ТМД-ның табыстарға қол жеткізе қоюы екіталай еді.

Алайда соған қарамастан, 1993 жылы 22 қаңтарда Минскіде өткен ТМД саммитінде мүше мемлекеттер Достастық жарғысын қабылдады. Аталмыш құжатты қол қоюшы барлық мемлекеттердің заң шығарушы органдары ратификациялау үрдісінен өткізген соң, 1994 жылы қаңтарда өз күшіне енді. Грузия 1993 жылдың соңында Тбилисиде билік басына Э.Шеварднадзе келен соң ғана ТМД-ға және оның жарғысына қосылу жайлы протоколға қол қойды.

Бұрынғы КСРО кеңістігіндегі қалыптасқан қауіпсіздікке нұқсан келтірмеу мақсатында мемлекеттер өзара сенімділікті арттыра түсу үшін 1992 жылы 15 мамырда Ташкент қаласында бас қосып, Армения, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және Тәжікстан Ұжымдық Қауіпсіздік Келісім шартына (ҰҚК) қол қойды. Аталмыш құжат алдағы бес жылға қабылданғанмен, уақыты біткен соң автоматты түрде келесі мерзімге ұзартылу мүмкіндігі бекітілді. ҰҚК 1994 жылы сәуірде күшіне енді. Келісімге Әзербайжан мен Грузия 1993 жылы қосылса, Молдавия мен Түркіменстан мүлде қол қоймады. Ал Украина тек бақылаушылық мәртебемен шектелуді жөн көрді.

Ташкент келісімі заңдық тұрғыда аса «мықты» көрінді. Құжаттың 4-бабында мүше-мемлекеттердің кез-келгеніне жасалған шабуыл барлығына қарсы агрессия ретінде бағаланатындығы нақты айтылған. Бірақ бұл баптың барлық шабуыл түріне қатысты ма, әлде агрессияның тек келісімге мүше емес елдер тарапынан болған жағдайда ғана қолданыла ма, ол жағы айқын көрсетілмеді. Сол себептен де, Тәжікстан тәрізді елдер үшін, егер Өзбекстанмен қақтығысқа түсе қалған жағдайда әскери көмек көрсетіле ме, жоқ па, белгісіз болатын. Дәл сондай жағдайда Арменияамен шиеленісті мәселесі бар Әзербайжан да қалып отыр еді. Және келісімде әскери көмек көрсету үшін шешім қабылдау механизмдері көрсетілген жоқ. Сондықтан бұл құжатты келісім дегеннен гөрі декларация деген әлдеқайда дұрыс еді.

3. Көршілес қос мемлекет Әзербайжан мен Арменияны өзара қырғи-қабақ еткен жанжал Таулы Қарабах мәселесі еді. Аталмыш шиеленіс өз бастауын сонау XX ғасырдың басынан алады. КСРО құрылып, Закавказье толығымен кеңестендірілген соң 1923 жылы 7 шілдеде Әзербайжан ССР құрамында тұрғындарының басым бөлігін армяндар құрайтын Таулы Қарабах автономиялық облысы (ТҚАО) құрылады. 1988 жылғы 1 қаңтарда өткен санақ бойынша облыс тұрғындарының саны 183,9 мың адамды құрады. Олардың 74% армяндар, 23,7% әзербайжандар, 2,3% орыстар мен өзге де ұлттар. 1988 жылы ақпанда ТҚАО халықтық депутаттарының облыстық Кеңесі Қарабахтың кімге тиісілігі жайлы референдум өткізеді. Референдум қорытындысы бойынша тұрғындардың Армения ССР құрымына өтуге ынталылығы белгілі болғанымен, жергілікті билік КСРО басшылығынан мұндай әрекетке жол бермеу жайлы өтініш жасайды. Нәтижесінде Әзербайжан мен Армения арасы шиеленісіп кетеді. Екі республикада да ұлттық қақтығысушылықтар бой көрсетеді. 1988 жылы желтоқсанда Сумгаит

қаласында, 1990 жылы қаңтарда Баку қаласында армяндардың ірі бас көтерулері болды. Әзербайжан астанасындағы тәртіпті ретке келтіру үшін қалаға Кеңес Армиясының бөлімшелері енгізілгенімен, бұл әрекеттер еш нәтиже бере алмады. Қос тараптан қарама-қарсы ағылған босқындар қарасы күн санап ұлғая берді.

1991 жылы қыркүйекте қарабахтықтар шетелдегі армян диаспораларының және Ресейдің көмегіне сүйене отырып, «тәуелсіз» Таулы-Қарабах Республикасын (ТҚР) жариялайды. Армения мен ТҚР басшылығы бірлесе атқарған әрекеттері арқасында соғысқа қабілетті Таулы-Қарабах армиясы жасақталады.

1991 жылы желтоқсанның 21-нде Армения мен Ресей арасында Өзара қауіпсіздік, ынтымақтастық және достық туралы келісімге қол қойылады. Осы құжат негізінде Ресейдің әскери базалары (бұрынғы кеңестік) мен әскерлері Армения территориясында қалдырылады. Былайша айтқанда, Армения Ресей тарапынан әскери кепілдік алғандай болады. Алайда Түркия және Әзербайжанмен шиеленіске келіп қалудан сескенген Ресейдің Мемлекеттік Думасы аталмыш келісімді ратификациялаған тастайды.

Әзербайжан мен Ресей арасы Бакуде билік басына А.Эльчибей келген соң одан әрі нашарлап кетеді. Әзербайжан басшысы АҚШ пен Түркияға бүйрек бұра бастаған-ды. 1992 жылдың жаз айларынан бастап Таулы-Қарабахтағы әскери қимылдар өрши түседі. Мамыр айында Қарабах қарулы күштері «Лачин арнасы» мен әзербайжандық Шушу қаласын басып алып, Арменияға тура шығатын жолды ашады. Ал Әзербайжан армиясы Таулы-Қарабахтың солтүстік бөлігіне иелік етеді. 1993 жылдың күзінде қарабахтық армия Арменияның көмегімен Таулы-Қарабах пен Арменияны жалғастырар жаңа бір арнаны өз иеліктеріне алады. Нәтижесінде армяндардың бақылауына тек бұрынғы автономия территориясы толықтай кіріп ғана қоймай, Әзербайжан территориясының да біршама бөлігі өтіп кетеді. Әзербайжан армиясының бұл сәтсіздіктері ел ішінде А.Эльчибейге деген наразылықты күшейтіп жібереді. 1993 жылдың шілдесінде Бакуде саяси төңкеріс орын алып, билік басына кеңестік Әзербайжанның көрнекті қайраткері Г.Әлиев келеді. Жаңа басшы Ресеймен қарым-қатынасты қалпына келтіруге бірден кіріседі. Президенттікке сайлана салысымен Мәскеуге сапар жасап, Әзербайжанның ТМД мен Ташкент келісіміне қосылуға дайын екендігін мәлімдейді. 1993 жылы 24 қыркүйекте Әзербайжан ТМД-ға мүшелікке өтеді. Мәскеумен ара қатынастың қалпына келуі ресми Баку мен армяндардың компромисс табуына оң ықпалын тигізеді. 1994 жылдың 12 мамырында Армения мен Әзербайжан Ресейдің араағайындық етуімен Бішкек қаласында қарулы қақтығыстарды доғару туралы протоколға қол қояды. Қарулы қақтығыстар тоқтатылғанымен, Таулы-Қарабах мәселесі осы күнге шейін әлі өз шешімін тапқан жоқ.

Посткеңестік кеңістіктегі шиеленіс ошақтарының бірі - Молдавияның Украинамен шекаралас жерінде орналасқан Приднестровье мәселесі. Приднестровье аймағы халқының құрамы пропорциональді түрде тең (орыстар, украиндар, молдавандар), Днестрдің сол жағалауында орналасқан,

бұрынғы Молдавия КСР-ның ең дамыған өңірі болатын. Бұрынғы Ресей империясының бір бөлігі ретінде XX ғасырдың 20-жылдары Приднестровье Молдавия АССР деген атпен Украина КСР-ның құрамына енгізіледі. Астанасы етіп Тирасполь қаласы таңдалады. 1940 жылы Румыния тарапынан Бессарабия Кеңес Одағына қайтарылған соң Молдавия АКСР Бессарабиямен біріктіріліп, Молдавия КСР-і (астанасы Кишинев қаласы) болып қайта құрылады. Румыния құрамында қалып қойған молдавандарда Бессарабияның Кеңес құрамына өтуі заңсыз әрі ерте ме, кеш пе Румынияға қайтарылуы тиіс деген пікір сақталып қалады.

1989 жылы Кеңес Одағында белең ала бастаған «егемендену» толқыны кезінде Молдавия КСР-ң Жоғарғы Кеңесі мемлекеттік тіл туралы заң қабылдап, румын тілін мемлекеттік тіл деп жариялайды. Бұл Приднестровьелық орыстар мен украиндер арасында алаңдаушылық тудырады. Олардың пайымдауынша Молдавия Румынияға қосылған жағдайда ешқашан Бессарабияның құрамында болмаған Приднестровье де бірге қосылады деп түйді. Нәтижесінде Приднестровьеде Молдавияның Румынияға қосылуына қарсы қозғалыс пайда болады. Сол жағалаулықтардың бұл әрекеті Кишиневтегі ұлтжандылардың әрекеттеріне қарқын беріп, олардың Румыниямен интеграциялануына жеделдете түсті. Нәтижесінде Молдавиядағы этникалық топтар арасында қарама-қайшылықтар арта берді. 1990 жылы күзде приднестровьелықтар астанасын Тирасполь қаласы етіп, «Приднестровье Молдавия Республикасын» (ПМР) жариялайды.

Алғашында ПМР басшылығы Кишиневке федеративтік келісім жасауды ұсынып, Молдавияны федеративтік ел етіп қайта құруға шақырады. Орталық билік приднестровьелықтардың бұл ұсынысынан бас тартқан соң ПМР молдаван парламентіндегі өз депутаттарын кері шақыртып алып, Молдавия конституциясына қарсы келетін заңдарды өз беттерінше қабылдай бастайды. Бұған наразылық білдірген Молдавия Приднестровьеге қарсы экономикалық санкциялар енгізеді.

Мәселе 1991 жылдың соңында Молдавия Жоғарғы Кеңесі Тәуелсіздік декларациясын жариялаған сәттен бастап одан әрі шиеленісіп кетті. Приднестровье басшылығы ПМР «тәуелсіздігін» жариялайды. Мұны танудан бас тартқан Молдавия ел тұтастығын сақтап қалу үшін күш қолдануға бел буады. Алайда бұл кезде Молдавияда тек тәртіп сақшылары болғаны болмаса, кәсіби армия жоқ еді. Ал Приднестровьеде 10 мың адамдық соғыс қимылдарына қабілетті армия әлдеқашан құрылып қойған болатын. Енді Молдавия «еріктілерден» құралған әскери отрядтарды жедел жасақтауға кірісіп кетеді.

1992 жылы 1 наурызда молдавиялық әскерилер қару-жарақтарға иелік ету мақсатында Днестрдің оң жағалауында орналасқан бұрынғы Кеңес армиясы бөлімдерінің біріне шабуыл жасайды. Осылайша шиеленістің қарулы беттері ашылады. 17 наурызда Молдавия парламенті Қарулы күштерді құру туралы заң қабылдап, 28 наурыздан бастап елде төтенше жағдай енгізеді. Әскери қимылдарға бір жағынан жаңа жасақталған Молдаван армиясы мен молдаван-румын еріктілері қатысса, екінші жағынан

приднестровьелық «гвардияшылар» мен Приднестровьеде орналасқан 14-ресей армиясының бөлімдері қатысты. Қақтығыстың күш алып бара жатқанын байқаған Ресей президенті Б.Н.Ельцин 14-армия басшылығына генерал А.И.Лебедевті тағайындайды. Жаңадан тағайындалған генерал қарсы тарапқа егерде қантөгісті дереу доғармаған жағдайда ұрыс алаңын оң жағалауға ауаратынын мәлімдейді. Қатаң талап негізінде Молдавия келіссөздерге келіп, 1992 жылы 12 шілдеде Мәскеуде Бейбіт реттеу қағидалары туралы орыс-молдаван келісіміне қол қойылады.

1994 жылы қабылданған Молдавия конституциясына сәйкес Приднестровьеге автономия мәртебесі бекітіледі. Алайда приднестровьелықтар мұны қанағат тұтпай, Молдавияның Румынияға қосылған жағдайында Приднестровьенің ешқашан бірге қосылмайтындығы жайлы айрықша міндеттемені талап етті. 1997 жылдың басында Ресейдің араағайындық етуімен мәселені бейбіт реттеу туралы Кишинев пен Тирасполь арасында келіссөздер өтті. Нәтижесінде 1997 жылы 8 мамырда Мәскеу қаласында Молдавия Республикасы мен Приднестровье Республикасы арасындағы қарым-қатынастарды қалпына келтіру жайлы мемарандумға қол қойылады. Тараптар 1990 жылғы Молдавия ССР шекарасы бойынша тұтас мемлекет ретінде қатынас орнататыны жөнінде компромисс табады. Алайда аталмыш шиеленісті реттеу түбегейлі өз шешімін таба алмай қала берді.

Балтық жағалауы елдері өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізе салысымен, ел тұрғындарының азаматтығын айқындау мәселесін көтерді. Латвия мен Эстонияда мәселе өте күрделі деңгейде болды. Аталмыш елдер Кеңес Одағы құрамына енген соң, елдің өндірістік құрылымын дамыту мақсатында КСРО-ның әр түкпірінен орыс, украин, белорус және өзге де ұлт өкілдері қоныстандырылған болатын. Мысалы, 1937 жылы эстондар Эстония халқының 88,2%, ал орыстар 8,2% құраса, 1989 жылы олардың ара қатынасы сәйкесінше 61,5% пен 30,3% болды. Ал Латвияда 1937 жылы латыштар 76%, орыстар 10,6% болса, 1989 жылы бұл көрсеткіш 52% және 34% көрсетті. Осы сандарды есте ұстаған ұлттық зиялы қауым орыстардың қоғамдағы еркін жүріс-тұрысы олардың мықты саяси күшке айналуына оңтайлы болады деп түйді. Бұл мәселенің шешімін заңды тұрғыда шешуді жөн деп тапқан жергілікті басшылық азаматтық туралы заң шығарады. Заңда Балтық елдерінің толыққанды азаматы ретінде тек 1940 жылдарға дейін Балтық жағалауы мемлекеттерінің азаматы болған немесе сол адамдардың тікелей ұрпақтары ғана саналатындығы көрсетіледі. Ал ел аумағына 1940 жылдан кейін келіп қоныстанған жандар азаматтық алу мүмкіндіктерінен мүлде айырылады. Ел басшылығының бұл қадамын азаматтық алудан үмітті тұрғындар дискриминация деп таныса, мемлекет жетекшілер өз әрекеттерінің заңдылығын Эстония мен Латвия 1940-1991 жылдар аралығында КСРО құрамында болуын Кеңес Одағы тарапынан жасалған оккупация нәтижесі деп түсіндірді. 1940 жылдан кейін келіп қоныстанған өзге ұлт өкілдері жарты ғасыр ел территориясында заңсыз тұрған болып есептелінді. Эстония, Латвия

және Литва 1991 жылы Балтық жағалауы елдері тәуелсіздіктерін жаңадан жариялаған жоқ, қайта қалпына келтірді деп мәлімдеді.

Латвия мен Эстонияға қарағанда азаматтық мәселесі Литвада онша өзекті болмады. Себебі орыс және өзге ұлттардың саны литвалықтармен салыстырғанда жалпы халықтың 1/5 бөлігіне жетер-жетпес ғана болды. Сондықтан Литвада азаматтық тәуелсіздік жариялаған кезде ел аумағында тұрған барлық тұрғындарға еш кедергісіз берілді.

Латвия мен Эстонияда азаматтық алудан үміттілерге мемлекеттік тілден емтихан тапсырып және оларды жаңа мемлекеттік құрылысқа деген көзқарастары жайлы қатаң тексеруден өткізгеннен соң ғана барып беріліп жатты. Сонымен қатар жаңа мемлекеттік билік азаматтығы жоқтарды жекешелендіру мен кәсіпорындардың акцияларына иелік ету құқығынан айырып, кеңестік соғыс ардагерлеріне зейнетақы беруден бас тартты. Азаматтық берілмегендер елдің саяси және мәдени өмірінен мүлде аласталынып қалды.

Балтық жағалауы елдерінде орын алған бұл әрекеттерге байланысты Ресей қоғамында қалыптасқан наразы пікір мен Мемлекеттік Дума фракциясының қысым етуі барысында Ресей үкіметі Рига мен Таллинге әсер ету тетіктерін іздей бастады. Бұл мақсатта Ресей тарапынан екі түрлі санкция – бұл елдерге берілетін ресейлік энергияның көлемі мен Балтық елдерінен алынатын ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу көлемін азайту,- пайдаланылды. Сондай-ақ халықаралық қауымдастық назарын аталмыш елде қалыптасқан жағдайға аударуға тырысты. 1992 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Кеңесі (1994 жылдан бастап Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы) жанында құрылған Ұлттық азшылдық мәселелері бойынша жоғарғы комиссар институтының ықпал етуінің арқасында Латвия мен Эстония өз шешімдерін қайта қарауға келісім береді. Себебі ЕҚЫК-нің ескертпесіне құлақ аспау аталмыш елдердің болашақта ЕО пен НАТО құрамына өтуге кері әсерін тигізеді деп есептелінді. Нәтижесінде Латвия мен Эстония басшылығы заңнамаларын қайта қарап, азаматтығы жоқ жандардың ел аумағында 1991 жылдың 21 тамызынан кейін туған баларына азаматтық беру туралы шешім шығарады. Осылайша азаматтық мәселесі біршама шешілгендей болады. Елде қалыптасқан дискриминациялық жағдайға қарамастан орыстар өздерінің тарихи отандарына оралуға асықпады. Себебі Балтық жағалауы елдерінде өмір сүру деңгейі Ресеймен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болатын. Ресей мен халықаралық қауымдастық тарапынан көрсетілген қыспақтарға қарамастан елдегі орыс тілінің ықпалын жою мен билік саласын ұлттықтандыру үрдісі жалғаса берді. 2000 жылдың басына қарай Латвия елдің саяси өмірінен орыс тілді тұрғындары түбегейлі тайдырып үлгерді.

4. Қос Германияның бірігуі жайлы 1989 жылы ГДР-де билік басына демократизация мен елді батыстық үлгіде реформалауды жақтаушы топтар келген кезден бастап халықаралық қауымдастыққа айқын бола бастады. Германияның бірігу мәселесіне байланысты келіссөз алғаш рет АҚШ пен КСРО арасында 1989 жылдың желтоқсанында Мальтада өтті. М.С.Горбачев

пен Дж.Буш кездесу барысында бірігудің шарттары жайлы мәселелер көтерілді. Біріншіден, келіссөздер формуласын анықтау, яғни «2+4» немесе «4+2» нұсқасы. «2+4» нұсқасының мәні – бірігуге қатысты келіссөздер барысында негізгі ролді екі Германияның өздері атқарып, Екінші дүниежүзілік соғыс барысында антигитлерлік коалиция құрған ұлы державалар тек қосымша ұсыныстар жасау мен мақұлдау үрдісіне қатысу. Ал «4+2» нұсқасы бойынша бірігудің шарттарын бұрынғы антигитлерлік коалицияның төрт мемлекеті жасап, қос Германияға тек дайын құжаттарға қосылу ғана қалмақ.

Екіншіден, біртұтас Германияның мемлекеттік шекарасын айқындау мәселесі. Үшіншіден, біріккен Германияның болашақтағы мәртебесі жайлы мәселе – яғни, көп жылдар бойы Кеңес Одағы ұсынып келгендей бейтарап ел болып қалыптаса ма, әлде әскери-саяси одақтарға ену құқығын сақтап қала ма деген мәселе.

Германияның бірігу мәселесінің көтерілуі кейбір батысеуропалық елдердің алаңдаушылығын тудырды. Әсіресе Францияны болашақ біртұтас Германияның Франция тарапынан жасалған батысеуропалық елдердің валюта-қаржылық одағын жетілдіре түсу жоспары мен бірыңғай еуропалық валюта енгізу туралы ұсыныстарына қатысты көзқарастары алаңдатты. Британ кабинетінің жетекшісі М.Тэтчер де Германияның бірігуіне аса ынталылық таныта қоймады.

Осыған қарамастан 1990 жылы сәуірде Дублин қаласында өткен Еуропалық Кеңестің кезекті сессиясында Германияның бірігуіне қатысты келісімге Еуропалық Қауымдастыққа мүше мемлекеттер бірауыздан қол қойды. Германия Францияның күмәнін сейілту мақсатында ГФР-ның батысеуропалық мемлекеттердің қаржы одағын құру үрдісін жеделдетуге бар күшін салатындығын және Шенген келісіміне қосылатындығын мәлімдеді. Өз кезегінде Франция, Британия, Италия және өзге де Еуропалық Қауымдастыққа мүше мемлекеттер Германияның бірігуіне жан-жақты қолдау көрсететіндіктерін білдірді.

Германияның бірігу үрдісі «2+4» формуласы бойынша жүрді. 1989 жылы қарашада ГФР канцлері Г.Коль Германияның кезеңдік бірігуіне қатысты 10 баптан тұратын бағдарламасын жариялады. Аталмыш құжаттағы ең маңызды бап ретінде болашақ біртұтас Германияның қазіргі таңдағы қалыптасқан еуропалық шекараны еш дау-дамайсыз танитындығын атауға болады. ФРГ басшылығы өз бағдарламасы бойынша КСРО тарапынан түсіністік табу үшін жоғары деңгейде келіссөздер жүргізуге барады. 1990 жылы маусымда М.С.Горбачев пен Г. Коль кездесіп, кеңес әскерлерінің ГДР территориясынан шығарылатындығы туралы келіседі. Өз кезегінде ГФР биологиялық, химиялық және атом қаруларын өндіру мен оған иелік етуден бас тартуға міндеттеме алады.

Германияның сыртқы мәселелері біршама ретке қойылған соң Г. Коль өз жоспарын жүзеге асыруға кіріседі. 1990 жылдың ақпанында ГДР мен ГФР арасында валюта одағы құрылып, бұл кеңістікте негізгі валюта ретінде батысгермандық марка қолданылатын болды. Валюта Одағы Шығыс

Германия халқы үшін аса тиімді еді. Себебі оларға «әлсіз» шығысгермандық валютаны ГФР-дың «қуатты» маркасына жеңілдіктермен айырбастау мүмкіндігін алды.

1990 жылы наурызда ГДР тарихында тұңғыш рет көппартиялық жүйеде сайлау өтіп, нәтижесінде қос Германияның қосылуын жақтайтын коммунистік емес «Германия үшін альянс» партиясы жеңіске жетеді. Мамырда ГДР-дың жаңадан жасақталған үкімет басшысы Лотар де Мезьер ГФР-мен валюталық, экономикалық және әлеуметтік одақ туралы келісім-шарт жасасып, екі Германияның іс жүзінде толық қосылғандығын дәлелдейді. 1990 жылы 21 маусымда ГДР мен ГФР арасында Германияның бірігуі туралы мемлекеттік келісім жасалды. 22 тамызда ГДР Халықтық палатасы Шығыс Германияның 1990 жылы 3 қазанда ГФР-мен бірігуі туралы шешім шығарады.

1990 жылы 5 мамыр мен 17 шілде аралығында Бонн, Берлин және Париж қалаларында «2+4» формуласы бойынша қос Германия мәселесіне қатысты көпжақты келіссөздер өтеді. Германия бірігуінің сыртқы мәселелеріне нүктені 1990 жылы 12 қыркүйекте Мәскеу қаласында қол жеткізілген «Германияға қатысты мәселені түбегейлі реттеу туралы келісім» қояды. 1990 жылы 3 қазанда Германия бірігуінің салтанатты рәсімі өтті.

КСРО ГДР территориясынан кеңес әскерлерін құжат бойынша 1995 жылдың соңына шейін шығаруы тиіс болғанына қарамастан, 1994 жылдың орта шенінде мерзімінен бұрын толық шығарып үлгереді. Германияның бірігуі мен бейбітшілік саласында сіңірген еңбегі үшін 1990 жылы КСРО президенті М.С.Горбачев бейбітшілік бойынша Нобель сыйлығына ие болады.

Германияның бірігуі еуропалық интеграцияның одан әрі жеделдей түсуіне қарқын берді. Германияның әріптестері, ең алдымен Франция сыртқы саясат пен қорғаныс саласы бойынша интеграцияны жеделдетуді қолға алды. 1985-1994 жылдар аралығында төрағалық қызмет атқарған француз қаржыгері Жак Делор басқаратын Еуропалық Комиссия Еуропалық Қауымдастықтың интеграциялық механизмдерін модернизациялау туралы бірқатар баяндамалар даярлайды. ЕуроКомиссияның бұл ұсыныстары маусым айында Еуропалық Кеңес тарапынан мақұлданған соң, Еуропалық Қауымдастық алдына басым бағыттар ретінде экономикалық және валюта одағын құру мәселесі қойылады.

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін Қауымдастыққа мүше елдер 50-жылдардағы Рим және Париж келісімдеріне қосымша жаңа құжат дайындау қажеттігін алға тартады. Жаңа келісім-шарт жобасы жасалып, оны Еуропалық Кеңес 1991 жылдың жазында мақұлдаған соң, Голландияның Маастрих қаласында алты айдан астам уақытқа созылған жобаны пысықтау шаралары жүргізіледі. Ұзақ мерзімді іс-шаралар нәтижесінде 1992 жылдың 27 ақпанда Еуропалық Одақ туралы келісім-шартқа қол қойылды. Жаңа құжат ЕуроОдақ елдерінің ынтымақтасу аясы бойынша үш кешенді айқындап берді: 1) экономика, 2) сыртқы саясат және қауіпсіздік, 3) заңнама және ішкі істер.

Одақтағы жетекшілік-үйлестіру қызметтерін ЕО министрлер кеңесі, еуропалық Комиссия, еуропалық сот және еуропалық парламент атқаратын болды. Бұл органдардың үстінен Еуропалық Кеңес қарайды. Одақтың үш ұжымдық органы (комиссия, парламент, сот) мүше-елдердің ұлттық үкіметтерінен толық тәуелсіз болды.

Енді Еуропалық Қауымдастық алдында Маастрих келісім-шартын ратификациялау мәселесі тұрды. Данияда 1992 жылы 2 маусымда ратификация жайлы өткізілген референдум нәтижесінде халық келісімде көрсетілген шарттардың ел үшін тиімсіз деп танитындығын көрсетіп берді. Данияда орын алған бұл келеңсіздікті реттеу мақсатында Еуропалық Кеңес 1992 жылы 11-12 желтоқсан арасында Эдинбургте жиналыс өткізіп, Данияның Еуропалық Одаққа мүшелікке өту үшін айрықша жағдай жасайды. Нәтижесінде Дания 1993 жылы 18 мамырда Дания ЕО-қа Маастрих келісім-шартын ратификацияламай-ақ қосылады. Өзге елдерде ратификациялау үрдісі еш кедергісіз сәтті өтті. Осылайша Маастрих келісім-шарты 1993 жылы 1 қарашада күшіне енеді.

5. АҚШ-та билік басына демократтар әкімшілігі келісімен авторитаризмнен демократияға бет алған («демократиялық транзит») бұрынғы социалистік елдермен қарым-қатынастарына айрықша көңіл бөліне бастады. Америка басшылығын толғандырған ең басты мәселе - алмағайып кезеңде ауыспалы әлемді АҚШ үшін тиімді етіп қалай құру. Ең алдымен Ресей тарапынан төнер әскери қатердің қайтадан тууына жол бермеу мәселесі күн тәртібінде тұрды. Сондай-ақ біршама дамыған Батыс елдері үшін бұрынғы социалистік лагерь құрамында болған «жабық» елдердің адам, ақыл-ой ресурстары, энергошикізаттары еркін пайдалану мүмкіндігін қалыптастыру да аса өзекті болды. Бір сөзбен айтқанда, бұрын АҚШ үшін қол жетпес өңірлер есебінде болып келген кеңістікке Америка ықпалын кең ауқымда тарату еді.

1993 жылы 21 қыркүйекте АҚШ президентінің ұлттық қауіпсіздік кеңесшісі Энтони Лейк Джонс Гопкинс университетінің перспективалы халықаралық зерттеулер мектебінде (Вашингтон қаласы) жасаған баяндамасында «демократияны кеңейту» концепциясын жариялайды. Аталмыш концепция Еуразия кеңістігіндегі бұрынғы социалистік елдердің демократизация үрдісін жүргізуде олармен ынтымақтастықта болу Америка сыртқы саясатында басым бағытқа ие мәселе дегенді айқындайды. Э.Лейк идеясы 1994 жылы маусымды қабылданған АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігі жайлы құжат – «Кеңейту мен әріптесттікке тартуға негізделген ұлттық қауіпсіздік стратегиясы» (A National Security Strategy of Engagement and Enlargement) директивасының негізін құрады. «Демократияны кеңейту» идеясы Б.Клинтон әкімшілігінің бірінші (1993-1996) және екінші (1997-2000) кезеңіндегі Құрама Штаттарының халықаралық-саяси қызметін айқындаған бағыт беруші есебінде саналды.

Э.Лейк концепциясының экономикалық сипатымен қатар әскери-саяси мазмұны да ерекше болды. Яғни, «демократиялық транзиттегі» елдерді Батыстың тек экономикалық ғана емес, сондай-ақ әскери-саяси құрылымына

да енгізу, бұрынғы КСРО одақтастары болып келген шығысеуропалық елдерді НАТО құрамына қабылдау. Сонымен қатар, әлемнің әр түкпірінде орын алып жатқан шиеленіс ошақтарына халықаралық қауымдастық қолдауын ала отырып, *гуманитарлық интервенция* жасау да қарастырылды.

90-жылдардың орта шенінде дүниежүзінің көптеген өңірлерінде қарулы қақтығыстардың орын алуына байланысты БҰҰ байрағының астында жүргізілген гуманитарлық интервенциялар саны БҰҰ құрылған жылдан бергі 40 жыл көлемінде жүргізілген операциялар санынан да асып кетті. Олардың бірі сәтті шықса, кейбірі сәтсіздікке ұшырап жатты. Содай ізгілік майдандарының ішінде біршама оң нәтиже бергені 1991-1995 жылдар аралығында Сомалиде жүргізілген операция.

70-жылдары Эфиопиямен болған соғыстағы жеңілістен соң М.Сиад Барре режиміне үкімет құрамында өкілдері жоқ жергілікті тайпалық кландар тарапынан қыспақ көрсетіле бастады. Елде Эфиопиямен территориясымен шектес аумақта орналасқан базаларға арқа сүйеген үкіметке қарсы партизан қозалыстары қалыптасады. Оппозициялық топтардың бұл базаны пайдалану мүмкіндігінен айыруды көздеген М.Сиад Барре 1988 жылы Эфирпиямен барлық территориялық даулардан ресми түрде бас тарта отырып, бейбітшілік келісіміне барады. Бұл оппозиция үшін үлкен соққы болғанымен, 1991 жылы қаңтарда мемлекеттік төңкеріс нәтижесінде М.Сиад Барре биліктен аластатылады. Елде заңды биліктің болмауы себепті енді жергілікті кландар арасында өзара қырқысу басталады. Сондай кландар жетекшілерінің арасында аса көрнектісі ретінде генерал Мохаммед Фарах Айдид көзге түседі. Елдің саяси-экономикалық өмірі мүлде тоқырап, егіс алқаптарының игерілмеуі себепті қарапайым халық аштықтан қырыла бастайды.

1992 жылдың желтоқсанында БҰҰ-ның шешімі бойынша Сомалиге азық-түлік пен гуманитарлық көмек тиеген көліктер жөнелтіледі. Алайда М.Ф.Айдид жасақтары гуманитарлық керуендерді тонап, халықаралық құқықтық нормаларға жат әрекетерге барады. Гуманитарлық көмектерді қарапайым халық қолына шашаусыз жеткізу үшін керуен қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақсатында Сомалиге БҰҰ мандаты бойынша қызмет атқаратын американдық контингент түсіріледі. 1993 жылы маусымынан бастап американ-БҰҰ күштері мен сомалилік кландар жасақтары арасында қарулы қақтығыстар басталады. Бұл тұста жергілікті халық клан көсемдерін қолдауды жөн деп табып, БҰҰ-ның гуманитарлық операциясына көмек көрсетуден бас тартады.

Қақтығыстар нәтижесінде айтарлықтай шығынға ұшыраған американдық контингент 1994 жылы наурызда Сомалиден шығарылады. Елде тек БҰҰ контингенті қалғанымен, гуманитарлық және бітімгершілік функцияларды жүзеге асыру мүмкін еместігіне көз жеткізген олар да қараша айында Сомалиден кетуге шешім шығарады. БҰҰ күштері мен гуманитарлық миссияның ел аумағын тастап шығардағы қауіпсіздігін сақтау мақсатында американдық контингент 1995 жылы қаңтарда Сомалиге қайта оралады. Наурыз айында БҰҰ персоналдарын Сомалиден шығару операциясы толығымен аяқталады.

Елде азамат соғысы қайта жанданады. Тек 1997 жылы қаңтарда Эфиопия территориясында сомалилік 26 клан делегатары жиылып, «Сомалиді құтқару Ұлттық кеңесі» құрылады. Оған жауласушы жақтың бәрінен өкілдер енгізілді. 2002 жылы Сомалидің келесі бір көршісі Джибутиде Сомали парламентінің отырысы өтіп, президент болып Абдулкасим Салат Хасан сайланады. Шетел мемлекеттері Абдулкасим Салат Хасанды Сомалидің заңды басшысы ретінде танығанымен, кейбір жергілікті кландар оған бағынудан бас тартты.

Босния мен Герцеговинада қалыптасқан этникалық-діни топтар арасындағы қақтығыс халықаралық қауымдастықты да бей-жай қалдырған жоқ. Балқанда орын алып отырған жағдайды реттеу мақсатында БҰҰ-ның бастамасымен құрамына Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Германия енетін Бұрынғы Югославия ісі бойынша байланыс тобы құрылады. Бұл құрылымның негізгі міндеті, ең алдымен, Босниядағы қақтығысты реттеу жолдарын табу болды. 1992-1994 жылдар аралығында БҰҰ, ЕО және Байланыс тобы Босния аумағын серб, мұсылмандар және хорват бөліктеріне бөлу жайлы бірнеше жоспарлар ұсынғанымен, ешқандай жоба жауласышы жақтарды қанағаттандыра алмады.

Өзіне қойылған халықаралық санкциялардың зардабын шеге бастаған Сербия үкіметі босниялық сербтерге халықаралық қауымдастық ұсынған жобаларға жаңаша көзқараспен қарауды ұсынып, олай етпеген жағдайда Сербия Республикасы тарапынан көрсетіліп отырған көмек көлемін шектейтіндігін мәлімдейді.

АҚШ әкімшілігі 1993 жылы билікке Б.Клинтон келісімен босниялық сербтер мен оларға қолдау көрсетіп отырған Сербияға қарсы күш қолдануға шешім қабылдайды. Құрама Штаттар желеуімен НАТО қантөгіске нүкте қою үшін Боснияға қарулы күштер енгізу қажет деп табады. 1994 жылы АҚШ-тың бастамасымен Боснияда Мұсылман-хорват федерациясы құрылып, Вашингтон НАТО әуе күштеріне құрлықтан қолдау болу мақсатында Сараева үкіметіне қарулар жеткізуге салынған эмбаргоны жояды.

1994 жылы 28 ақпанда Солтүстік альянс әскери әуе күштері сербтердің төрт әскери ұшағын атып түсіріп, бұрынғы Югославия территориясында тұңғыш рет қару қолданды. Бұдан соң НАТО күштерінің ел аумағындағы қарулы әрекеттері қанат жая берді. 1994 жылы желтоқсанда Босния мен Герцеговинадағы жағдайды қолма-қол реттеу үшін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің келісімімен НАТО жаяу әскерлері енгізіледі. 1995 жылдың екінші жартысына қарай НАТО күштері 1993 жылы 4 маусымда қабылданған БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің №836 резолюциясына сүйене отырып, босниялық сербтер бекінісіне әуеден жойқын соққы береді. НАТО күштерінің тегеурінді шабуылдарына төтеп бере алмаған Р.Караджич бастаған босниялық сербтер келіссөз үстеліне отыруға келіседі.

1995 жылы қараша айында АҚШ-тың Дейтон қаласында Сербия, Хорватия, Босния және Герцеговина жетекшілері мен Ресей, АҚШ және ЕО өкілдері қатысқан келіссөздер өтеді. Келіссөздер барысында босниялық шиеленісті бейбіт реттеу жолдары жан-жақты қарастырылады. Нәтижесінде

Босния-Герцеговина екі бөліктен құралған – Сербия Республикасы және Мұсылман-хорват федерациясы, конфедерацияға айналды. 1995 жылы 14 желтоқсанда Парижде Хорватия, Сербия және Босния-Герцеговина ара қатынастарын реттеу жайлы келісімге қол қою рәсімі өтеді. Аталмыш келісім шарттары бойынша хорваттар мен мұсылмандар қоныстанған өңірден сербтер, ал сербтер басым көпшілігін құрайтын өңірден хорваттар мен мұсылмандар көшірілуі тиіс болды. Осылайша босниялық шиеленіс жергілікті этникалық топтардың ғасырлар бойы сақталып келген бірлесе өмір сүру ережесінің бұзылуымен аяқталды.

Ел астанасы Сараево қаласы мұсылмандар мен хорваттар қоныстанған аумақта қалды. Астаналық сербтер қаланы тастап шығуға мәжбүр болды. Қарулы қақтығыстарға белсене араласқан тұлғалар әскери қылмыскерлер ретінде танылып, олардың бұдан былай мемлекеттік істермен айналысуларына тыйым салынды. Кінәлілер қатарында босниялық сербтер жетекшілері Р.Караджич пен Р.Младич және Сербия президенті С.Милошевич те болды.

6. 90- жылдардың орта шенінде Оңтүстік Корея АҚШ-тың Азия Тынық мұхит аймағындағы (АТА) Жапониядан кейінгі стратегиялық серіктестерінің бірі болды. 1992 жылы Оңтүстік Корея Америка әріптестерінің ішінде тұңғыш болып Ресеймен Екіжақты қарым-қатынастар негізі туралы келісім жасасады. Оңтүстік Корея 1990 жылы Кеңес Одағы және бірқатар социалистік лагерь елдерімен, 1992 Қытай Халық Республикасымен дипломатиялық қатынастар орната отырып, халықаралық қатынастарда өзінің саяси беделін біршама көтеріп алады. Халықаралық қауымдастықтың Корея түбегіне деген көзқарасының оңалуы, қос Кореяның өзара жақындасуына да ықпалын тигізбей қоймады. Бұған жарқын мысалдардың бірі 1991 жылы 17 қыркүйекте екі Кореяның бір уақытта БҰҰ құрамына қабылдануы.

Артынша, 1991 жылы желтоқсанда КХДР мен КР арасында Татуласу, ынтымақтастық және шабуыл жасамау жайлы үкіметаралық келісім-шарт жасалады. 1992 жылы ақпанда екі ел Корея түбегінде ядросыз зона құру туралы бірлескен декларация қабылдап, аталмыш құжат шарттары бойынша ядролық қаруларды өндірмеу, сақтамау, ел аумағында орналастырмау, пайдаланбау және сынамау міндеттемелерін алады.

1992 жылы желтоқсанда Оңтүстік Кореяда отыз жыл салтанат құрған әскери билік жойылып, елде тұңғыш рет демократиялық сайлау өтті. Алайда бұл Солтүстік пен Оңтүстік ара қатынастарының одан әрі жақсаруына еш септігін тигізе алмады. Солтүстік Корея егер халықаралық қауымдастық КХДР-на сыртқы әлем есігін айқара ашса, ел аумағына батыстық білім, нарықтық экономика тәжірибелері мен саяси плюрализм ағыны екпінді енеді деп қорқты. Сол себептен де, солтүстіккореялық жетекшілер, бір жағынан, КХДР-ді былайғы әлемнен оқшаулауды жоюға септігін тигізетін, екінші жағынан, елде қалыптасып қалған социалистік анклавты сақтап қаларлықтай Оңтүстік Корея, АҚШ және Жапониямен қарым-қатынас орнатудың тиімді формуласын іздеді.

Қос Кореяның жақындасуы үшін жасалған «Тоғыса тану» жобасы бастабында сәтті жүргенімен, соңы нәтижесіз аяқталды. Ресми Токио мен Вашингтон Пхеньянды танудан бас тартты. Жапония солтүстіккореялықтардық отарлау жылдарында билік құрған жапондардың Кореяда жасаған аюандық әрекеттері үшін компенсация төлеу туралы талаптары орынсыз деп тапса, американдықтар өздерінің Оңтүстік Корея территориясында орналасқан әскери базалары бойынша КХДР-мен ортақ тіл таба алмады. Солтүстік Корея басшылығы қос Кореяның жақындасуы екі жақтың ішкі мәселелері деп танып, оған АҚШ пен Жапонияның араласуын қаламады. Ал бұл елдермен тек Кореяның сыртқы мәселелерін талқылауға ғана баратындығын мәлемдеп, Корея түбегіндегі қатынастарды реттеу бейбіт келісім шараларын біршама тоқырауға тіреп тастады.

90-жылдардың басынан бастап халықаралық сарапшылар КХДР өз күшімен ядролық жарылыстар жасай алатын құрылғыларды өндіруге қауқарлы екендігін айтып, дабыл қаға бастады. АҚШ пен Оңтүстік Корея БҰҰ санкцияларын қолданатындығын қару етіп, Пхеньянға қысым көрсетпек болады. Алайда Қытай Солтүстік Кореяға халықаралық санкция қолдануға үзілді-кесілді қарсы шығады. Сонымен қатар, Қытай Халық Республикасы КХДР-н жағдайды ушықтырмай, МАГАТЭ инспекторларының ел аумағына енулеріне рұқсат беруге үгіттейді. Жағдайдың шиеленіскені сонша, 1994 жылдың көктемі мен жаз айлары аралығында АҚШ-та КХДР-ның ықтимал ядролық объектілеріне әуеден соққы беру мәселесі қарастырыла бастайды.

Корея «ядролық мәселесі» 1994 жылы 8 шілдеде Пхеньянда Ким Ир Сен қайтыс болған соң біршама реттелгендей болады. 1994 жылы тамызда Женева қаласында АҚШ пен КХДР өкілдері Солтүстік Кореяға ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалануда техникалық көмек көрсету туралы келісімге қол қояды. Солтүстік Корея өзінің Ядролық қаруларды таратпау келісіміне мүшелігін қалпына келтіруге міндет алса, АҚШ өз кезегінде КХДР-на қарсы ядролық қару қолданбауға келіседі.

Алайда Солтүстік Корея мен Батыс елдері арасындағы қарым-қатынастарды қалпына келтіру әрекеттері өз нәтижесін бермеді. 1998 жылы Солтүстік Корея өзінің жасанда жер серігін ұшыруды сәтті аяқтап, ракеталық технологияның одан әрі дамыта беретіндігін тағы да бір дәлелдейді. Сол жылдың тамыз айында бірқатар ракеталық сынақтар жасалып, солардың бірі Жапония территориясынан асып барып теңізге құлайды. АҚШ пен Қиыр Шығыс елдерінің саяси ортасында енді бастау алар тұсы Солтүстік Корея болуы мүмкін «ракеталық қатер» мәселесі талқылана бастады.

90-жылдардың орта тұсында АҚШ пен Қытай қарым-қатынастары Тайвань мәселесіне байланысты қайтадан салқындап кетті. Пекин Тайваньнің ҚХР-мен қосылуы ұлттық бірлік пен территориялық тұтастық мәселесі деп мәлімдесе, Вашингтон бұған 1979 жылы қабылданған Тайваньмен қарым-қатынас туралы Заң негізінде интенсивті бейресми қатынас орнатуды жақтады. Арал үкіметі «Біртұтас Қытай» формуласын қолдағанымен, Тайваньнің ішінде аралдың толықтай тәуелсіздік алуын жақтайтындар саны өсе түседі. Аралдағы АҚШ ықпалының әлі де зор екендігімен санасқан

Қытай тәуелсіздікті жақтаушыларға қарсы күш қолдану жайлы қанша рет мәлімдегенімен, оған бара алмады.

Жағдай 1996 жылдың көкемінде шиеленісіп кетті. Наурызда аралда өткен президенттік сайлау барысында ҚХР осынау саяси науқанмен қатар Тайваньға жақын жерде 150 мың әскерден тұратын қарулы күштердің қатысуымен кеңауқымды әскери жаттығулар өткізеді. Жаттығу барысында Тайвань аралына тиесілі өңірлерде ракеталар сынағын жүргізеді. Бұл акцияның басты мақсаты тайвань басшылығына сес көрсете отырып, тәуелсіздікті жақтаушыларды райынан тайдыру болатын. Қытай әрекетіне наразылық білдірген АҚШ ҚХР Қарулы күштері тарапынан қандай да бір шалт қимыл бола қалған жағдайда жауап соққы беру мақсатында Тайвань зонасына американ әскери кемелерін жіберуді ұйғарады. Қытай басшылығы өзінің дипломатиялық каналдары арқылы Құрама Штаттарынан Тайвань бұғазына әскери кемелерін енгізбеу жайлы өтінішін білдіреді. АҚШ әкімшілігі өздерінің Тайваньға қолдау көрсетуде Құрама Штаттарын ешқандай жағдай шектей алмайтындығын мәлімдегенімен, әскери кемелерін бұғазға енгізбейді. АҚШ кемелері тек бұғазға жақын аймақтарға келіп тұрақтады. Осылайша халықаралық қатынастарда ықпалы зор екі держава бір-біріне сес көрсетумен ғана шектелгенімен, Қытайдың қазіргі таңда бірден-бір супердержава атанып отырған АҚШ-на қыр көрсете аларлық деңгейге жеткендігін әлем алдында тағы да бір дәлелдей түсті.

7. Австрия, Швеция және Финляндияның Евроодаққа мүшелікке өтуге даярлық үрдісі 90-жылдардың бірінші жартысы бойы жүргізілді. Австрия Одаққа ену үшін өтінішті 1989 жылы шілдеде жасаса, Швеция мен Финляндия сәйкесінше 1991 жылдың шілдесі мен 1992 жылдың наурызында білдіреді. 1993 жылы 1 ақпаннан бастап ЕО пен мүшелікке ынталы осынау үш ел арасында келіссөздер басталады. Сол жылы маусымда Копенгаген қаласында өткен отырыста Еуропалық кеңес жаңа үш мемлекеттің мүшелікке өтуін мақұлдап, 1995 жылдың басынан бастап олардың толыққанды Еуроодақ елдеріне айналатындығын мәлімдейді. Экономикалық дамуы жағынан бұл елдер ЕО талаптарына сай келуінің арқасында барлық келіссөздер екі тарап үшін де аса табысты өтті. 1994 жылдың көктемі мен күз айларында аталмыш елдерде референдумдар өтіп, барша халықтың бірауыздан мақұлдауының арқасында үш ел 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуропалық Одаққа мүшелікке енді.

Жоғарыдағы үші елмен қатар Норвегия да ЕО ену жайлы келіссөздерді 1993 жылдың сәуірінен бастап қайта жүргізе бастады. Бұл Норвегияның екінші мәрте ұмтылысы болатын. 1972 жылы Норвегия ЕО мүше болуға шешім шығарғанымен, халқының қарсы дауыс беруі себепті бұл қадамдары сәтсіздікке ұрынады. 1994 жылы аталмыш сұрақ қайта көтеріліп, екінші мәрте референдум өткізілгенімен халық тағы да қарсы пікір білдіреді. Нәтижесінде Норвегия кандидатурасы 2005 жылға шейін шегерілді.

Австрия, Швеция, Финляндиялардың мүшелікке өтуі өзге де үмітті елдердің, атап айтқанда Балтық жағалауы елдері мен Словенияның кандидатураларын қарауға жол ашты. 1998 жылы ЕО одан әрі кеңеюі мен

оған шығысеуропа елдері мен Кипрдің қабылдануы туралы келіссөздер басталды.

Мүшелікке енуге аса ынталылық танытып отырған елдердің ішінен Түркияны ерекше бөліп атауға болады. 1963 жылы ЕЭҚ-пен ассоциациялық мүшелік туралы келісімге қол қойған Түркия 1987 жылы оған толыққанды мүшелікке өтуге өтініш білдіргенімен ЕЭҚ елдері оған үзілді-кесілді қарсы шықты. 1995 жылы желтоқсанда Еуропалық парламент Түркиямен еркін сауда келісіміне қол қойғанымен Түркияның ЕО қабылдану мәселесі өз шешімін таба алмады.

Еуропалық Одақ туралы келісім өз күшіне енер тұста батысеуропа елдері еуропалық валюта одағын құру туралы шараларды мықтап қолдарына алды. Валюта одағына ену үшін үміткер елдердің мемлекеттік бюджет тапшылығы (дефицит) ЖІӨ-нің 3%-нан аспау керек еді. Сондай-ақ үш кезеңнен тұратын валюталық одақ құру жоспары жасалды. Бірінші кезең (1990-1993) – мүше-мемлекеттер арасындағы техникалық және фискальдық кедергілерді жою, екінші кезең (1994-1998) – капитал қозғалыстарын ырықтандыру үрдісін аяқтау, үшінші кезең (1999 жылдан бастап) – ортақ еуропалық валюта енгізу.

1991 жылы желтоқсанда НАТО басшылығы көпжақты кеңесші орган ретінде құрамына НАТО елдерімен қатар тоғыз Шығыс Еуропа мемлекеттері енетін Сотүстікатлантикалық ынтымақтастық кеңесін (СЫК) құрады. Кеңестің басты мақсаты мүше-мемлекеттердің әскери-саяси аядағы ынтымақтастықтарын жетілдіру үшін өзара істестік өрісін кеңейту еді. Кеңес Одағы ыдыраған соң 1992 жылы маусымда бұрынғы кеңестік мемлекеттер СЫК құрамына жұмылдырылса, 1997 жылы аталмыш Солтүстікатлантикалық ынтымақтастық кеңесі Еуроатлантикалық ынтымақтастық кеңесі етіп қайта құрылады. Сондай-ақ бұл ұйымның жұмыстарына Австрия, Финляндия, Швеция және Швейцария сынды бейтарап елдер де қатыса бастады.

Бұрынғы Варшава блогына енген шығысеуропалық елдер де Солтүстік альянспен ынтымақтастықты жетілдіре түсуге ынталы болды. Оларды мазалаған мәселе егерде Ресей мен Батыс арасында қырғи-қабақ қайта бастала қалған жағдайда Батыс тарапынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету жайлы кепілдік алу болатын. Алайда шығысеуропалық елдердің НАТО құрамына қабылдану идеясы Батыс тарапынан бірден қолдау таба қоймады. Батыстың пайымдауынша бұрынғы Варшава блогы елдерінің батыстық әскери блокка өтуі Ресейдің қауіптенуін тудырып, соңғы кездері қалыптасып келе жатқан Ресей-Батыс ынтымақтастығына кері әсерін тигізбек. Бірақ 1992 жылы жүргізілген Ресейдегі экономикалық реформалардың сәтсіздігі Мәскеудің Батыспен енді қайтіп теке-тіреске бара алмайтындығын айғақтап берді. 1993 жылы маусымда ГФР қорғаныс министрі Фолькер Рюэ ел ішінде нарықтық және демократиялық реформаларды сәтті өткізген Польша, Венгрия, Чехия сынды және өзге де шығысеуропалық мемлекеттердің НАТО құрамына қабылдануы мүмкін екендігін мәлімдейді.

1994 жылы қаңтарда АҚШ және Батыс Еуропа әскери құрылымдарының бастамасымен Орталық және Шығыс Еуропа елдері, сондай-ақ бұрынғы КСРО мемлекеттері мен НАТО арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру мақсатында НАТО кеңесі «Бейбітшілік үшін әріптестік» (БҮӘ) бағдарламасын қабылдайды. БҮӘ 20 астам елдер қосылды. Қазақстан Республикасы аталмыш бағдарламаға 1994 жылы 27 мамырда қол қойып, БҮӘ бағдарламасына 19-шы мүшесі атанды.

БҮӘ бағдарламасы қабылдану барысында АҚШ президенті Б.Клинтон НАТО кеңеюіне қатысты ресми пікірін білдіреді. АҚШ басшысының сөзін сөзбе-сөз келтірер болсақ: «НАТО кеңейе ме, жоқ па, мәселе бұл жайлы емес. Мәселе НАТО-ның қашан және қалай кеңеймегінде». Солтүстік альянстың беломыртқасы есепті АҚШ-тың ресми мәлемдемесі осылай болғанына қарап, НАТО-ның кеңеюі сөз ғана емес, іс жүзіне көшетіндігін аңғару қиын да емес.

Пікір-талас сұрақтары:

1. Екі полюсті жүйе ыдырағаннан кейін халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуы туралы не ойлайсыңдар?
2. Социалистік жүйе тарағаннан кейін Орта және Шығыс Еуропа мен посткеңестік кеңістіктегі елдердің саяси, экономикалық жүйелерінің өзгеріске ұшырау, қайта құрылу үрдістерінің айырмашылықтары неде?
3. Посткеңестік кеңістіктегі шиеленістердің себептері қандай?
4. Косово шиеленісінің геноцидке дейін барып, соншалықты ушығып кетуі неге байланысты?
5. Гуманитарлық интервенциялардың астарында қандай мән бар деп ойлайсыңдар?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Системная история международных отношений в четырех томах. 1918-2003. Учебник. Под ред. Торкунова А.Д. – М., 2003.- 3-4 тома.
2. Быков О.Н. Международные отношения: трансформация глобальной структуры.-М., Наука, 2003.-572 с.
3. Современные международные отношения. Учебник. Под ред. А. В. Торкунова.- М., РОССПЭН, 2000.- 583 с.
4. Современные международные отношения и мировая политика. Учебник. Ответ-й редактор Торкунов А.В.- М., “Просвещение”, 2004.- 989 с.
5. Международные отношения: теории, конфликты, движения, организации. Учебное пособие. Под ред. Цыганкова П.А.- М., Альфа-М- Инфра-М, 2007.-320 с.
6. Панарин А.С. Стратегическая нестабительность в мире.- М., Алгоритм-книга, 2003.

XX-ғасырдың аяғы мен XX1-ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардың күйі

1. Жаһандану және гуманитарлық операциялар – халықаралық қатынастарды реттеу құралы ретінде.
2. Иранның сыртқы саяси басымдықтарының өзгеруі және Үндістан мен Пәкістанның ядролық бәсекелестігі.
3. Орта Шығыс пен Орталық Азияда діни экстремизм мен терроризм қатерінің өсуі және ТМД кеңістігінде жаңа топтардың пайда болуы.
4. Косово шиеленісі және НАТО-ның Балқанға екінші интервенциясы.
5. Шығыс Тимор мәселесі және Корей түбегіндегі шиеленістің ушыға түсуі.
6. Израиль-Палестина жанжалын реттеудегі «Жол картасы» жобасының ролі.

1. Жаһандану әлемдік саясаттағы дәстүрлі халықаралық қатынастарды мүлде өзгеріске ұшыратты. Атап айтқанда, заманауи халықаралық қатынастар халықаралық қатынастардың дәстүрлі (мемлекет) және жаңа (трансұлттық топтар мен коорпорациялар, индивидтер, қозғалыстар, халықаралық және қоғамдық ұйымдар және т.б.) субъектілер арасындағы қатынастар негізінде құралды. Әлемдік саясат «бірполярлы» дүние жағдайында халықаралық қатынастар дамуының жаңа бір белесіне көтерілді.

Жаһандану негізінде қалыптасқан қатынастардың жаңа тұрпатты жүйесін *халықаралық* дегеннен гөрі, *әлемдік саяси* жүйе деп атаған орынды тәрізді. Оның себебі, қазіргі таңда қалыптасып отырған халықаралық жүйені бұрынғы жүйелермен салыстырған айшықтап тұратын үш ерекше қасиеті айрықша байқалады. Біріншіден, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттары арасындағы шекара сызығының шайылу үрдісі жеделдей түсті. Бұл үрдістің қарқын алуына ортақ сыртқы саясат ұстануға тырысқан Еуропалық Одақ елдерінің біртіндеп ұлттық егемендігінен айырылуы мен бұрынғы КСРО және Шығыс Еуропа елдерінде жүріп жатқан демократиялану үрдістері ықпал жасауда.

Екіншіден, халықаралық өзара әрекеттестік объектісі өзгерді: 90-жылдардан бері қарай жекелеген мемлекеттің ішкі мәселелеріне (демократиялық мәселелер, адам құқығы т.с.с.) халықаралық қауымдастықтың араласуы жиі етек ала бастады.

Үшіншіден, халықаралық реттеудің жаңа құралы ретінде «гуманитарлық интервенция» пайда болды. Вестфаль жүйесінен бері

сақталып келе жатқан мемлекеттің ішкі істеріне қолсұқпаушылық дәстүрін бұзу қазіргі халықаралық қауымдастық үшін заңды құралға айнала бастады.

Жаһандану үрдісі ғаламдық әлеуметтік жүйе дамуының объективті заңдылағын құра отырып, қуатты елдердің жаһандық қарым-қатынастарды өз мүдделеріне сай бейімдеуіне мүмкіндік берді. Алайда бұл құбылыс дүниежүзінде жаһанданууға қарсы жаңа қозғалыстардың, антиглобалистер және альтерглобалистердің, пайда болуына әкеп соқтырды. Антиглобалистер өз қарсылықтарын жаһанданудың тек «адамзаттың бай бөлігі» үшін ғана тиімді, ал кедейлер одан әрі кедейлене беретіндігімен түсіндірді. Ал альтерглобалистер өз ұрандары ретінде әлемнің бай және әлсіз, кедей бөлігі үшін де тиімді, біршама ізгілікті, әр топтың мүдделерімен санасатын – «альтернативті жаһанданууды» ұсынды.

Қазіргі таңда халықаралық қауымдастықтың әлемнің әр түкпірінде орын алып жатқан шиеленістерге қатысты пікір алшақтығын тудырып отырған сол қақтығыстарды реттеу тәсілі, яғни гуманитарлық операциялар екендігі белгілі. Тұтастай интеграциялық кеңістік құруға бет алған ЕО елдерінің өзі кей мәселелерге қатысты ауызбіршілік таныта алмай жатады. Бүгінде гуманитарлық интервенцияны сыртқы саясатында айқындаушы бағыт етіп алған АҚШ пен Құрама Штаттары басты ойыншысы болып табылатын НАТО өз мүдделерін қанағаттандыру құралы етіп алуда.

Алайда бұл тәсілді тек АҚШ пен НАТО ғана жүргізіп отыр деген қате пікір болады. Екі полюсті жүйе ыдырағанға дейін де бірқатар мемлекеттер тарапынан гуманитарлық интервенциялар жасалған.

Пәкістанда туындаған ішкі қақтығыстар кесірінен миллиондаған босқындар көршілес үнді территориясына жөңкіле ауыу себепті Үндістан 1971 жылы Шығыс Пәкістанға интервенция жасайды. Қысыр саясаты 2 млн. астам Камбоджа бейбіт тұрғынның өліміне алып келген Пол Пот диктатурасы 1978 жылы Вьетнам тарапынан жасалған гуманитарлық операция кезінде құлатылғаны белгілі. Угандада 1971-1979 жылдар аралығында билік құрған генерал Иди Амин режимі Танзания әскері басып кіру нәтижесінде күйретілді. Генерал И.Амин өзінің билігі тұсында мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіруі ықтимал бүлікшілер деген желеумен 300 мыннан астам угандалықтарды қырып тастаған болатын. 1994 жылғы БҰҰ №929 қарарын негізге ала отырып, жергілікті тутси мен хуту тайпаларының арасындағы қақтығыстардың алдын алу мақсатында Франция Руандаға гуманитарлық интервенция жасайды.

Жалпылай алғанда, гуманитарлық интервенция бүгінгі күнгі халықаралық қатынастарды реттеудің бірден-бір тәсілі болып отыр. Ізгілік соғысын сыртқы саясатында басым бағыт етіп алушы елдер «Адам құқығы мемлекеттік егемендіктен де маңыздырақ» дегенді ұран етіп ұстауда. Халықаралық қатынастарды заң аясында реттеуге бет алған бүгінгі біршама ізгі қоғамда болашақта орын алар барлық қақтығыстар тек осы тәріздес «гуманитарлық сипатта» өрбір деген ой жетелейді.

2. 1989 жылы мамырда Р.Хомейни қайтыс болған соң елдегі билік дүниеден озған ұлы имамның шынайы ізбасары аятолла Әли Хомейнидің

қолында қалады. Өзіне тек рухани билікті қалдырған ол 1991 жылдың маусымында зайырлы билікті консерваторлар ортасынан шыққан Әли Акбар Хашеми Рабсанжаниге береді. Жаңа басшы Иранды халықаралық оқшаулаудан алып шығуға тырысқанымен, сыртқы саяси ұстанымында басым бағыт исламдық революцияны экспортау болып қала берді.

1992 жылы Иран Ормуз бұғазындағы аралдарды қайтадан өз бақылауына алады. Тактикалық ракеталар құру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әскери құрылыс жоғары қарқынмен жүргізіле бастады. Ресми Тегеран өзінің «басты жаулары» ретінде әлі де АҚШ пен Израильді санап, оларға қарсы құрал есебінде палестиндік экстремистік топтар мен Ливан, Алжир және өзге де араб елдеріндегі радикалдық қозғалыстарға көмек көрсетіп бақты.

Иран саясатында айтарлықтай өзгерістер 1997 жылы мамырда билік басына Мұхаммед Хатами келген соң ғана байқалды. Ол сайлау жүйесін ырықтандыру мен реформаны жақтай отырып, исламдық революцияны экспорттау орнына өркениеттер сұхбаттастығы доктринасын жариялайды. Жаңа президент АҚШ-пен қарым-қатынастарды жақсартуға тырысты. 1999 жылы Францияға, 2001 жылы Ресейге ресми сапар жасап, араб әлемімен қатынастарын жақсарту бағытында бірқатар игі қадамдар жасады. Сыртқы саясатының біршама ырықтанып, сыртқы әлеммен қарым-қатынасы сәл де болса ретке келгеніне қарамастан, американ-иран текетіресі жойыла қоймады. Алайда АҚШ пен Иран арасындағы сауда-экономикалық қатынастары 2000 жылдан бастап жоғары қарқынмен даму бастады.

Сыртқы саяси бағытында Иран үшін айтарлықтай табыс Мәскеумен жақындасу әрекетінде байқалды. Себебі, Ресей мен Иранның Ракетаға қарсы қорғаныс (РҚҚ) жүйесін шектеу мәселесі бойынша және НАТО-ның Шығысқа қарай кеңеюіне қатысты ұстанымдары бірдей еді. 1994 жылдан бастап Ресей Иранға Бушер қаласында атом электрстанциясын салу үшін құрылғылар жеткізе бастады. Ресей тарапынан көрсетілген бұл көмек Иранға әскери мақсаттағы ядролық бағдарламасын жүзеге асыруға қосымша мүмкіндіктер береді деп түйген АҚШ Иранның болашақтағы әрекетеріне сенімсіздікпен қарады.

Үнді-Пәкістан қатынастары да бірде оңалып, уақыт өте қайта шиеленісіп отырды. Қос тараптың да шиеленісті бақылаудан шығармауға әрқашан тырысып бағуы екі ел өкілдерінің келіссөз үстелдеріне отыруларына жағдай жасап тұрды. Тіпті 1997 жылы сәуірде Делиде өткен кездесу барысында Пәкістан Бангладешпен бірлесіп конфедерация құру мүмкіндігі де айтылып қалды. Алайда екі жақтың өзара түсіністік таба алмауы нәтижесінде бұл ұсыныс сөз жүзінде қала берді.

1997 жылдың жазынан бастап Үндістан мен Пәкістан арасындағы қырғи-қабақ қатынастар одан әрі жандана түсті. Екі ел басшылары мемлекеттерінің ядролық қаруларға иелік ету мүмкіндіктері бар екендігін сонау 90-жылдарыдың басында-ақ байқатқанымен, ресми мәлімдеуге сақтық танытып келген болатын. 1994 жылы Пәкістан президенті Наваз Шариф елде

атом қаруы бар екендігін және оның мемлекеттік қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда қорғаныс мақсатында пайдалануға дайын екендігін мәлімдейді.

Шешімін әлі таппаған өзара шиеленісті мәселелері бар көршілес екі мемлекет те ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қол қоймады. Үндістан бұл әрекетін еліндегі ядролық қарулары қуаты жағынан «екінші деңгейлі» екендігімен және Қытайдың ядролық стратегиясынан қауіптенетіндігімен түсіндірсе, Пәкістан тек Үндістан қол қойған жағдайда ғана қосылатындығын мәлім етті.

Пәкістанға қысым көрсету мақсатында Үндістан 1998 жылы 11 мамырда үш, 13 мамырда және екі ядролық құрылғыны сынақтан өткізеді. Үндістанның бұл сес көрсетуіне жауап ретінде Пәкістан 1998 жылы 26 мамырда қатарынан бес, ал 30 мамырда тағы бір ядролық құрылғыны сәтті сынайды. Мамандардың пайымдауынша, 2000 жылдың өзінде Үндістанның 450-ден астам, ал Пәкістанның 100-ден астам атом бомбаларына ие болған. Осылайша 1968 жылдан бері АҚШ пен КСРО тарапынан қолдау тауып келген ядролық қаруларды таратпау туралы режим бұзылды.

Оңтүстік Азияда қағылған «ядролық дабыл» дүние жүзінің алаңдаушылығын туғызды. 1998 жылы маусымда Үндістан премьер-министрі А.Б.Ваджпаи мен Пәкістан президенті Н.Шарифтің қатысуымен Шри-Ланка астанасы Коломбо қаласында келіссөздер өтіп, 1998 жылдың қазанынан бастап сыртқы істер министрлері деңгейіндегі үнді-пәкістан сұхбаттары қайта қалпына келтірілді. 1999 жылдың ақпанынан бастап Пәкістан мен Үндістан арасында үнемі автобус жүре бастады. Бірінші рейспен премьер А.Б.Ваджпаи өзі аттанып, Пәкістанның Лахор қаласында Пәкістан премьер-министрімен келіссөз өткізеді. Осылайша халықаралық қатынастар тәжірибесінде «автобустық дипломатия» негізін қалайды. Алайда осыншама игі шараларға қарамастан, 1999 жылдың көктеміне қарай екі ел арасындағы қарулы қақтығыстар қайта тұтанады.

3. Ауғанстандағы талибтерге рухани қамқоршы ретінде пәкістандық фундаменталистік ұйымдар «Жәмиат-и улама-и Пәкістан» және «Жәмиат-и ислами» қозғалыстары жетекшілік жасаса, ұйымдастырушылық және қаржылай қолдауды пәкістандық барлау құрылымы көрсетіп отырды. Бастабында талибтер Ауғанстандағы ішкі қырқыстарды қарудың күшімен жоюды өз ұрандары етіп алды. 1996 жылдың күзіне қарай олар елдің батыс, шығыс және оңтүстік провицияларын өз бақылауларына алса, 27 қыркүйекте ел астанасы Кабул қаласына басып кіреді. Талибтер Ауғанстанның бұрынғы президенті М.Наджибулла өлтіріп, өздері бақылауына алған территорияларында «Ауғанстан Ислам Әмірлігінің» құрылғандығын жариялайды. Б.Раббани үкіметі тәжік командирлерінің қорғауындағы Мазари-Шарибке барып тығылады.

Билік басына талибтердің келуі Ауғанстанмен шекаралас мемлекеттер арасында әр түрлі пікір қалыптастырды. 1996 жылы қазанның басында Алматы қаласында Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Ресей басшылары кездесіп, жаңа режимді танудан бас тартатындықтарын және Б.Раббани үкіметіне қолдау көрсететіндіктерін мәлім етсе, Түркіменстан

өздерінің бейтараптықтарын алға тартып, Алматы кездесуінен тыс қалады. Исламдық ел Иран да талибтер билігін мойындаудан бас тартты. Алайда Түркіменстан астыртын әрекет жасап, талибтермен белгілі бір деңгейде қарым-қатынастарға барды. Ашхабадта талибтер үкіметінің өкілдігі ашылса, Ауғанстанның Хайратон қаласында түркімен консулдығы жұмыс істеді.

Кабулдық жаңа режим Пәкістан, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб Әмірлігі тарапынан танылып, осы елдерден көмек алып тұрды. Талибтерге көмекті алғашында АҚШ та көрсетті. Бірақ 1996 жылы «Талибан» қозғалысы халықаралық лаңкес Усама бен Ладенге баспана бергені үшін АҚШ Ауғанстнады ислам содырларын даярлайтын орталыққа айналды деп жариялады. Усама мектебінен өткен содырлар тек ғана ауған территорияларындағы ұрыстарға қатысып қоймай, өзге де шетелдердегі, атап айтқанда, Сербия (Косово), Тәжікстан, Өзбекстан, Үндістан (Кашмир), Филиппины және Ресейде (Шешенстан), шиеленіс ошақтарында қимылдады.

Ауғанстанның халықаралық терроризм орталығына айналуы Орталық Азияда экстремистік пиғылдағы жаңа саяси және әскери ұйымдардың пайда болуына алып келді. 1997 жылы Өзбекстанда президент Ислам Кәрімов билігін құлатып, орнына «ислам халифатын» орнату мақсатында Жума Наманғани және Тахир Юлдашев бастаған Өзбекстанның Ислам Қозғалысы (ӨИҚ) құрылды. Екеуі де Ауғанстанда әскери даярлықтан өткен, У. бен Ладеннің сенімді серіктері болатын. 1999 және 2000 жылдардың жазында өзбек содырларының жасақтары Қырғызстан және Тәжікстан территориялары арқылы Өзбекстанға өтуге бірнеше мәрте әрекеттенгенімен, олар күнделікті өзбек әскерлері тарапынан тойтарылып отырды. Жеңіліске ұшыраған содырлардың бір бөлігі Ауғанстанға қайтып оралса, қалғаны Тәжікстанның оңтүстігіндегі Табылдары қаласы маңында бекінді.

Осы уақытта Орта Шығыстағы радикалды ислам қозғалыстарына қатысты Құрама Штаттардың да көзқарастары өзгере түсті. 1998 жылы У. бен Ладен бастаған лаңкестер Кения мен Танзанияда орналасқан АҚШ ешліліктерінде жойқын жарылыстар жасаған соң Вашингтон бен Ладенді ресми түрде №1 лаңкес ретінде жариялап, оның басына 5 млн. доллар көлемінде бәйге тікті. Артынша бен Ладенге қамқорлық жасап отырған талибтерге көмек беруді доғарып, ауған территориясында орналасқан Усаманың ықтимал әскери базаларын әуеден бомбалады. Талибтердің басты одақтасы болып Пәкістан қала берді. Пәкістандық кеңесшілер талиб үкіметінде қызмет жасаса, пәкістандық әскерилер мен Пәкістан тұрғындарының арасынан шыққан жалдамалылар талиб жасақтарының қатарын толықтырды.

1998 жылдың тамызында талибтер Солтүстік альянстың белді тірегі болып келген Мазари-Шариб қаласына басып кіріп, ауған территориясының 90% өз иеліктеріне алады. Талибтер билігін тек ауған өзбектері тығыз орналасқан, генерал А.Р.Дустум бақылауындағы азғантай аумақ ғана мойындаған жоқ. Талибтердің күш алып, діни фанатизм мен терроризм қатерінің арта түсуі Ауғанстанмен шекаралас елдер басшылығын алаңдатты. Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан және Иран үкіметі қатердің алдын алу

мақсатында бұрынғы Б.Раббани үкіметін қамқорлығына алып отырған Солтүстік альнсқа әскери көмек көрсете бастады.

1998 жылы ірі қаржы дағдарысын басынан өткізген және НАТО-ның Косоводағы әскери қимылдарына қарсылық білдіргенімен, еш нәтижеге қол жеткізе алмаған Ресей халықаралық беделін біршама әлсіретіп, посткеңестік кеңістікте дифференциация үрдісінің дамуына жол берді. ТМД елдері Ресейдің жетекші роліне күмәнмен қарап, оған балама іздеуді белсенді түрде қолға ала бастады.

1997 жылы Страсбург қаласында өткен ЕуроОдақ елдерінің кезекті кеңесіне ТМД елдерінен де делегациялар шақырылып, оған Украина, Грузия, Әзербайжан және Молдава елдері өкілдері қатысты. Кездесулер барысында аталмыш төрт ел өкілдері өз елдерінің бас әріптерінен тұратын ГУАМ одағын құру туралы келісімге қол қояды. ГУАМ-ның қорытынды құжатында одаққа мүше мемлекеттер ТМД шеңберінде емес, Еуроатлантикалық ынтымақтастық кеңесі (экономика және саясат саласында) және Бейбітшілік үшін әріптестік аясында ынтымақтасатындықтары көрсетілді. 1999 жылы ГУАМ-ға Өзбекстанның қосылуы себепті одақ ГУУАМ болып өзгертілді. Алайда ГУАМ елдерімен ынмақтастықтың тиімсіздігін сезген Өзбекстан аталмыш блоктан 2002 жылдың маусымында шығып кетеді.

ТМД кеңістігінде өзара жақындасу үрдісі одан әрі даму түсті. Армения, Қазақстан және Тәжікстан қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақсатында Ресеймен әскери-саяси одақтас болуды жөн деп тапса, Қырғызстан бастабында ұстамдылық танытқанымен, іргеден төніп келе жатқан ислам экстремизмі қатерін есепке ала отырып олар да Ресеймен жақындасуды дұрыс көрді. Белоруссия Мәскеумен барлық салада одақтасуға тырысты. 2000 жылға қарай Ресей төңірегіне бұрынғы кеңестік мемлекеттердің топтасу үрдісінің байқалуы ТМД елдері арасындағы интеграциялық қатынастардың жандануына оң ықпалын тигізеді деген үміт ұялата бастады.

ТМД елдері арасында қалыптасқан кейбір қиыншылықтарға қарамастан мемлекеттердің экономикалық тұрғыда жақындасу үрдісі жедел қарқынмен дами түсті. Экономикалық кірігу үрдісінің жеделдеуіне Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан және Тәжікстан Республикаларының ынталы әрекеттері қарқын берді. 2000 жылы 10 қазанда Астана қаласында біртұтас экономикалық кеңістік құру мақсатында Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық (ЕурАзЭҚ) құру туралы келісімге бес тарап қол қояды. 2002 жылдың мамырында Украина мен Молдавия аталмыш қауымдастыққа бақылаушы ретінде қосылды.

4. Босния мәселесі бойынша Дейтон келісім-шартының қабылдануы Югославия ыдырауының соңы бола алмады. 90-жылдардың соңын ала Косовоның сербтер тығыз орналасқан жерінде шиеленіс ушығып, жергілікті албандар мен сербтер арасында келіспеушіліктер арта түсті. 1989 жылдың өзінде албандардың Косово өлкесін республика етіп тануы туралы ұсынысын Сербия басшысы С.Милошевич құп көрмей, елге автономиялық мәтебе беруден бас тартқан болатын. Алайда С.Милошевичтің бұл әрекеті мәселені

реттей алмады. Керісінше, косовалық албандардың толқуын тудырып, олардың өз құқықтарын табанды түрде талап етулеріне итермеледі. Дейтон келісімінің қабылдануы Сербия ықпалының әлсіз екендігін көрсеткен соң, косоволық албандардың сепаратистік пиғылдары одан әрі белсеніп кетті.

Жағдай 1997 жылы күзде Албан Республикасында Сали Бериши режимі құлаған соң одан бетер шиеленісіп кетті. Елде косоволық албандар территориясын біріктіре отырып, «Ұлы Албания» құру жобасын жүзеге асыруды жақтаушылар қатары арта түсті. Солтүстік Албания территориясында Тирананың тікелей бақылауында «Косовоны азат ету армиясы» жасақталып, сол жерден Косовода орналасқан сербтер базаларын атқылай бастайды. Жасақшылар қатары федералдық билік тарапынан жүргізілген этникалық тазарту нәтижесінде Косовоны тастап шыққан босқын албандармен толығып отырды.

Косоводағы жағдайды өз бақылауында ұстап қалуға тырысқан С.Милошевич 1998 жылы ақпанда қосымша күш енгізуге шешім қабылдайды. Тың күш қосылған федералдық әскерилер мен сепаратистік жасақшылар арасында кескілескен ұрыс басталып, нәтижесінде негізінен бейбіт тұрғындар – сербтер мен албандар зардап шекті. Халықаралық қауымдастық Косовода адам құқықтарының бұзылып жатқандығын алға тартып, Белградқа қарсы күш қолдануды талап ете бастады. Іс жүзінде олар косоволық албандар жағында болды.

Косово мәселесі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде талқыланып, 1998 жылы 23 қыркүйекте Косоводағы әскери қимылдарды тез арада тоқтату туралы БҰҰ-ның қатаң талабы көрсетілген №1199 қарарын шығарады. 1998 жылы 13 қазанда НАТО кеңесі Сербия Қауіпсіздік Кеңесінің бұл талабын орындамаған жағдайда әуеден шабуылдау әрекеттерін бастайтындығын мәлімдейді. Югославия үкіметі халықаралық қауымдастық пікірімен санаса отырып Косоводағы әскери контингент санын азайтқанымен, қақтығыстар қарқыны бәсеңдей қоймады. НАТО елдері Косово тұрғындарының гуманитарлық құқықтарын қорғау үшін елге көпұлтты бітімгершілік күштерін енгізуді талап ете бастады.

Батыс елдері Франциияның Рамбуй қаласында қақтығысушы тараптар үшін компромисс табу жолдарын қарастыру мақсатында конференция шақыруды ұсынды. 1999 жылдың ақпан-наурыз айларында болып өткен көпжақты келіссөздер барысында қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеу туралы «Рамбуй келісімі» жасалады. Алайда Сербия делегациясы құжат мәтінінде көрсетілген Косовоға шетелдік әскерлерді енгізу туралы тармақтың орынсыз екендігін алға тарта отырып, келісімге қол қоюдан бас тартады.

1999 жылдың 20 наурызында Косово өңірін ЕҚЫҰ бақылаушылары тастап шығады. Ал 24 наурыздан бастап НАТО Әскери Әуе Күштері Белград қаласын қоса алғанда, барлық Сербия территориясын (көпірлер, үкіметтік ғимараттар, әуежайлар, армия бөлімдері орналасқан жерлерді және т.б.) жүйелі түрде бомбалауды қолға алады. Екі айға созылған жойқын бомбалаулардан соң Сербия үкіметі Косоводан федералдық күштерді шығаруға келіседі. 1999 жылы 9 маусымда серб өкілдері мен НАТО

күштерінің басшылығы арасында екіжақты келіссөздер өтіп, соғыс қимылдарын тоқтату және федералдық әскерді Косоводан шығару туралы келісімге қол қояды. Олардың орнына НАТО контингенті енгізілетін болып келісілді. «Косовоны азат ету армиясы» заңдастырылып, Косовоның әскери құрылымына айналдырылды.

Косоводағы жеңілістен соң Югославиядағы жағдай онан әрі шиеленісе түсті. Одақтас Югославия Республикасының президенті С.Милошевич біртұтас Сербия және Черногорияның ыдырауы мүмкін екендігін ескере отырып, Сербияда болар кезекті президенттік сайлау өз кандидатурасын ұсынуға шешім қабылдайды. Сайлау 2000 жылдың 28 қыркүйегінде өтті. Ресми түрде С.Милошевич жеңіске жеткенімен, оппозиция сайлау қорытындысын заңды деп танудан бас тартады.

Елде халықтың жаппай толқуы белең алып, Қарулы күштер президентке бағынудан бас тартады. Нәтижесінде С.Милошевич 2000 жылы 6 қазанда ешқандай қантөгіссіз биліктен аластатылып, орнына президенттік сайлауда оппозиция атынан түскен Воислав Коштуница елдің заңды президенті болып жарияланды. Жаңа серб үкіметін Зоран Джинджич басқарып, С.Милошевич 2001 жылдың маусымында Косоводағы әрекеттері барысында адамзатқа қарсы қылмыс жасаған деген айыппен Гаагадағы Халықаралық трибуналға тапсырылды. (З.Джинджич 2003 жылы ақпанда Белград қаласында өлтірілді)

5. 1999 жылы Шығыс Тиморда шиеленіс нышаны байқалды. Бұрынғы португалдар отары болып табылатын бұл өңір батыс жағы Индонезия құрамына кіретін Тимор аралының шығысында орналасқан еді. Шығыс Тимор халқы әр текті: кезінде португалдық миссионерлерден христиан дінін қабылдаған жергілікті христиандар мен елдің батысын ала тығыз орналасқан мұсылмандардан тұратын. 1974 жылы Португалияда орын алған революциядан кейін Шығыс Тимор өз тәуелсіздігін алуға тырысып бақты. Алайда ол 1975 жылы индонезиялық әскерилер тарапынан оккупацияланып, 1976 жылдан бастап толықтай Индонезия бақылауына өтеді.

Халықаралық қауымдастық Индонезия әрекетін заңсыз деп танып, Шығыс Тиморға тәуелсіздік беру қажеттігін алға тартты. Таулар мен джунглиде бекінген ФАЛИНТИЛ (Шығыс Тиморды азат ету ұлттық қарулы күштері) жасақшылары индонезиялық үкімет әскеріне қарулы қарсылық көрсетті. 1999 жылы президент Сухарто режимі құлаған соң Индонезияның жаңа басшылығы Шығыс Тиморда елдің Индонезия құрамына ену туралы халықтың пікірін білу мақсатында референдум өткізеді. 1999 жылдың 30 тамызында өткен референдум қорытындысы бойынша халықтың басым көпшілігі Шығыс Тимордың тәуелсіздік алғандығын қалайтындықтарын білдіреді. Нәтижесінде аралда тәуелсіздікті жақтаушылар мен оған қарсы шығушылар арасында қақтығыстар басталады. Индонезия қарулы күштері соңғыларына көмек көрсетті. 1999 жылы қыркүйекте БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Шығыс Тиморға БҰҰ қарулы күштер контингентін енгізуді жөн деп тауып, негізін австралиялық әскерилер құраған бітімгершілік күштерін ел аумағына жөнелтеді. Олардың басты мақсаттары тұрғындардың қауіпсіздігін

қамтамасыз ету мен Индонезия үкіметі жоғарыдағы референдум қорытындылары бойынша бір шешімге келгенше елдегі тұрақтылықты сақтап тұру еді. 2002 жылы Индонезия парламенті 1999 жылғы референдум қорытындысын ресми түрде бекіткен соң, Шығыс Тимор 2002 жылы 19 мамырда өз тәуелсіздігін жариялайды.

КХДР-нда биліктің ауысуы Корея мәселесінің біршама жақсаруына әсерін тигізді. Солтүстік Кореяның жаңа жетекшісі Ким Чен Ир (Ким Ир Сеннің ұлы) шектеулі деңгейде реформалар жүргізуге сыңай танытты.

КХДР сыртқы әлеммен қарым-қатынастарын ретке келтіруге әлі де болса солтүстіккореялық ядролық бағдарлама кері әсерін тигізіп келсе, енді оның үстіне Пхеньян өз территориясында жолаушы ұшақтарын қуып кетуді машық еткен жапондық террористік ұйымның («қызыл армия») өкілдерін жасырып отыр деген айып қосылды.

2000 жылы наурызда Вашингтонға келген КХДР делегациясы АҚШ-пен терроризмге қарсы күрес бойынша өзара ынтымақтастық туралы сенімділікке қол жеткізді. Өз кезегінде АҚШ КХДР-ді терроризмді қолдаушы елдер қатарынан шығаратындықтарын мәлімдеді. 2000 жыл ішінде КХДР сыртқы әлеммен жақындасу әрекетін біршама ілгерілетіп, Австралия, Филиппины, Бельгия, Канада, Испания, Германия, Люксембург, Греция, Бразилия, Жаңа Зеландия, Түркия, Ресей және ҚХР сынды елдермен дипломатиялық қатынастар орнатты. Сондай-ақ қауіпсіздік мәселесі бойынша АСЕАН аймақтық форумына мүшелікке енді.

Алайда бұл үрдістер тек белгілі бір мезеттік ғана болды. КХДР өз ракеталарының әрекет ету радиусын кеңейтуге бағытталған жаңа технологияны игеруге деген ұмтылысы халықаралық қауымдастық тарапынан қайтадан Солтүстік Кореяға қатысты сенімсіздігінің пайда болуына себеп болды. 2002 жылдың маусым айында АҚШ президенті Дж.Буш өзінің кезекті ресми мәлімдемелерінің бірінде Солтүстік Кореяның жаппай қырып-жою қаруларына иелік етуге деген ұмтылысын қатаң сынға алып, КХДР зұлымдық ошағы деп жариялады. Сондай-ақ АҚШ президенті егер Солтүстік Корея ядролық бағдарламаларын одан әрі дамыта берген жағдайда оған қарсы күш қолдануға дейін баратындығын мәлімдеді.

Солтүстіккореялық жетекшілер өздерінің әрекеттерін өзін-өзі қорғау мақсатында жүргізіліп жатқандығымен түсіндіруге тырысты. Оңтүстік Корея мен жапон үкіметі АҚШ-пен кеңесе отырып, Солтүстік Корея мәселесі бойынша ортақ саясат қалыптастыруға ұмтылды. Осы аралықта шиеленіс одан әрі ушыға түсті. 2002 жылы 18 қыркүйекте АҚШ Қорғаныс министрі Д.Рамсфелд американдық сарапшылардың мәліметіне сүйене отырып, ашық түрде КХДР атом қаруына әлдеқашан ие екендігін мәлімдеді.

Вашингтонның өздеріне қарсы күш қолдануы мүмкін екендігінен сескенген Солтүстік Корея 2002 жылы 21 қазанда АҚШ-қа КХДР ядролық бағдарламасын бейбіт реттеу қатысты өзара шабуыл жасамау жайлы американ-солтүстіккореялық келісімге келу туралы ұсыныс жасайды. КХДР-дың бұл ұсынысы АҚШ тарапынан қабылданбағанымен, 15 қарашада Дж.Буш Вашингтонда жасаған кезекті мәлімдемесінде АҚШ-тық КХДР

қарсы күш қолдану пиғылы жоқ екендігін ресми жариялайды. АҚШ-тың бұл мәлімдемесін қанағат тұтпаған Солтүстік Корея басшылығы Йонбондағы ядролық реакторды қайта жандандыруға және ядролық қаруларды таратпау туралы келісімнен шығуға шешім қабылдайды. Және 2003 жылдың 12 мамырында бұрында Оңтүстік Кореямен жасасқан Корея түбегінде ядросыз зона құру туралы келісімнен де шығатындағын мәлімдейді.

2003 жылдың басында АҚШ пен КХДР бірқатар келіссөздер өткізгенімен, ешқайсысы нәтиже бермеді. Ал ақпан айында Солтүстік Корея басшылығы кезекті келіссөздер барысында американдық делегацияға КХДР-да ядролық қару бар екендігін мәлімдейді. Осылайша Солтүстік Корея ядролық жанжалы күні бүгінге шейін өз шешімін таба алмай қала берді.

6. 2003 жылы сәуір айында құрамында Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропалық Одақ, Америка Құрама Штаттары және Ресей Федерациясы енген «Төртік» Израиль-палестиналық жанжалды реттеу үшін «Жол картасы» жоспарын даярлады. Онда саясат, қауіпсіздік, экономика, гуманитарлық қызмет және конституциялық құрылыс мәселелерін анықтау мақсаттарына негізделген белгілі мерзімдер мен критериялар, нақты кезеңдер мен уақытша рамкалар бекітілді.

Жоспардың негізгі қағидаттары Мадрид конференциясының қорытындыларына, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесшісі № 242, № 338 және 2002 жылғы № 1397 қарарларының басып алған жерлерді «жерді бейбітшілікке айырбастау» принципіне, бұрын тараптардың қол жеткізіп, Араб мемлекеттері лигасының Бейруттағы саммиті құптаған уағдаластықтарға, Сауд Арабиясының Тақ мұрагері бекзада Абдалланын Израильді бейбітшілк пен қауіпсіздікте өмір сүруші көрші ретінде тану бастамасына сүйенді. «Төрттік» тараптар Жоспарды орындау жөніндегі іс-әрекеттеріне баға беру үшін жоғары деңгейде тұрақты кездесулер өткізіп тұруға келісті.

Жоспар мерзімдік шеңберлерге белгіленген үш кезеңге бөлінді. Бірінші кезең: 2003 жылғы сәуір-мамыр айлары. Екі жақтан террор мен зорлық-зомбылық тоқтату, палестиндықтардың ауыр тұрмыс жағдайын жақсартып, қалыпқа келтіру және палестиналық мемлекеттік институттар құрылысын жүргізу, азаматтық қоғам құру сияқты істер атқарылуға тиіс болды. Израиль тарапы комендантттық сағатты жоя отырып, азаматтарға, тауарлар тасымалына рұқсат беру мен халықаралық гуманитарлық ұйымдардың қызметкерлеріне кедергі жасауды тоқтатуды міндет етіп алды. Израиль үкіметі американ сенаторы Дж.Митчелл баяндамасына сәйкес 2001 жылдың наурызынан бері Палестина жерлерінде салынған еврей қоныстарын жою және болашақта еврей қоныстарын салмауға міндетті болды.

Екінші кезең: өтпелі кезең - 2003 жылғы маусым-желтоқсан айлары. Тәуелсіз Палестина мемлекетін құруға әрекет жасау, уақытша шекара белгілеу, Таяу Шығыс жөнінде халықаралық конференция өткізу сынды іс-шаралар жүргізілуге тиіс болды. Бұл конференцияда Израильдің Палестина, Сирия және Ливанмен қатынастарын реттеу мен Палестина көтерілісі «Интифада Эл-Ақса» басталмай тұрып кейбір араб елдерінің Тель-Авивте жұмыс істеп тұрған сауда өкілдіктерін қайта ашу көзделген болатын.

Үшінші кезең: Тұрақты мәртебе туралы келісім жасау және израиль-палестина жанжалының тоқтатылуы - 2004-2005 жылдар. Екінші халықаралық конференция шақыра отырып, Араб елдерімен Израиль арасында дипломатиялық қатынастарды орнату басты міндет болды. Сондай-ақ палестиналық босқындар және Иерусалим қаласының мәртебесі жайлы мәселелерді келіссөздер арқылы реттеу, азаматтардың дін еркіндігін сақтау және екі бейбіт ел - Израиль және Тәуелсіз Палестина мемлекеті бірге өмір сүруге жағдай жасау көзделді.

Жоспарда Израиль - Палестина жанжалының түпкілікті реттелуі және әлем қауымдастықтығы мойындаған және бейбіт қатар өмір сүруші екі ел - Израиль және Палестина мемлекеттерін құру негізгі шарттың бірі болды.

«Жол картасы» жоспары арабтар мен еврейлердің орындаулары міндетті бірқатар қиын шарттардан тұрды, яғни Израиль басып алған аумақтарда еврей қоныстарыньң құрылысын жүргізуді тоқтату және тәуелсіз Палестина мемлекетін 2005 жылға дейін мойындау тиіс болды. Ал палестиналықтар Израильге қарсы зорлық-зомбылықты тоқтатуы және түпкілікті саяси және экономикалық реформалар жүргізулері қажет.

Израильдің оңшыл сионист саяси күштері жоспарды қатал сынға алды. Олардың пікірлері бойынша, тәуелсіз Палестина мемлекетін құру, оны халықаралық мойындау, сондай-ақ оның БҰҰ-на мүше болып кіру туралы келіссөздер өткен соң Израиль үшін өмірлік маңызы бар шекара, Иерусалим мәртебесі және палестиналық босқындардың өз еліне қайта оралу сияқты үш принциптерді қорғау қиындыққа ұшырайды деген сылтаумен Палестина мемлекетін құруға қарсылық білдірді.

Израиль үкіметі Жоспарды жүзеге асырудың нақты мерзімдік аясын өткір сынға алды. Себебі БҰҰ-ның № 242, № 338 және № 1391 қарарларына сәйкес 2003 жылы уақытша шекарада Палестина мемлекетін құру қарастырылған болатын. Израильге қандай да болмасын араб жерлерінде әскери іс-әрекетке баруын тоқтату, палестиналық қалалар мен жолдарды қоршаудан босату, еврей қоныстарының көзін жою, елге палестиналық босқындардың қайтуына кедергі келтірмеу ұсынылған-ды.

Жоспардың орындалуына бақылау «Төрттікке» жүктелді. Ең алдымен «Төрттік» аумақта бақылау жүйесін орнатып, содан соң бір кезеңнен екінші кезеңге өту шарттарының орындалуы туралы шешім қабылдау көзделді. Премьер-министр А.Шарон аймақта тек американдық бақылауды қалдырып, басқа халықаралық өкілдердің ықпалын жоюды жөн санады.

Палестина көзқарасына келер болсақ, ПҰБ бұрынғы премьер-министрі А.Мазен бұл жоспардың Палестина мәселесінің шешімін табуға бағытталғандығын мәлімдеп, оң баға берді. Палестина үкіметі Жоспарды ресми түрде құптайтынын атай келіп, А.Мазен Израиль ұсынған өзгерістер мен толықтыруларына қарсылық білдірді және «Төрттіктен» «Жол картасының» бастапқы редакциясын жариялауды өтінді.

Алайда, А.Мазеннің ұстанымымен Палестинадағы басқа саяси күштер келіспеді. «Хамас пен «Исламдық джихад» радикалды ұйымдарының белсенді өкілдері Жоспарға қатысты қатаң түрде өз наразылықтарын білдірді.

Олар Израильмен үзілді-кесілді күресті жалғастыруға және жаңа үкіметпен ынтымақтасуға ниеттері жоқ екендіктерін білдірді.

Сондай-ақ, сионистік идеология бойынша еврейлердің бүкіл Палестинадан арабтарды қуып, тек иудей мемлекетін құруды көздеп отырғанын «Хамас» жетекшілері алға тартты. Олар Израиль күшпен басып алған араб жерлерін өз еркімен ешқашанда қайтармайды, еврейлер тек күшті ғана сыйлайды деген уәж айтты. Оған дәлел ретінде Египеттің Синайды 1973 жылы тек соғыс арқылы Израильден қайтарып алғандығын келтірді.

Израиль Норвегия келісімдерін орындамай, 2000 жылы қыркүйекте келесі мәрте Иордан өзенінің араб Батыс жағалауын басып алды. Израильдің бұл әрекетін Палестинаның патриоттық күштері әділетсіздік деп танып, «Жол картасы» жобасы араб-мұсылман әлемін кезекті алдап-арбау қулығы екендігін, себебі өткен 50 жыл ішінде 50 шақты қарарлар, жобалар, бағдарламалар әзірленіп, олардың бәрі тек сионистерге уақыт ұтуға көмектескендігін алға тартты. Сондықтан да олар тек күрес ғана мақсатқа жеткізеді дегенді ұран етті.

2003 жылы 3 мамырда «Жол картасы» жобасына қатысты Еуроодақ ортақ ұстаным әзірлеу үшін Сыртқы істер министрлері конференциясын өткізді. Еуропа Ясир Арафаттың мәртебесін сақтауды жөн деп тапты. ЕО Израиль мен АҚШ-ты «Жол картасын» ешқандай өзгерістерсіз бекітіп, оны тезірек іске асыруға шақырды. Ұлыбритания Жоспардың жариялануын қошеметтеп, Т.Блэр өз сөзінде - Израиль мен Палестина үшін бейбітшілікке жетудің «бүгінгі күнге жалғыз әрі соңғы мүмкіндігі» болып тұр деді.

БҰҰ-ның Бас хатшысы К.Аннан да Палестина мен Израильді «Жол картасын» жанжалды реттеу жоспарын орындауға шақырды. «Төрттікке» сүйене отырып, А.Шарон мен М.Аббас көпжылдық қантөгіс жанжалына нүкте қоюлары абзал деп мәлімдеді. Жалпы халықаралық сарапшылардың «Жол картасы» принциптеріне қатысты оптимистік көңіл-күйлері сезілді.

Қазақстан «Жол картасын» оңтайлы нәтижеге жеткізетін және үміт ұялататын бірден-бір құрал деп таныды. Таяу Шығыстағы жанжалдың бейбіт жолмен шешілуі және тұрақты жағдайдың орнығуы сөзсіз сол өңірдің елдері арасында өзара тиімді қарым-қатынастар дамытып, Қазақстанның ұлттық мүддесіне сай ахуал қалыптасады деп түйді. Сондықтан бұл жоспардың бекітілуін және іске асуын қошеметпен қабылдай отырып, Қазақстан Республикасы барлық халықаралық жанжалдардың бейбіт жолмен шешуі жөніндегі айнымас ұстанымын білдірді.

2004 жылдың наурызына қарай аймақтағы ахуал күрт өзгерді. «Хамас» ұйымының рухани лидері, қарт шейх Ахмед Ясиннің Израильдің ракеталық соққысынан қаза табуы және одан кейін бір ай өтпей 19 сәуірде аталмыш ұйымның, белсенді қайраткері Әбдел Азиз Рантиссиді өлтіруі заңсыз жазалау және саяси жетекшілерді құдалау проблемасын қайта көтерді.

Шейх А.Ясин израильдік оккупациясымен еш келіспей, табанды күресі үшін халық арасында үлкен беделге ие болатын. Оның өлімімен Израиль

үкіметі Таяу Шығыс аймағында бейбітшшік орнығады деген үмітті толығымен үзді. Израиль мен Палестина арасындағы келіссөздерді тұйыққа тіреліп, осы аймақтағы халықаралық күштердің әрекеттерін жоққа шығарды. Сөйтіп, «Төрттіктің» делдалдығымен аймақтағы жанжалды реттеуге бағатталған сол уақыттағы бірден-бір бейбіт жоспар «Жол картасын» жүзеге асыру үрдісі тоқтап қалды.

Пікір-талас сұрақтары:

1. Жаһандану үрдісі халықаралық қатынастарға қалай ықпал етеді деп ойлайсыңдар?
2. Үндістан мен Пәкістанның ядролық саясаттының мәні неде?
3. Солтүстік Кореяға ядролық қару не үшін керек?
4. Шығыс Тимор мәселесінің пайда болу себептері неде?
5. "Жол картасы" Таяу Шығыс мәселесін реттеуде қандай да болмасын роль атқарды ма?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Системная история международных отношений в четырех томах. 1918-2003. Учебник. Под ред. Торкунова А.Д. – М., 2003.- 3-4 тома.
2. Быков О.Н. Международные отношения: трансформация глобальной структуры.-М., Наука, 2003.-572 с.
3. Современные международные отношения. Учебник. Под ред. А. В. Торкунова.- М., РОССПЭН, 2000.- 583 с.
4. Современные международные отношения и мировая политика. Учебник. Ответ-й редактор Торкунов А.В.- М., "Просвещение", 2004.- 989 с.
5. Международные отношения: теории, конфликты, движения, организации. Учебное пособие. Под ред. Цыганкова П.А.- М., Альфа-М- Инфра-М, 2007.-320 с.
6. Панарин А.С. Стратегическая нестабительность в мире.- М., Алгоритм-книга, 2003.

Халықаралық қатынастардың ауған түйіні

1. ***Ауғанстандағы азамат соғысын басталуы.***
2. ***90-жылдарда ауған сася күштерінің топтасуы.***
3. ***"Талибан" қозғалысы және тәліптердің үкімет басына келіуі.***
4. ***Ауған мәселесін шешу төңірегіндегі белсенділік пен халықаралық ықпалдастық.***

1. Ауғанстандағы әскери қимылдар КСРО-ң аймақта белсенділігін күшейтуге бағытталғанмен, іс жүзінде оның әлсіреуіне әкеп соқты. Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізілуі Орта Шығыстағы геосаяси тепе-теңдікті күрт өзгертті. Ауғанстандағы оқиғалар іс жүзінде АҚШ-қа 1979 жылы Иранда өткен революция мен шах Реза Пехлеви үкіметін тайдыру салдарынан аймақтағы ықпалынан айырылуының орнын толтыруға мүмкіндік берді. Пәкістан үкіметінің делдалдығы арқылы АҚШ оның Пешавар деген Солтүстік-Батыс провинцияда орналасқан ауған оппозициясына кең ауқымды қолдау көрсете бастады.

КСРО–ң аймақтағы белсенділігі мен АХДП–дан (Ауған халықтық демократиялық партиясы) шыққан ауған революционерлердің қызметі ауған қоғамын модернизациялау мәселесінде шоғырланған болатын: мектептер, көлемді байланыс желілері салынды, ел материалды ресурстармен қамтамасыз етілді. Кешенді түрде жүзеге асырылатын осындай жағымды шаралар ауған қоғамының дәстүрлі құрылымына тікелей ықпал етті.

Ауғанстандағы модернизациялау процестерінің дамуы бойынша акциялардың алға басатындығына қарамастан, олар дәстүрлі қоғамның құрылымдар мен құндылықтар жүйесінің елеулі қарсылығына тап болды. Ауғанстандағы мұсылман елдерінің көпшілігіне сай модернизациялау процестерінің дәстүрлі қоғам мүдделелерімен объективті қақтығысуы кеңестік фактордың араласуымен күрделілене түсті.

Ауғанстанда он үш жылға созылған кеңестік әскерлері мен прокоммунистік тәртіпке қарсы соғыстың басты нәтижесі Сәуір революциясына дейінгі ауған қоғамының ішкі құрылымындағы күштер ара қатынасының бұзылуы мен биліктің бытырап кетуі болды, бұл тұтас ауған мемлекетінің тез арада бірігуінің мүмкін еместігін білдіреді.

Басты өзгерістер Ауғанстанның ұлттық және діни қауымдастықтар арасындағы күштер орналасуында өтті. Тарихта 1978 жылғы Сәуір революциясына дейін дәстүрлі ауған қоғамындағы басым позицияларға пуштундар ие болды. Ауғанстанда билік пен ықпал үшін күрес дәстүрлі түрде көптеген ұлттық және діни азшылықтың қатысуынсыз билік етуші пуштундық элита арасында өтті.

КСРО–ның материалдық пен әскери қолдауымен АХДП басшылығы жүзеге асырған ауған қоғамды модернизациялау талпыныстарының алғашқы нәтижесі азаматтық соғыстың одан әрі дамуы болды. Пуштундар ауған үкіметтік әскерінің және оған қарсы тұратын моджахедтер қатарларының негізгі бөлігін құрды. Ауғанстанның оңтүстік, батыс және орталық пуштундық аудандарда халыққа елеулі зардап әкелген, нәтижесінде босқындар санның артуына әкеп соққан белсенді әскери қимылдар өткен болатын. Азаматтық соғыстың алғаш кезеңінде ауған босқындары екі негізгі ағымға бөлінді. 1978 жылдың аяғына дейін Пәкстандағы ауғандық босқындар саны 30 мың адамды құрды, 1979 жылдың желтоқсанына қарай–500 мың, 1980 жылдың сәуірінде олардың саны 700 мыңнан асты, ал 1988 жылдың

мәліметтері бойынша босқындар саны шамамен 3 млн. адамға жетті. Босқындардың 2,2 миллионы Иранға қоныстанды. Олардың негізгі бөлігін соғысқа дейін Ауғанстанның батысында орналасқан Герат қаласының аумағында тұрған иран тілдес тәжіктер мен шейіт–хазарейліктер құрды. Иран территориясында ауғандар мен шейіттерді дін бойынша біріктіретін бірнеше саяси ұйымдар қалыптасты. Солардың ішіндегі ең ірісі және атақтысы – шейіт–хазарейліктерден тұрған Ауғанстанның ислам бірлігі партиясы (АИБП, "Хезбе и–вахдат").

Пешаварлық альянсқа кірген жеті партияның ішіндегі белгілілері бұрынғы солтүстік ауған оппозициялық үкімет президенті Б. Раббани бастаған Ауғанстанның исламдық қоғамы (АИҚ) және Г. Хекматиар бастаған Ауғанстанның ислам партиясы (АИП) еді.

Ауған қарсыластығының қатарындағы ерекше орынды дала командирі Ахмад Шах Масуд иеленді. Этникалық тәжік Масуд Бурхануддин Раббанидің Ауғанстанның исламдық қоғамы партиясына жақын болды. Оның әскері стратегиялық маңызы зор болған Панджшерде құрылды.

1992 жылға дейін бүкіл ауғандық ресми емес көшбасшы ретінде Гүлбеддин Хекматиарды санауға болатын еді. Ол ел ішіндегі белсенді моджахедтер қолдауына сене алды. Олардың қолдауы Хекматиар бастаған АИП-тың үлкен мүмкіншіліктермен айқындалды: партия моджахедтерді қаржымен, қару–жарақпен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, Хекматиар қозғалысы негізінен пуштундардан құрылды, сондықтан да оның ресми емес көшбасшылығы ауғандықтардың ішінде билеу құқығының легитимдігіне ие болды. Алайда соғыс барысында пуштундардың Ауғанстандағы жағдайға нақты ықпалы елеулі түрде әлсіреді. Осының нәтижесінде ұлттық және діни азшылықтар өз мүдделерін не Кабулдағы прокоммунистік тәртіппен одақтасып, не не оған қарсы соғысып жүзеге асыру мүмкіншілігіне қол жеткізді.Азаматтық соғыс барысындағы биліктің бірнеше орталықтарының болу нәтижесінде Ауғанстан территориясында ұлттық және діни азшылықтар тұрақтанатын аудандарда іс жүзінде әскери-саяси топтар қалыптасты. Оппозиция жағынан Панджшерді бақылайтын Масуд тәжіктері және Хазарджаттағы шейіт-хазарейліктер ерекше бөлінді. Ауғанстанның солтүстік провинцияларындағы генерал Дустумның өзбек милициясы және Надери бастаған исмаилиттер қозғалысының діни отрядтары Кабулдағы прокоммунистік тәртіпке жақын болды.

1989 жылы кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан кеткеннен кейін шиеленіс шетел интервенцияға қарсы күреске тән сипаттарынан айырылды. Шиеленіс енді азаматтық соғысқа ұласты. Ауған шиеленісі төңірегіндегі ауқымды геосаяси ойынның тарихы кеңес әскерлерін шығарғаннан кейін іс жүзінде аяқталды.

70-ші жылдардың соңында – 80-жылдардың басында Мәскеу өз алдына қайған мақсат-міндеттерін орындай алмады. Кеңес әскерлері кеткеннен кейін АХДП жақтаушыларының басты идеологиялық мақсатқа айналған модернизациялау процестері мен ауған моджадтердің бұрынғы

қоғамдық қатынастардың қайта жандандыру талпыныстары арасындағы ішкі қайшылықтар белгіленді. Революцияға дейінгі қатынастарды қайта орнату идеясы Хекматиардың Ауғанстан ислам партиясы, Гейлани мен Моджадедди сияқты белсенді емес монархистер мен Пешаварлық альянстың жеті моджахедтік партиялар басшыларының күштерін біріктірді.

Ауған моджахедтер ұйымдары КСРО қалдауымен құрылған ауған мемлекеттік басқару жүйесіне қарағанда ұйымшыл емес еді, сондықтан олар Наджибулла үкіметіне қарсы күресте сәттілікке жете алмады.

Солтүстік Ауғанстанда 90-шы жылдардың аяғына қарай қалыптасқан жаңа жағдай көбінесе осы аймақта 1989 ж. Ауғанстаннан кеңес әскерлерін шығару мен 1992 ж. Наджибулла тәртібінің құлауының арасында өткен оқиғалармен айқындалған болатын.

2. 1991-1992 жылдардағы Ауғанстандағы жағдайға тән ерекшелік – ұлттық жалпы ауғандық және жергілікті сипаттағы саяси және әскери ұйымдардың әрқайсысы жаңа жағдайда өз мүдделерін жүзеге асыруға талпынды. Гүлбеддин Хекматиар бастаған Ауғанстанның Исламдық партиясының моджахедтер қозғалысындағы басшылығы көпшілік жағдайда номиналды сипатқа ие болып, Пәкістан тарапынан келетін әскери мен материалдық көмек көлемдеріне тікелей тәуелді болды. Пәкістанмен ерекше қатынастардың нәтижесінде Хекматиардың ұйымы моджахедтердің жергілікті дала командирлерінің қолдауына үміттене алды. Алайда моджахедтердің жергілікті отрядтарыының көпшілігінің Хекматиарға деген көзқарасы тұрақсыз еді. Сонымен бірге Хекматиардың күшеюімен моджахедтердің басқа да ықпалды саяси ұйымдары келіспеді. Пешаварлық альянс ұйымдарының ішінен Раббани бастаған Ауғанстанның Исламдық қоғамы ерекше көзге түсті. Ауғанстанның болашағына қатысты өзіндік позицияны Иран қолдауына сүйенгенген шейіт ұйымдары да ұстанды. Олардың ішіндегі ең ірісі Мазари бастаған Ауғанстанның ислам бірлігінің партиясы (АИБП) еді. Қол жеткізуге болатын жеңістің ықтимал болуы моджахедтердің түрлі саяси ұйымдары арасындағы қайшылықтарды күшейтті.

Наджибулла үкіметі оппозициямен келіссөздерді тең дәрежеде жүргізуге ниет білдірді. Ауғанстанның барлық ірі қалаларын бақылап, жақсы қаруланған және ұйымдастырылған әскер мен мемлекеттік басқару жүйесін иеленген кабулдық тәртіп іс жүзінде оппозициямен мәмлеге баруға дайын тұрды.

Осылайша 1990-жылдары Ауғанстандағы әскери-саяси процесстерге қатысушы топтар 1960-1970 жылдары Мохаммад Даудтың реформаларына қарсы шыққан кабулдық оппозицияны құрады. Осы топтардың құрылуы, жүйеленүі Тараки, Кармаль мен Наджибулла үкіметтері және кеңестік агрессияға қарсы күрес кезеңіне қатысты еді.

1992 жылы Наджибулла тәртібінің құлауымен Ауғанстандағы азаматтық соғыстың бірінші кезеңі аяқталды. Осының нәтижесінде Ауғанстан өздерінің жергілікті мүдделері үшін бір-бірімен тоқтаусыз соғыс жүргізуге даяр болған көптеген тәуелсіз иеліктерге бытырап кетті. Ауғандық

элитаның бір бөлігінің КСРО көмегінен Ауғанстанның артта қалушылығын жедел модернизациялау арқылы жою талпыныстары сәтсіздікке ұшырады.

Моджахедтердің Кабулдағы прокоммунистік тәртіпті жеңуі ауған қоғамының өмір салтын модернизациялау процестерінің жеңілуін білдірді. Модернизация нәтижелердің көпшілігімен, білім беру жүйесі, өндіріс, мемлекеттік басқарумен қатар тұтас ауған мемлекеттілігі күйзеліске ұшырады. 1970-1990 жылдардағы оқиғалардың нәтижесінде Ауғанстан өркениеттік артта қалушылықты жоя алмады.

Ауғанстандағы азаматтық соғыстың осындай нәтижесі мүдделі елдер үшін ыңғайлы болды. Елдің саяси бытыраңқылығы ұлттық және діни азшылықтардың саяси ұйымдарының ғана емес, Ауғанстанның ең жақын көршілердің мүдделеріне сай келді. 1991 жылдың желтоқсанынан кейін ұзаққа созылатын азаматтық соғыс жағдайы ауған шиеленісіне дейінгі КСРО-ң оңтүстік шекараларына түсіп келген қысым деңгейін төмендетіп, жаңа тәуелсіз мемлекеттерді сырттан келетін жағымсыз әсерлерден қорғайтын Ауғанстанның буферлік аймақ ретіндегі мәртебесін сақтады. 1989 пен 1992-жылдар арасында буферлік аймақ функциясын сәтті орындаған Наджибулла үкіметінің орнын жаңа тәуелсіз мемлекеттер басты.

Алайда қарастырылып жатқан кезеңдегі ауған қақтығысы аймақтық қауіпсіздік саласына тіпті әсер етпеді деп айтуға болмайды. Бұл әсер тек қана исламмен байланысты болмады. 1992 ж. шілдеде қару алу мақсатымен тәжік-ауған шекарасынан жиі бұзып өту басталды. 1992 ж. мамырдан 1993 ж. басына дейін кезеңде шекарашылар 1000-нан аса құқық бұзушыларды ұстады, ал оларда 500-ге жуық қару болды. В. Бушковтың мәліметтері бойынша, 1992 ж. күзіне қарай Тәжікстан территориясында 500-600 ауған тәлібтері жұмыс істеді. Тәжікстанның үкіметтік делегациясы Раббани және Масудпен келіссөздер кезінде шекараны бақылау бойынша іс-шараларды белгіледі, алайда олар жүзеге аспады. Себебі Раббани үкіметімен соғыс жағдайында болған әр түрлі топтар отрядтарының басшылары қару-жарақ контрабандасымен айналысты.

1992 ж. қарашасына қарай Бірлескен тәжік оппозициясының қаруланған топтары республика шекарасынан шығартылды және Ауғанстанның солтүстік шекарасындағы Балхе, Тахор, Құндыз, Бадахшан провинцияларында орналасты.

Ауғанстандағы күрделі этносаяси жағдай және Тәжікстандағы соғыстың этникалық құрамдасы (ең алдымен, Өзбекстан қарулы күштерінің ұлттық майданмен бірлесіп, оппозицияға қарсы қарулы қақтығыстарға қатысуына байланысты көзқарас) тәжік-ауған шекарасындағы жағдайдың дамуына белгілі бір әсері бар еді. 1993 жылдың желтоқсанында АИМ президенті Бурхануддин Раббани Тәжікстанға ресми сапармен барды. Алайда, Тәжікстан мен Ауғанстан арасындағы тығыз байланыстардың орнатылуы Ташкентке ұнаған жоқ. К. Искандаровтың көзқарасы бойынша, бұл Ташкентпен тығыз байланыстары бар А. Дустум позицияларының өзгеруіне ықпал етті: 1994 жылғы 1 қаңтардағы Раббанидің Душанбеге ресми сапарынан кейін Дустум Хекматиармен альянс жасап, Кабул мен бірқатар

провинциялардағы АИМ үкіметтік әскеріне шабуыл жасады. Бұл жерде ауған жағдайдың орталық азиялық процестерге әсері туралы емес, керісінше, осы аймақ субъектілерінің, әсіресе Өзбекстанның, ауған факторын пайдалануын туралы айту дұрыс болады.

Тәжікстандағы азамат соғысымен байланысты жаңа жағдайлар аймақтық қауіпсіздік жүйесінің негізгі акторлары Өзбекстан мен Ресейді ауған территориясына байланысты бейтарап болу жолдарын іздеуге итермеледі. Достастықтың оңтүстік шекараларына қауіпсіздікті қамтамасыз ететін буферлік құрылымдар жүйесінің мәселесі туды. 1996 жылы қазанда Кабулды алу мен «Талибтердің» солтүстікке шабуылы кезінде Ресей мен Өзбекстан шекара оқшаулығын сақтап қалу үшін ауған топтарымен қарым-қатынас орнатуға тырысты. Дегенмен, Ресей мен Өзбекстан арасындағы объективті келіспеушіліктердің бар болуына байланысты жоспарлы іс-шаралар жүзеге аспады. Ташкент генерал Дустумға қамқорлық көрсетсе, Мәскеу Душанбе делдалдығының көмегімен Раббани үкіметімен байланыстар жүргізді.

Қарым-қатынастардың осындай жүйесі ауған қақтығысы зонасынан Орта Азия аймағын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, байланыстардың бұл жүйесі ауған солтүстігіндегі ұлттық топтардың – АИҚ пен АҰИҚ – бытыраңқылығының сақталуына, тіпті, «Талибтердің» едәуір әлсіреуіне ықпал етті.

«Талибан» қозғалысының қалыптасуын 1980-жылдардың екінші жартысында кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығару мүмкіндігі пайда болған жағдай кезге жатқызуға болады. Пәкістан территориясындағы ауған босқындарының лагерлерінде басқаруды ұйымдастыра алатын мамандар таңдалды. Арнайы қызметтермен бірлесіп жұмыс істеген діни ұйымдар өз медреселерінде оқыту үшін мектеп жасындағы балаларды таңдап отырды, бұл мектептердің түлектері қозғалыстың негізін қалады.

Пуштун қозғалысы мен сепаратизм кеңес-ауған соғысы кезінде Исламабад саясатының бағытын анықтады. «Исламабад бірлескен қарсы тұру қозғалысын емес, бірнеше топтарды, көбінесе исламистер мен пуштундарды қолдау туралы шешім қабылдады. Себебі бақылаусыз пуштун ұлтшылдығы өзінің босқындар алдындағы беделі арқылы Пәкістандағы пуштун тайпаларының ереуілін тудыра алды». Пәкістан президенті М. Айюб-хан ауған-пәкістан конфедерациясын құру туралы ұсыныс жасаған еді. Әрине, Ауғанстан бұған қарсы шықты. Дегенмен, Пәкістанның кейінгі президенті Зия уль-Хак болашақ конфедерацияның шекараларын жоспарлады. Жоспар бойынша конфедерацияға Пәкістан мен Ауғанстаннан басқа Орта Азия мен Кашмир де кейінірек кіруі тиіс болды. Осы идеяны қолдайтын адам ретінде өз көзқарастары бойынша тек қана исламист емес, сонымен бірге, пуштун ұлтшылы болған Хекматиар таңдалды. Оның ойынша «уммати ислами» («исламдық ұлт») теориясы қабылданып, Пәкістан мен Ауғанстан одағы құрылса, пуштун халқының бірігуі туралы арманы орындалады. Исламабад үшін Кабулдағы үкіметті өзіне бағындырып алу ең үлкен мақсат болды.

Этносаяси жағыан «Талибан» қозғалысының пайда болуы бұрынғы кезде ауған қоғамының билеуші элитасында негізгі рөлге ие болған пуштундардың симметриялық жауабы ретінде қарастырылды. Мысалы, Ю.В. Босин Ауғанстан ішіндегі шиеленіс пен «Талибан» қозғалысының пайда болуының себебі ретінде этникалық факторды қарастырады, себебі «қарсылас тараптар этникалық сипатына сәйкес ұйымдастырылды және мақсатына өз этносының немесе этникалық тобының мүдделерін қорғауды жатқызды». Талибтер исламды радикалды-төңкерісшіл емес, дәстүрлі, консервативтік дін деп қарастырды. С. Шахуморов тәлібтерді ауған шындығының жемісі деп есептейді. Талибтердің радикалды болуын олардың жеңген моджахедтердің елді басқару тәсіліне қарсы шығуымен байланытырады. Моджахедтердің келуімен елде бытыраңқылық орнап, мемлекет әр түрлі қарулы топтардың, ұйымдар мен партиялардың ықпал ету аудандарына бөлініп, діни және этникалық негізде қудалау өмір шындығына айналды. Моджахед топтарының арасындағы шиеленіс кейде ірі қарулы қақтығыстар деңгейіне де жетіп отырды.

3. 1996 жылы қыркүйек айында Кабулды басып алғаннан кейін молла Мұхаммед Омар бұл қозғалыстың мағынасын осылай түсіндірді: «Тәлібтер мемлекеттегі зұлымдықты жойып, шариат билігін орнатып, билікке жеткен, бірақ шариат бойынша басқармайтын билеушілерге қарсы жиһад жариялайды. Ауғанстанды үлгілі мемлекет етуге тырысады». Мемлекеттің жартысынан басым территориясында және Кабулда тәлібтер билігінің орнауы қоласты провинциялар мен қалалардың экономикалық өміріне әсер етті. Елдің оңтүстігіндегі шекараларда орналасқан, жеке басшылармен реттелген бақылаушы-фискалды тексеру органдарын жауып тастап, сауда қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс шараларын жүзеге асырды. Осының бәріауған қоғамының ең кедей топтар арасында тәлібтер беделінің өсуіне әкелді.

1990 жылы «Талибан» қозғалысының Жоғарғы Кеңесінің қол астында тәлібтердің өздері (пешаварлық лагерлерде құрылған, 3 мың адамнан тұратын қозғалыстың қозғаушы күші), қозғалысқа әр кезеңде қосылған бірқатар партиялар мен топтар қызмет етті. Олардың ішінде ең үлкенін пәкістандық «еріктілер» құрады, 1990 жылдар соңында осы «еріктілердің» арқасында тәлібтердің әскери жасақтарының саны 40 000 адамға жетті. 1997-1999 жылдарда оларда 200-ге жуық танкілер, 120 артиллерия қаруы, 20 ұшақ пен 15 тік ұшақ, сонымен бірге зениттік-ракеталық кешендер болды. Қозғалысқа қатысушылардың ішінде тәжірибелі пәкістандық әскери кеңесшілер мен нұсқаушылар болды. Олар техникалық көмек көрсетіп, қарулы әскери іс-әрекеттердің жоспарларын құрумен қатар қарулы шайқастарға өте жиі қатысты.

Болашақ мемлекеттілік пен саяси жүйенің элементтері тәлібтерде Кабулды басып алудан бұрын пайда болды. Қозғалыс басшылары жаңа заңдар жасап шығару жөн көрмеді, Алланың мәңгілік Заңдарына жүгінді. Қоғам өмірін тәлібтердің діни көшбасшысы молла Омармен қатар үкімет шешімдері де басқарады деп санады.

«Талибан» қозғалысының 1994 жылы пайда болуы кезінде оның көптеген басшылары мемлекетте аса танымал емес еді. Басшылардың бір бөлігі АХДП-ң бұрынғы мүшелері болатын-ды. Олар ұйымдастырушылықты бақылып, партиялық тәртіпті сақтады. «Талибан» қозғалысының негізі оңтүстік пуштун провинцияларының (Кандагар, Урузган, Логар, Забол, Кунар) жергілікті тұрғындары. Тәлібтер басшыларын негізгі пуштун рулық қауымдарына жатқызғаны бойынша бөлуге болады, солардың ішіндегі аса таралғаны – хатак, дзадран, станказай тайпалары. Қозғалыс басшысы Мұхаммед Омар, 1997 жылы СІМ министрі болған молла Мұхаммед Хасан, қорғаныс министрі молла Убайдулла, ауыл шаруашылық министрі Абдул Латиф Мансур, байланыс министрі Аллаудод Ахунд, әділет министрі Нурутдин Тураби, Сыртқы істер министрінің орынбасары Шер Мұхаммед Станказай, қаржы министрінің орынбасары Арифулло Ариф және т.б.гильзаи рулық қауымына кіретін хатак, дзадран, станакзай тайпаларынан шықты. Дуррани рулық қауымына Ұлттық Банк меңгерушісі Эхсанулло Эхсан, ішкі істер министрі Хайрулло Хайрква, жоғары білім министрі Хамидулло Кемани, Кандагар губернаторы Мұхаммед Хасан және т.б жатты.

Кабулды басып алғаннан кейін тәлібтер қозғалыстың жоғарғы органы «Басқарушы алқаны» сақтап қалды, оны молла Мұхаммед Омардың өзі басқарды. «Үлкен шура» мен «Кіші шура» деген басқарушы кеңестер үкіметпен алмастырылды.

Атқарушы билікті «Ислам мемлекетінің Қамқорлық кеңесі» жүзеге асырды. Оны 2001 жылға дейін молла Мұхамемед Раббани басқарды. Жазалау органы екі құрылымнан тұрды: «Ихтисаб» пен «Аир бе мааруф ва нахи аз мункар».

Тәлібтер жалпы икемді саясат жүргізуге тырысты. 1994 жылдың қараша айында олар Кандагар мен оңтүстік аудандарды бақылауға алды. 1995 жылы Фарох, Нимруз, Герат, Батгиздің бөлігі басып алынды. Жалпы тәлібтер елдің 90 пайызын өздеріне қаратып алады.

«Ауғанстан мәселесі – ауған халқының ғана емес, бүкіл аймақтық және халықаралық мәселе, – деді жариялады генерал Дустум 1997 жылы мамырда – Тәлібтер біздің еліміздің солтүстігін де басып алса, орталық азиялық мемлекеттер мен Ресей үшін қуанарлық жайт болмайтын шығар. Ресей премьері Черномырдин және ортаазиаттық мемлекеттерінің президенттері қол қойған Алма-Аты декларациясы біз үшін үлкен саяси көмек болды, сол үшін ризашылығымды білдіргім келеді. Ресейде тәлібтер кім екенін, олардың қандай жоспарлары бар екенін және оларды кім басқаратынын біледі деп ойлаймын. Жалпы, ауған мәсеелсі Ресей үшін де мәселе болып табылады. Себебі, тәлібтер басшыларының қызығушылықтары тек қана Ауғанстанмен шектеліп қоймайдыАуған шиеленісі қашан да болса айқын халықаралық сипатқа ие болды, 1990 жылдар аяғына қарай осы тенденция аймақтық қауіпсіздік саласына тікелей ықпалын тигізе бастады. Ауғанстандағы оқиғалар сыртқы күштер ықпалдарымен дами жалғасты. Осыған байланысты ауған дағдарыс пен орталық азиялық қауіпсіздік мәселелерін қарастырған кезде шиеленіске

қатысушылар позицияларын және шиеленіспен байланысты аймақтық процестерді ескерген жөн.

4. АҚШ-тың кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шыққаннан соң және КСРО ыдырауынан кейінгі кезеңіндегі ауғандық саясаты мен оның Орта Азия мен Каспий аймақтардағы қимылдары көпбағытты болды. Біріншіден, америка қимылдары 1990 жылдар бойы Ресейдің бұрынғы КСРО республикаларындағы рөлін әлсіретуге, екіншіден, аймақтың ресурсттық қуаты мен трансконтинентальді байланыс желілері үстінен бақылау орнатуға бағытталды. Үшіншіден, 90-шы жылдарда АҚШ «Талибан» қозғалысын оның Ауғанстан территориясында толық үстемдік орнатқан жағдайда Үндістан мен Иранға (Пәкістан мен Сауд Аравиясының қолымен) қарсы тұруда пайдалану мақсатын көздеді.

1990 жылдар ортасына қарай мұсылман аймақтарындағы даму логикасын түсіну АҚШ өз бақылауында ұстайтын және бағыттап отыратын шиеленістер желісін құрудағы қажетті шарт ретінде қарастырылды. Жалпы 90-шы жылдар бойы АҚШ стратегиялық бәсекелестердің ешқайсысын да де күшеюін болдырмауға қол жеткізеді. Онжылдықтың соңына қарай АҚШ саясаты айтарлықтай жандана түседі. Бұл елеулі мөлшерде аймақтағы Ресейдің қызығушылығының артуы және Қытайдың қатысуымен «Шанхай форумы» шеңберіндегі аймақтық әріптестіктің белсене түсуімен байланысты болған-ды. Соңғы онжылдықта АҚШ исламдық радикалды топтармен әріптестік қарым-қатынасты қолдағанмен, 2000 жылдар басында «Талибан» қозғалысы өз әрекеттерінде ешкімге бағынбайтындай ыңғай таныта бастайды – осы уақыттан бастап америка саясатында жаңа кезең басталады, оның мәні – АҚШ –тың «Талибан» мен басқа да исламистік топтардан алшақтауы болып табылды.

Бұрынғы КСРО мен социалистік лагер елдер территориясындағы жаңа мемлекеттер қалыптасу үрдісі олардағы діни қайта өрлеудің басталуын білдірді. Сауд Арабиясы ислам қауыдыстықтарынаа сыртқы көмектің басты қайнар көзіне айналды. Орталық Азиядағы жағдай мен ауған шиеленісіне қатысты Сауд Арабиясының позициясы каспий-орталық азиялық энергоресурстармен қатысты сыртқы экономикалық фактормен айқындалады. Сауд Арабиясының нарықтық бағаларды тұрақтандырушы рөлі халықаралық мұнай нарықтарының жұмысы үшін аса маңызды. Егер де АҚШ көмірсутек импорты үстінен бақылауды орнатуда мүдделі болса, Сауд Арабиясы сияқты ең ірі экспорттаушы елдің мүдделілігі АҚШ-ты әлем нарқына жібермеуде жатыр. Осы мақсатқа жетудің нәтижелі құралы әскери-саяси тұрақсыздық болып табылады. Аймақтағы тұрақсыздық жағдайы мұнай құбырларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуін қиынға соқтырып, әлемдік нарықтарда бәсекелестерді ығыстырады. Сауд Арабиясы үшін каспийлік мұнайдың әлем нарықтарға шығуы тиімсіз бәсеклестіктің пайда болуына және мұнай бағасының төмендеуіне әкеп соғатыны сөзсіз еді.

1990 жылдар басында Иран Ауғанстандағы шейіттік оппозициялық топтарды қолдау мен елдегі өз позицияларын күшейту шараларын жүзеге асырды. Шейіт топтарын қарумен, оқ-дәрімен қамтамасыз етуі белсене түсті.

Шейіттік азшылықты қолдау саясаты, ең алдымен «Хезб-и Вахдат» партиясын, Наджибулла үкіметі құлағаннан кейін де жалғаса берді.

Иранның Орталық Азиядағы геосаяси жағдайда мәртебесі басқа аймақтық державалардыкынен елеулі өзгешелігі бар, өйткені Иран аймақтық держава ретінде бір кезде бірнеше аймақтарда шыға келеді: Ауғанстан, Орталық Азия, Кавказ, Каспий теңізі арелы мен Таяу Шығыста және де жалпы ислам әлемінде.

Иранның Орталық Азиядағы саясатының конструктивтілігі тәжік шиеленісін шешкен кезде айқын көрінді. «Тәжік оппозиционерлері идеология жағынан ирандық моллаларға жақын болса да, ирандық жақ елдегі бейбітшілікті орната алған Эмомали Рахмонов үкіметімен әріптесуге даярлығын білдірді. Иранда этникалық тұрақсыздық пен шекаралардың өзгеруінен сескеніп отыр, өйткені осы жайттар елдің ішкі жағдайынас теріс әсер ететіні сөзсіз».

Иранның аймаққа экономикалық енуі экспансионистік сақсаттарды қойып отырған жоқ. Орталық Азияның төрт республикасында (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан мен Түркменстан) Иранмен сауда деңгейі өте төмен (экспорттық операциялардың 1%-дан артық емес).

1960-80 жылдары кеңес-қытай қатынастардағы ызғарына байланысты Ауғанстанда кеңес әскерлерінің қатысуы кезінде қытайлық тарап бірқатар моджахедттер топтарына елеулі көмек көрсетіп, соларды бақылауға тырысты. ҚХР түрлі әдістермен ауған ислам оппозицияның кеңес әскерлеріне қарсы күресте көмек көрсетуге тырысты.

Кейінгі жылдарда Қытай ауған шиеленісіне деген аса қызығушылық танытқан жоқ еді. Сонымен бірге қытай басшылары ауған топтарының өз күресін жалғастыруы жалпы аймақтағы тұрақсыз жағдай туғызатынын аңғарды. Осы мәселе бойынша Пекинді аса толғандыратын нәрсе – ұйғыр ұлттық қозғалысымен байланысты исламдық фактор еді.

> *Пекин саясатындағы қызықтыратын бір жайт – «Талибан» қозғалысына деген көзқарас. 1998-1999 жылдары ҚХР ресми өкілдерінің тәлібтер өкілдерімен бірқатар кездесулері болды. Ауғанстан үкіметінің заңды түрде мойындалуына қол жеткізгісі келген «Талибан» қозғалысының өкілдері АҚШ пен Қытай ресми делегациялармен бірқатар кездесулер өткізді, онда Қытайдың Ауғанстанмен байланыс орнату инициативасы байқалды. Қытай экономикалық көмек көрсетуді, тәлібтерді ауған халқының заңды өкілдері ретінде мойындауды және Қауіпсіздік Кеңесіндегі өз ықпалын пайдаланып, соларды қолдайтынын уәде етті. Тәлібтер Қытайға Синьцзяндағы ұйғыр сепаратистерді қолдаудан бас тарту кепілдігін берді. Алайда осы бағыттағы оқиғалардың өрбуі одан әрі жүрген жоқ.*

Қытай – ауған мен қытай – пәкістандық қатынастар төңірегінде Делидің позициясы қызықтырарлықтай болып көрінеді. XX ғасыр соңындағы Үндістан мен Ауғанстан өзара қатынасу тарихы ауған факторын кашмир дағдарысында пайдаланатын Пәкістанмен тығыз байланысты. Үнді-

пәкістандық дағдарыста пуштун топтарының Пәкістан жағында соғысқанның фактілері барлығы мәлім. Бурханутдин Раббани үкіметін қолдауда мүдделі болуға тиісті Үндістан позициялары іс жүзінде толығымен анық емес-ті. Үндістанның ауған мәселесін шешуге қатысты жайғасымы БҰҰ, Ресей, Иран және Ауғанстанмен шекаралас Орталық Азия мемлекеттермен ұйымдастырған көпжақты талпыныстарға, конференциялар мен кездесулерге қатысу болды.

Қарастырып отырған кезеңдегі Ауғанстандағы Түркияның ықпалы жоққа тең еді, тек генерал Дустум Анкарамен белгілі дәрежедегі байланыстарды қолдады. Пантүркілік процесске Орталық Азия елдерінің тартылу мүмкіндігі 1990 жылдар аяғына қарай аймақ ішіндегі қайшылықтар нәтижесінде күрт төмендеп кетті. Түркияның өзі де Германия немесе АҚШ қамқорлығына қарамастан аймақтық пантүркілік интеграцияны экономикалық жағынан қаттамасыз ету үшін қажетті ресурстары болмағандықтан аса құлшына қойған жоқ.

Азаматтық соғыс, елдегі КСРО экспансиясы, АҚШ-ң жазалау кампаниясы сияқты факторлар Ауғанстанның саяси құрылымы мен жалпы қоғам дамуына теріс әсер тигізгені сөзсіз. Нәтижесінде бүгінгі Ауғанстан ұлттық немесе діни белгілері бойынша ұйымдастырылған жеке мемлекетсымақтардың бей-берекет жиынтығы халіне түсті. Елдегі қазіргі жағдайда басты мәселе – бұл тұтас мемлекетті құру болып табылады. Ауғанстандағы мемлекеттік құрылым қандай негізде жүзеге асырылатыны белгісіз болып жатыр. Ең қызығы этникалық пуштундармен қатар тәжіктер, өзбектер және басқа да этникалық азшылықтардың бұл үрдіске тең дәрежеде араласуы болып табылады.

Аймақтағы қазіргі жағдай АҚШ пен оның одақтастарының Ауғанстандағы этникалық пуштундар және ауған эммиграциясы бастауыменен орталықтандырылған мемлекетті құруда көмектесу ісінің төңірегінде дамып жатыр.

Американ әскерлерінің Иракқа қарсы операциясы АҚШ-ң аймақтағы ежелгі қарсыласы – Иран үшін мәселелер туғызды.

Тәлібтерді талқандаудан соң Түркменстаннан Пәкістанға Ауғанстан территориясы арқылы өтетін газ құбырын салу идеясы қайта жанданды. 2002 жылдың аяғында айтылған идея Түркменстан президенті С. Ниязов, Ауғанстан президенті Х. Карзайдың және Пәкістан премьер-министрі Мир Зафарулла Хан Джамалидің қолдауын тапты. Трансауғандық газ құбыры көптеген мәселелерді шеше алатын еді, себебі, Пәкістан, Ауғанстан және Тәжікстан тек газ құбыры желісімен ғана емес, саяси қатынастармен де байланысты болатын еді. АҚШ қолдауына ие болатын осындлай саяси одақ Иранға қарсы бағытталып, Орталық Азия аймағына американ ықпалының ену жолы бола алады.

Осы идеяны жүзеге асыруда басты кедергісі Исмаил – хан бақылайтын Герат провинциясы. Геретта Иран позициялары өте күшті. Осы

елден инвестициялар дәл Герaтқа жіберіледі. Осыған сәйкес Герат арқылы газ құбырын салу идеясы Тегеран тарапынан қарсылыққа тірелуі мүмкін. Ауғанстан арқылы газ құбыры Иранды толығымен қоршауда қалдырады.

2003 жылы АҚШ пен Пәкістан Исмаил – ханмен жақындаса алатынын болжап айтуға негіздер болды. Алайда, Иракқа қарсы операцияның басталуынан кейін Исмаил – хан оны сынап, болшағына күмән келтірді.

Ауғанстан төңірегінде бірнеше аймақтық державалардың мүдделері тоғысып жатыр. 2001-2002 жылдарда Ауғанстандағы жағдай реттелуі осы елдің жаңаша тарихында алғаш рет аймақтағы жағдайға ықпал ете алатын барлық елдер мүдделеріне сай келетініне үміт артылды. Дегенмен соңғы кезге дейін Ауғанстан төңірегіндегі мүдделер күресінің жойылмағандығы белгілі.Аймақта күштердің жаңадан топтасу үрдісі аяқталған жоқ. Акторлар құрамы өзгермеді: олар: АҚШ, Ресей, Қытай, Иран, Пәкістан. Соңғы кездегі оқиғалар Ауғанстан мәселесінің сыртқы факторлардың араласуымен оңай шешіле қоймайтын, аймақтағы саяси жағдайды қыздырып отыратын түйін болып отырғанын көрсетті.

Пікір-талас сұрақтары:

1. Ауғанстанның тарихын еске түсіре отырып, оның дамуының ерекшеліктері қандай деген мәселені талқылаңдар.
2. Ауғанстандағы кеңес басқыншылығынң салдары туралы не айтааласыңдар? Оның жағымды жақтары болды ма?
3. “Талибан” қозғалысының пайда болу себептері неде?
4. Ауған мәселесінің халықаралық көлемдегі салдарлары туралы не айта аласыңдар?
5. АҚШ ауған мәселесін реттеуде табысқа жете алды ма?

Ұсынылатын әдебиет :

1. Бакаев Л., Кыдырбекулы Д. Казахстан в фокусе геополитики США начала XXI века: проблемы и перспективы // США – Канада. – М., 2002. - № 8. С.75 – 89.
2. Белокреницкий В. Исламский фактор в отношениях России и США // Россия и мусульманский мир. М., 2002. - № 7. – С. 180-184.
3. Бжезинский З. Великая шахматная доска. Международные отношения. – М. 1998.
4. Давыдов А. Афганистан. Талибы стремятся к власти. // Азия и Африка сегодня. 1997. № 7. С. 44.
5. Афганистан. Справочник. – М. 2000. С. 100.
6. Афганистан. Краткий биографический справочник. – М. 2002. С. 415-417.

7. Катков И.Е. Социальные аспекты племенной структуры пуштунов. // Сб. Афганистан: история, экономика, культура. – М. 1989. С. 51.
8. Москаленко В. Пакистан-курс на Центральную Азию. // Восток/Orients. 1996. № 5. С. 84.
9. Ганковский Ю. В бой вступают талибы. // Азия и Африка сегодня. 1995. № 7. С. 33.
10. Мукимджанова Р.М. Государства Центральной Азии и их южные соседи. // Восток/Oriens. 1996. № 5. С. 59.
11. С. Акимбеков. Большая игра. // Континент № 22 (60) 21 ноября-4 декабря 2001 г. С. 2.
12. Ганковский Ю.В. История Афганистана с древних времен до наших дней. М., 1982. С. 565.
13. История Афганистана. http:www.afgan.kz/history.
14. Ганковский Ю.В. империя Дуррани. М. ,19878. С. 337.
15. Афганистан. http:www.afgark.spb.ru.
16. Шумов С., Андреев А. История Афганистана. Документальное исследование. М., 2002. С. 236.
17. Примаков В.М. Афганистан в огне. Л., С. 345.
18. Бибикова О. Баткен: Наступление мусульманского экстремизма // Азия и Африка сегодня. – М., 2000. - № 1 (7). – С. 35-46.
19. Жуков С.В., Резникова О.Б. Центральная Азия в современно-экономических структурах современного мира. – М. 2001. С. 223.
20. Афганистан. Бесконечный кризис // Беженцы. – Женева: УВКБ ООН, 1997. - № 2.
21. http:www.thomas.loc.gov.

Таяу Шығыс мәселесі мен оны реттеуге тырысушы акторлар

1.Еуропа елдерінің Таяу Шығыс мәселесін реттеуге араласуының экономикалық аспектілері.

2. Еуропа – Жерорта теңізі жағалауындағы мемлекеттер серіктестігін құру араб-израиль шиеленісін реттеудің құралы ретінде.

3. Таяу Шығыс мәселесін реттеудегі "Төрттіктің" ролі.

4."Жол картасының" мазмұны және оның бітімгершілік ролінің тағдыры.

1. Еуропа елдері Таяу Шығыста дәстүрлі роль атқарып келеді. Еуроодақтың араб-израиль жанжалын реттеудегі демешілік ролі (ең алдымен қаржылай көмегі) тарихи дәстүрлер және саяси-экономикалық мүдделермен түсіндіріледі: Еуропа мемлекеттері мен жекеменшік капиталы позициялары мұнай, өнеркәсіп, сауда, қаржы және транспорт

салаларында сақталып, бұрынғы метрополияларымен олардың валюталық зона жүйелері арқылы валюталық-қаржылық байланыстары сақталып қалды. Еуропа Одағы Араб Шығысы елдерін өздерінің Еуропа Экономикалық Қоғамдастық зонасында қалдырды.

Франциянның дамушы елдерге көрсетіп жатқан қаражат жәрдемінің жалпы сомасының 70 пайыздан астамы екіжақты келісімдер негізінде берілді. Батыс Еуропаның басқа мемлекеттерге берген жәрдемінің басым бөлігі заем мен несие болса, Франция мемлекеттік субсидия берумен ерекшеленеді. Екіжақты келісімдер негізінде көрсетілген жәрдемнің жалпы сомасы 1983 жылы төмендегідей болды: Франция – 85%, Англия - 57%, ФГР -21%, Италия- 17%, АҚШ –38%.

Дамушы елдердің экономикалық дербестігінің критерийлерінің бірі – сыртқы сауда саласында олардың тәуелсіз болуы. Батыс елдерінің араб елдерімен сыртқы саудасының тауарлық құрылымы негізінен азық-түлік өнімдері, минералды шикізат, өңделмеген мұнай, мұнай өнімдері мен газдан тұрады. Еуропа Одағы, атап айтсақ Франция, Англия, Италия және Германия Таяу Шығыс және Орта Шығыс елдерінің негізгі импортерлары болып табылады.

Араб елдерімен әскери және техникалық салаларындағы ынтымақтастықты батыс елдері өздерінің негізгі базасы, материалдық ресурстармен жабдықтау көздері және Еуропа әскерлерінің дислокация ауданы ретінде пайдалануы еді. Еуропа Одағы әуел бастан Азия мен Африка тоғысқан стратегиялық аймағында әскери ықпалын сақтауға бағытталған қадамдарын жүзеге асырды. Бүгінгі күні де осы аймақты жоғалту қаупіне байланысты Еуропа өзінің стратегиялық жоспарларын күшейтті. Еуропа және араб елдері арасындағы әскери ынтымақтастық келісімдерінде әскери базаларға, әсіресе әскери-теңізжәне әуе базаларына аса назар аударылды. Әсіресе қазіргі заманғы ядролық және ракеталық қаруға арналған полигондар мен сынақ алаңдары қызығушылық туғызуда. Еуропа әскерлерінің мүдделі аймақтарда қатысуы негізінен экономикалық себептерге тікелей байланысты болып отыр.

Еуропа Одағының алдыңғы қатарлы ірі мемлекеттердің экономикалық экспансиясының кеңею нәтижесінде олардың шығыс елдеріне ықпалы күшейді. Екі континенттің көпшілік елдерінде Англия мен Франция өздерінің әкімшілік позицияларын сақтап отыр. Жалпы тарихи дәстүр, саясат, экономика және мәдениет салаларындағы бүгінгі күнгі ортақ мүдделері тығыз байланысты болғандықтан Араб мемлекеттері Таяу Шығыс жанжалындағы Еуропа Одағының саясатын қолдайды. ЕО және осы елдер арасындағы саяси жақындастық, Израиль агрессиясы нәтижесінде зардап көрген араб елдерінің экономикасы үшін маңызы бар көмегі осыған дәлел бола алады.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы БҰҰ-ның Таяу Шығыс жанжалы мен Палестина мәселелеріне қатысты қабылдаған резолюциялары, сондай-ақ осы шиеленіске қатысушы мемлекеттердің заңды құқықтары, араб-еврей қақтығысын бейбіт жолмен реттеу

принциптері орындалмай келе жатыр. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1967 жылғы 22 қарашасының №242 және 1973 жылғы 22 қазандағы №338 қараларының ролі ерекше. Онда Израиль әскерлері басып алған барлық араб территорияларынан шығу, жанжалға қатысушы тараптардың арасында бейбітшілік орнату және бұл аймақты соғыс жағдайынан шығару мен Таяу Шығыс мемлекеттерінің бейбіт, қауіпсіз өмір сүру құқығын қамтамасыз ету мәселелері көтерілген.

Еуропа мемлекеттері, АҚШ және Ресейдің қысымдарының нәтижесінде Израиль үкіметі 1993 жылғы 13 қыркүйекте Палестинаны Азат ету Ұйымымен екі ел арасындағы Принциптер жөніндегі декларацияға қол қоюға мәжбүр болды. Ол бойынша, Иордан өзенінің Батыс жағалауы мен Газа секторында өтпелі бесжылдық кезең ішінде Палестина өзін-өзі басқару билігі орнатылды. ПАҰ мен Израиль бірін-бірі мойындады. АҚШ пен Ресей кепіл берген мемлекеттерімен қоса бұл акцияны Еуропа Одағының 15 мемлекет - мүшелері құптады.

Еуропа Одағы Палестина Ұлттық Билігіне Норвегия келісімін саяси және дипломатиялық қолдауымен қатар экономикалық және қаржылық жәрдем көрсетуді шешті. ЕО 1994-2000 ж.ж. аралығында ПҰБ-ң инфраструктурасы мен экономикасының дамуына және палестиналық босқындары мәселесін шешуге 1,6 млрд. АҚШ долларын бөлді.

1993 жылы Израиль мен Палестина Норвегия келісіміне қол қойғаннан кейін Еуропа Одағы осы аймаққа назарын күшейтті. Сөйтіп, 1995 жылғы 27-28 қарашада Испанияның Барселона қаласында өткен конференцияда Еуропа – Жерорта теңізі жағалауындағы мемлекеттер серіктестігін құру жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстың негізгі мақсаты – аймақтық қауіпсіздік және өзара түсінушілік зонасын орнату болды.

Таяу Шығыс аймағы мен Жерорта теңізінің шығыс және оңтүстік жағалауын Еуропа Одағы өзінің қауіпсіздік, саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық мүдделеріне тікелей қатысты георафиялық аудандар деп санайды. Таяу Шығыста бейбітшілік орнату ЕО-ың негізгі мүдделерінің бірі болып саналатындықтан, ол бейбіт үрдісте тек бақылаушы, көптарапты келіссөздердің экономикалық комитетінің төрағасы ретінде ғана қала алмайтындығы белгілі. Сондықтан Еуропа Одағы араб-израиль мәселелеріне белсенді қатысуға ұмтылып, бейбіт реттеу үрдісінде айтарлықтай белсенді роль атқаруға ниетін көрсетіп, бұл ұмтылыстары араб елдері тарапынан қолдау тауып отыр. Алайда бұл қадамдардың қаншалықты табысты болуы және нәтижелі дамуы түрлі факторларға байланысты екендігі белгілі. Оның негізгісі – Израиль ЕО-ын араб елдеріне тым жақындасып тартылады деген сылтаумен еуропалықтарды аталмыш аймақтағы мәселелерден шеттетуге тырысады. Сондай-ақ бейбітшілік үрдісінің негізгі демеушісінің бірі, араб-еврей тартысында шешуші сөз айтуға тырысатын АҚШ Еуропаға және Ресейге Таяу Шығыс аймағында кең қимылдауға мұрша бермейтіндігі есепке алыну керек. Үшінші себеп – Еуропа Одағына мүше елдердің біртұтас сыртқы саясатының жоқтығы, оған аймақтағы жанжалды реттеуге

белсенді қатысуна кедергі тудыруда. Мысалы, тек Палестина Мемлекетін мойындау төңірегіндегі мәселеге қатысты Еуропа Одағы елдерінің ішінде түрлі көзқарастар мен пікірлер бар. Егер Испания, Италия, Греция және Франция Палестина мемлекетін мойындауға бет бұрса, Ұлыбритания, Нидерланды және Дания Израильдің қауіпсіздігін бірінші орынға қояды.

1999 жылғы 17 мамырда Израильде өткен парламенттік және премьер-министрді сайлау нәтижесінде үкімет басына солшыл Авода (Еңбек) партиясы келумен Таяу Шығыс проблемасын шешу мүмкіндігі туды. Американың бұрынғы президенті Б.Клинтон Э.Барактың жеңісі Еуропа – Израиль арасында шиеленісті бәсеңдетуге септігін тигізіп, бейбітшілік үрдісін тез арада аяқтауға мүмкіндік туды деп үміттенген еді.

Израиль премьер-министрі Эхуд Барак иудей экстремистері өлтірген бұрынғы премьер-министр И.Рабиннің бастамасын жалғастырып, Я.Арафат бастаған Палестина үкіметін Норвегия келіссөздерін орындауға кірісті. Кезінде бұл келіссөздер Б.Нетаньяху премьер-министр болып тұрған уақытта тығырыққа тіреліп, енді Э.Барак басшылығымен Таяу Шығыс бейбіт реттеу үрдісі қайта жанданған еді. Бұл жерде Еуропа Одағының елдері Э.Баракты қолдап отырды. Алайда, тараптар орындауға мүмкін емес талаптар қойып, келіссөздерді қатаң позициялардан бастады. Израиль жағы қол қойылған келісімдерді жүзеге асыруды кешіктірді, Иерусалимнің және араб жерлерінде жаңа еврей қоныстарының болашағы, Палестина мемлекетінің және оның шекарасының статусы, сондай-ақ Палестина босқындарының елге оралу шарттары келіссөздерді күрделендіріп, нәтижелі болуына ешқандай кепілдік бермеді.

Израиль үкіметі Еуропа Одағы мемлекеттерінен алшақтап, олардың пікірін елемей, негізінен АҚШ-на сүйенді. Америка мен Израиль ЕО-ның Таяу Шығыстағы ролін ролін күшейтуге қарсы болып отыр. Аймақта өзінің саяси және экономикалық салмағына байланысты орын алуға ұмтылған Еуропа Одағының елдерін Израиль әуел бастан Таяу Шғыс бейбіт үрдісінен шеттетуге, оларды тек аймақтық экономикалық жобалардың басты қаржылық демеушілері ретінде ғана сақтап қалуға тырысуда. Таяу Шығысқа арналған қаржылық көмектің 3 пайызын Еуропа Одағы елдері көтерді және бұл сомма АҚШ көрсететін көмектен (әскери көмекті есепке алмағанда) бірнеше есе көп. Мысалы, Палестинаның Ұлттық Билігіне көрсетілетін қаржылай халықаралық көмектің Еуропа елдерінің үлесі 50 пайыз болса, АҚШ-тың үлесі бар болғаны 9 пайыз ғана.

Еуроодақ Израиль мемлекетінің негізгі сауда-экономикалық әріптесі болып, 2002 жылы импорт 13,521 млн. долл. құраса, 2003 жылдың тек 10 айының ішінде ол 11,427 млн. долл. жетті, ал экспорт 2002 жылы 7,297 млн. долл. болса, 2003 жылдың 10 айында 6,864 млн. АҚШ долл. болды. 2003 жылдың 10 айының ішінде АҚШ пен Израиль арасындағы импорт 9,852 млн. долл., экспорт – 4,394 млн. долл. болды.

Еуропа Одағы бір жағынан Израиль үкіметін Норвегия келісімдерінде бекітілген "басып алынған жерлерді бейбітшілікке айырбастау" принциптерін ұстануға шақырса, екінші жағынан Израильдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігіне де назар аударды. Ол үшін Израиль армиясын Сирияның Голан таулары мен Оңтүстік Ливаннан шығаруды талап етеді. Жалпы Израильдің оккупациялық әскерлері солтүстік шекараларында ливандық "Хизболла" партизандарының әскери іс-қимылдарынан үлкен адам шығындарына душар болды. Соның нәтижесінде жиырма жылға созылған оккупациядан кейін 2001 жылғы мамыр айында Израиль Оңтүстік Ливаннан өз әскерін шығаруға мәжбүр болды.

Еуропа елдерінің ішінде Француз Республикасы Таяу Шығыс аймағындағы шиеленісті реттеу мәселесінде беделді орын алып отыр. Президент Жак Ширак Таяу Шығыстағы бейбіт жолмен реттеу үрдісіне белсене қатысуда. "Дипломатиялық іс-әрекеттерін экономизациялауға" бағыт ұстанған Франция әлем сахнасындағы қарым-қатынастарды кеңейту мен бәсекеге бейімділігін көтеру үшін барлық саяси құралдарын жұмылдырып, Таяу Шығыс аймағына да ерекше назар аударуда.

Англияның премьер-министрі Тони Блэр Еуропа Одағының кезекті төрағасы ретінде бейбіт реттеу мәселелері бойынша Таяу Шығыс мемлекеттерінде болды. Сапар нәтижесінде жасаған мәлімдемесінде Осло келісімдерінің шарттарын орындауды, сондай-ақ Иордан өзенінің Палестинаға тиесілі Батыс жағалауындағы израильдік әскерлерді шығаруды жүзеге асыру мен оккупациялық әскерлерін Сирия, Оңтүстік Ливаннан шығаруды Тель-Авивтен талап етті.

2000 жылға дейін Германия үкіметі араб-израиль жанжалына араласпай келді, себебі Екінші дүниежүзілік соғыс барысында немістер еврейлерді құдалағаны үшін өзін 55 жыл бойы кінәлі сезінді. Сондықтан БҰҰ-ның сессияларында немесе басқа да көпжақты келіссөздер барысында халықаралық қауымдастық арабтарға қарсы жасаған израильдік агрессиясына наразылық білдіріп жатса, неміс делегациясы бейтарап саясат ұстауға мәжбүр болып келді. Бүгінгі таңда Германияның аталмыш аймаққа қатысты саясаты күрт өзгерді, ФРГ-нің премьер-министрі Герхард Шредер Израильге сапарының нәтижесінде Тель-Авивтің оккупациялық іс-әрекеттерін сынауға негіз бар деп мәлімдеді. "Неміс Жасылдар партиясының" депутаты Д.Карсли Тель-Авивтің палестиналықтарға қарсы жүргізіп отырған соғысын "нацистік тәсілдермен жүргізілуде", ал Гермнияның бұқаралық ақпарат құралдары "Таяу Шығыстағы мәселе сионистік лобби қолының астында" деп ашық жария етті.

Еуропа Одағы Израильдің премьер-министрі А.Шаронды 2002 жылы палестиналық Дженин қаласында негізсіз үлкен әскери күш жұмсап, 800-ге жуық бейбіт тұрғындарды өлтіріп, жарақат жасағаны үшін бұл қаланы жермен жексен еткені үшін, сондай-ақ Дүниежүзілік Қызыл Крест, халықаралық гуманитарлық миссиялар мен дәрігерлерді Дженинде

зардап шеккендерге жібермегені үшін қатаң сынға алды. Осы орайда Еуропа елдері Израильге қарсы экономикалық санкциялар қабылдау немесе оларға қару-жарақ сатуға эмбарго салу қажет деген ұсыныс жасады. Бірақ Америка Израильді қолдап, бұған жол бермек тұрмақ, бұл мәселені БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде қаруға да тыйым салды.

БҰҰ шешіміне, Еуропа Одағы, Ислам Конференция Ұйымы және дүниежүзілік наразылыққа құлақ аспай, Израиль басқыншылары Палестина лидері Я.Арафатты Рамалла қаласында әскери қоршауда ұстап отырды. Израильдің бұл агрессиясын бүкіл әлем қауымдастығы айыптады. 2002 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының төтенше сессиясында израиль-палестиндік қақтығысына арналған резолюция қабылдады. Бұл құжат бойынша соғыс қимылдарын тоқтату, Израиль Палестинаның елді мекендерінен өз әскерлерін шығарып, яғни оларды 2000 жылдың қыркүйегінде басталған Интифадаға дейінгі шекараға қайтару талап етілген. Резолюция 114 дауыспен қолданды, тек екі ел – Америка және Израиль қарсылық білдірді.

2003 жылғы сәуір айында құрамында АҚШ, Еуроодақ, БҰҰ және Ресей кірген "Төрттік" израиль-палестиналық шиеленісті реттеу мақсатында "Жол картасы" жоспарын даярлады. Онда саясат, қауіпсіздік, экономика, гуманитарлық көмек және конституциялық құрылыс мәселелерін анықтау мақсаттарға негізделген белгілі мерзімдер мен критерийлер, нақты кезеңдер мен уақытша шеңберлер бекітілді. /31/.

Халықаралық қауымдастықтың Жоспарға көзқарасы төмендегідей болды: 2003 жылғы 3 мамырда "Жол картасына" қатысты Еуроодақ ортақ ұстанымды әзірлеп алу үшін өздерінің Сыртқы Істер министрлерінің конференциясын өткізді. Онда Я.Арафаттың мәртебесін сақтау қажеттігі туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ Израиль мен АҚШ-тан "Жол картасының" мәтінін өзгеріссіз бекітіп, оның дер кезінде іске асыруына кірісуге шақырды. Мәселен, Ұлыбритания жоспардың толық мәтінін БАҚ-да жариялауды ұсынды. Т.Блэрдің пікірінше, "Жол картасы" Израиль мен Палестина үшін бейбітшілікке жетудің "жалғыз әрі соңғы мүмкіндіктері" болып тұр.

БҰҰ-ның Бас хатшысы К.Аннан да Палестина мен Израильді жанжалды реттеу үшін "Жол картасын" пайдаланып қалуға шақырды. "Оны орындап, А.Шарон мен М.Аббас көпжылдық қантөгіс жанжалына нүкте қоюлары тиіс" деді ол.

Қазіргі кезде Израильдің ЕО мемлекеттерімен қарым-қатынасы күрделі кезеңді баыснан кешіруде. Израиль үкіметін басқарып отырған экстремистік "Ликуд" партиясының лидері Ариэль Шарон 1993 жылғы Норвегия келісімін бұзып, Палестина жеріне әскер кіргізіп, бейбіт арабтарды қырып, оның қалаларын қиратуда. А.Шарон ашықтан-ашық Норвегия келісімдерін жүзеге асырудан бас тартып, бұл мәселеден ЕО мемлекеттерін алшақтату саясатын жүргізуде.

Бұған қарамастан Израиль Еуропа Одағының басқа шет елдерге беретін көмегінің барынша барлық бағдарламаларына енгізілді. 1952

жылы Батыс Еуропа елдерімен жасасқан келісімдер бойынша Израильдің әскері олардың Таяу Шығыстағы қандай да болмасын соғыс және басқа іс-әрекеттеріне қатысуға міндеттелді. Сол жылы Батыс Германиямен жасасқан шарт бойынша Израиль Боннан 822 млн. доллар мөлшерінде репарация және Шығыс Еуропа елдерінде тұрған еврейлердің екінші дүниежүзілік соғыста шеккен зардаптарының өтеуі ретінде 1,7 млрд. доллардан астам реституция алды. 1960 жылғы келісім бойынша Батыс Германия 1967 жылға дейін Израильге қару-жарақ алу үшін 700 млн. долларға жуық ақша берді. АҚШ, Ұлыбритания және Герман Федеративтік Республикасын қару-жарақ алу арқылы Израиль аймақтағы ең үлкен әскери елге айналды.

Израиль экономикасы әскери саланы белсендіруге бағытталып, жылдан жылға елдің соғыс қуатын ұдайы арттыруға негізделген. /34.С.17-19/. 1966-1970 жылдар арасында соғысқа бөлінген қаржы 100 есе өсті, яғни 1970 жылғы соғыс қаржысының үлесі Израиль бюджетінің 40 пайызын, жалпы ұлттық өнімнің 30 пайызына жетті. Соғыс өнеркәсібінің орындары елдегі "Кур", "Банк Дискон", "Г.А.С. индастрис" сияқты ірі қаржы компаниялары мен "Исраэль Эйркрафт индастри (IAI)" концерндерінің қарамағында болды. Израиль экономикасы негізінен шетелдерден алынған қаржының көмегімен дамыды. 1948-1970 жылдарда Израильдегі шетел капиталы 12 млрд. долл. шамасында болды. Бұл қаржылар АҚШ, Батыс Германия және Францияның, дүниежүзілік сионистік ұйымдардың қаржылай көмектер мен жеңіл несиелер көздерінен құралды. Негізінен Израиль экономикасында еуропалық жекеменшік капиталы мен шетелдік монополиялық бірлестіктердің ықпалы күшті болды. Шеттен түскен қаржыларға Израиль жаулап алған Египеттің Синай түбегіндегі мұнай кәсіпшіліктерін игеріп, Хайфа, Хадера, Тель-Авивте химия, машина жасау әскери кәсіорындары, Димон және Ашдод қалаларының маңында атом реакторлары салынды.

Қаржылық көмек бере тұра, еуропалықтар еврейлерге аса сене бермеді. Оған дәлел, Еуропа Одағы 1995 жылғы Амман халықаралық экономикалық конференциясының нәтижесі бойынша Таяу Шығыс банкісін құру идеясына қарсы шықты. Банкті құру туралы шешім қабылданғанда оған қатысудан бас тартты, себебі ол банкті еврейлер билеп алу қаупі болды.

Аймақтағы үрдістерге Еуроодақ белсенді қатысып, Еуропаның астанасы мен ірі қалаларында осы мәселеге қатысты конференциялар мен форумдарды ұйымдасырып, өткізіп келді. Сөйтіп, 1996 жылы Еуропа Одағы елдерінің саммитінің нәтижесі бойынша Израильдің премьер-министрінің Таяу Шығыс бейбіт үрдісіне қатысты мәлімдемелерінде жауап болып саналатын Флоренция декларациясы жарық көрді Декларация бейбіт процесске негіз болған Мадрид конференциясының принциптеріне, БҰҰ ҚК-нің осы бағыттағы шешімдерін, "жерді бейбітшілікке айырбастау" принципіне және Палестина халқаның өз тағдарын өзі шешуге деген құқығына ашық қолдау танытты. Сөйтіп,

Испанияның Тель-Авивтегі елшісі Еуропа Одағының Таяу Шығыстағы бейбіт үрдісіндегі өкілі етіп тағайындалды.

1996 жылдың екінше жартысында аймаққа Еуропа Одағының жауапты тұлғаларының сапарлары жиілене түсті. Олардың басында Францияның президенті, Италияның премьер-министрі болса, тізімді Еуропа Одағының бірқатар елдерінің Сыртқы Істер министрлері жалғастырды.

Еуропа елдері Хеврон (Халиль) қаласынан Израиль әскерлерінің шығуы жөніндегі Хаттамаға қол қою барысында оның орындалуы жөнінде палестиналықтарға кепілдеме хат беріп белсенді роль атқарды.

1997 жылдың ақпан айында Давоста өткен халықаралық экономикалық форум барысында Еуропа өкілдігінің басшысы Ж.Сантер Таяу Шығыс бейбіт реттеу ісінде бұдан да үлкен роль ойнау қажеттігін айта келе, экономикалық және саяси тұрғыдан күшті Еуропа құрлығы әлемнің әрбір түкпірінде, атап айтқанда Таяу Шығыста мәселелерді шешуге қатыса алады деп жариялады. Сонымен қатар ол соғыстан зардап шеккен Ливанды қайта қалпына келтіру ісі бойынша өз міндеттерін орындайтыны да аталып өтілді. Еуропа одағы Израиль үкіметінің Иерусалимнің мұсылман бөлігінде (Құдс – Иерусалим қаласының арабша аты) Абу Ғунейм ауданында еврей үйлерін салу туралы шешімін сынап, бұл заңсыз қадам бейбіт үрдіске кедергі болатындығын атап өтті.

Еуропа Таяу Шығыс елдерімен қарым-қатынасқа үнемі үлкен көңіл бөлген. Кезінде Еуропа елдері Израиль мемлекетінің құрылуына қолдау көрсетті. Бірақ, Еуропа мен Израиль арасындағы қарым-қатынас 1967 жылы маусым айындағы сионистердің араб елдеріне қарсы агрессиясынан кейін өзгере бастады. Израиль әскерлерінің басып алған барлық араб және Палестина территорияларынан және Иеруслим қаласының араб бөлігіне шығуын, сондай-ақ Палестина жерлерінде орналасқан қоныстарын жоюды көздейтін БҰҰ ҚК-нің №242 және №338 резолюцияларын Еуропа елдері толығынан қолдады.

Палестина халқының ұлттық құқықтарын Батыс Еуропа мемлекеттерінің мойындау процессінде Палестинаны Азат ету Ұйымының төрағасы Я.Арафаттың 1989 жылдың қаңтар айында Испанияға жасаған сапары үлкен саяси мәнге ие болып, оны король Хуан Карлос және премьер-министр Гонсалес қабылдады. Таяу Шығыстағы бейбіт үрдісін қолдау мақсатында Еуропа Озағы тарапынан уәкіл етілген “Үштік Комитетін” құрайтын Испания, Франция және Грецияның сыртқы істер министрлерімен нәтижелі келіссөздер өткізді.

Таяу Шығыс бейбіт үрдісіне қатысты Еуропа Одағының ұстанымы 1987 жылы 23 ақпанда қабылданған Декларациясында белгіленген. Бұл декларация БҰҰ бастамасымен араб-израиль жанжалын реттеу жолындағы халықаралық конференциясын өткізуге тікелей мүдделі тараптар арасындағы келіссөздер жүргізіліп, әділ және мызғымас бейбітшілік шарттарын іздестіруге бағытталған құжат болды.

1988 жылғы аймақтағы оқиғалардың қайта шиеленісуінің себебі бұл – Израиль жаулап алған жерлерін күшпен аннексиялау саясаты және адам құқығын аяққа басу болды. Палестиндықтар Интифада көтерілісіне шықты, басып алынған территориялардағы жергілікті басқару органдарын Иордания тарапынан қаржыландырудың тоқтауы, өз мемлекеттігін жариялануын талап етті. Осылардың барлығы Еуропаның Таяу Шығыс саясатына жаңа көзқараспен қарауға әкелді. 1988 жылдың 19 желтоқсанында ЕО "Үштік комитетке" жаңа конференция шақыруды тапсырды. 1989 жылы Я.Арафаттың Испанияға сапары кезінде аталмыш Комитет Палестинаның мемлекеттігін мойындауда Еуропа Одағының принципиалды қарсылығы жоқ екендігін баяндады.

Еуропа елдері тарапынан мойындаудың дәстүрлі халықаралық-құқықтық консенсусқа жетуі, атап айтқанда сол территория мен халыққа нәтижелі бақылау жүргізетін Палестина үкіметін құру болды. Палестина мемлекетін мойындау төңірегінде Еуропа Одағының өз ішінде түрлі көзқарастары болды. Егер Испания, Италия, Греция және Франция Палестина мемлекетін мойындауға бет бұрса, Ұлыбритания, Нидерланды және Дания бірінші орынға Израильдің қауіпсіздігі мүддесін қойды.

Палестиналықтардың және басқа да араб елдерінің қарулы күресінің күшеюі, халықаралық қауымдастықтың, БҰҰ-ның, сондай-ақ Еуропа мемлекеттері қысымы нәтижесінде Израиль үкіметі 1993 жылы Палестинаны Азат ету Ұйымымен екі ел арасындағы Принциптер жөнінде дкларацияға қол қоюға мәжбүр болды. Осы және басқа келісімдер кейінгі кезде, Таяу Шығыс жанжалын бейбіт жолмен реттеуге бағытталған Норвегия келісімдерін ЕО-ның 15 мемлекет-мүшелері құптады.

Норвегия келісімін саяси және дипломатиялық қолдаумен қоса Еуроодақ ПҰБ-на экономикалық және қаржылық жәрдем көрсетуді шешті. 1994-1997 ж.ж. аралығындағы Палестина Билігінің инфраструктурасы мен мен экономикасының дамуына және палестиналық босқындар мәселесін шешуге 1,6 млрд. АҚШ долларын бөлді.

Я.Арафатқа бағынбайтын жеке дара Палестина ұйымдарының қарулы күрестерін жалғастырып, Иерусалим және Тель-Авивте болған бірнеше жарылыстарды сылтауратып Израиль үкіметі 1997 жылы Палестина жеріне блокада енгізіп, арабтарды Израиль территориясына жұмысқа кіргізбей, жұмыссыздыққа ұшыратып, нәтижесінде Палестина билігі бюджетіне қаржы кірісінің 35 пайызға дейін кемуіне әкеліп соқты. Норвегия келісімі израильдіктер тарапынан бұзылды. Осыған жеткізген Израиль үкіметінің Палестина территорияларын әскери блокада жасауы жөніндегі шешімін еуропалықтар әшкереледі.

Израиль үкіметінің Еуроодақ мемлекеттерінен алшақтанып, негізінен АҚШ-қа сүйенуі Еуропа елдерінің наразылығын тудыруда. Еуропалық Комиссия төрағасы Жак Сантэр 1997 жылғы 6-13 ақпан аралығындағы Таяу Шғыс елдеріне жасаған сапары кезінде, жанжалды бейбіт реттеудің демеушісі ретінде үлкен қаржылық жәрдем бөле отырып, жанжалданушы екі тарап арасындағы келіссөздер үрдісіне

қатысуын көздейтінін баяндады. Осы тұрғыда Таяу Шығыстағы мәселеден Еуропаны ығыстырмай Норвегия келісімдерін іске асыру үшін американдықтармен бірдей іс-әрекет жасауға Одақтың дайын екендігін мәлімдеді.

Еуропа Одағы Сыртқы Істер Министрлерінің кеңесі Таяу Шығыстағы өкілдері Мигель Мартинос арқылы 1998 жылдың қаңтар айында Израиль тарапына Еуропа елдерінің еврейлерге экономикалық ашықтығы мен ынтымақтастығы болашақта Таяу Шығыстағы бейбіт үрдісінің дамуымен тікелей байланыста болатынын ескертіп, өздерінің толыққанды қатысуын талап етті. Бірақ, Израиль СІМ-і Еуропа Кеңесінің жаңа бастамасына сын пікір айтты. Еуропалықтар араб елдерінің позициясын ұстанады деген сылтаумен Тель-Авив олардың саяси көмек көрсету ұсынысын қабылдамады.

Осыған орай, Еуропа елдері Таяу Шығыс істерінде анағұрлым жоғары статус пен ықпалын мойындауын талап етуде. Бұл араб елдері тарапынан түсінушілік пен қолдау тапты. Египет Араб Республикасының СІМ-і Амр Муса өзінің еуропалық әріптестермен кездесу барысында, жанжалды бейбіт жолмен реттеу ЕО-ның қатысуын және оның позициясы Мадрид келісімдеріне негізделуіне байланысты араб елдері құптайтынын баяндады.

Бұл аймақта ЕО-ның ролін күшейтуге Америка мн Израиль қарсы болып отыр. Еуропаның саяси істерге кеңінен араласуы бұл аймақтағы АҚШ іс-әрекеттеріне бақталастық жасамай, керісінше, арабтардың мүдделерімен көп жағдайларда сәйес келмейтін Вашингтон позициясын түзету мен теңестіруге мүмкіндік береді. Еуропалықтар бейбіт жолмен реттеу үрдісінде өздерінің ықпалы осы аймақтың экономикалық дамуына қосқан үлкен инвестициялық үлесі мен сауда-экономикалық қарым-қатынастар деңгейіне сәйкес болуы керек деп есептейді. Сонымен қатар, бұл аймақтың географиялық жақындық, тұрақтылық және қауіпсіздік сақтау сияқты мүдделері ортақ екендігін дәлел ретінде келтіреді.

Израильдің дәстүрлі негізгі сауда серіктері Батыс Еуропа мемлекеттері болып, мемлекеттің сыртқы сауда айналымының үштен бір бөлігі олардың үлесіне тиеді. ЕО елдерінен Тель-Авивке келетін импорт сол елдерге Израильдің экспортынан үнемі жоғары. 1997 жылдың бірінші жарты жылында ЕО елдеріне Израиль экспорты 3,419 млрд. доллары, импорты – 7,376 млрд. долларын құрады. Одаққа кіретін мемлекеттердің ішінде Израиль үшін ең маңыздысы Англия, Франция, Германия болып табылады.

2000 жылдан бастап Израиль Еуропа қоғамдастығының ассоциацияланған мүшесі статусына ие болды. Сондай-ақ көп жылдардан бері Израиль ЕО елдері және ЕФТА-ның (Еуропалық еркін сауда ассоциациясы) Норвегия, Лихтенштейн, Исландия және Швейцариямен сауда-экономикалық саласында келісімдері жұмыс істеді. /37/. Өнеркәсіптің дәстүрлі салалары, көптеген ғылым талап ететін израильдік өнеркәсіп үшін Еуропа үнемі негізгі серік болып табылады. Израильге

келетін өнеркәсіп өнімдерінің 45 пайызы ЕО және ЕФТА мемлекеттерінен әкелінеді. Израиль сыртқы сауда деффицитінің 70 пайызы осы елдердің үлесіне тиеді. Израиль экспортерлары жалпы тауар мен қызмет көрсету көлемінің 37 пайызын Еуропаға жібереді. Бұл, АҚШ-қа қарағанда анағұрлым көп (28 пайызы), яғни сауда-экономикалық саласында Израиль үшін еуропалық елдердің ролі зор.

Еуропа Одағы Таяу Шығыс аймағында өзінің саяси және экономикалық салмағына сәйкес орын алуға ұмтылады. Израиль әуелден оларды Таяу Шығыс жанжалын реттеу үрдісінен алшақтатуға, ролін шектеуге тырысып, оның тек аймақтық экономикалық жобалардың басты қаржыландырушы ретінде ғана көргісі келеді.

1999 жылдың басында ЕО мүшелері, Израиль тарапының оккупацияланған араб территорияларында, сондай-ақ Иерусалим қаласының араб бөлігінде, Абу Ғунейм (Хар-Хома) ауданында еврей қоныстарын салуды жалғастыруы, Иордан өзенінің Батыс жағалауында Израиль әскерлерінің қайта дислокациясының екінші кезеңін орындамағаны және бейбіт үрдісін тоқтатып тастағаны үшін Израиль үкіметіне сын пікір айтты.

Екінші Әл-Ақса Интифадасына дейін Франция, Австрия мемлекет басшылары, сондай-ақ Бельгия, Норвегия, Ирландия, Ұлыбритания, Франция, Германия және т.б. елдердің сыртқы саясат ведомстволарының басшылары бейбітшілік үрдісінде ЕО-ның ролін күшейту және израильдіктерді Ослода қол қойылған келісімдерді орындатуға мәжбүр ету мақсатымен Тель-Авивке жиі сапар шегіп келіп тұратын. Қазіргі Израиль үкіметі Норвегия келісімдерін тоқтатақалы бері Еуропа елдерінің басшылары саяси бойкот жасап, еврқй астанасына сапарларын қысқартты.

Таяу Шығыс жанжалын **аймақтақ қауіпсіздік жүйесі** тұрғысынан қарастыратын болсақ, әлемдік ірі мемлекеттердің және Таяу Шығыс елдерінің көптеген әрекеттеріне қарамастан, бұл кеңістікте қауіпсіздіктің тиімді жүйесі құрыла алмады. 1945 жылдан бастап, бұл әрекеттерге ең алдымен, араб мемлекеттерінің Израильге қарсы ұжымдық қорғаныс жүйесін құруға бағытталған әрекеттерін жатқызсақ, кейін ұлы державалар АҚШ, КСРО, Ұлыбритания және Францияның аймақтағы мемлекеттерді өзінің одағына тарту әрекеттерін атауға болады. Тек, 1991 жылдан бері , Таяу Шығыста бейбіт жолмен реттеудің негізін салған Мадрид бейбіт конференциясы басталуымен, аймақтық жүйеге Израильді де қосатын, ұжымдық қауіпсіздіктің формаларын іздестіру басталды. Аймақтақ тәртіпке келетін болсақ, бұл жерде бірін-бірі толығымен жоққа шығармайтын өзара қарсылас үш жүйені атап көрсетуге болады. Алайда, олар аймақтық қатысушылардың үш түрлі мүдделеріне негізделген әртүрлі геосаяси концепциялардан тұрады: **таяу шығыстық; жалпы арабтық; жерорта теңіздік бірлестіктер.**

Бейбітшілік үрдісі жаңа Таяу Шығыс жүйесінің құрылымдық элементіне айналып кетуі мүмкін және Израиль араб мемлекеттері қол

қойған немесе қол қоюы мүмкін екіжақты келісімдердің шеңберінен шығып, аймақтық көпжақты институттарын құруға біртіндеп септігін тигізеді. Б.Нетаньяхудің үкіметі бейбіт үрдісін тоқтатып тастады. Бірақ, бұл үрдістің ақақатқа айналу және Таяу Шығыс динамикасы мен жүйесіндегі ұзақ мерзімді нақты өзгерістерді өмірге шақыру фактісін бұл тоқтату ескере алмауы мүмкін емес. 90-шы жылдардағы бейбіт үрдісін аймақтық шиеленіске ықпал етуге көмектесетін принциптер, ережелер мен нормалардың толық қалыптаспаған аймақтық тәртіп ретінде түсінуге болады.

Таяу Шығыстық концепцияны Америка мен Израиль қолдайды. Белгілі Израиль қайраткері, бұынғы премьер-министр, сыртқы істер министрі Шимон Перес бейбіт Таяу Шығыс концепциясын ұсынды. "Жаңа Таяу Шығыс" кітабында ол: "Егер де бұл аймақта жанжал тоқтап, толыққанда дипломптиялық, сауда-экономикалық байланыстар орнатылса, Таяу Шығыс әлемде ең дамыған, әрі бай халықтардың мекені болады. Ол үшін демократия, теңдік, бостандық орнатылып, бірін-бірі сыйлайтын елдер қалыптасуы керек"-деп жазды.

Бейбіт үрдісі араб-израиль жанжалын тоқтату немесе оның аяқталуы деген ұғым емес, ол осы жанжалдың бір бөлігі болып, ол аймақтағы соғыс жағдайынан билік және ресурс жөніндегі қарым-қатынасты айқындау үшін әскери емес формаларға көшу болып табылады. Болашақ келіссөздерде сөз бір, немесе бірнеше аймақтық қатысушылардың өмір сүруге құқығы туралы емес, нақты шекаралар және принципиалды келісімге қол жеткізуге болатын басқа да мәселелер (қауіпсіздік, босқындар, экономикалық қарым-қатынастар) жөнінде болады.

Біріккен институттар мен мекемелерді құру жолындағы шиеленісушілік Израиль мен арабтар арасындағы күтіп отырған соғыс жағдайын тоқтату аймақтық саясат пен экономикада бәсекенің жаңа қарым-қатынастарының пайда болуына әкеліп соғуымен байланысты. Екі жақты келіссөздердің аяқталуы аймақтық қарым-қатынастардың жүйелілігін ынталандырып, сол арқылы жаңа қарсылықтарды – аймақтағы позициялар үшін – бәсекелестіктерді тудырады. Египет, Сирия және басқа араб мемлекеттері Израильдің әскерибасымдылығы араб ішіндегі күштердің балансына кіріп кетуі мүмкін деп қауіптенуде. Сирия және Израиль Ливан мен Иорданияға ықпалы әрі өзіне бағынышты қылу үшін бәсекеге түссе, Египет пен Израиль Палестинаға ықпал етіп, өз қол астынан шығармау үшін таласуы мүмкін. Каир алдында бейбітшілік үрдісімен бірге аймақтық лидерлік мәселесі қоса тұр: 1979-1994 жылдар аралығанда Израиль араб мемлекеттерінің арасында тек Египетпен ғана бейбіт келісімге ие болған кезде, ол аймақтағы жетекшілік роль үшін бәсекеге түсе алмады. Аймақтық жаңа тәртіп орнату перспективасы Израильді Египетке бәсекелес етеді деп санайды шығыстанушы Б.Петровский.

Бұл орайда, араб елдері, Египет соңғы кезекте емес, қауіпсіздіктің Таяу Шығыстық жүйесі жайында емес, бұрынғысыша жалпы араб қауіпсіздігі туралы - Парсы Шығанағынан Атлант мұхитына дейінгі және қорғаныс саласындағы жалпы араб саясаты туралы сөз қозғауда. Израиль мен Америка жағы, ИМ экономикалық және аймақтық интеграциялық кеңістіктің орталығы болып, Иордания және Палестинамен қауіпсіздіктің регионалдық серіктестігін құрайтын "жаңа Таяу Шығыс" жайында хабарлап отырған кезде, Египеттің мүддесі ең бірінші кезекте аймақты арабтікі деп айқындап, Израильге ондағы өзінің орнын көрсетеді. /38.С.23/. Жалпы арабтық концепцияны Араб мемлекеттерінің лигасы қолдап отыр. Алайда, Таяу Шығыстық немесе Жерорта теңіздік идеясы іске асса, Израиль арабтардың ішіне кіріп, іріткі, бүлік салады деген күдікті айтады.

Қауіпсіздік саласында барлық араб мемлекеттерінің бірлескен жалпы араб қорғаныс саясатын құру, немесе ұжымдық араб қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс жүзіндегі әрекеттер қазіргі уақытта жүзеге асырылмауда. Бейбіт келіссөздерге және бейіт келісімдерге күтіп отырылған қол қоюға байланысты Израильге қарсы "Араб майданы" мәселесі күн тәртібінде мүлдем қойылмаған.

2. Жерорта теңізі мен Таяу Шығыс елдері ұзақ уақыт бойы Батыс Еуропа елдерінің ықпалы астында болды. Олар тәуелсіздік алғаннан кейін Еуропа өзінің ықпалынан айырылмауға мүдделі. Жерорта теңізі және Шығыс мемлекеттері мен ЕО сауда-экономикалық салада ынтымақтастық жөнінде келісімдер жасалды. 1993 жылы Норвегия келісіміне қол қойылғаннан кейін Еуроодақ осы аймаққа өзінің ынтасын күшейтіп, Испанияның Барселона қаласында 1995 жылы 27-28 қарашада өткен конференцияда Еуропа – Жерорта теңізі серіктестігі жөнінде ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстың негізгі мақсаты – аймақтық қауіпсіздік және өзара түсінушілік зонасын орнату, сондай-ақ 2010 жылға дейін еркін сауда зонасын құру болып табылады.

Ғаламдық Жерорта теңіздік саясат шеңберінде ЕО бұл аймақтың 12 мемлекетімен ассоциация жөнінде, немесе ынтымақтастық жөнінде келісімшарттарға ие. Еуропа кеңесінің1994 жылдың желтоқсан айында Эссен қаласында өткен сессиясында Жерорта теңізі жағалауындағы көршілермен серіктестік қарым-қатынас орнату арқылы байланысты нығайту туралы шешім қабылданған. Ассоциация жөнінде Келісімге Түркия, Кипр және Мальта қол қойды; олардың барлығы Одаққа толыққанды мүше ретінде кіруі туралы өтініш берді.

Оңтүстік Жерорта теңізі мен Таяу Шығыстың сегіз мемлекеті ЕО-мен сауда келісімдеріне қол қойды. Келісімге сәйкес Алжир, Иордания, Тунис, Египет, Израиль, Ливан, Палестина және Сирия Еуроодақ нарығына өздерінің өнеркәсіптік тауарларын және ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттауға еркін кіру құқығына ие болды. Сондай-ақ, ЕО Сауд Аравиясы, Кувейт, Бахрейн, Оман, Катар және Біріккен Араб Эмираттары

кіретін Парсы Шығанағы елдерінің ынтымақтастық жөніндегі Кеңесімен келісімдер негізінде байланысқан.

Таяу Шығыстағы саясаты саласында ЕЖТС Еуропа теңіздің оңтүстік және шығыс аудандары үшін геосаяси тәртіптегі жоба болып табылады. Оның мақсаты – құрамына Израиль және көрші мемлекеттер кіретін "Еуропа-Жерорта теңізі бейбітшілік және тұрақтылық зонасын құру болды. Таяу Шығыстағы Бейбіт үрдісі мен аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арасында байланыс бар: "Барселона " конференциясы "Мадрид" конференциясынсыз мүлдем мүмкін емес еді, алайда өз кезегінде, ол Мадрид үрдісін қолдап, оған стимул берді. Өткен жылдары Еуропа – Жерорта теңізі серіктестігі Израиль, Сирия, Палестина, Ливан және басқа да араб мемлекеттерінің өкілдері кездесетін жалғыз форум болды.

Бір жағынан, Таяу Шығыс бейбіт үрдісінің тұрып қалуы Еуропа-Жерорта теңізі серіктестігінің қауіпсіздік саясатына кері ықпал етіп, яғни Таяу Шығыстағы ахуалдың реттелуі Еуропаның Жерорта теңізі мемлекет-серіктестерімен қарым-атынастар жоспарына енді. Араб елдері, өзара сенім және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы Еуропа-Жерорта теңізі келісімдеріне мүдделі емес екендігін ашық түрде көрсетіп, сондай-ақ Таяу Шығыста стратегиялық дисбаланс жағдайы сақталып отырған кезде және территорияларды басып алу жойылмайынша, Еуропаның ұсынған қауіпсіздік концепциясымен келіспейтінін білдірді. Араб-израиль бейбіт келіссөздерінде нәтиже болмай, ЕЖТС-ің бұл жоспардың жүзеге асуына үміті азайды.

Аталмыш Серіктестіктің оңтүстік мүшелерінің араб елдерінің қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселесіне көзқарастары Еуропадан өзгеше. Еуропа Одағы Жерорта теңізіндегі қауіпсіздікке әскери емес, "жұмсақ қауіптер", яғни заңсыз миграция, босқындар ағымы, ұйымдасқан қылмыс және т.б. оңтүстік мемлекет-серіктерде потенциалды түрде пайда болуы мүмкін қауіптерге назарын аударады. Араб елдері өзінің назарын бұрынғыша, негізінен "қатаң қауіптерге" – халықаралық шиеленістерге бағыттауда. Араб елдерінің біразы Еуропамен адам құқығын бұзу жөнінде емес, нақтылы және жалған террористерді беру туралы сөйлескенді қалар еді. Олардың кейбіреулері, адам құқығы жайында пікірталастарды өз режимдерінің қауіпсіздігіне қауіп деп қарастырады.

Еуропа – Жерорта теңізі серіктестігі қамтитын геосаяси кеңістік қауіпсіздік саясатындағы "қатаң қауіптегі" тақырыптарды қамтамасыз етуде, зымырандар мен ядролық қаруды тараптау жөніндегі келіссөздерді қамтамасыз етуде АҚШ пен Парсы Шығанағы елдері қатысқан кезде ғана маңызға ие болады.

Еуропа Одағы өзінің қаржылық және экономикалық қуаттылығы мен табиғы ресурстар үшін күрес, интеграция немесе әлеуметтік теңдік сияқты салаларда бүкіл әлемдегі, оның ішінде Таяу Шығыста да маңызды роль ойнайды. Сауда ассоциациялары жөніндегі келісімдерге қол қою мен жүйелерді құру арқылы аймақта ұзақ мерзімді саяси және экономикалық

тұрақтылыққа өзінің үлесін қосады. Бұл ЕО-ның Палестинаға көрсетіп отырған қаржылық жәрдеміне де қатысты. Еуроодақ тарапынан бейбітшілік үрдісіне серпін беру мақсатымен палестиналықтарға негізгі экономикалық жәрдем көрсетіліп, бұл салада Газа секторында әуежайдың салынуы үлкен үлес қосты. 1993-1998 жылдар аралығында Еуроодақтың Палестинаға қаржы жәрдемі ретінде 1,8 млрд. АҚШ долларын беріп, оны әрі қарай жалғастыуды көздейді. Еуропаның "шек кітапшасы дипломатиясы" маңызды саяси қызметтерге ие: ол палестиналық басшылықтың бейбітшілік үрдісіндегі мүдделілігін тудырып, "Хамас" ұлттық қозғалысына қарсы Я.Арафаттың төңірегіндегі күштерді нығайтады. ЕО-ның экономикалық және қаржылық жәрдемі іс жүзінде саяси ролін негіздеу үшін қызмет атқаратыны түсінікті.

Тараудың қорытындысы бойынша Таяу Шығыс аймағы мен Жерорта теңізінің шығыс және оңтүстік жағалауын Еуропа Одағы өзінің қауіпсіздік, әлеуметтік тұрақтылық секілді мүдделеріне тікелей қатысты географиялық аудандар деп санайды. Таяу Шығыста бейбітшіліктің орнауы Еуропа Одағының негізгі мүдделерінің бірі болып саналатындықтан, ол Таяу Шығыс аймағындағы ықпалын одан әрі жоғалтып алмас үшін араб – израиль бейбіт реттеу үрдісінде белсенді роль атқаруға күш жұмылдыруда. Алайда, Израиль ЕО-ғы дәстүрлі арабтарға жақындығын сылтау етіп, оны барлық үрдістерден шеттетуге тырысады. Сондай-ақ АҚШ-та бүгінгі күні халықаралық қатынастардағы гегемониясын пайдаланып, Еуропа мен Ресейге Таяу Шығыс аймағында белсенділік көрсетуге мұрша бермейді. Ал ЕО-қа елдердің біртұтас сыртқы саясатының жоқтығы оған бұл аймағында жанжалды реттеуге белсенді қатысуына кедергі болып тұр.

Еуропа белсенділігі Американың әрдайым осы аймақта негізгі кейіпкер ролін ойнау әрекетіне жауап береді. Әуел бастан, төртінші тарап ретінде болашақ Таяу Шығыс келіссөздерінде қатысуы Еуропа жоспарының іске асуы болып отыр. Сондай-ақ, аймақта бейбітшілік пен қауіпсіздіктің негізін қалауға бағытталған американдықтар, израильдіктер және палестиналықтар келіссөздердің нәтижелі өтуінің кепілдігі мен тепе-теңдігі тұрғысынан Еуропаның қатысуы сөзсіз қажеттілік болып отыр.

Кеңес Одағы басқарған социалистік лагерь мен АҚШ бас болған НАТО әскери блоктары арасындағы билік үшін күрес әлемдік саясаттың анықтаушы факторы болудан қалды. Осындай өтпелі кезеңде Таяу Шығыс күрделі өзгерістерді басынан кешіріп, оның салдарынан үш үлкен блок пайда болды және аймақта бірнеше саяси-әскери топтар құрыла бастады, оның біразы АҚШ-қа бет бұрса, екіншісі Ресейге достық ықылас білдіруде. Сонымен қатар осы екі блокта Еуропа мемлекеттерін өз жағына тартып, олардан жәрдем күтуде. Үшінші блок – араб, мұсылман елдерінің құрылымдары - Араб мемлекеттер лигасы және Ислам конференциясы ұйымы. Өкінішке орай осы құрылымдарға кіретін елдердің біразы Вашингтонға, не болмаса, Еуропа астаналарына жалтақтап бағынышты болып отыр.

Көп мәселерде өзара серіктес болып отырған бір топтың өзегін **Түркия мен Израиль** құрды. Көптеген онжылдықтар бойына екеуі құпия іскерлік қарым-қатынастарды сақтап, тек 1993 жылдың қыркүйек айында Израиль мен Палестина арасында келісімге қол қойылғаннан кейін ғана өзара ынтымақтастықтың ашық та белсенді кезеңі басталды. Екі мемлекет те үлкен әскер ұстап, араб мемлекеттерінің бірігуін өздері үшін қауіп деп есептейді. Екеуі де АҚШ-пен қарм-қатынастарына басымдық маңыз береді, сондай-ақ Израиль Таяу Шығыста өзінің билігін орнатып, басып алған араб жерлерінің табиғи ресурстарын пайдаланып, Палестина халқын үнемі құлдықта ұстауды көздеп отыр. Палестина мен Ливан халықтарының күресіне тікелей жәрдем беріп отырған Сирия мен Иранға израиль-түрік әскери блогы қарсы тұр. Ал Түркия НАТО-ның мүшесі екенін еске салу керек. Таяу Шығыстың өзінде бірқатар жылдар бойына екі елдің назарлары Тель-Авивпен тұрақты қарым-қатынасты сақтап отырған, ал Анкарамен жаңа достастық байланыстар орнатуға Иордания қарсы емес. Бүгінгі күні иордандық және түркиялық ұшқыштар бір-бірінің жерлерінде дайындықтан өтуде. Екі елдің үкіметтері Саддам Хусейн басқарған Иракқа қарсы саясат жүргізіп отыр. Аммандағы Түркия елшісінің пікірі бойынша, әскери саладағы ынтымақтастық иордандық және түркиялық қарулы күштері бір деңгейге жетті.

Сирия мен Иранан тұратын екінші блок та бірталай жақтас-мемлекеттерге ие. Греция, Кипрдің грек бөлігі, Палестина және Ливанның мұсылмандары сирия-иран жағын күшейтуде. Сирия және Иран көп жылдар бойы жанжалдасып келе жатқан Иракпен қарым-қатынастары түзелуде. Шығыстағы қалыптасып келе жатқан күштердің конфигурациясында күрдтер ереше әрі бір-біріне қарама-қайшы келетін жағдайды көрсетеді: Ирак пен Иранда тұратын күрдтер түркия-израиль жағында болса, Түркиядағы күрдтер, Абдулла Оджалан және Күрд Жұмысшы Партиясы сирия-иран жағында болып отыр. Бұның себебі, Иран, Ирак және Түркияда тұратын күрдтер өз автономиясын, айта берсеңіз тәуелсіздік алу үшін күресіп жатыр.

Сауд Аравиясы Корольдігі бір жағынан АҚШ-пен серіктестік қарым-қатынастарда болса, екінші жағынан Сириямен де жақсы байланыстарды сақтап отырған екі жақты да қолдайтын мемлекеттердің ішіндегі айқын мысалы бола алады. Египет Американың экономикалық жәрдемін алатын ірі мемлекеттердің бірі (жылына 2 млрд. АҚШ доллары), өзінің әскери күштерінің негізінде, АҚШ қару-жарағыман жабдықталған және Израильмен 1979 жылдың наурызында Бейбітшілік келісім жасасып дипломатиялық қарым-қатынастар құрған.

Египет Палестинаны қолдап, оған дипломатиялық және қаржылай жәрдем беріп отыр. Бірақ соңғы жылдары президент Х.Мүбәрәктің айтуынша, Каир Палестинаны азат ету үшін өзінің әскерін Израильге қарсы пайдаланбайды. Сөйтіп, Египет Американың саясатына қарсы шықпай, керісінше көбінесе қолдап отыр. Сонымен қатар Египет Араб Республикасы 1967 жылы Газа секторын израиль әскеріне тастап кетіп,

енді оны қайта босатуға күш салмай отыр. Яғни халықаралық құқық тұрғысынан қарасақ Каир мен Тель-Авив бейбітшілік жасаған күнде де, әскери күшімен жаулап алған жерін түгел Израиль қайтарып беру керек еді. Өкінішке орай, Израиль үкіметі А.Садатқа бос уәде беріп, осы күнге дейін Газа секторына толық азаттық бермей отыр.

Әрине, бұл блоктардың бір-бірімен байланыстары мақсаттарына сай және тактикалық пайданы көздеу тұрғысынан тұрақсыз және құбылмалы екенін ескеру керек.

Түрік-израиль қарым-қатынастары, әсіресе әскери байланыстары берік. Олар бірлескен қару-жарақ шығару және осы бағыттағы арнайы ақпараттармен өзара алмасуға дейін барады. Израильдің әскери ұшақтары Конья жазығының үстіндегі түркиялық әуе кеңістігінде жаттығу ұшуларын орындап, ал Түркияның әскери мамандары ұшқыштардың ең жаңа техникасымен танысу үшін Израильден тәжірибе алып отырады. Жылда екі елдің әскери әуе және теңіз күштерінің бірлескен жаттығулары өтеді. Олардың арасындағы әскери ынтымақтастықтан басқа сауда-экономикалық салалары да кең ауқымда дамып келуде. Еркін сауда аймақтары мен түрік-израиль экономикалық кеңесі сияқты институттардың құрылуының арқасында екі жақты сауда айналымы ұлғаю үстінде, соңғы жылдарғы өсімі шамамен 20 пайыз құрады. Осы ынтымақтастықты тереңдету мақсатында тараптар өзара қос салық салудан босату келісіміне қол қойды. Екі елдің компаниялары мен фирмалары тығыз жұмыс істеуде, сөйтіп, Түркияның компаниялары Израильге ауыз суын жеткізу, Тель-Авив әуежайының жаңа терминалын салу іске асырылуда. Сауда-экономикалық байланыстармен қатар екеуінің арасында саяси және мәдени ынтымақтастық та дамуда.

Негізінен Вашингтон түрік-израиль арасындағы байланысты ресми тұрғыда қолдап, оған құптау білдіреді. Алайда халықаралық беделді сарапшылар батыс идеологиясын ұстанған бұл екі мемлекеттің арасындағы тығыз қарым-қатынастарының болашағына күмән келтіреді. Лондонның “Экономист” баспасы түрік-израиль “аферасы”, “лайықсыз байланыс” деген сипаттама беріп, сол кездегі Түркияның премьер-министрі Мезут Йильмыздың Израильге сапарын сынға алып, оны “исламның үшінші орындағы қасиетті Әл-Құдс қалашығын еврейлерге оккупация жасауға дым беріп отыр” деді.

Греция үкіметі Израиль мен Түркияның әскери жақындасуына алаңдатушылығын білдіреді. Грецияның премьер-министрі 1999 жылы Түркиямен әскери блок құрудан бастартуды Израильге ескерту жасады. Себебі Түркия Израильдің қазіргі заманғы әскери технологияларын алғысы келеді, ол аймақтағы басқа мемлекеттер үшін проблема тудыруы мүмкін деді. Егер әскери блок құрылса, оған қарсы антиблоктар пайда болады деп ескертті.

Алайда, егер Израиль тоқтап қалған бейбіт келіссөздер процессін қайтадан жандандырып нәтижеге алып келсе, онда Таяу Шығыстың мемлекеттер жүйесі құрылымдық өзгерістерді бастан кешіруі анық. Бұл

дегеніміз, Палестина мемлекетінің ресми жариялануы, Израильдің осы уақытқа дейін бейбіт келісімдерге қол қоймаған көрші араб елдері арасындағы соғыс жағдайын тоқтатудың анағұрлым ыңғайлы жолы. Таяу Шығыс қазіргі уақытқа дейін өзінің қауіпсіздігін реттеу үрдісінің сырттан қатысушыларының есебінен қамтамасыз етіп келді. Олардың арасындағы қарым-қатынастарды пысықтайтын аймақтық біріккен мекемелер мен институттар әлі реттелмеген. Бір жағынан Израиль, екінші жағынан Сирия, Ливан және Палестина егемендік алу мақсатында территориялық таластар мен шиеленісушіліктерді бейбіт жолмен реттеу болашағы немесе Таяу Шығыста тәртіп пен бейбітшілікті сақтауға жауапты берік қауіпсіздіктің құрылымы бар аймаққа айналуы мүмкін бе деген мәселе тұр.

3. 2002 жылдың 10 сәуірінде Мадридте Таяу Шығыс жанжалын реттеу үрдісіндегі негізгі саяси төрт күштің, яғни "Төрттіктің" кеңесі өтті. Кездесу нәтижесінде БҰҰ Бас хатшысы К.Аннан, АҚШ мемлекеттік хатшысы К.Пауэл, Ресей және Испанияның сыртқы істер министрлері И.Иванов пен Х.Пике және Еуропа Одағының қауіпсіздік мәселесі бойынша өкілі Х.Солана бірлескен Декларацияға қол қойып, оны Израиль мен Палестина тараптарына жолдады.

Қауіпсіздік мәселесін шешу, саяси келіссөздерді жалғастыру, Палестина жерлеріндегі гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсарту мен Палестина Ұлттық Билігін реформалау сияқты сауалдар "Төрттіктің" 2002 жылдың 16 шілдесінде өткен мәжілісінің күн тәртібінің өзегі болды. Аталмыш мәселелерді шешу барысында бір жағынан АҚШ, ал екінші жағынан БҰҰ, ЕО және РФ арасындағы қарама-қайшылықтар байқалды.

Аталмыш "Төрттік" мәжілісінің алдында 2002 жылдың 24 маусымында АҚШ президенті Дж.Буш Таяу Шығыс мәселесіне қатысты баяндама жасады. Онда Палестинаның уақытша мемлекетін бір жарым жылдың ішінде құрып, ал тағы бір жарым жылдан кейін оның тұрақты шекараларын белгілеуге болатындығы жөнінде айтты. Алайда, бұны іске асыру аймақтағы қауіпсіздік мәселесін шешу, қазіргі палестиналық басшылықтан өзгеше жаңа басшылық тағайындау сияқты шарттарға тікелей байланысты болады дейді ол.

Әсіресе, АҚШ Я.Арафаттың қызметінен кету мәселесінде қатал ұстанып, ол кетпеген жағдайда Палестинаға қаржылай көмек беру тоқтатылады деп шарт қойып отыр.Сөйтіп, Вашингтон Я.Арафатты саяси сахнадан кетіріп немесе оны номиналды түрде Палестина президенті етіп, ал бүкіл билік премьер-министрдің қолына беру керек деген мақсат қоюда.

Американдықтардың бұл жоспарына Ресей, Қытай және Батыс Еуропа елдерінің басшылары қарсы шықты. Осыған қатысты ағылшын баспасөздерінде 2001 жылдың 11 қарашасындағы оқиғалардан кейін премьер-министр Т.Блэр мен президент Дж.Буштың арасындағы ең үлкен келіспеушілік болып, Ақ үй изоляцияда қалды деп жазды. Ал француздардың "Le Monde" газеті американдықтардың ұсыныстарын "әділетсіз де ойға қонбайтын" – деп бейнеледі.

“Төрттік” ұйымының АҚШ-тан басқасының барлығы Я.Арафатты Палестина халқының заңды түрде сайлап алған басшысы екенін назарға ала отырып, Израиль басшылары онымен келіссөздердің жалғасын бастау қажет деп отыр.

Ресей аталмыш ұстанымды қолдап, министр И.Ивановтың айтуы бойынша Я.Арафатты қайта сайлау туралы сауал “Төрттіктің” күн тәртібінде тұрған жоқ, бұл тек Палестина халқының құзыры. Сонымен қатар, Ресей Я.Арафаттың “денсаулығына байланысты” келесі сайлауға қатыса алмайды деген ойдан алыс емес.

Мұндай жағдайда Ресей СІМ-гі Я.Арафаттың орнына Палестина Ұлттық Билігінің Заң шығару Кеңесінің төрағасы Ахмед Курейді (Абу Алла), ал Палестинаны Азат ету Ұйымының басшысы етіп Махмұд Аббасты (Абу Мазен) болжап отыр. Бұл үміткерлер негізінен АҚШ тарапынан да қолдау табуда.

“Төрттікке” кірген халықаралық делдалдар Израиль әскерлері 2002 жылдың 28 қыркүйегіне дейін шекараны босату қажет дейді.

Бұл сауалдар жалпы Сауд Аравиясы Корольдігінің Тақ мұрагері бекзада Абдалланың Израильге Газа секторын, Иордан өзенінің Батыс жағалауын, Шығыс Иерусалимдегі оккупациялауын тоқтатқан, сондай-ақ Палестина Мемлекетін жариялаған жағдайда Израильге бейбітшілікте өмір сүру мен бүкіл арабтардың мойындауы жөніндегі ұсынысына сай келеді.

2003 жылы сәуір айында құрамында АҚШ, Еуроодақ, БҰҰ және Ресей кірген “Төрттік” израиль-палестиналық реттеу “Жол картасы” жоспарын даярлады. Онда саясат, қауіпсіздік, экономика, гуманитарлық қызмет және конституциялық құрылыс мәселелерін анықтау мақсаттарға негізделген белгілі мерзімдер мен критерийлер, нақты кезеңдер мен уақытша рамкалар бекітілді. Соңғы мақсат – 2002 жылғы 24 маусымдағы АҚШ президенті Дж.Буштың сөзінде келтіріліп, 16-17 қыркүйекте “Төрттіктің” министрлікаралық мәлімдемелерінде қолдау тапқан 2005 жылға дейін израиль-палестина жанжалын жан-жақты және түпкілікті реттеу ұстаным болып отыр.

Жоспар бойынша реттеу жанжалды шешіп, 1967 жылғы Израиль бастаған оккупацияны тоқтатуы керек. Ол Мадрид конференциясының қорытындыларына, БҰҰ Қауіпсідік Кеңесінің №242, №338 және 2002 жылғы №1397 қарарларының “жерді бейбітшілікке айырбастау” принципіне, бұрын тараптардың қол жеткізіп, Араб мемлекеттері лигасының Бейруттағы саммиті құптаған уағдаластықтарға, Сауд Аравиясының Тақ мұрагері бекзада Абдалланың Израильді бейбітшілік пен қауіпсіздікте өмір сүруші көрші ретінде тану бастамасына сүйенеді.

“Төрттік” тараптардың жоспарды орындаулары жөніндегі іс-әрекеттерінің нәтижелеріне баға беру үшін жоғары деңгейде тұрақты кездесулер өткізіп отырады. Онда көрсетілген өз міндеттерін екі тарапта қатар орындап отырады деп көзделген.

Бірінші кезең – 2003 жылғы сәуір-мамыр айлары. Екі жақтан террор мен зорлық-зомбылық тоқтату, палестиналықтардың ауыр аш өмірін жақсартып, қалыпқа келтіру және палестиналық мемлекеттік институттар құрылысын жүргізу, азаматтық қоғам құру. Израиль тарапы комендантық сағатты алып тастап, азаматтарға, тауарлар тасымалына рұқсат беру, халықаралық гуманитарлық ұйымдардың қызметкерлеріне кедергі жасауды тоқтату. Израиль үкіметі американ сенаторы Дж.Митчелл баяндамасына сәйкес 2001 жылғы наурыздан бері Палестина жеріне салынған еврей қоныстарын алып тастау және болашақта еврей қоныстарын болдырмау керек.

Екінші кезең: өтпелі кезең – 2003 жылғы маусым-желтоқсан. Тәуелсіз Палестина мемлекетін құруға әрекет жасау, уақытша шекара белгілеу, Таяу Шығыс жөнінде халықаралық конференция өткізу. Бұл конференцияда Палестинамен бірге Израиль, Сирия және Ливанмен қатынастарын реттеу көзделіп отыр. Интифада Әл-Ақса басталмай тұрып, кейбір араб елдерінің Тель-Авивте жұмыс істеп тұрған сауда өкілдіктерін қайта ашу қарастырылды.

Үшінші кезең: тұрақты статус туралы келісім және израиль-палестина жанжалының тоқтатылуы – 2004-2005 жылдар. Екінші халықаралық конференция жинау. Араб елдерімен Израиль арасында дипломатиялық қатынас орнату. Палестиналық босқындар және Иерусалим қаласының мәселелеріне келіссөздер арқылы шешім табу, азаматтардың дін еркіндігін сақтау және екі бейбіт ел – Израиль және тәуелсіз Палестина мемлекеті бірге өмір сүруге жағдай жасасын делінген.

Америка мен Англия әскерінің Ирақты басып алған соң АҚШ президенті Дж.Буш араб, мұсылман елдерінің наразылығын басу үшін Израиль оккупациясы астында жатқан Палестина халқына жәрдем беру жоспарын жариялауды жөн көрді. Таяу Шығыстағы шиеленісті реттеуге халықаралық қауымдастықтың күш-жігер белсенділігі едәуір арта түсуде.

4. Израиль-Палестина жанжалының түпкілікті реттелуі және әлемдік қауымдастықтың барлық мемлекеттері танитын және бейбіт қатар өмір сүруші екі ел – Израиль мен Палестинаны құру негізгі шарттың бірі болып отыр. Осы орайда бар назар Израиль – Палестина жанжалының өзекті мәселесі ретіндегі бейбіт үрдістің демеушілері ретінде құрамында АҚШ, БҰҰ, ЕО және Ресей “Төрттік” әзірлеп, 2003 жылғы 30 сәуірде Израиль премьер-министрі Абу Мазенге тапсырылған “Жол картасы” атты бейбіт реттеу жоспарына ауып отыр. Екі тарап “Жол картасына” қатысты өздерінің ескертпелері мен толықтыруларын жуық арада беру ұсынылады. Оны талқылау үшін Израиль мен ПҰБ-ға АҚШ мемлекеттік хатшысы К.Пауэл келмекші. Сонан соң А.Шарон мен А.Мазеннің Вашингтонға сапар шегуі ықтимал.

“Жол картасы” жоспары арабтар мен еврейлердің орындаулары тиіс бірқатар қиын шарттар, яғни басып алған аумақтарда Израильдің еврей қоныстарының құрылысын жүргізуді тоқтатуы және тәуелсіз Палестина мемлекетін 2005 жылға дейін тануы. Ал палестиналықтар Израильге

қатысты зорлық-зомбылықты тоқтатуы және түпкілікті саяси және экономикалық реформалардың жүргізілуін көздейді.

Жалпы алғанда жанжалдан әбден шаршаған екі тараптың "Жол картасына" қатысты сындарының күшеюімен бірге келіссөздің қайта қолға алынуына израильдіктер қауымы да, палестиналықтар да оң қабақ танытып отыр.

Израиль жағы бұл халықаралық бастаманың ресми тұсаукесерін бұрын американдықтарға өздерінің өзгертпелерінің тізімін беріп қойып отыр. Американдықтар екі тараптың ескертпелері бағдарлама ұсынылғаннан кейін ғана талқыланатындығы жөнінде израильдіктерді сендіріп бақты. Сөйте тұра, бұл "Жол картасы" саяси диктат емес: аталған жоспардың ейбір ережелерін тараптар өз беттерінше келісілген түрде айналып өтулеріне болатындығын да американдықтар атап өтті.

Израильдің оңшыл сионист саяси күштері жоспарды қатаң сынға алды. Олар Тель-Авивте соңғы террорлық актінің келіссөзді қайта қолға алудың ештеңе бермейтінін дәлелдейтінін атай отырып, палестиналық күрескерлермен онан бетер қатал соғыста жақтайтындарын білдірді. Олардың мәлімдеулеріне қарағанда тәуелсіз Палестина мемлекетін құру, оны халықаралық тану, сондай-ақ оның БҰҰ-на мүше болып кіруі кезіндегі келіссөздер үрдісінің аяқталу шағында Израиль үшін принципті үш тармаққа – шекара, Иерусалим мәртебесі және палестиналық босқындардың өз еліне қайта ороалу құқығына қатысты өзінің ұстанымын қорғап қалу қиындыққа ұшырады.

Израильдің үкіметі жоспарда көзделген нақты мерзімдік шекарасына қатысты ауыр сындар айтты, себебі БҰҰ-ның №242, №338 және №1391 қарарларына сәйкес 2003 жылы уақытша шекарада Палестина мемлекеті құрылып, 2005 жылы реттеу жолы туралы келісімге қол қоюға тараптар дайын болуы тиіс. Күш қолдануды айыптаған, өз қауіпсіздік жүйесін қайта құрып, Израиль әскерімен ынтымақтасуды жаңғырту Құжаттың бірінші кезеңінде болу керек. Сондай-ақ Израиль қарулы күшінің Интифада басталардан бұрынғы позициясына қайтып кетуінен кейін және палестиналық парламентке сайлау өткізген соң жүргізіледі деп жоспарланады. Израильге қандай да болмасын араб жерлерінде әскери іс-әрекетке баруын тоқтату, палестиналық қалалар мен жолдарды қоршаудан азат ету, еврейлерге қоныстанудың көзін жою, елге босқындардың қайтуына кедергі келтірмеу ұсынылды.

Келісімнің орындалуына бақылау "Төрттікке" жүктелді. Ең алдымен "Төрттік" аумақта бақылау жүйесін орнатып, содан кейін барып бір кезеңінен екіншісіне өту шартының орындалуы туралы шешім қабылдауы көзделген. Премьер-министр А.Шарон болса, тек американдық бақылауды қалдырып, басқа халықаралық өкілдер ұстанымдарын нығайтудан құтылуға әрекет жасамақшы.

Палестина көзқарасына келер болсақ, ПҰБ премьер-министрі А.Мазен бұл жоспардың Палестина мәселесінің ақырғы шешімін табуға бағытталғандығын мәлімдеп, оң баға беріп отыр. Оны толық қарап, терең

зерттегеннен кейін Палестина үкіметінің бұл жоспарды ресми түрде құптайтынын атай келіп, А.Мазен Израиль ұсынған өзгерістер мен ескертпелеріне қарсы екендігін білдірді және "Төрттіктен" "Жол картасының" бастапқы редакциясын жариялауды өтінді.

Алайда, бұл мәселеде А.Мазеннің ұстанымын Палестинадағы барлық саяси күштер бөлісе алмай отыр. "Хамас" пен "Исламдық джихад" радикалды ұйымдарының белсенділері жоспарға қатысты қатаң түрде өз наразылықтарын білдірді. Олар Израильмен үзілді-кесілді күресті жалғастыра беруге адал, жаңа үкіметпен ынтымақтасуға ниеттілі емес екендіктерін білдірді. Жоғарыда айтылған партиялар және басқа ұйымдар сионист идеологиясы бойынша бүкіл Палестинадан арабтарды қуып, тек иудей мемлекетін құруды көдейтінін еске салады. Олардың айтуынша Израиль өз еркімен күшпен басып алған жерлерді бермейді, еврейлер үшін әділет жоқ, олар тек күшті ғана сыйлайды – деп уәж айтты. Оған дәлел – Египет Синайда 1973 жылы соғыс арқылы Израильден қайтарып алды. Израиль Норвегия келісімдерін орындамай 2000 жылы қыркүйекте қайталап, Иордан өзенінің Батыс жағалауын басып алды. "Жол картасы" жобасы араб-мұсылман әлемін кезекті алдап-арбау қулығы. Себебі осыдан 50 жыл ішінде 50 шақты қарарлар, жобалар, бағдарламалар, әзірленіп, олардың бәрі сионистерге уақыт беріп, араб жерлеріне тұрақтанып алуға мүмкіндік беретін шаралары дейді. Сондықтан тек күрес қана мақсатқа жеткізеді дейді патриоттық күштер.

Халықаралық қауымдастықтың Жоспарға көзқарасы мынадай: 2003 жылғы 3 мамырда "Жол картасына" қатысты Еуроодақтың ортақ ұстанымын әзірлеп алу үшін бұл елдердің Сыртқы істер министрлерінің конференциясы өтті. Ирактағы әскери операция алдында ғана елдер арасында болған дипломатиялық инциденттің қайтананбауы қадағаланды. Еуропалық БАҚ-тардың ақпараттарына қарағанда ЕО Я.Арафаттың мәртебесінің сақталуын жақтайды.

ЕО Израиль мен АҚШ-тан "Жол картасын" қандай да бір болмасын өзгеріссіз бекітіп, оны тезірек іске асыруға кірісуге шақыруды ниет қылып отыр. Мәселен Ұлыбритания жоспардың жариялануын қошеметтеп қолдады. Т.Блэрдің сөзіне қарағанда бұл бейбітшілікке жетудің Израиль мен Палестина үшін "бүгінгі күнге жалғыз ғана мүмкіндігі" болып табылады.

БҰҰ-на келсек, К.Аннан да Палестина мен Израильді "Жол картасы" атты жанжалды реттеу жоспарын пайдаланып қалуға шақырды. "Соның арқасында "Төрттікке" сүйене отырып, А.Шарон мен М.Аббас көпжылдық қантөгіс жанжалына нүкте қоюлары тиіс" деді ол.

Жалпы халықаралық сарапшылар жоспардың кезең-кезеңмен іске асу уақытша кестесін есепке ала отырып, израильдіктер мен палестиналықтар бұл жоспарды қабылдауға мәжбүр болмақ деп бағалауда. Тұтастай алғанда "Жол картасы" принциптеріне қатысты оптимистік көңіл-күй байқалады. Сонда да болса қойылған мақсаттарға жетудің уақытша рамкалары олардың күдіктерін келтіруде. Бірақ, ұлтшыл күштер

израиьдік агрессиясына жауап ретінде күресті, терракгілерді тоқтатудың мүмкін емес екендігін бірауыздан атап көрсетуде.

Қазақстаенның көзқарасы бойынша "Жол картасы" алысқа апаратын және көптен үміт беретіндей жоспар болып көрінеді. Жоспарда Израиль мен Палестина арасындағы жанжалды бейбіт реттеу сатылары және бейбіт өмір сүре алатын екі мемлекет құру жөніндегі ақырғы бейбіт келіссөздердің негізгі бағыттары анықталған.

Таяу Шығыстағы жанжалдың бейбіт жолмен шешілуі және тұрлаулы ахуалдың орнығуы сөзсіз сол өңірдің елдері арасында өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытудағы Қазақстанның ұлттық мүддесіне жауап береді. Сондықтан бұл жоспардың бекітілуін және іске асуын қошеметпен қабылдай отырып, біздің ел барлық халықаралық жанжалдардың бейбіт жолмен шешілуі жөніндегі айнымас ұстанымын білдірді.

2004 жылдың наурызында аймақтағы ахуал күрт өзгеріп кетті. "Хамас" ұйымының рухани жетекшісі, шейх Ахмед Ясиннің Израильдің ракеталық соққымен, одан кейін бір ай өтпей 19 сәуірде аталмыш ұйымның белсенді қайраткері Әбел-Азиз Рантиссиді өлтіруі заңсыз жазалау және саяси лидерлерді қудалау проблемасын қайта көтерді.

Шейх А.Ясин израильдік оккупациясымен еш келіспей, табанды күресі үшін халық арасында үлкен беделге ие болатын. Оның өлімімен Израиль Таяу Шығыс аймағында бейбітшілік орнығады деген үмітті толығымен үзіп отыр. Израиль мен Палестина арасындағы келіссөздерді тұйыққа тіреп, осы аймақтағы халықаралық күштердің әрекеттерін жоққа шығарды. Сөйтіп, "Төрттіктің" делдалдығымен аймақтағы жанжалды реттеуге бағытталған бүгінгі күнге жалғыз бейбіт жоспары "Жол картасы" тоқтап қалды.

Израильдің А.Ясин мен Ә.Рантиссиді өлтіру акцияларын бүкіл халықаралық қауымдастық әшкереледі. БҰҰ Бас хатшысы К.Аннан "Бұл іс-қимыл халықаралық құқыққа қайшы келумен қатар бейбіт шешім іздеу ісіне кері әсерін тигізеді" деді. Ал израильдіктердің 80 пайызы "Хамас" ұйымының белсенді қайраткерлерін өлтірумен палестиналықтардың әскери күресі белсене түседі деп санайды.

Палестинаның беделді қайраткерлері бұл актіні Израильдің мемлекеттік терроры деп сипаттады. Би-Би-Си хабары бойынша президент Х.Мүбәрәк "Египет пен Израиль арасында қол қойылған бейбітшілік келісімнің 25 жылдығын тойлаудан бас тартамыз" деп мәлімдеді. Еуропа Одағының сыртқы саясатына жауапты Хавьер Солана А.Ясинді өлтіргені үшін айыптап, былай деп сипаттама берді – "бұл Таяу Шығыстағы бейбітшілік үшін өте, өте жаман хабар". Ұлыбританияның ресми өкілдері "бұл іс-әрекет терроризммен күреске септігін тигізбейді" деп мәлімдеді. Ал ағылшын сыртқы істер министрі "Израильдің осы тектес сотсыз жаза жүргізуге құқығы жоқ, осы орайда біз олардың бұл қадамдарын айптаймыз. Бұл қолдау тұрмайтын, заңсыз әрі мақсатқа жеткізбейтін іс" деп жария етті. Британ сарапшыларының айтуынша, "Енді

Израиль басқа елдермен бұрын болмаған ең үлкен изоляцияға түседі". БҰҰ-ның Адам құқығын қорғау комиссиясы Хамас ұйымының көсемі шейх А.Ясинді өлтіргені үшін Израильді айыптайтын қарарды қолдады. Францияның Сыртқы істер министрі Доминик де Вильпен "Бейбітшілік үрдісін қайта жандандыру үшін халықаралық қауымдастық бар күшін салып жатқан кездегі Израильдің бұл акциясы аймақта жаңа қантөгіске әкеледі"-деді. А.Шарон үкіметінің екі мүшесі Ішкі істер министрі Авраам Пораз және Әділет министрі Йосиф Лапид А.Ясинді өлтіруге қарсылығын білдірді. А.Пораз "Терроризммен күресеміз деп біз жаңа өрт жақтық. Біздің ісіміз үшін қарапайым халық өзінің өмірімен жауап береді... Енді "Хамаста" террорлық акциялар жасауға жаңа себептер туды. Біз А.Ясин мен Ә.Рантиссиді өлтіргенімізбен "Хамас" ұйымының жұмысы аяқталған жоқ".

Ағылшындық әлемдік нарықтарды зерттеу орталығының сарапшысы Трюде Стрэнд "Шейх А.Ясиннің қайыя болуы Израиль мен палестиналық оккупацияланған территориялардағы күресті жаңа деңгейге көтереді. Аймақтағы елдер Израильмен қарым-қатынастарын бұзады және исламдық топтардың Израиль мен Құрама Штаттарына деген наразылығы күшейеді".

Ресей, Испания, Австрия, Қазақстан және АҚШ ұстамдылық көрсетіп, Израильдің А.Ясиннің көзін құрту акциясын әшкерелемеді. Ресми Вашингтон тек сабырлық сақтау үндеуіне ғана тоқтады.

Ә.Рантиссидің өлтірілуіне байланысты БҰҰ ҚК-нің төтенше мәжілісінде Кеңестің 40 шақты елдерінің делегациялары Израильді қатал айыптап, "Ә.Рантиссиді өлтіру – бұл әскери қылмыс" деген тиісті резолюция қабылдауды ұсынды. Егер Құрама Штаттар А.Ясинді өлтіргені үшін Израильді әшкерелеу резолюциясына вето қойып, қабылдатпайтын болса, онда БҰҰ Бас Ассамблеясының оныншы төтенше сессиясын жинап, бұл мәселені Біріккен Ұлттарға мүше елдердің барлығының қарауына береміз деп шарт қойды.

"Жол картасы" құжаты асығыс жасалды. Жоспардағы белгіленген мерзімдер тым қысқа, себебі ол бойынша жанжалға қатысушы тараптар арасындағы бітім 2005 жылы орнауы керек еді, оның шарттарын орындауға ешбір тарапта кіріспек тұрмақ, жоғарыда айтылған аймақтағы жағдайларға байланысты тоқтап қалды.

"Төрттіктің" жалпы жанжалдасушы тараптарымен ғана байланыста болмай, сондай-ақ аймақтағы басқа да беделді араб мемлекеттерінің сыртқы саясат мекемелерінің басшыларымен байланыста болғаны жөн. Бұл арада Египет, Иордания және Сауд Аравиясы "Төрттіктің" Таяу Шығыс дағдарысын реттеу жұмысына қатысуы көп жәрдем бере алар еді.

Израиль БҰҰ шешімдерін және Норвегия келісімдерін орындамай келді. Оңшыл сионист А.Шарон басқарған үкімет "Жол картасы" жобасын да әртүрлі сылтаумен орындамады. Болашақта Израильде солшыл, демократ күштер үкімет басына келсе ғана жоғарыда аталған "Төрттік" - БҰҰ, ЕО, АҚШ және Ресей бірігіп, Тель-Авивке қысым

жасаған жағдайда ғана екі елдің келісімге келуін күтуге болар еді. Одан ары жағдайдың шиеленісуі мен адамдардың құрбандығына жол бермеу БҰҰ, ЕО және басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдардың тиісті механизмдерін пайдаланып, жанжалдасушы тараптар арасындағы пәрменді және үйлестірілген шаралар көмегі арқасында ғана мүмкін болмақ.

Пікір-талас сұрақтары:

1. Таяу Шығыс мәселесін реттеуде Еуроодақ қандай мүдделерді көздейді деп ойлайсыңдар?
2. Неге БҰҰ шешімдері осы мәселені реттеуде еш нәтиже бермей келді?
3. Таяу Шығыс мәселесін реттеуге араласушы жақтардың қайсысы өзгелерге қарағанда табыстырақ деп ойлайсыңдар?
4. Бұл мәселенің шешілмей, созылалы сипат алуы неге байланыты?
5. "Жол картасы" шиеленісті реттеуде белгілі бір нәтижелер берді ме?

Ұсынылатын әдебиет пен дерек көздері:

1. Федорченко А. Израиль: поиск места в международных экономических отношениях./ Мировая экономика и международные отношения. 1997. - № 2. С.21
2. Хайри Абдаль-Фаттах Аль-Орейди. Соглашение в Осло создают реальную базу для ближневосточного кризиса.// Азия и Африка сегодня. 1998.-№10. С.27.
3. Политика США в урегулировании ближневосточного конфликта.//www.artsakhworld.com/igor_muradian/esast/1.7.html
4. http/www.un.org./russian/document/scletters/2003/03-529.htm. P. 1 -6
5. http/www.un.org./russian/document/scletters/2003/03-529.htm.
6. Пастухов Е. Будущее государства Израиль.// Континент. 2003. С. 12-25.
7. Мальгин А. Новая ситуация на Ближнем и Среднем Востоке.// Международная жизнь. 2000. - № 10. С.32.
8. Ближний Восток. Сводка новостей.// www.news.aif.ru

Халықаралық қатынастардағы көші-қон мәселесі.

1. Көні-қон түсініктемесі, түрлері.
2. Көші-қон мен қауым, қоғам, мемлекет қауіпсіздігі
3. Көші-қон мен мигранттар қауіпсіздігі
4.Көші-қонды кауіпсіздік концепция призмасы арқылы қарастыру

1 Халықтың көші-қонуы – этимологиялық мағынада көшіру, қоныс аудару дегенді білдіреді. Бүгінгі таңда бұл терминнің мағынасы кеңірек. Оны тіпті сипаты, себебі мен салдары мәндес емес әлеуметтік құбылыстарды белгілеу үшін де пайдалынады. Халықтың көші-қоны анықтамасында төрт жол бар.

Біріншіден, кеңінен баян етілуінде көші-қонға қоғамдық маңызы бар халықтың барлық қозғалыстары жатады. Оған кеңістік қозғалыстар ғана емес, кадрлар жылжымалығы, әлеуметтік ауысулар кіреді. Олар өз алдына көші-қон болмайтын, бірақ онымен кеңістік орын ауысулар кезінде байланысты болатын салалық, кәсіби және өзге қозғалыстар болып табылады.

Екіншіден, көші-қон деп халықтың кеңістіктегі қозғалысының сипаты мен мақсатына тәуелсіз алуан түрлі бағыттары. Оған бір мекеннен екінші мекенге көшу, мекендеген жерлерден тыс орналасқан жұмысқа, сабаққа күнделікті бару, белгілі-бір ауданға уақытша, маусымдық жұмыспен, іс-сапармен не болмаса демалысқа келу. Бір мекенді жердің шеңберінде өткен орын ауысулар көші-қон қатарына жатқызылмайды.

Үшіншіден, көші-қон ретінде мекенді жерлер арасындағы мекен жайдың уақытша не тұрақты өзгерілуіне әкелетін көшу мен мекен жай мен жұмыс, оқу орны арасында екі жақты өтетін қозғалыс танылады. Бұл анықтамада кері қайтарылған, кездейсоқ жүріс-тұрыстар ұғымдары келтірілмеген.

Төртіншіден, көші-қон деп нәтижесінде территориялық қайта бөлінісіне әкелетін халықтың кеңістіктік қозғалысын айтады. Бұл жағдайда кеңістіктік қозғалыс бір мекенді жерден екіншісіне фактілі түрде көшуді білдіреді. Көшу нәтижесінде мекен жай жұмыс немесе оқу орнымен бір жерде орналасатын болады.

Көші-қонды қарастыратын аталған жолдар бір мекенді жердің айналасында жүретін орын ауысуларды ескермейді де, осы тараптан оның келесі түрлері ажыратылады: кездейсоқ, маятникті, маусымдық, кері қайтпас. Көші-қон түрлерінің төртеуі де өзіндік ерекшеліктерге ие, әр түрінде көшіп жүретін халық түрлі мақсаттарды көздейді.

Кездейсоқ көші-қон. Қоғам нарықтық экономикаға өткен күннен бастап оның мәні өсе бастады, қатарына іскер, үзілістік және өзге де үнемі болмайтын әрі бір бағытқа қатысты жүрмейтін сапарлар кіреді. Іс-сапарларда жұмыс істейтін халық жұмылдырылса, қалғандары үзілістік сапарларға қатысады. Көші-қонның бұл түрі көлемі жағынан қалғандардан асып түседі, бірақ, өкінішке орай аз зерттелген. Тек шетелге шығатындығынан саны өсіп бара жатқан туристтік сапарларға ғана қажетті көңіл бөлінуде.

Маятникті көші-қон түрлі мекенді жерлердің арасында күн сайын не апта сайын халықтың мекен жайынан жұмысына не сабағына барып жүруін білдіреді. Маятникті көші-қонға қала мен ауыл тұрғындарының көбісі қатысады. Ол әсіресе орталығында ірі қалалар орналасқан агломерациялар шеңберінде кең ауқымды өтеді. Бірқатар елдерде маятникті көші-қонның көлемі кері қайтпас көші-қонның жылдық көлемімен пара-пар. Б.С.Хорев пен

В.Н.Чапек есептеулері бойынша 80-жылдар басында маятникті мен кері қайтпас көші-қонның ара қатынасы КСРО-да 2:3 құрайтын. Бүгінгі күндердің жағдайын ескергенде маятникті көші-қонның көлемі кері қайтпас көші-қонды ығыстырып, өсіп кеткен.

Маусымдық көші-қон дегеніміз – экономикалық белсенді халықтың өзінің тұрақты мекен жайына қайту мүмкіндігі сақталғаны жағдайында уақытша жұмыс орнына не уақытша мекен жайына келіп тұруы. Маусымдық көші-қон мағынасы бойынша уақытша көші-қон болып табылғанымен, уақытша көші-қон әр қашанда маусымдық болмайды. Маусымдық көші-қон бір жағынан қатысушыларына табыс көзін молайтуға, екінші жағынан жұмыс күші дефицитінен зардап шеккен өндіріске қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін береді. Маусымдық сипатқа ие салалар қатарына ауыл шаруашылығы, ағаш дайындау, балық аулау, металлургия және т.б. өндіріс түрлері жатады. Дегенмен, өндірістің маусымдық сипаты міндетті түрде маусымдық көші-қонды тудырмайды. Агроөнеркәсіптік интеграция, салааралық кооперация, жаңа технологиялар мен әдістердің пайдаланылуы маусымдық көші-қон қажеттілігін тіпті жойып жіберуге даяр.

Кері қайтпас көші-қон – бұл қоныс аудару ұғымындағы көші-қонның қарапайым мағынасы. Кейде кері қайтпас көші-қонды толық, толық қанды, тұрақты көші-қон деп те атайды. Кері қайтпас көші-қон жүруі екі шарттың орындалуына байланысты: біріншіден, бір мекенді жерден екіншісіне көшеді, екіншіден, көшу үстінде тұрақты мекен жай өзгереді.

Көші-қон түрлері құрылысына қарай ғана емес, мәніне де байланысты түр-түрге бөлінеді. Осылайша кері қайтпас көші-қон басқаларға қарағанда ел қоныстанған жерлерде тұрақты халықтың қалыптасуының маңызды көзі болып табылады. Дегенмен кері қайтпас көші-қонның өзгелермен арасында қатаң шек жоқ. Көші-қонның бір түрі екіншісіне ауысып, не болмаса басқа бір түрдің себепкеріне айналуы мүмкін. Әдетте кездейсоқ, маятникті және маусымдық көші-қон кері қайтпас көші-қонның бастамасы болып табылады, себебі олар келешегі мүмкін жаңа тұрақты мекенді табуға жағдай тудырады.

Кері қайтпас көші-қонның әлеуметтік, экономикалық, демографиялық дамудағы орны бөлек. Оны статистика тәжерибесінде халықтың механикалық қозғалысы деп атайды. Сонымен қатар халықтың туу үрдісімен байланысты оның табиғи қозғалысы болады. Көші-қон мен халықтың туу үрдісі демографиялық динамиканың құрамдас бөлігі болғанымен, олардың айырмашылықтары бар.

Біріншіден, халықтың туу үрдісі біркелкі адамдар жиынтығы шеңберінде өтеді де, оның ішкі қозғалысы ретінде қарастырылады. Көші-қон үрдістері жүру үшін адамдардың ең кемінде екі түрлі бірлестіктері қажет.

Екіншіден, халықтың туу үрдісінде әр адам үшін жеке құбылыстар (туу, өлім) бір рет қана өтеді; Көші-қонда мұндай құбылыстар (эмиграция, иммиграция, келу, кету) бірнеше рет қайталануы мүмкін. Сондықтан құбылыстардың саны мен оған қатысушы адамдардың мөлшері алуан түрлі болады. Мысалы, 70 жылдары КСРО-да көші-қонға қатысушылардың саны оның жалпы ағымынан 20%-ға кем болды.

Үшіншіден, халықтың туу үрдісінің негізі болып табылатын бала табу – бұл қажеттілік те, және сол қажеттілікті қанағаттандыратын әрекет. Көші-қонда орын ауыстыру әрекет болып табылса, ол әлеуметтік-экономикалық мәртебені көтеру қажеттілігін қанағаттандыру үшін істелінеді.

Төртіншіден, көші-қон халықтың туу үрдісіне қарағанда көптеген объективті факторларға тәуелді болады. Ол әлеуметтік-экономикалық дамудың түрлі параметрлерімен және бұл параметрлердің аймақтық, мекендік өзгешеліктерімен тығыз байлынысты болады.

Көші-қон территория аралық және мекен аралық екі қимада қарастырылуы мүмкін. Халықтың территориялық көші-қоны қалалық мекендердің арасында, ауылды мекендердің арасында және қала мен ауыл арасында жүруі мүмкін. Территория аралық көші-қонның географиялық сипатта ашу елдің әкімшілдік құрылымына тікелей байланыста. Әкімшілдік бірлік ретінде аудан, аумақ, аймақ алынса, онда көші-қон түрлері сәйкесінше ішкі аудандық және аудан аралық, ішкі аумақтық және аумақ аралық, ішкі аймақтық және аймақ аралық болып бөлінеді.

Халықтың территориялық көші-қоны ел ішінде және ел аралық деңгейде жүруі мүмкін. Әдетте мемлекет аралық көшу нәтижесінде азаматтық ауысады. Кей кезде мигранттар бір елге келіп, көпке дейін өз азаматтығын сақтайды не азаматтығы жоқ тұлғалар қатарына енгізіледі. Көбінесе олар экономикасы жетік дамымаған елдерден экономикалық дамуы қарқынды елдерге аттанады. Ал мемлекет ішіндегі көші-қон – бұл бір елдің шеңберінде өтетін үрдіс, ол азаматтықтың өзгертілуін талап етпейді. Сондықтан ішкі көші-қондар мемлекет халқының жалпы санына әсер етпейді, тек территориялық орналасу пішінін өзгертеді.

Көші-қону үрдістері өз еркінімен және амалсыз (босқындар, айдалғандар) немесе ықтиярсыз (депортация) түрінде жүреді. Өз еркінмен жүретін көші-қон экономикалық тұтқалар көмегімен жанама түрде реттеледі. Осындай тұтқалардың жаңа түрлеріне нарық механизмдері, соның ішінде қалыптасу үстіндегі еңбек нарығы жатады. Амалсыз көші-қонның себептері ұлтаралық дау-дамайлар, қарулы қақтығыстар, экологиялық зардаптар және т.б. болып табылады. 1994-1999жж. аралығында КСРО-да тіркелген босқындар мен амалсыз көшпенділердің саны 0,5 млн-ға өсті.

2. Көші-қонның қауіпсіздікке әсері зор, сондықтан ол қауіпсіздіктің өлшемдеріне сай сараптаманы қажет етеді. Мысал ретінде мемлекет аралық көші-қонның эпидемиологиялық қауіпсіздікке әсерін қарастырайық. Мемлекеттер санологиялық мәртебелері жағынан кішкене болса да өзгешеленеді, бұл, негізінен. халықтардың гигиенаға қатысты көзқарастарының біркелкі болмастығынан туындайды. Көпшіліктің көші-қонға ұрынып, шекараның басқа жағына өткенде, олардың эпидемиологиялық қауіпке деген көзқарасы жергілікті тұрғындарға қарағанда көп төмен болуы мүмкін. Екінші жағынан, бұл жерде көші-қон келгендердің сана-сезіміне де ықпал етуі мүмкін. Мәселен, халықтың шыққан елінде эпидемиологиялық қауіпсіздік деңгейі қабылдаушы елге қарағанда төмен делік, бірақ келгендердің бәрі дені сау адамдар болып табылады да,

олардың келуі ешбір инфекциялық аурудың өршіп кету қаупін тудырмайды. Дегенмен, келгенне кейін мигранттар өздеріне үйреншікті, гигиеналық стандарттар төмен өмір қалпын өткізеді, ал бұл реципиент-елдің эпидемиологиялық қаупсіздігін әлсіретуі мүмкін.

Дәл осындай көрініс ұлты полиэтникалық немесе түрлі субэтникалық тармақтары бар, бірақ ресми моноэтникалық бір елде өтетін көші-қон тудыруы мүмкін. Алайда бұл жерде мемлекетаралық шекара қызметін ареал аралық немесе субареалдық шекаралар атқарады. Тіпті этникалық тұрғыдан халқы біркелкі мемлекеттің аумақтары арасында экономикалық дамуы, климаты тарапынан өзгерістер болуы мүмкін. Бұл жағдайда ішкі көші-қонның эффектісі сыртқы көші-қоннан кем болмас. Дегенмен белгілі-бір мағызды көрсеткіші бойынша біркелкі болмайтын мемлекеттер өте көп; сол себепті мигранттардың орнатылған қауіпсіздіктер шекараларына өтіп, тіпті оның сенімділігіне күмән келтіруі әбден мүмкін, осыдан көші-қонның қауіпсіздік мәселесіндегі анықтамасы әр көші-қон ағымына қатысты қарастырылады.

Келтірілген мысалдың кері бағыты да бар. Бөтен ұлттық, этникалық не аймақтық ортаға көшу мигранттардың өз қауіпсіздігіне күмән келтіреді. Көшудің арқасында мигранттар сол аталып кеткен эпидемологиялық қауіпсіздігі берігірек ортаға түскенімен, көші-қон олардың өзін-өзі сыйлау сезіміне негізділген қауіпсіздік түйсігін әлсіретеді. Себебі жеке гигиена тәсілдері әлеуметтік мәртебе көрсеткішін, яғни абыройының сипатын көрсетеді.

Көші-қон мен қауіпсіздік байланысы екі жақты өтеді, «көші-қон мен қауіпсіздік» мәселесі сараптама тұрғысында екі кіші-гірім мәселелерге бөлінеді: көші-қон ағымдарымен қозғалған қауым, қоғам, мемлекет қауіпсіздігі мен осы ағымдарды тудыратын адамдардың қауіпсіздігі. Осы жерде мигранттар қауіпсіздігі тарапынан да, олардың келетін не кететін орта қауіпсіздігі тарапынан да қауіпсіздіктің түрлі құрылымдық сипаттамалары зор маңызға ие.

Ең алдымен бұл көші-қон ағымдарының көлемі мен уақыт мерзімі. Көпшіліктің қатысуымен өтетін көші-қон үрдістері жіберуші және қабылдаушы қоғамдарда қалыптасқан қауіпсіздік жүйесін белгілі-бір мөлшерде бұзады. Сонымен қатар кіші-гірім көші-қон үрдісі де үзілмей, тұрақты жүрсе, өзінің кумулятивтік қасиетімен қауіпсіздік жүйесіне бірте-бірте зақым келтіре бастайды. Мысалы, кейбір мекендерден жылдан-жылға мектеп ұсаздары кететін болса, бұл ерте ме, кеше пе жергілікті халықтың этно-мәдени дамуына қауіп төндіре бастайды. Бұл өз алдына дәрігерлердің, заңгерлердің, басқару саласындағы қызметкерлердің және балаларының біліміне алаңдаған өзгелердің де осы мекендерден кетуінің себепкері болады. Көші-қон ұласпалы реакция сипатына ие болады да, өмір қауіпсіздіктің локалды жүйесі өз аспектілерін бірінен соң бірін жоғалтып, ол ақырында, мемлекет араласпаса, мүлдем жойылуы мүмкін.

Көші-қонның қауіпсіздікке келтіретін ықпалының нақты пішіндері көші-қон ағымдарының түріне байланысты. «көші-қон әлеуметтік-

демографиялық феномені зерттелінуінің теориялық негізін салған Равенштейн өзінің көші-қон туралы мақалаларын басып шығарғаннан кейін, көші-қон ағымдардың типологиясын жасау ғылыми міндеттемеге айналды». Мерзімдік, ұйымшылдық, заңдылық, бағыттық, себептік және т.б. критерийлерге қатысты салынған көптеген типологиялар ұсынылды. Дегенмен көші-қонның қауіпсіздікке келтіретін әсерінің негізгі ерекшеліктерін көрсету басқа жолды, яғни көші-қон ағымдардың жалпы (әмбебап) сипаттамаларын оның ерекше (типикалық) сипаттарымен түйістіруді талап етті. Сол себепті көші-қонның кез келген түріне тән кеңістіктік сипаттамаларын мен белгілі бір жағдай критериясына сай типологизациялауды қамтитын элементарлы матрица өңделді. Соңғысы көші-қон қауіпсіздікпен жанасқанда пайда болатын «әлсіз жақтарды» анықтауда ыңғайлы деп танылды. Сонымен, *кеңістік қатынасында* көші-қондық ауысулар кету мен келу деген ауысудың екі полюсі арасында жүреді. Келу/кету шарттарына сай көші-қондар еріксіз және ерікті болып бөлінеді: екеуінің айырмашылығы – еріксіз түрінде итермелеу (push) факторлары басым болады да, ерікті түрінде тартымды (pull) факторлар басым болады. Енді мигранттар қауіпсіздігі мен олардың келетін/кететін орталар қауіпсіздігін жеке қарастырайық.

3. Көші-қон матрицасының құрылымдық қауіпсіздікпен қатысын қарастырғанда келесі кескін пайда болады. Біріншіден, мигранттың қалауында шегі жоқ тұрмыс жағдайлары, шектелген тұрмыс жағдайы мен мүлдем жоқ тұрмыстық жағдайлары арасындағы айырмашылық ол қауіпсіздіктің қай аспектілерімен, қай мөлшерде және қалай қамтылғандығына байланысты болады. Осы жерде адам өз жағдайын ойлап, оны эмоциялық тұрғыдан сезінгенде, өзінің қауіпсіздік ұғымы түсінігі мен жеке тәжерибесіне сүйенеді. Солардың көмегімен өзінің тұрған жеріндегі және көшуге көзделген жеріндегі қауіпсіздік мәртебесін анықтап, қауіпсіздігінің бұрынғы мақсатын өзгертіп, жаңа қауіпсіздігін реттейді.

Екіншіден, еріксіз және ерікті көші-қонның мотивтік айырмашылықтары нақтылай түседі. Жалпы айтқанда, адамдар қауіпсіздікпен байланысы жоқ немесе жанаса байланысқан себептермен, мысалы, тұрмыс құру салдарынан немесе білім алу мақсатымен көші-қонуы мүмкін. Ал кей кездері көші-қонның бір емес бірнеше қауіпсіздік аспектілерімен байланыстылығы байқалады. Еріксіз көші-қон кезінде адам (мигрант) өміріне, тұрмысына қауіп төндіретін жайлардан қашуға тырысады. Басқаша айтқанда, бұл жерде кету полюсімен байланысты негативті себептер басым. Ерікті көші-қон жағдайында себептер көбінесе позитивті болады: мигрант қолдағы қауіпсіздіктің шегін кеңейтіп, келу полюсімен байланысты оның аспектілерін нығайтқысы келеді.

Үшіншіден, қауіпсіздік сахнасында роль ойнайтын топтар құрылымы анықталады: кету полюсіндегі жіберуші қоғам – көші-қон ағымы – келу полюсіндегі қабылдаушы қоғам. Мемлекет ішіндегі көші-қон жағдайында қоғамда қаупсіздік үшін жауап беретін бір мемлекеттің билік құрылымдары ал мемлекет аралық көші-қонда – екі және одан да көп мемлекеттің билік

құрылымдары тағайындалады. Бұл құбылыстың ең белсенді акторы – мигрант болы табылады. Ол бір жағынан көші-қон үрдісінің, қауіпсіздік пен өзге акторларына жасайтын ықпалынан тәуелсіз, тікелей субъектілері ретінде шығады да, екінші жағынан, қауіпсіздіктің жаңа мәселесін тудырушылары ретінде шығады. Алайда сыртқы субъекті ролінің осылайша кеңейтілуі парадоксальды түрде олардың өздеріне қарама-қарсы тұрып, олар дербес субъектілер қасиетінен айырылып қалады. Мигранттардың ерікті де, еріксіз де түрлері түрлі жолмен жіберуші мен қабылдаушы қоғамдардың өзіне деген көзқарастарына тәуелденіп, мемлекеттік көші-қон саясатының объектісіне айналады. Бұл әсіресе күштеп айдалған құрбандарына қатысты айталған нәрсе, олар көші-қон континуумның екі полюсінде де субъект ролін атқара алмайды. Шығу полюсінде олардың пікірі кету не қалу екендігіне қарамастан, көшудің себептері олардың индивидуалды қалауынан сырт жатыр. Салыстырмалы түрде амалсыз мигранттар өз субъектілігін сақтайды, бірақ олар бәрі-бір зиян шегеді. Олардың қалауында өзгенің ықпалы басым болады да, мигранттардың қалау мүмкіндігі шектеледі. Көші-қон мәселесіне келгенде олар бір қауіпсіздіктің аспектілері үшін басқаларды құрбандыққа шалатынын түсінеді. Сондықтан шығу полюсіндегі қауіптер көшкеннен кейін жоғалған жағдайда мигранттар алдында басқа, бұрын аса маңызды болмаған қауіптер пайда болуы әбден мүмкін. Ерікті мигранттарға келгенде, олардың қауіпсіздігіне төнетін қауіптер керісінше көші-қон үрдісі үстінде туындауы мүмкін, ал келу полюсінде олардың субъектілігі сәл де болса әлсірейді.

Енді көші-қонды мигранттардың контрагенттер тарапынан қарастырайық. Қауіпсіздікті бағалау оның шынайы жағдайынан әлде ғұрлым өзгеше болатындығы, мигранттардың кез келген деңгейде қалыпты санамен қабылдауды олардың қауым қауіпсіздігіне келтіретін тура әсерін бөлек қарастырғаны орынды. Көші-қонға саяси сананың көзқарасы да түрлі қауіпсіздік концепциялардан қалыптасып, қалыпты санаға ықпал етеді де, мемлекеттің көші-қон саясатын анықтайды.

Жоғарыда айтылғандай, кез келген көші-қондық қозғалыс қауіпсіздік мәселесін тудырады. Дегенмен ағым қатысушыларының күрт азаюынан, немесе көбеюінен полюстің екеуінде де қалыптасқан әлеуметтік байланыстардың әлсіреуіне не тіпті үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Жеке адамды мұндай құбылыстар аса мазаламауы да мүмкін, ол адамның әлеуметтік қатынастардағы орнына байланысты. Қауым мен қоғамдарда жағдай басқаша болады. Олар үшін көші-қон әлеуметтік жүйенің босап қалуын немесе керісінше толықтырылуын тудыратындықтан, қауым мен қоғам тарапына көші-қон мәселе ретінде емес, қауіп ретінде танылады. Ал топтық сана-сезімі жетік дамыған жабық қауымдар (ауылды жерлер) бұл қауіпті потенциалдыдан гөрі шынайы түрінде қабылдайды.

Тарих көрсеткендей мигранттардың негативті қабылдануы кеткен жерінен гөрі келген жерінде қатты сезінеді. Келу полюсінде адамдар жаңа ортаға әлеуметтік түрде сіңісуінің өзі «біздер – олар» тұрғыдан басталады. Негативті қабылдау әсірісе мигранттар мен жергілікті тұрғындардың түр-келбеті мен іс-қимылындағы айырмышылықтары қатты байқалған кезде

жақтырмаушылықпен тығыз ұштасады. Мысалы, Ресейдегі кавказдықтар орыс халқының арасында көптеген «қорқыныштар» тудырады. Алайда Ресейдің өзге посткеңестік республикалардан келген оралмандарының жағдайы кіші-гірім әлеуметтік қауымдастықтар үшін этникалық біртектілік аса зор роль ойнамайтындығын дәлелдейді. Шығу полюсінде мигранттар «біздікі» болады да, жергілікті қауым мен қоғамның негативті көзқарасына ұрынбайды. Мигранттар тек этникалық азшылдық немесе бір кәсіби топ қатарына кірерлік ерекше жағдайларында ғана бұл үрдіс жақтырмаушылықты тудыруы мүмкін. Бірінші жағдайда азшылықтың этникалық қуаты әлсірейді, екінші жағдайда әлеуметтік инфрақұрылым жұмысы бәсеңдеп не тоқтап қалуы мүмкін; екеуі де қауым тұрмысына зақым келтіреді. Алайда бұл үрдістің қатысы тек шығарушы қауымдармен шектеліп қоймайды. Кей кездері көші-қон шығу полюсінің бір қауымдарына зиян келтірсе, екіншілеріне пайда тигізеді. Мысал ретінде қазақ-респонденттердің орыстардың Қазақстаннан кетуіне қатысты айтқан пікірлерін келтіруге болады.

Көші-қон ағымдары жанасатын әлеуметтік жүйелер неғұрлым тұрақсыз болса, көші-қонның әсері соғұрлым барлық жерге өтіп кететін ықпалға ие болады. Оның қолынан қауіпсіздіктің кез келген аспектісіне потенциалды не шынайы қауіп төндіру келеді. Адамдардың кетуі шығу полюсінің әлеуметтік жүйенің сиретілуінің себепкеріне айналып, нәтижесінде шаруашылықтың жойылған түрлері қайта жандануы мүмкін. Оның үстіне жіберуші қауымдар мен жанұялар бөлініп, олардың шығу полюсінде қалған бөлігі көші-қондық ақшаға аударымдарына күн көретін рантьеге айналады. Қоғам «ми ағымы» мәселесіне, демографиялық, территориялық, әлеуметтік-кәсіби құрылысының ошақты деформациясына кез болуы ықтимал. Аталған қауіптерге мигранттардың қайтып келуімен туатын қауіптер қосылуы мүмкін. Бұл қабылдаушы елден өзге мәдениет пен тұрмыс салтының әкелінуімен байланысты болады.

Келу полюсінде көші-қон жергілікті еңбек пен баспана нарығында бәсекенің шиеленісінен, экономиканың кей секторлары мигранттармен жаулап алынуынан, этникалық/субэтникалық қағидалар қақтығысынан, бірқатар мигранттардың қылмыстық істерге баруынан қабылдаушы халықтың индивидуалды мен қоғамдық қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін. Қабылдаушы қоғамға көші-қон жалпы түрде мигранттар көп шоғырланған жерлерге әлеуметтік шиеленіс ошақтары мен этникалық қақтығыстарын, және солардың негізінде пайда болған ксенофобияның, саяси радикализм мен эстремизмнің таралуын қамтамасыз етуі мүмкін.

Дегенмен, көші-қон әрқашан да қауіптің көзі бола бермейді. Сондықтан да оны мәселе (вызов) ретінде қарастыру дұрыс. Көші-қон мәселесі бір емес, екі шешімге ие болады: қауіпсіздікті өзінің бұрынғы мәртебесінде сақтау, қорғау және оны қайта құрып, жақсарту. Алғашқысында бұл мәселеге кез болған инертті қоғамдық сана-сезім тек бірінші шешімге келеді де, ақырынды екінші шешімнің де қажеттілігін түсінеді. Мигранттардың позитивті субъектілігі екінші шешім қабылданған ісіне негізделеді.

Көші-қон қауіптерді тудырып қана қоймай, қауіпсіздікті кеңейту мен нығайтудың жаңа тәсілдерін де тудырады. Бірқатар әдебиетте көші-қонның жіберуші ортаға келтірген жағымды әсерлері аталынып кетеді: ауылды жерлерде халықтың шамадан тыс көптігі, дамымай қалған аудандарға ақшаның аударылуы, территория аралық экономикалық, әлеуметтік байланыстардың орнатылуы, қала мен ауыл мәдениеттерінің өзара диффузиясы, мигранттар көп келетін орталықтардың ел шеңберінде саяси маңызының артуы, олардың халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіндегі жағдайының жақсаруы мен дүние жүзі ресурстары мен ақпараттық ағымдарға қол жетуі.

Көші-қонның келу полюсіне әкелетін табысы азырақ болады. Әлбетте, бұл жерде де көңілге қонымды дәлелдер табылар. Мысалы, еліне қайтып келген оралмандар мемлекеттің табиғи өсім азаюының орнын толықтырып, этникалық қақтығыстарды тудырмайды. Ал бөтен ұлтты мигранттардың әкелетін игіліктері жөнінде көзқарастар өзгеше. Еңбек ресурстар жетіспеушлік мәселесі тұрған жағдайда олардың ағылып келуі қабылдаушы мемлекеттің экономикалық қауісіздігі тұрғысынан игі деп есептелсе, оның кейінгі мәдени, ұлттық түрлігінің күшейіп кетуі тек этникалық соғыстарды тудырып қана қоймайды. Қазір өзге этникалық мигранттар тығыз тұруға тырыспай, көбінесе қала мен ірі орталықтарқа барады. Осылайша олар жергілікті халықтың жоғары урбанизацияланған сегментінің құрамына кіретін болады. Ал бұл сегмент орталықтанған саяси тенденцияға ие болып, ақырында мигранттар федералистік ресурс құрауы мүмкін. Бұл қабылдаушы мемлекеттің ұлттық мәдениетінің тұйықталуына, не болмаса, сыртта – «бахтин» диалогының шығармашылық кеңістігінде – кең өріс алуына әкелуі мүмкін. Көші-қон тудыратын шынайы қауіптердің өздері тек жамандықты әкелмейді: олар топты да, қоғамды да, билікті де белсенділікке шақырып, қауіпсіздікті үйреншікті емес тұрғыдан қарастыруға итермелейді. Олар өмірлік күштерді оятады. Ал бұл күштер болмаған жағдайда және ескішілдікке негізделген өзгермейтіндік қауіпсіздіктің жетілген түрі ретінде саналғанда, көші-қоннан оқшаулану шаралары бәрі-бір бұл ағымнан құтқара алмайды. Өйткені оған өкпелеу бақылауға бәрі-бір көнбейтін ауа-райына өкпелеумен пара-пар, ол қай кедергіден бомасын өтіп, қатып қалған қауіпсіздік қондырғыларынан әсерін тигізбей қоймайды.

4. Күн тәртібіне көші-қон мәселесі деңгейіне сай шешу қажеттілігі енгізілгенде дүниеле бар қауіпсіздік концепцияларының ролі автоматты түрде өсе бастайды. Ұлттық қауіпсіздік концепциясы бойынша мемлекет қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ерекше құқыққа ие болады, әрі өзінің территориялық «денесі» мен оның сыртқы биліктік қабығының қауіпсіздігіне де мән беруге тиіс. Бұл жағдайда ол біріншіден, өзінің ұлттық шекаралары шеңбер мен одан тыс жерде адамдардың кез келген қозғалыс үрдістеріне күдіктене қарауға тиіс, екіншіден, осы қозғалыстар қауіпсіздікке қатер төндіру төндірместігін өзі шешіп, оларды арнайы заңмен, шекаралық күзетпен, полициялық шаралармен реттеудің жеке құқығына ие. Мигранттарға қатысты құқық пен құқық қолдану салаларында ұлттық

мемлекет егемендігінің жәбірленуі екі талай. Әлбетте, өмір шындығына келгенде, ел аралық көші-қон ағымдарының тасуы оны халықаралық құқық саласына не де болса әкелді: 1951 жылғы Босқындар туралы конвенция мен 1967 жылғы Хаттама жарық көрді, екі жақты және көп жақты еңбек көші-қонын реттеу үшін келісімшарттар және т.б. жасалынды. Бірақ осының бәрі ұлттық қауіпсіздік концепциясы қауіпсіздіктің «константа» мен «тұрақсыз өлшеміне» тіркеп қойған мәндердің өзара тең еместігін жоя алмады. Әйтеуір мигранттар жағдайында тұрақсыздық пен уақытшалықтың қасиеттері жай азаматтарға қарағанда нақтырақ белгіленгендіктен, жай азаматтардың қауіпсіздігіне аса мән бермеу мүмкіендігін тудырады.

Осылайша, ұлттық қауіпсіздік концепциясының этатизмі мигранттар қауіпсіздігіне кері әсер етеді. Бірақ бұл концепцияға сүйену қоғамның толық қорғанысын береді деп айтуға да болмайды. Мемлекет аралық көші-қон жағдайында концепция саясатты көші-қонның осындай қарама-қайшы түрін бірмағыналы қауіптер қатарына қосуға итереді. Фактілі түрде - өз еркіне қарама-қарсы болса да – ол заңсыз көші-қон ағымдары мен оның заңдық реттелу икеміне келмейтін жұмыс бастылық секторлардың пайда болуы, мигранттардың жасырын әкелу мен эксплуатациялау ісіне мамандалған қылмыстық топтардың құрылуы, заңсыз мигранттар орныққан жерлерде әлеуметтік қатынастар климатының бұзылуы тектес салдарының қалыптасуына жағдай жасайды. Оған қоса, концепция түрлі мемлекеттер азаматтарының трансшекаралық орын ауысу мәселелері айналасында ынтымақтасу ісін нығайтуда әлі де болса жетік емес. Ішкі мемлекеттік көші-қонға қатысты ол нейтралды орын алады. Сөзсіз, шетелден келетін көші-қонға салынатын шектеулер ішкі еңбек нарық конфигурациясын анықтайтын және сонысымен ұлттық көші-қон ағымдарына әсер ететін бастапқы параметрлердің бірі болып табылады. Алайда түрлі елдердің бір-бірінен ерекшеленуы соншалық, оларға осы тектес ықпалдың бірыңғай, ортақ өлшемін іздеу – бекер іс. Дегенмен, мемлекеттің қауіпсіздікті қамтамасыз ету салсында ерекше орынға талаптануы ішкі көші-қон ағымдар қозғалысын тежеуі мүмкін, себебі олар көші-қон кезінде мен оның нәтижесінде пайда болатын қауіпсіздік мәселелерін реттелінуімен байланысты қызметтердің бюрократиялық кем-кетіктерін жоюдың орнына, асқындырып жіберуі мүмкін. Мұндай көрініс, әсіресе, Қазақстанға қайтып келу дәмін татқан оралмандардың квота алу үрдісінің жергілікті билік органдарынан өткенде бөгеліп қалатындығынан айқын байқалады.

Ортақ қауіпсіздік концепциясы шеңберінде көші-қон көптеген қауіптердің көзі ретінде қарастырылмайды. Мигранттардың ең қорғаусыз қалған бөлігі – босқындар тіпті «кеңейтілген қауіпсіздік концепциясының фокусында» қарастырылуы керек деп танылады. Мигранттардың барлығы өзге қауымдардай адамзаттық қауіпсіздікке құқылы қауым есебінде мойындалады. Бұл жерде көші-қонды қорғану шаралары арқылы емес (дегенмен олар мүлдем алынып тасталынбайды), заңдастыру негізінде оның «жұмсақ» түрінде бақылану қағидасы негізге алынады. Көші-қонның мемлекет қауіпсіздігінің мәселесі ретінде қарастырылуы да орын алады. Ол

арқылы көші-қон жолдарының бастапқы және ақырғы нүктелерінде бөлек-бөлек мемлекеттің не аймақтың өзара келісілмеген күштерінің арқасында ғана, мигранттардың қатысуынсыз, ауданаралық, халықаралық ынтымақсыз шешу еш нәтиже бермейтіндігін көрсетеді. Сонымен қатар, ортақ қауіпсіздік концепциясында этно-мәдени аспектіге аз көңіл бөлінуі мен нәтижесінде оның толық өңделмеуі мигранттар мен қабылдаушы қоғам бірыңғайлығының қауіп-қатерін, көші-қон ағымдарын қалыптастыруындағы орнын, «жаңадан келгендер» мен «бұрыннан тұрғандардың» өзара адаптациялану қиындықтарын толық бағалау мүмкіндігінен айырады.

Социеталды қауіпсіздік концепциясы қос мәнді болып келеді. Ол шығу полюсінде либералды көші-қон тәртібінің орнатылуын қолдап, қауіпсіздіктің біркелкі кеңістік шекарасын кеңейтіп, еш жерде бөгетке тірелмейтін көші-қон қозғалысы мүмкіндігін тудырады. Бірақ мигранттардың бір бөлігіне түғанынан иеленетін азаматтықтың арқасында мұндай мүмкіндік автоматты түрде берілсе, екінші бөлігіне бұл мүмкіндіктің берілуі кіру рұқсатын алу тәртібінен өту шартын талап етеді. Бұл тәртіп адам құқықтары мен қоғамның және мемлекеттің заңды құқығы арасындағы өз қауіпсіздігін қорғау тепе-теңдігін формалды түрде бұзбайды. Фактілі түрде мұндай тепе-теңдік бәрібір орнатылмайды. Осының кесірінен, мәселен, Батысқа төнетін социеталды қауіптер қатарында Шығыс пен Оңтүстіктен келетін көші-қон бірінші орынға ие болады.

Сырттан келетін көші-қон «төмен интесивті» қауіп ретінде танылғанмен, ол өзге қауіптердің бәрінің жүйелі компоненті болып қарастырылады, ал оның мүмкін боларлық кері әсері социеталды деңгейден өзге деңгейлерде де сезіледі. Мұндай бағалау бір жағынан дұрыс. Бірақ ол мигранттардың мүмкін оңды әсерінің бағалануымен қатар қойылып реттелмейді. Сонымен қатар, ол өркениеттік өзгешіліктерді тек қақтығысқа әкелетін өзгешеліктермен теңдестіреді. Яғни, концепция С. Хантингтонның «өркениеттер қақтығысы» жорамалымен бір жерден шығып қана қоймай, атланттық өркениеттің өзге елдермен жасаған құндылық консенсусы уақытша, әрі кепілсіз болады деген геосаясат теориясының өкілдерінің пікірлерімен бағыттас болып келеді. Мұндай жағдайда мигранттардың құқықтары мен батыс әлемінің қауіпсіздігі арасындағы қайшылықтарды жою үшін көші-қон ағымын қалыпты, баяу қылып, келгендерді елдің территориясында өзара алшақ орналастырып, олардың жергілікті құндылықтарды тез игеруіне жағдай жасау керек. Дегенмен мұндай саясат ұстану әр қашанда қажетті жеміс бере бермейді, оның тіпті жүзеге асырылу мүкіндігі екі талай.

Қауіпсіздік түрлерінің бірнеше (көп) болуы олардың арасында қайшылықтар тудырады. Олардың арасынан компромисс табу – әр қоғамның міндеті. Мұндай компромисстерге қол жеткізу үшін кемінде екі шарт орындалуға тиіс. Ең алдымен қауіпсіздіктің түрлі деңгейлері мен аспектілері арасындағы шиеленістің туу мүмкіндігін түсіну қажет. Екіншіден, әрбір қоғамдық жүйенің ішкі, имманентті қауіпсіздік мәселелерін және өзге жүйелермен қарым-қатынаста туатын мәселелерін аңғара білу өте маңызды.

Пікір-талас сұрақтары:

1. Көші-қонның адамзат тарихында атқарған ролі қандай деп ойлайсыңдар?
2. Адамдардың бір жерден екінші жерге қоныс аударуының жалпы себептері қандай?
3. Жаһандану көші-қон үрдістеріне қала әсер етті?
4. Жер шарының қандай аймақтарында көші-қон үрдістері өзгелерге қарағанда күштірек?
5. Көші-қон мен ұлттық және халықаралық қауіпсіздік мәселелері қалай байланысады?

Ұсынылатын дерек көздері мен әдебиеттер:

1. Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы».-Алматы: Ғылым, 2001.
2. Старченков Г. И. Трудовые миграции между Востоком и Западом: Вторая половина XX столетия. - М., 1997.
3. Токаев К. Внешняя политика Каазқстана в условиях глобализации – Алматы: АО «САК», НП ПИК «GAUHAR», 2000.
4. Токаев К. Преодоление. Дипломатические очерки. – Алматы: ОАО «САК» - НП ПИК «CAUHAR». 2003.
5. Heleniak, Timothy. Migration and Restructuring in Post-Soviet Russia, Demokratizatciya, Fall 2001, pp.531-549
6. Labour immigration // In international migration policies. UN Department of economic-social affairs. Population Division – NY.: UN. 1998.
7. Pieke, Frank. Chinese Globalization and migration to Europe. University of Oxford, Working Paper No946 March, 2004.
8. Маратова М. «Паспортный кризис: хотели как лучше, получилось как всегда»// Деловая неделя – 2005 - №4 (632) 28 января. С. 10
9. Мейірманов С. ҚР ұлттық қауіпсіздігі және оған Қытай миграциясының қатері // Саясат – 2004 - №8, 63-35 беттер.
10. Омаров Ш. Незаконная миграция и степень опасности// Поисковая серия гуманитарных наук - 2004 - №1, с 121-127.
11. Сыроежкин К. Добро пожаловать или Посторонним вход воспрещен // КонтиненТ – 2001 - №23, с 28-30.

Ауыз су мәселесі халықаралық қатынастардың факторы ретінде.

1. ***Ауыз судың халықаралық қатынастардың факторына айналуының себептері.***
2. ***Ауыз су мәселесін шешу жолындағы халықаралық қауымдастықтың бірлескен іс-қимылдары.***

1. Қазіргі заманда «ауыз суды пайдалану» мәселесі геосаяси мағынаға ие болып, халықаралық катынастар мен қауіпсіздіктің көптеген аспектілеріне шешуші ықпал етуде. Су қорлары – кез келген елдің орнықты дамуының негізі болып табылады.

Су доктринасында «Су – коммерциялық зат емес, керісінше адамзаттың тиімді пайдаланып, қорғайтын құндылығы» деп көрсетілген.

Су - жер бетіндегі тіршіліктің ең құнды элементі болып табылады. Су адамның күнделікті қажеттіліктерін, денсаулық сақтауды, тамақ өнімдерін шығаруды, электр энергиясын өндіру мен аймақтық және жахандық экожүйелерді дұрыс ұстап тұруды қанағаттандыру үшін аса қажет. Жер қабатының 70% су жайлағанына қарамастан, тұщы су небәрі 2,5% ғана құрайды. Адамзат жер бетіндегі су көп тараған субстанцияларының бірі тұщы су қорларының 1% азын пайдалана алады. Егер 1900-1950 жылдар арасында су тұтынудың орташа есімі онжылдық ішінде 156 км^3 құраса, ал 1950-1960 жылдарға дейін 630 км^3 жетті,яғни есеге өсті,ал кейінгі жылдардағы он жылдық ішінде 800-1000 км дейін ұлғайды.

Су қорлары, негізінен, қалпына келтіретін болып табылады, бірақ әлемнің түрлі елдерінде суға қол жеткізуде орасан айырмашылықтар мен елеулі маусымдық ауытқулар бар. Судың тұрақты тапшылығын тартатын елдердің көбі Солтүстік Африкада, Таяу Шығыста, және субсахаралық Африкасында орналасқан. Осы елдердің кейбіреулері абсолютті су тапшылығы елдеріне жатқызылған, өйткені жан басына шаққанда жылына небәрі 1000 м^3 төмен су ресурстары ғана үлестеріне тиеді. Сумен қамтамасыз ету бойынша түрлі құрлықтар арасындағы теңсіздік, сондай-ақ, су қорларын жан басына шаққандағысын салыстырған кезде де расталады. Осы көрсеткіштің ең төмен белгілерін Азия мен Африка еншілейді, бұлардың меншікті су қорлары сәйкестігіне қарай адам басына 3,3 және 5,1 мың м^3 құрайды. Дүниежүзі халықтары санының өсуі нәтижесінде 1 адамға шаққандағы су

қорлары азаяды. Мәселен, егер 1950 жылы осы көрсеткіш бір адамға жылына 7,1 мың $м^3$ дейін қысқарады. 1960 жылмен салыстырғанда осы көрсеткіш 2000 жылы аймақтар шамасында Африкада жылына 1 адамға 16,5 тен 5,1 дейін, Азияда 7,9-дан 3,3 дейін Еуропада 5,4 –тен 4,0 мың $м^3$ дейін төмендеді. Көпшілігі дамушы елдерде тұратын әлем халқының 40% жуығы қазірдің өзінде су тапшылығынан туындаған күрделі проблемаларды бастан кешіріп отыр. Егер пәрменді іс-шаралар қабылдамаса, қазіргі ғасырдың орта шеніне қарай, сарапшылардың бағалаулары бойынша, әлем халқының 65% су проблемасымен бетпе – бет кездеседі. Көптеген елдерге тән су қорлары тапшылығының проблемасы олардың ластануымен тереңдей түсуде, 1 л ағын 8 л тұщы суды ластайтынына сүйене отырып шамамен алғанда бүкіл әлемдегі ластанған судың көлемі 12 мың $м^3$ жуық мөлшерді құрайды. Бұл жағдайда аз қамсыздандырылған халық ең көп зардап шегеді. БҰҰ есебі бойынша дамушы елдердің 50% жуығы суды ластанған көздерден алуға мәжбүр.

Су қорларын пайдалану тұрғысындағы әлемдік үрдіс-экономикалық дамуға өсуіне байланысты ішкі континентальды сумен қамтамасыз ету жүйесіне түсетін салмақ ұлғаяды да, таяу онжылдықтар ішінде тұщы су аса маңызды және өте тапшы табиғи ресурсқа айналатынын айғақтайды. Сондықтан әлем елдерінің алдында су қорларының үдемелі азаюы мәселесін шешу міндеті тұр. Су объектілерінің қалыпты экологиялық күйін сақтауға және суды орнықыт пайдалануды қамтамасыз етуге мемлекеттердің қабілеттіктері, әлеуметтік – экономикалық даму перспективалары мен елдердің қазіргі және келешек ұрпақтарға лайықты жағдайлар туғызу мүмкіндіктерін белгілейді. Адамзат дамуының деңгейіне «тіршілік сапасы» елеулі ықпал етеді, ол экономикалық, әлеуметтік, табиғи-экологиялық және жеке адамның дамуына қолайлы әсер ететін тіршілік әрекетінің ұштасуы ретінде ұғынылады.

Су да кез-келген зат сияқты игілік (суару, тұрмыстық тұтыну), сондай-ақ жаманат та әкелуі мүмкін (су тасқыны, ауру тарату, қуаңшылық). Соның ең маңызды- ол ең алдымен судың халықтың денсаулығына тікелей ықпал ету мәселесі. Адам денсаулығы барған сайын қоршаған орта жағдайларына, «соның ішінде, су қорларына тәуелді болып отыр».

Қоршаған ортаның , ең бірінші кезекте ауылдар мен қалалар маңында тұратын халыққа қатер төндіреді. Профилактикаға көнетін аурулардың 25% жуығы қоршаған ортаның төмен сапасына тікелей байланысты. Осы аурулардың тізімінде диарея және тыныс жолдарының инфекциялары

бірінші орында. Орталық және Оңтүстік Американың, Орталық Африка мен Азияның көптеген аудандарында инфекциялық аурулар көп тараған, олардың қоздырғыштары су әлемінде көшіп-қонады немесе биологиялық жолмен жұғады. Дамушы елдердің көпшілігі тұрғын халық арасында тарайтын жұқпалы аурулардың алдын-алу үшін қажет ресурстар тапшылығын одан ары бастан кешіріп отыр, ал осы елдердің біразы инфекциялық аурулар су арқылы немесе биологиялық жолмен тарауға бейім аймақтарда орналасқан. Судың ластануының өткір проблемасы Оңтүстік Азия елдерінде, әсіресе, Үндістан мен Оңтүстік, Шығыс Азияда дүние жүзіндегі ең лас өзендердің тізімін бастайтындар Хуанхэ (Қытай), Ганг (Үндістан) Әмудария мен Сырдария (Орталық Азия) өзендері. Азиядағы дамушы елдердің қалаларындағы сутоғандар және суағарлар канализациялық ағындармен өнеркәсіптік кәсіпорындардың шайындылармен қатты ластанған. Жалпы судың нашар сапасына байланысты тарайтын аурулар 80% тарайды. Сол аурулардан жыл сайын 25 млн. адам мерт болады. Осы аурулардан, негізінен дамушы елдердің кедей жіктері зардап шегеді. Осы деректер халықтың табыс деңгейі төмен елдерде тұтынатын судың сапасын жақсартуға ғана жетумен шектелмей, сумен қамтамасыз ету мақсатымен халықты мекендерге таратып қоныстандырудың да қамын ойлау қажеттілігін дәлелдейді.

Мамандардың бағалауы бойынша, су құбырлары құрылыстары мен таратушы тораптардың нашар санитарлық – техникалық жай-күйіне байланысты су көздерінің ластану деңгейінің өсуі, тазалайтын және залалсыздандыратын қондырғылардың қажетті жиынтығының (кешенінің) жоқтығы, коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының осал қаржылық жағдайы таяу жылдарда ауру деңгейінің ұлғаюына ұшыратуы мүмкін. Халықтың денсаулық жағдайларының нашарлауы әлеуметтік – экономикалық ахуалға қолайсыз әсерін тигізіп, елдердің казіргі заманғы даму көшіне ілесуін қиындатады.

Жақын арада дүние жүзінің халықының 80% астамы дамушы елдерде тұратын болады деп күтіледе. Бұл азық-түлікке деген сұранысқа, еңбек нарығына, жер ресурстарына және су қорларының мүмкіндігіне әсерін тигізеді. Ауыл халқы мен ондағы жұмыс күшінің азаюы, жер және су қорларының әлеуетін арттыру, дақыл өнімділігін өсіру мен суармалы жерлерді құнарландыру үшін ауыл шаруашылығын әртараптандыру мақсатында дамушы елдердегі инвестициялық саясатты қайта қарауды талап етеді. Ішкі көші-қон мен халық санының өсуі су қорлары үшін аймақтар мен экономика

секторларының арасындағы бәсекенің күшеюіне мүмкіндік жасайды.

Тұтыну мен канализацияға және тазалауға, сондай-ақ сумен жабдықтайтын құрылыстарды қаржыландыруға кететін шығындар масштабын ескерсек, сумен жабдықтаудың тиімділігі қалаларда едәуір жоғары. Қалада су инженерлік құрылыстарының тартылған торабын талап етпейтін біршама шағын аумақта, тұтынушылар тығыздығы жоғары жүйелерін жөнге салуға мүмкіндік бар, бірақ екінші жағынан, адамдардың шоғырлануы ластанған ағындардың жиналуына себеп болады. Адамдар көп қоныстанған жерде сумен қамтамасыз мәселесінің жағымды шешілу мүмкіндігі жоғары. Бұл қалалардың табыс деңгейі мен ауылдық мекендердің табыс деңгейінің айырмашылығынан туындайды. Бірақ адамдар көп қоныстанған қалалар, ауаның және басқа қорлардың ластануына ұшырайды. Судың мөлшері жыл сайын азайып, ал оның сапасы үнемсіз пайдаланудан төмендеп, жердің тұздалуы мен қуаңшылыққа әсер етеді. Осы факторлар халық денсаулығының деңгейіне және тұрмыс жағдайына келеңсіз әсер етеді. Өкінішке орай, көптеген елдерде халықтың тұрмыс деңгейі мен экономиканы жақсартуға бағытталған үкімет шаралары тиімсіз болып отыр. Суды үнемді жұмсауға экономикалық ынталандырудың болмауы су тапшылығына ұшырауға, су қорлары сапасының жұтаңдауы мен нашарлауына, жердің азуына, биологиялық алуан тірліктің ұдайы сиреуіне және жанды табиғаттың генетикалық қорының бұзылуына, аймақтық техногендік тақырлануға, өмірге қауіп төндіретін стихиялық табиғат апаттары мен өнеркәсіп апаттарына себеп болады. Сондықтан сумен қамтамасыз ету мәселесінің шешілмеуі жеке елдер немесе бүтіндей аймақтардағы саяси хал-ахуалдың нашарлап, саяси тұрақсыздыққа әкеп тіреуі ғажап емес.

2025 жылға қарай дүние жүзіндегі халық саны 30 % -ға, яғни, 6-млрд-тан 9,6 млрд-қа жетеді деп болжанып отыр. Бұл азық-түлікке сұраныстың айтарлықтай өсуіне әкеледі. Бұл әрине су үшін тек мемлекеттер арасында ғана емес, сонымен бірге экономиканың түрлі салалары (ауыл шаруашылығы, өндіріс) арасында да үлкен бәсекеге алып келеді. Мамандардың айтуы бойынша, болашақтағы қақтығыстардың басым бөлігі табиғи ресурстар үшін болады. Ондай жағдайда су көздеріне ие болу мақсатындағы тайталас жер кеңістігі үшін күреспен бірге алдыңғы катарда тұрары сөзсіз.

2. Сумен қамтамасыз ету мәселесінің күрделілігі дүние жүзі мемлекеттерінің бірлесе қимылдап, жаһандық деңгейде шешуге тырысуын талап етеді. XX-ғасырдың 60-жылдарынан бастап «ауыз су мәселесі»

халықаралық ұйымдардың күн тәртібінде қарастырыла бастады, сонымен қатар, осы мәселеге қатысты халықаралық мәні бар көптеген құжаттар мен келісім-шарттар бекітілді. Қазіргі кезде «ауыз су» проблемасы Еуропа Кеңесі, Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымы, Еуропалық Одақ сияқты ұйымдардың қызметінде белсенді бой көрсетуде. Ал жаһандық деңгейде бұл саладағы жауапкершілік Біріккен Ұлттар Ұйымына жүктелген.

ХХ-ғасырдың орта шеніне дейін су таусылмайтын және экономикалық құндылыққа ие емес табиғи ресурс болып есептелініп келді. Әртүрлі аймақтарда әркелкі бөлінуі мен су қорларының шектеулігі тұтыну көбейген сайын судың қажеттілігі мен әмбебаптығы дүниежүзілік қоғамдастықтың суға деген көзқарасын өзгертуге мәжбүр етқізді. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап су қорларының проблемаларына, сондай-ақ адамзат дамуын сумен қамтамасыз ету және адамзатты су тапшылығына ұшыратпауға арналған дүниежүзілік конференциялар дәуірі басталды. 1997-жылғы Мардель-Платадағы конференция су қорлары бойынша жаһандық іс-шаралар топтамаларына жол ашып берді. БҰҰ-ның 1981-1999жж. аралығына жариялаған ауыз сумен қамтамасыз етудің халықаралық онжылдығы ауыз суға аса зәру аймақтар мәселесін кеңінен қоюға мүмкіндік берді. 1999ж. Дублинде өткен су қорлары және қоршаған орта жөніндегі халықаралық конференция ұлттық экологиялық стратегияның негіздері ретінде көптеген елдер қабылдаған “Тұщы су – шектеулі және осал ресурс. Су қорларын дамыту мен оларды басқару су пайдаланушылардың басқарудың барлық деңгейіндегі сумен жабдықтау және су тұтыну мәселелері жөніндегі аймақтың және орталық органдардың ортақ күш салуларына сүйену тиіс”-деген қағидаларды бекітті. 2000-жылы Гаага қаласында өткен су қорлары жөніндегі екінші дүние жүзілік форум экономиканың бәсеке орын алған барлық салалары үшін су зор құндылық болып саналуы тиіс деген қорытынды жасады. 2001-жылы Бонн қаласында өткен тұщы су қорлары жөніндегі халықаралық конференция да маңызды болды, өйткені су қорлары – адамзаттың орнықты д Соңғы жылдардағы бұл бағыттағы ең маңызды іс-шара-2002-жылы амуының негізі екендігін негіздеп берді.

Йоханнесбургте өткен тұрақты даму жөніндегі БҰҰ дүние жүзілік саммиті. Осы саммитке қатысқан елдер, соның ішінде Қазақстан да жаңа мыңжылдықтағы даму перспективаларын пайымдап, 2015- жылға қарай қауіпсіз ауыз судан қағылып отырған, қарапайым санитарлық талаптарға жауап бермейтін жағдайларды өмір сүріп отырған адамдар санын екі есеге азайтуға, суды орнықты пайдалану, су тапшылығына қарсы күрес жүргізуді көтермелеу мақсаттарында профилактикалық және қорғау шараларын қабылдауға қол жеткізуге, мәселені реттеуде мониторингтік нарықтық,

ақпараттық және саяси құралдарды біріктіре қолдануға, су шаруашылығы қызметтеріне жұмсалған шығындардың орнын толтыру механизмін пайдалануға уағдаласты. Осы ретте қаржы мәселесі кедей адамдардың қауіпсіз суға қол жеткізуі жолында кедергі болмауы тиіс деп атап өтілді.

Саммитке қатысқан елдер 2005-жылдарға су шаруашылығы қызметін басқарудың ұлттық жоспарларын әзірлеу және тиімділігін арттыру туралы шешім қабылдады. Алға қойылған мақсатқа жету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу сумен қамтамасыз етудің адамзат дамуына ықпалын кеңінен зерделеп - зерттеу үшін үлкен қызмет атқарды. Әлемнің су қорларына баға беру бағдарламасы аясында БҰҰ арнайы мекемелері дайындаған су қорлары туралы БҰҰ «Су адамдар үшін, су өмір үшін» баяндамасы 2003 жылы Киото қаласында халықаралық конференциясында жарияланылып, ол адамзат дамуы үшін су қорларының рөлі мен оған қол жеткізудегі мүмкіндік деңгейін түсінуге әлем жұртшылығын көңіл аударуға шақырған алғашқы құжаттардың бірі болып саналады.

2003- жылды халықаралық тұщы су жылы деп жариялау, әлем жұртшылығына суды тұтыну проблемалары туралы халықтың хабардарлық деңгейін көтеруге, адамның күнделікті ең керекті қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ресурстарды жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Пікір-талас сұрақтары:

1. **Ауыз су мәселесінің аймақтық аспектілері қандай?**
2. **Ауыз су мәселесінің жаһандық аспектілері.**
3. **Мәселені шешу жолындағы халықаралық ықпалдастықтың қадамдары қандай?**
4. **Ауыз су мәселесін халықаралық деңгейде шешуде қандай кедергілер бар?**
5. **Орта Азия аймағында бұл мәселенің қойылымы қандай?**

Әдебиет:

1.Рио-де–Жанейрская Декларация по охране окружающей среды и развитию, утвержденная Конференцией ООН по окружающей среде и развитию,Рио-де Жанейро,3-14 июня 1992 года.

2.Йоханнесбургская декларация «Провозглашение стратегического партнерства Европейского Союза и Государств Восточной Европы, Кавказа и Центральной Азии по водным вопросам для устойчивого развития» // Сборник материалов по вопросам устойчивого развития. г. Астана, 2004, стр 49.
3.Руководящие принципы экосистемного подхода к водохозяйственной деятельности. ЕЭК ООН, 1993 г.
4.Декларация Тысячелетия ООН. // Сборник материалов по вопросам устойчивого развития. г. Астана, 2004, стр 13.
5.Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004-2015 годы. Астана, 2004 год.
6.Проблемы использования водных ресурсов в Центральной Азии. КИСИ, 2001, стр 60.
7.Обзор 10-летнего прогресса Казахстан по выполнению повестки дня на 21 век. Астана, 2002, стр 48. Государственная программа Республики Казахстан «Питьевые воды» на 2002-2010 годы. МООС РК, 2001.
9.Қазақстан Республикасының Су кодексі № 841 9.07. 2003 ж.
10.Повестка дня на XXI век, утвержденная Конференцией ООН по окружающей среды и развитию, Рио-де-Жанейро, 3-14 июля 1992 г.
11. Водные ресурсы Казахстана в новом тысячелетии. Обзор. Алматы: Программа развития ООН в Казахстане, 2004, 130 стр.

Есірткі мәселесі және онымен халықаралық деңгейдегі күрестің жайы

1. ***Есірткі мәселесінің жаһандық және аймақтық қойылымдары.***
2. ***Есірткеге қарсы халықаралық деңгейдегі күрестің бет-бағдары.***

1. Дүниежүзінің көптеген елдерінде есірткінің заңсыз өндірілуі мен есірткі заттарын пайдаланудың тез қарқынмен өсуі соңғы онжылдықтың ең қауіпті тенденцияларының бірі.

Мәселенің мүлдем ұшығуы әлемнің 158 елін (дүниежүзі елдерінің 80%) есірткіні бақылауға арналған халықаралық конвенцияларға қосылуға ықпал етті. 1990-жылдары есірткі саудасы оған дейін заңсыз айналым мен қолдану байқалмаған елдерде де кең дамыды.

Өндірілетін есірткі заттарын үш негізгі категорияларға бөлуге болады:

- Табиғи (өсімдіктерден алынатын) есірткі.

- Табиғи алкалоидтарды (героин, морфин) қолдану арқылы химиялық жолмен дайындалатын жартылай синтетикалық есірткі.

- Тек қана химиялық жолмен алынатын (амфетаминдер және тағы басқалар) синтетикалық есірткі.

Заңсыз есірткі өндіретін орындар негізінен шикізат көзі бар жерлерде, яғни қажетті өсімдіктер өсетін мемлекеттерде шоғырланған. Мұндай елдерде есірткі саудасы елдің экономикалық жағдайына айтарлықтай әсер етеді.

Оңтүстік Америкада мак пен каннабис кең түрде өсіріледі.Бұл аймақ өсетін шикізаттан есірткі жасауда алдыңғы орында тұр. Аталған аймақта жыл сайын 1000 тоннаға жуық кокаин өндіріледі. Интерполдың мәліметі бойынша, тек Боливияда ғана 1995 жылы билік кокаинға өңдеу үшін қолданылатын кокаин пастасын өндірген 2064 заңсыз зертханаларды жойды. Халықаралық сарапшылардың мәліметтеріне сәйкес кок бұтасының негізгі плантациялары орналасқан Боливия мен Перудегі заңсыз есірткі зертханаларында әлемде сатылатын барлық кокаин пастасының 90% өндіріледі. Апиынды заңсыз өндіру де күн сайын өсуде. Оның қазіргі кездегі көлемі жылына 4 мың тоннаны құрайды. Апиын саудасының, Интерполдың мәліметтері бойынша, көптеген зертханалары бар және олар жыл сайын «қара» нарыққа 800 ден 1000 тоннаға дейін героин жеткізіп тұрады.

«Алтын үшбұрыш» (Бирма, Лаос, Таиланд) пен «Алтын жарты ай» (Ауғанстан, Иран, Пәкістан) аудандарында заңсыз өндірілетін героин жылына 570 тоннаны құрап отыр. Аталған көлемнің 75% Еуропа елдеріне тарайды. АҚШ-тың нашақорлықпен күрестегі саясат басқармасы мен фотобарлаудың мәліметтеріне сәйкес, 1988 жылдан 1996 жыл аралығында аталған аймақтарда апиын өндіру екі есеге артқан.

Құқық қорғау органдарының жүзеге асырып жатқан шараларына қарамастан, құрамында есірткісі бар өсімдіктерді өсіруге арналған аудандардың көлемі азаймай отыр. Оған себеп болып отырған жайттар оларды табудағы қиыншылықтар мен есірткі топтары мен жергілікті шаруалардың көрсететін күшті қарсылықтары. Шаруалар үшін аталған өсімдіктерді өсіру көбінесе күн көрудің жалғыз жолы болып табылады. Перулік есірткіге қарсы ұйымның (CEDRO) мәліметтеріне сүйенсек, Перуде кок бұтасының плантациялары 109 дан 151 мыңға дейінгі ауданды алып жатыр, ал оның оныншы бөлігі ғана заңды.

Есірткі саудасының дамуына әсер ететін жалты әлемдік тенденциялардың бірі - оның өндірілуі. Есірткі заттарының заңсыз өндірілуі уақыт өте келе жақсы жолға қойылған өндіріс сипатына ие болып кетеді. Заңсыз өндіруді ұйымдастырудағы технологиялық қиындықтарына қарай зертханаларды екі топқа бөлуге болады:

- Төмен деңгейдегі өндірістік зертханалар. Әдетте бұларда өндіріс қиын химиялық реакцияларды жүзеге асырмау арқылы жасалынады.

- Жоғары өндіріспен ерекшеленетін және синтетикалық есірткі өндіру үшін қиын химиялық синтезді қолданатын өндіріс зертханалары.

Есірткі заттарын кең көлемде өндіретін елдерге қатысты қатаң экономикалық санкциялар енгізілген. Алайда ол елдердің территориясындағы есірткі зертханаларының саны азаяр емес.

Соңғы жылдары есірткі заттары өндірісінің шоғырлануға бет алысы байқалуда. Есірткі өндірісі қуатының артуы орын алып отыр. Бұған дәлел болатын кокаин өндірумен айналысқан ірі зертханалардың табылу фактілері. Колумбияның есірткіге қарсы полициясы 1996 жылы жариялаған мәліметтер бойынша, Орталық Колумбияда ірі қару түрлерімен қорғалатын заңсыз зертхана-кешен белгілі болып, жойылды. Бұл зертхананың бірнеше ұшыру-қондыру жолдары, ең соңғы үлгідегі хабар тарату жүйесі болған және зертхана өндіріс процесін ұйымдастырудағы жоғары деңгеймен ерекшеленген. Бұл зертхана жыл сайын жуық шамамен 350 тонна кокаин өндірген.

Есірткі саудасының келесі бір маңызды бет алысы өндірушілер жылдамдығының артуы болып табылады. Фургондар мен жүк машиналарында орналасқан, есірткі өндірудің жылдам зертханалары ашылған фактілер бар. Мұндай зертханалар құқық қорғау органдарының назарына бірден түспей, үздіксіз есірткі жасай отыра, белгіленген жерге дайын тауарды жеткізеді. Колумбия жерінен ұсталған осындай зертхананың қуаттылығы тәулігіне 70 кг кокаинды құраған.

Есірткі бақылаудың Халықаралық комитетінің ұсынған статистикалық мәліметтері бойынша, соңғы кезде героинды пайдалану азайғаны байқалған, сонымен қатар кокаинды қолдануда да тұрақтылық деңгейі орнап, негізінен белсенді сұранысқа ие аудандарда өндірілетін синтетикалық есірткіні пайдалану артқан.

Соңғы уақытта синтетикалық есірткінің жаңа түрлері пайда болуда. Олардың өндірісінде қазіргі заманғы озық технологиялар қолданылады. Айтарлықтай ресурстар есірткі мен оны жасау үшін іздеу мақсатында жеке зерттеулерді қаржыландыруға жұмсалады. Аз өнім беретін мануфактураларды жоғары кәсіпті мамандар басқаратын жоғары технологиялы зертханалар ығыстыруда.

Есірткі саудасының дамуына әсер ететін негізгі себептер мен факторлардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

-Үкіметтердің әлсіздігі, мемлекеттердің қарамағындағы жерлерге тиімді бақылау орната алмауы (мысалы, Боливия, Колумбия және Перу);

- Қоғамға әкелетін пайдасына байланысты есірткі саудасына немқұрайлы қарау немесе қылмыскерлер тарапынан жасалатын қастандықтан сескенуі себепті мемлекеттің ұстанған саясаты (мысалы, Пәкістанда);

- Саяси және экономикалық тұрақсыздық- есірткі саудасының дамуына әсер ететін қуатты фактор. Бұл есірткіні өндіру мен сатудан түскен айтарлықтай қаржыны саяси мақсатқа жету үшін қолданумен байланысты. Бұған дәлел ретінде есірткіні заңсыз сатудан түскен қаржыны ұлт аралық қақтығыстарды қолдау және шешу үшін қару сатып алуға жұмсалған жайттарды айтуға болады. Осы орайда ұйымдасқан қылмыстың террористік және экстремистік топтармен байланысы кеңейеді;

- Әлеуметтік институттардың әлсіреуі мен нашар жұмыс істеуі, постсоциалистік елдердің нарық жүйесіне ауысуына байланысты әлеуметтік-саяси және саяси жаңарудың шамадан жоғары қарқыны. Тез өзгерген әлеуметтік-экономикалық мәселелермен қатар болуға тиісті арнайы заңдардың мүлдем болмауы немесе олардың орындалуын дұрыс бақыламау есірткі саудасының дамуы үшін өте қолайлы орта болып табылады;

- Мүшелері заңға қарсы қызметтері үшін үлкен пайда табатындықтан оны тоқтату немесе азайту үшін ешқандай шаралар қолданбайтын жемқор үкіметі бар елдерде мәселе өз шешімін таппайды. Сыбайлас жемқорлықтағы үкімет пен келісімге отыратын үкіметтің айырмашылығы олардың мүшелерінің есірткі саудасына тікелей қатысу деңгейінде ғана. Бірқатар елдерде жемқор саясаткерлерді, құқық қорғау органдарындағы, әскердегі, кедендегі қылмыскерлермен байланысы бар азаматтарды қолдану арқылы есірткі мафиясы үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Сонымен бірге, территорисында осындай қылмыстар орын алып отырған мемлекеттің тәуелсіздігі оларды басқа мемлекеттердің жолдарын кесуінен қорғайды;

- Заңсыз тауарға деген сұраныстың артуы.

- Өндірістік дамыған елдер мен дамушы елдер арасында теңсіздіктің сақталуы.Дамушы елдердің халықаралық сауда жүйесіндегі қолайсыз жағдайы олардың қалыпты экономикалық прогресс пен өздеріне берілген заңды коммерциялық қызметпен айналысу мүмкіндіктерін жүзеге асыруларына кедергі болуда. Кедейшілікте қызығушылық тудыратын альтернатива бизнестың заңнан тыс түрлерін таңдау болып табылады. Әсіресе, ауыл шаруашылық өнімдері нарығының әлсіздігі мен тұрақсыздығы (Боливия, Перу және тағы да бірқатар елдерде) кок пен апиынды өсіру жергілікті шаруалар үшін пайдалы кәсіпке айналды.

- Жаһанануға байланысты сыртқы сауданың либералдануы;

- Қаржы жағдайын жақсарту мақсатында заңсыз бизнеске итермелейтін экономикалық тығырықтар. Осы орайда кәсіпкерлер дәстүрлі өндірістің жинақталған білімі мен тәжірибесін пайдаланады. Тығырық жағдайында есірткі саудасына қатысу халықтың айтарлықтай бөлігі үшін жұмыссыздық мәселесін уақытша жеңілдетеді. Мұндай жағдайларда заңға қарсы топтардың қызметі көпшіліктің қолдауын табады;

2. Нашақорлық пен есірткі саудасы барлық елдердің мәселесіне айналып отыр. Есірткі саудасының экспансиясы дүниежүзінің барлық аймақтарында байқалуда. Алайда осы мәселені шешетін нақты жол бүгінге дейін табылған жоқ. Есірткіні тарату мен қолдануға қарсы күресте қалыптасқан ұлттық модельдерін шартты түрде үш топқа бөледі:

«Қатал саясат тобы». Бұл топтағылар күресті барынша қатал жолдармен, атап айтсақ өлім жазасына кесу және есірткі таратушыларға қатысты заңдар да өте қатал. Оларға бірінші кезекте Малайзия, Иран,Түркия,Үндістан, Оңтүстік Корея, Қытай, Бангладеш, Индонезия, Таиланд, Египет, Сауд Арабиясы мен Пәкістан жатады.Мысалы, Қытайда 1 кг апиын немесе 50 г героинды сатқаны және тасымалдағаны үшін қылмыскер өлім жазасына кесіледі. Осы топ елдерінің ішінен Қытайды бөліп айтуымызды оның есірткінің заңсыз

айналымымен халықаралық күресте ролінің артқандығымен түсіндіруге болады. «Алтын үшбұрыш» Қытайға есірткі жеткізетін негізгі орын болғандықтан, ел басшылығы осы аймаққа тиесілі елдердің құқық қорғау органдарымен ынтымақтасуға үлкен мән береді. 2003 жылы 30 наурызда Қытай тарапынан берілген ақпаратқа сәйкес Мьянманың құқық қорғау органдары елдің Таиландпен шекарасындағы есірткі өндірумен айналысатын зауытты әшкерелеп, 9 қылмыскер өлтіріліп, 37 адам қамауға алынды. 500 кг апиын, морфий мен героин тәркіленді. Қытай үкіметі Таиланд, Лаос, Вьетнам және Мьянма елдерінің үкіметтерімен кеңестер өткізді. ҚХР-да Лаос пен Мьянмадағы есірткімен күрес үшін 60 маман дайындалды. 2003 жылы шілдеде Чианграйда (Таиланд) ҚХР, Лаос, Мьянма, Таиланд және Үндістанның өкілдері қатысқан бесжақты кездесуде есірткі дайындау үшін қолданылатын химикаттарды бақылауды қатаңдату мәселесі бойынша және есірткі өсімдіктерінің орнына ауыл шаруашылық дақылдарын егуге байланысты ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған «Чианграй декларациясы» қабылданды. Қазіргі уақытқа дейін Қытай Мьянма мен Лаосқа жергілікті халық есірткі өсімдіктерін өсіріп келген бірқатар аудандарда күріш пен гевея егумен айналысуға көмек көрсетті. Есірткінің Иранннан, Ауғанстан мен Орталық Азиядан ену қаупімен соқтығысып отырған Қытай ендігі уақытта ШЫҰ-на мүше мемлекеттермен, атап айтсақ Ресей Федерациясымен ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі. БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, аталған аймақтарда өткен жылы 3600 тонна апиын өндірілсе, осы жылы бұл көрсеткіш 4000 тоннадан асу мүмкін. Қытай сондай-ақ АҚШ, Нидерланды сияқты басқа да әлем елдерімен ынтымақтастықта жұмыс істеуде. Мысалы, 2003 жылы мамырда Қытай АҚШ және Үндістанның арнайы органдары халықаралық есірткі мафиясының жолын кесіп, 28 күдікті ұсталып, 40,2 кг героин мен 35 кг марихуана тәркіленді. Алайда, өкінішке орай, статистикалық көрсеткіштер аталған қатал шараларға қарамастан есірткімен байланысты (әсіресе оны тасымалдау) қылмыс санының жыл сайын 2-3 пайызға өскенін көрсетіп отыр.

«Қатал бақылау тобы». Бұл топта есірткінің барлық түрлеріне қатаң бақылау орнатылып, есірткі мафиясына қарсы белсенді күрес жүргізіліп жатса да, тіпті қатал шаралар қолданылмайды. Бұл топқа,ең алдымен АҚШ, Ұлыбритания, Франция кіреді. Мысалы АҚШ-та, әсіресе көптеген штаттарда есірткіні сақтағаны мен қолданғаны үшін ғана емес, сонымен бірге есірткіні алуға талпыныс жасағаны үшін де жазалайтын заңдар бар.Англия мен Францияда нашақорларды сот тәртібімен еріктеріне қарсы емделуге жібереді. Соңғы жылдары бұл елдерде бұрынғыдағыдан да қатал жазаларды қолдайтындардың қозғалысы байқалуда. Сонымен қатар, бұл топтағы елдерде, оның ішінде АҚШ-та заң аясындағы есірткімен күресте есірткіге әуесқойлар көптеп кездесетін жұмыссыздарға, мектеп оқушылары мен студенттерге бағыттылған қуатты ақпараттық-үгіттеу кампаниясы жұмыс істейді. Бұл ең алдымен нашақорлық нәтижесінен қоғамда орын алатын адам шығынына байланысты. Жыл сайын одан келетін шығын 150 миллиард долларға бағаланып отыр.

«Либералды топ». Топтың атақты өкілдері Голландия, Нидерланды, Бельгия, Германия, Португалия, Испания мен Швейцария болып табылады. Бұларда есірткі заттарын сату жартылай жариялылық дәрежесінде, яғни, әр адамның 30 грамға дейін гашиш, марихуана сақтауына рұқсат берілген. Нәтижесінде, соңғы жылда Нидерланды Батыс Еуропаның «есірткі астанасына» айналды, сөйтіп, көрші елдеріне қауіп төндіріп отыр. 1988 жылы БҰҰ-ның «Есірткі құралдары мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» Конвенциясы қабылданды. Оған сәйкес мемлекеттік бақылау заңсыз есірткі өндіруде жиі қолданылатын 20 аса заттардың айналымына орнатылуы керек. Американдық мемлекеттердің Ұйымы аясында бақыланатын заттардың саны 49 жетті. Алайда, сонымен қатар АҚШ Әділет министрлігінің есірткімен күрес басқармасының мәліметтері бойынша, соңғы жылдары әлемнің әр жеріндегі зертханалардан есірткі жасауға пайдаланылатын 280 түрлі химиялық заттар табылған.

Есірткімен күрес жолында АҚШ айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген бірден- бір ел болып табылады.Соңғы онжылдықта бұл елде есірткі қолданатындардың саны екі есеге азайған.АҚШ-тың есірткіге қарсы күрестегі стратегиясы жалпы ұлттық сипаттағы, сонымен қатар үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдарды біріктіру сияқты принциптерді ұстанады.АҚШ есірткіге қарсы кампанияға кейінгі жылдары шамамен 1 млрд доллар жұмсап отыр.

Халықаралық деңгейде белгілі қадамдар Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан жасалуда.Олар негізінен есірткі жағдайына қатысты ғаламдық мониторингтер өткізу мен есірткімен күрес жоспарында үкіметтерге жалпы нұсқаулар беруден тұрады.Нашақорлық мәселесі БҰҰ мен оның арнайы мамандандырылған мекемелерінің (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) маңызды құжаттарының барлығында көтеріледі.

БҰҰ-ның қызметіндегі екінші маңызды бағыт- есірткіні өндіруші елдердің шаруаларына есірткіні емес, ауыл шаруашылық өнімдерін өсірумен айналысуларына көмек көрсету. Ауғанстан бойынша БҰҰ Бас Хатшысының Арнайы өкілінің орынбасары Найджел Фишердің ойынша, бұл елде опий магін өсіруді тоқтату үшін кемінде 5-10 жыл керек. Фишер мысал ретінде Таиландты келтіреді. Онда аталған процесске ғасыр ширегі кеткен болатын.

Осы мәселеге қатысты әлемнің барлық елдері ат салысып келеді. Мысалы, Еуропалық Одақ опий магін егуден басқа ауыл шаруашылық дақылдарын егуге өткен шаруаларға өтемақы ретінде 70 миллион доллар бөлді. Мак егуден босатылған әрбір гектар жер үшін оның қожайынына 350 доллар беру де жоспарланды. Бірақ әлемдік қауымдастықтың көмегі жан-жақты ойластырылмаған болып шықты. Біріншіден, бөлінген қаржы жетпеді. Екіншіден жыл бойы Ауғанстанға әкелінген гуманитарлық көмек, оның ішінде тегін дәнді дақылдардың көп болуы жергілікті диқандар бидайының бағасын түсіріп жіберді. Сол себепті көптеген шаруалар Ауғанстан жағдайында тұрақты табыс әкелетін опий магін өсіруді жалғастырды.

Есірткінің заңсыз айналымына қарсы халықаралық күрес ең қиын трансұлттық мәселелердің бірі болып табылады.Қазіргі кезде есірткінің заңсыз айналым масштабы кеңейіп, одан түсетін қаржы көп болғандықтан құқық

қорғау органдары дәрменсіз Азия мен Латын Америкасының бірқатар елдерінің қауіпсіздігі мен экономикасына қауіп төніп тұр.Есірткінің заңсыз айналымынан түсетін қаржының көп бөлігі өз қолдарында жүздеген миллиард долларды ұстап отырған халықарлық қылмыстық топ басшыларына тиесілі.Есірткі саудасынан түсетін жылдық пайданың көлемі мұнай мен қару саудасынан кейінгі орынға шықты.Бұл есірткі мафиясына көптеген елдердің саяси және экономикалық өміріне белсенді араласуына мүмкіндік тудырып отыр. Қандай да жеке мемлекет есірткі мафиясына қарсы күресте кең халықаралық ынтымақтастықсыз ешқандай нәтижеге жете алмайды.

Мұндай ынтымақтастық ғасырдың басында басталып, айтарлықтай жедел қарқынмен дамыды. Апиын бойынша бірінші көпжақты халықаралық Конвенцияға 1912 жылы 23 қаңтарда Гаагада қол қойылды. Ынтымақтастық Ұлттар Лигасы шеңберінде белсенді жалғасын тапты. Алайда Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған соң ынтымақтастық аясы кеңейе түсті. 1961 наурызда жылы Нью-Йоркте есірткі заттары туралы Бірыңғай конвенцияға қол қойылғанда, ол осыған дейін бекітілген есірткімен күресудің әртүрлі жолдарына қатысты тоғыз құжаттың орнын басты. Біртұтас конвенцияда мемлекеттер есірткімен байланысты іс-қимылдар аталған конвенцияға қайшы келетін болса, заттарды және оларды жасауға қолданылған құралдарды заңды түрде тәркіленетіндігін мойындады.

1971 жылы ақпанда психотропты заттар жөнінде Вена конвенциясы қабылданды. Оған сәйкес орталық нерв жүйесіне қатты әсер ететін психотропты заттарға бақылау орнатылады. Конвенцияға сәйкес оны бұзған тұлғалар заңды түрде мемлекеттер тарапынан қудаланулары қажет.

Бір жылдан соң, БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі Женевада жаңа конференция шақырды.Аталған конференция 1972 жылы 25 наурызда 1961 жылы қабылданған есірткі заттары туралы Біртұтас конвенцияға өзгертулер енгізу туралы Протоколды қабылдады. Протокол конвенцияның қызмет ету арнасын айтарлықтай кеңейтті, әсіресе қылмыс жасағандарды қудалау мен жазалау бөліміне қатысты өзгертілді.

Соңғы жылдары есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты жағдайдың қиындауы аталған мәселеге халықаралық жобада назар аударылуын талап етті. Бұл мәселе БҰҰ мен оның UNODC, ДДҰ, ЮНЕСКО сияқты арнайы мамандандырылған мекемелерінің, сондай-ақ басқа да ондаған халықаралық, үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың назарында. Сондай-ақ жекелеген мемлекеттердің ұйымдары, мысалы, АҚШ-тың DEA, Францияның MILDT барлық әлемге белгілі.

Осы орайда ОБСЕ-нің аталған мәселеге қатысты қызметін, дәлірек айтсақ, қабылдаған құжаттарын айиа кету керек. 1999 жыды жоғары деңгейдегі Стамбул кездесуінің Декларациясында ОБСЕ мүше мемлекеттерінің «орталықазиялық қатысушы мемлекеттердің халықаралық терроризм, агрессиялық экстремизм, ұйымдасқан қылмыс пен қару-жарақ және есірткінің заңсыз айналымына қатысты алаңдаушылықтарын қолдап, мұндай қатерлерге, оның ішінде қатысушы мемлекеттерге жақын орналасқан аудандардан тарайтын қатерлерге қарсы тұру үшін ұлттық және аймақтық

деңгейдегі, сондай-ақ барлық халықаралық қауымдастық шеңберінде бірлескен шаралар жүргізу қажет» деп тапты.

2001 жылы Бішкекте өткен терроризмге қарсы тұру конференциясында заңсыз есірткіге қатысты төмендегідей амалдар топтамасын ұсынды:

1. Ауғанстандағы жағдайды, әсіресе заңсыз есірткі айналымын ескере отырып, шекараларды террористік және ұйымдасқан қылмыс топтарының кесіп өтуінің алдын алу және шекаралық бақылауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттердің мүмкіндіктерін күшейту;
2. Мемлекеттік мекемелердің терроризмге, ұйымдасқан қылмыс пен есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресінде мүмкіншіліктерін арттыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ОБСЕ Парламенттік Ассамблеясының Бірінші форумында сөйлеген сөзінде ОБСЕ-мен бірге есірткінің заңсыз айналымымен күрес жүйесін құру керектігін айтты.

ОБСЕ жұмысының тағы бір компоненті- қақтығыстардың алдын алу. Бұл бағытта ұйымның тәжірибесі бар және сонымен бірге оның институттары мен миссиялары оқиға орындарында жұмыс істейді. Аталған бағытқа кіреді:

1. Есірткі траффигі сияқты ортақ қатерлермен күресте аймақтық ынтымақтастықты қолдау;
2. Есірткі траффигі мен есірткіні пайдаланумен байланысты мәселелер бойынша жастарды оқыту бағдарламасы кіретін ақпараттық кампаниялар;
3. БҰҰ Конвенцияларының ОБСЕ-нің аталмыш құжаттары сияқты толық орындау мен ратификациялануын қолдау және тиімді ұлттық заңдар шығаруға көмектесу;
4. Шекарашылар мен кеден бақылау қызметкерлері үшін тренингтер өткізу арқылы заң басымдылығын нығайту және сот жүйесін күшейту.

1981 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы есірткі заттарын артық пайдаланумен күрес саласында Халықаралық стратегияны қабылдады.Оның орындалуын есірткі заттары жөніндегі Комиссияға жүктелді.

1983 жылы Бас Ассамблея мамандандырылған мекемелер мен басқа ұйымдарды, БҰҰ жүйесіндегі бағдарламаларды өз облыстарындағы қызметте есірткі заттарын бақылау мен осындай шараларға көп көңіл бөлуге шақыру мақсатымен жинады.

1984 жылғы Бас Ассамблеяның 39-сессиясында есірткі заттарын бақылау жөнінде үш резолюция бір ауыздан қабылданды.Олардың біреуінде кешенді келісілген аймақтық және әмбебап іс-қимылдардың маңыздылығы ерекше аталып өткен.

1985 жылы өткен 40-сессиясында Бас Ассамблея 1987 жылы министрлер деңгейінде есірткі заттарын асыра пайдалану мен олардың заңсыз айналымымен күрес жөнінде халықаралық конференция шақыру жөнінде шешім қабылдады. 1987 жылы маусым айында Венада өткен конференция нашақорлыққа қарсы күреспен байланысты кешенді мәселелер төңірегінде мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы бағдарлама мен аталған мәселеге қатысты саяси декларацияны қабылдады.1987 жылғы конференция 1988 жылы қараша-желтоқсан айларында Венада өткен конференцияға дайындық іспеттес

болды.Конференцияда БҰҰ-ның есірткі заттары мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы Конвенциясы қабылданды. Конвенция заңды күшіне 1990 жылы 11 қарашада енді.

Жаңа конвенцияның 1961 және 1972 жылдардағы құжаттардан айырмашылығы, ол есірткіні заңсыз сатудың жолын кесу мен қылмыскерлердің жазалануын қамтамасыз етуге басты назар аударады.Конвенция шетелдік жеке меншікті, пайда мен банктік есеп шоттарды тәркілеу мен тұтқындауға, сонымен бірге егер бұл үшін негіз бар болса, осы облыста түрлі мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен белсенді ынтымақтасуға мүмкіндік береді.Сондай-ақ конвенция бақыланатын жеткізу жолы сияқты қазір халықаралық тәжірибеде кең және жемісті жүргізіліп жатқан жаңа амалды қолдану арқылы ынтымақтастықтың бірқатар жаңа түрлерін қарастырады.Бұл амалдың мәні, мемлекеттің арнайы органы есірткінің заңсыз тасымалын көре тұра тасымалдаушыны тоқтатпай, тауар жеткізілуге тиісті елдегі өз әріптестерімен құпия байланысқа шығуында. Осылайша, тек тасымалдаушыны ғана емес, сонымен бірге оны қабылдап алушыны да, кейде тіпті есірткі саудасымен айналысатын қылмыскерлер тобын да қолға түсіреді.Конвенцияда заңсыз есірткі тасымалы үшін теңіз жолдары қолданылатын ерекше жағдайларда мемлекеттердің ынтымақтастық ережелерін қарастыратын арнайы бөлім бар.Атап айтсақ, қандай да бір елдің жалауын алып жүзу, жалау мен қандай да бір арнайы белгісіз жүзу.

Бұл орайда 1946 жылы құрылған есірткі заттарының мәселесі бойынша Комиссияның жұмысы жайлы айта кетуге болады. Оның құрамын Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес сайлайды.Комиссия бақыланатын есірткі заттарының тізімін анықтайды, ғылыми зерттеулер үшін нұсқаулар береді, халықаралық келісімдердің орындалуына септігін тигізеді, жаңа келісімдердің жобасын жасап шығарады және есірткі заттарының бақылануына байланысты қорытынды жасайды.Қазіргі таңда комиссияға 40 елдің өкілдері кіреді.

Есірткіні бақылаумен 1961 жылғы есірткі заттары туралы Біртұтас конвенцияға сәйкес құрылған Халықаралық комитет те айналысады. Комитет ЭКОСОС тарапынан бес жылдық мерзімге сайланатын 13 сарапшыдан тұрады.Комитет есірткі заттары туралы келісімдерді мемлекеттердің орындауын бақылау, мемлекеттерден жылдық өнім, пайдалану, есірткінің әкелінуі мен шығарылуы жайында сұрау жасайды, есірткі заттарының таралуы, айналымы мен сауда сияқты түрлі мәселелер бойынша елдерді хабардар етеді және олардан түсіндірмелер сұрайды.

Есірткі саудасының үлкен қарқынмен дамуы БҰҰ-ың 1990 жылы ақпанда Бас Ассамблеяның арнайы сессиясын шақыруға итермеледі. Осы сессияда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы есірткі заттарының заңсыз айналымымен күрестегі халықаралық ынтымақтастық шаралары туралы Саяси декларация мен Әлемдік бағдарламаны қабылдады.

БҰҰ тарапынан басқа да қадамдар жүзеге асырылуда. Аталған мәселедегі ынтымақтастықтың қуатты қаржылық негізін қалау үшін 1971 жылы БҰҰ Қоры құрылды.Қордың бюджеті мемлекеттердің ерікті салымдарынан

тұрады.Қордың негізгі мақсаты-мемлекеттерге, әсіресе дамушы елдерге техникалық көмек, ал халықаралық ұйымдарға заңсыз есірткі айналымымен күресте жәрдем беру.

Есірткіге қарсы күресте мемлекеттердің белгілі бір аймақ шеңберінде және екі жақты келісімдер негізінде ынтымақтасуы барлық әлемдегі заңсыз есірткі саудасына тосқауыл болатын маңызды құрамдас бөлік болып табылады.Белгілі бір аймақ ерекшеліктерін ескеру мемлекеттерге ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, ал бұл дүниежүзі бойынша заңсыз есірткі айналымына қарсы күрес сферасында қалыптасып келе жатқан жағдайларға жақсы әсер етеді.

Осы жайтты назарға ала отырып, БҰҰ-ның есірткі құралдары және психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы 1988 жылғы Конвенциясына сәйкес мүше-мемлекеттерге екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған бөлімдер бар. Аталған Конвенцияның 11 баптың 6 тармағына сәйкес «Тараптар ұстап беруді жүзеге асыру мен тиімділігін арттыру мақсатында екіжақты және көпжақты келісімдер жасауға талпынады». 1988 жылғы Конвенцияның 10 баптың 3 тармағы негізінде мемлекеттер «…аталған тармақтың орындалуы үшін екіжақты және көпжақты келісімдер немесе келісулер жасай алады және осы орайда қаржы келісулерін назарға ала алады».

Пікір-талас сұрақтары:

1. Есірткі мәселесінің тарихи тамырлары қайда деп ойлайсыңдар?
2. Есірткі мәселесінің XX-ғасырдың соңғы ширегінде етек алып кетуінің себебі неде?
3. Есірткі мәселесі ушыққан аймақтар қандай?
4. Неге қуатты мемлекттердің өздері есірткі және оны тасымалдау мәселесінің тамырына балта шаба алмай отыр?
5. Орта Азия аймағы және есірткі мәселесі.

Әдебиет:

1. Указ Президента Республики Казахстан № 394, утверждающий «Стратегию борьбы с наркоманией и наркобизнесом в Республике Казахстан на 2001-2005 годы».
2. Единая Конвенция о наркотических средствах 1961 г. // СД СССР. Вып XXIII. М, 1970.С 105-136.
3. Конвенция о психотропных веществах 1971 г // СДД СССР Вып. 35. М, 1981. С 416-436.
4. Конвенция ООН о борьбе против незаконного оборота наркотических средств и психотропных веществ 1988 г. // Международное

сотрудничество в борьбе с преступностью // Сб. документов // Сост. П.Н. Бирюков и В.А. Панюшкин. Воронеж, 1997. С 44-64.
5. Конвенция ООН против транснациональной организованной преступности // Овчинский В.С. XXI век против мафии. М, 2001.
6. Абдулпаттаев С. Халықаралық лаңкестікке, экстремизмге және есірткі саудасына қарсы күрес. // Ақиқат. № 4. 2003.
7. Акимбеков С. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии.-Алматы. 2003.- 400 с.
8. Алтынбеков С. А, Катков А.Л, Муканов С.К. // Многоуровневое исследование проблемы наркозависимости в Республике Казахстан //. Казахстан. 2001.
9. Ашимбаев М.С, Гусева Л.Ю, Досымов А.С, Идрисов А.А, Курганбаева Г.А, Музапарова Л,М. // Наркотизация общества: состояние, проблемы, опыт противодействия //. Аналитик. № 1. 2004.

Тест сұрақтары:

1. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесінің сипаты:
   1. көпполюсті
   2. екіполюсті
   3. гегемониялық тұрақтылық
   4. көпполюстілікқа бет алу
   5. жаппай қарсы тұрушылық

2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі АҚШ-тың шешуші роліне байланысты қазіргі таңда қалыптасып отырған әскери-саяси одақтар жүйесін сақтап қалудағы басты тапсырмаларды айқындайтын АҚШ-тық концепцияны атаңыз.
   1. «Келісілген қауіпсіздік»
   2. Неооқшаулану
   3. гегемониялық
   4. «Таңдаулы жұмылдырушылық»
   5. тежеу

3. Еуропалық интеграцияның тұжырымдық негізі?
   1. функционализм
   2. неофункционализм
   3. космополитизм
   4. структурализм
   5. федерализм

4. АҚШ-тың әлемдік жетекші болуына не себеп емес?
      1. Қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы
      2. Кәрі құрлық – Еуропаның әлсіреуі
      3. КСРО-ның күйреуі
      4. Орталық-Шығыс Еуропа елдеріндегі коммунистік режимнің құлауы
      5. геосаяси орналасуы

5. ЕО-тық полюсқалыптасушылығына кедергі фактор?
      1. ортақ қорғаныс және сыртқы саясаттың тиімді жүргізілмеуі
      2. еуропалық элитаның әрекеті
      3. жалпыеуропалық конституция қабылдау жайлы референдумның сәтсіздігі
      4. кейбір сұрақтарға қатысты ЕО мүшелерінің әр текті ұстанымы
      5. барлығы дұрыс

6. Қай жылдары барлық континенттерде кең ауқымды демократиялану үрдісі жүріп өтті?
      1. 80-жылдардың екінші жартысында
      2. 70-жылдардың соңы
      3. 90-жылдардың екінші жартысы
      4. 80-жылдардың басы

5. 70-жылдардың басы

7. Әлемдік экономиканың либерализациялануына сай келмейтін факторды көрсетіңіз?
    1. мемлекеттің экономиканы өз қамқорлығына алушылығының азаюы
    2. ел ішінде жеке кәсіпкерлікке кең көлемде еркіндік беру
    3. шетелдерге қатысты протекционизмнен бас тарту
    4. автаркия саясаты
    5. елде шетелдік инвестицияларға жол ашу

8. Төмендегі мәселелердің қайсысы ЕҚЫҰ /ОБСЕ/ алға қойған тапсырмалар қатарына енбейді?
    1. шиеленістердің алдын алу
    2. дағдарыстарды реттеу
    3. құқықтық мемлекеттердің институттарын қалыптастыру
    4. постшиеленістік қалпына келтіру
    5. ортақ нарық қалыптастыру

9. «Фертильдік коэффициент» түсінігіне анықтама беріңіз
    1. халықтың ерлер мен әйелдер бөлігінің қатынасы
    2. баласыз әйелдер саны
    3. балалар мен әйелдер санының ара-қатынасы
    4. жанұядағы балалардың саны
    5. жыл бойы туған балалар саны

10. 1983 жылы ақпараттық қоғам концепциясын жасаған ғалым?
    1. Фукуяма
    2. Масуде
    3. Маклюэн
    4. Кейгон
    5. Хайяши

11. 90 жж. басында АҚШ-тың Латын Америкасына қызығушылығының арту себебі (қате нұсқаны көрсетіңіз)?
    1. арзан жұмыс күшіне жолдың ашылуы
    2. аталмыш аумақтағы табиғи ресурстардың молдығы
    3. өзінің әлемдік жетекші мәртебесін нығайта түсу
    4. АҚШ-тың Оңтүстік Америкаға жағырафиялық жақындығы
    5. латынамерикалық елдердің тұрақты саяси жағдайы

12. Латын Америкаға бағытталған «Прогресс үшін одақ» бағдарламасын жасаушы АҚШ президенті?
    1. Кеннеди
    2. үлкен Буш
    3. Эйзенхауэр
    4. Клинтон
    5. кіші Буш

13. Халық жағдайын жақсартуға көңіл бөлмей, туу деңгейін жоғарлатуға бағытталған мемлекеттің демографиялық саясаты неге алып келеді?
    1. демократиялық айла
    2. фертильдік коэффициент
    3. демографиялық қақпан

4. туу коэффициенті
5. демографиялық жарылыс

14. Қандай келісім-шарт нәтижесінде ХВҚ мен Әлемдік Банк құрылды?
    1. Бриан-Келлог пактісі
    2. Рим келісім-шарты
    3. Версаль келісім-шарты
    4. Бреттон-Вуд келісім-шарты
    5. Маастрих келісім-шарты

15. Латын Америкасында қандай интеграциялық бірлестік саяси сипат алады?
    1. МЕРКОСУР
    2. НАФТА
    3. КариКом
    4. Рио тобы
    5. Анд тобы

16. «Жаһандық ауыл» терминін алғаш енгізген ғалым?
    1. Маклюэн
    2. Хантингтон
    3. Бернс
    4. Шмидт
    5. Кейган

17. О'Дэннел мен Шмидттің пайымдауы бойынша демократиялық транзит классификациясына не кірмейді?
    1. либерализация
    2. консолидация
    3. демократизация
    4. дифференциация
    5. барлығы қате

18. Әр елдің өзінде салыстырмалы түрде артық болып табылып отырған тауарларды экспорттап, ал салыстырмалы түрде тапшы тауарларды импорттауға негізделген экономикалық теорема қалай аталады?
    1. Хекшер-Олин теоремасы
    2. Леонтьев парадоксы
    3. Вернон, Кравистің «өнімнің өмірлік циклі» теориясы
    4. Хафбауэрдің «технологиялық ажырау» концепциясы
    5. Д.Рикардо теориясы

19. 1999 жылы наурызда Косоводағы бомбалау барысында НАТО қандай концепцияға жүгінді?
    1. ұжымдық қауіпсіздік
    2. гуманитарлық араласушылық
    3. превентивтік қатысу
    4. «азаматтық күш»
    5. «тиімді мультилатерализм»

20. Кім халықаралық жүйені «плюралистік бірполюсты» жүйе ретінде қарастырады?
    1. Моргентау
    2. Богатуров

3. Валлерстайн
4. Хантингтон
5. Уолц

21. БСҰ /ВТО/ қай жылы құрылды?
1. 1990
2. 1975
3. 1995
4. 1994
5. 1984

22. Антиглобалистердің негізгі мақсаты.....
1. экономикалық мәселелерді шешу
2. кедейшілікпен күрес
3. тұщы сумен қамтамасыз ету
4. мемлекеттер арасында шекаралардың шайылуы
5. Интернеттің пайда болуы

23. Антиглобализм теориясының негізін салушы социологты атаңыз?
1. Масудэ
2. Бэлл
3. Кастельс
4. Ростоу
5. Дракер

24. “Банан елі” деп нені түсінеміз?
1. халқы тек бананмен қоректенетін елді
2. сыртқа тек банан шығаратын елді
3. сыртқа тек банан шығаратын елді
4. жалқаулар мен парақорлар елін
5. экономикасы шикізат шығаруға мамнданған елді

25. Джинни коэффициентіне анықтама беріңіз
1.халықтың әлеуметтік қамсыздығы
2.әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылық
3. байлар мен кедейлер арасындағы айырмашылық
4. экспорт пен импорт айырмасы
5. орта және төменгі тап арасындағы айырмашылық

26. Жапондық ғалым Масудэнің пайымдауы бойынша ақпараттық қоғамның негізгі категориясы?
1. компъютер 2. жылдамдық 3. уақыт 4. космос 5. кеңістік

27. “Қос Америка” үшін бастама негінде нені түсінуге болады?
1. әскери одақ құру
2. Аляскадан Отты жерге дейінгі аралықта біртұтас экономикалық кеңістік құру
3. ортақ саяси мәселелер бойынша консультативтік кеңес жүйесін құру
4. терроризм және наркотраффикпен бірлесе күресу
5. мәдени одақ құру

28. Латын Америкасындағы біршама қарқынды дамушы интеграциялық блокты анықтаңыз?
1. НАФТА 2.Анд тобы 3.ЛАФТА 4.МЕРКОСУР 5. Рио тобы

34. 1996 жылғы Хелмс-Бертон заңы қандай елге қатысты қабылданды?
1.Ирак 2.Солтүстік Корея 3.Израиль 4.Куба 5.Аргентина

35. Жаңа буын шиеленістерін шешудегі негізгі тәсілді атаңыз?
1.экономикалық 2.саяси 3.әскери 4.бүлікшіні оқшаулау 5.бүлікшіні жазалау

36. Жаңа буын шиеленістерінің ерекшелігін көрсетіңіз (қате нұсқасын)?
1.себебінің анықталмауы
2.екінші жақты табу мүмкіндігінің жоқтығы
3.уақытша шегін анықтау мүмкіндігінің болмауы
4. шиеленістердің мемлекетішкілік сипат алуы
5.кеңауқымды мемлекетаралық соғыстардың болуы

37. «Постхалықаралық қатынастар» дегеніміз не?
1.Вестфаль жүйесінен кейінгі халықаралық қатынастар кезеңі
2.үздіксіз соғыстар мен тұрақсыздық жағдайы
3.халықаралық қатынастардың дифференциялануы
4.Вестфаль жүйесі аясында болып өткен халықаралық қатынастар кезеңі
5.дұрыс жауабы жоқ

38. Розенаудың пайымдауы бойынша көпполярлы жүйедегі қатынастарды реттеуге қажетті мемлекеттің негізгі қасиеті?
1.прагматизм 2.қатаңдық 3.табандылық 4.шыдамдылық 5.икемділік

39. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың жаңа сипаттамасын анықтаңыз?
1.геосаяси 2.жағырафиялық 3.геоэкономикалық 4.милитарлық 5.дипломатиялық

40. Латын Америкасындағы жетекші ел?
1.Бразилия 2.Уругвай 3.Колумбия 4.Парагвай 5.Чили

41. Розенаудың айтуы бойынша, көпполярлылықтың макропараметрі дегеніміз...
1.егеменді акторлар мен дәстүрлі мемлекеттер арасындағы егемендіктен тыс қатынастары
2.егеменді мемлекеттер арасындағы қатынастар
3.ТҰК мен өзге де қоғамдық бірлестіктер арасындағы қатынастар
4.азаматтар мен мемлекеттер арасындағы қатынастар
5.мемлекет басшылары арасындағы қатынастар

42. «Латенттік миграция» дегеніміз не?
1.жұмысшы күштер миграциясы
2.заңсыз миграция
3.маусымдық миграция
4.босқындардың ағылуы
5.жастар миграциясы

43. «Мәдени жаһандану» мәселесін көтерген кім?

1.Кейган 2.Валлерстаин 3.Бергер 4.Бзежинский 5.Купер

44. КХДР-ның ядролық бағдарламасына қатысты алтыжақты келіссөздердің негізгі қатысушыларын атаңыз?
1.Иран, Ирак, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея және Солтүстік Корея
2.Жапония, Қытай, АҚШ, Ресей, Солтүстік Корея және Оңтүстік Корея
3.АҚШ, Франция, Германия, Ұлыбритания, Оңтүстік және Солтүстік Корея
4.Үндістан, Пәкістан, Қытай, АҚШ, Ұлыбритания, Солтүстік Корея
5.Ресей, АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея және Солтүстік Корея

45. Мемлекеттік егемендіктің горизанталь бойынша шайылуы ненің нәтижесі?
1.ТҰК мен мемлекеттік емес ұйымдардың әр саладағы қызметі
2.мемлекетішкілік шиеленістер
3.мемлекетаралық шиеленістер
4.елбасыларының қызметі
5.зиялы қауымның іс-әрекеті

46. «Геосаясат» терминінің авторы кім?
1.Бергер 2.Хаяши 3.Купер 4.Хантингтон 5.Челлен

47. Мемлекеттік егемендіктің вертикаль бойынша шайылуы ненің нәтижесі?
1.ТҰК қызметі
2.әр түрлі салалардағы халықаралық үкіметаралық ұйымдардың қызметі
3.мемлекеттік емес ұйымдар қызметі
4.егемендіктен тыс акорлардың іс-әрекеті
5.соғыстардың

48. Биполюсті әлем қашан жойылды?
1.80-жж. басында
2.90-жж. басында
3.XX-ғ. аяғында
4.XXI-ғ. басында
5.жойылған жоқ

49. Көпполюсті әлем дегеніміз:
1.билік орталығы бар әлем
2.көптеген сателлиттердің болуы
3.баршаның баршаға соғысы
4.халықаралық қатынастардың бей-берекет күйі
5.халықаралық қатынастарда көп орталықтардың болуы

50. “Тарихтың соңы” кімнің еңбегі?
1. Белл 2. Фукуяма 3.Хантингтон 4. Купер 5. Мельвиль

51. Қай ел аймақтық жетекші дәрежесіне жеткен жоқ?
1. Индия 2. Израиль 3. Бразилия 4. Австралия 5. Ресей

52. “Демократияланудың үш толқыны” кімнің еңбегі?
1. Белл 2. Фукуяма 3.Хантингтон 4. Купер 5. Мельвиль

53. Демографиялық транзит нені білдіреді?
1.халық санының барынша өсуі

2.туудың жоғарылауы
3.әйелдер мен ерлердің санының теңесуі
4.туу мен өлім көрсеткіштерінің жақындасуы
5.өлім санын азайту

54. Қай елдер БҰҰ ҚК-ң мүшесі болуы әбден мүмкін?
1.Қытай, Жапония, Ресей
2.Жапония, Бразилия, Германия
3.Канада, Австралия, Мексика
4.Жапония, Оңтүстік Корея, Филиппиндер
5.еш ел емес

55. "Постхалықаралық қатынастар" идеясын негіздеуші:
1.Сорос 2. Фукуяма 3.Хантингтон 4. Купер 5. Розенау

56. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының қалыптасуына әсер ететін үстем фактор?
1.эндогенді 2.өркениеттік 3.экзогенді 4.табиғи
5.антропологиялық

57. Жаһанданудың төменгі сатыларының қайсысы бірінші?
1. мәдени
2. саяси
3. экономикалық
4. жаһандану кезеңсіз үрдіс
5. жаһандану шын мәнісінде жоқ құбылыс

58. Қазіргі кезеңде халықаралылық қауымдастық үшін қандай құндылықтар өзекті де тиімді болып отыр?
1. американдық 2. конфуцилық 3.синтоистік 4.европалық 5. мәдени

59. "Киото протоколы" не жөніндегі халықаралық құжат?
1. есірткімен күрес
2. кедейшілікпен күрес
3. қоршаған ортаны қорғау
4. адам құқығын қорғау
5. ауыз сумен қамтамасыз ету

60. Қай ел Еуроодақтың қаржы локомативі?
1. Франция 2. Германия 3. Италия 4. Ұлыбритания 5. Бельгия

61. Қазіргі кезеңдегі экономикалық жағынан ең беделді бірлестік?
1. БҰҰ 2.Рим клубы 3.Ядролық клуб 4. Үлкен сегіздік 5. Еуроодақ